

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

ОӘЖ: 373.3.016

Қолжазба құқығында

**ОСПАНБЕКОВА МЕЙРГУЛ НЕСИПБЕКОВНА**

**Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар  
негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау**

6D010200- Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін орындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:  
п. ғ.д., профессор  
Амирова А.С.

Шет елдік кеңесші:  
PhD доктор, профессор  
Бекир Булуч  
(Түркия)

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2018

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                                                                                                   |            |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------|
| <b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР .....</b>                                                                                                                               | <b>3</b>   |
| <b>АНЫҚТАМАЛАР .....</b>                                                                                                                                          | <b>4</b>   |
| <b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....</b>                                                                                                                          | <b>5</b>   |
| <b>КІРІСПЕ .....</b>                                                                                                                                              | <b>6</b>   |
| <b>1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН<br/>ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ<br/>ОҚУШЫЛАРДЫҢ РЕФЛЕКСИЯСЫН ДАМУҒА<br/>ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b> | <b>18</b>  |
| 1.1 «Рефлексия» ұғымының психологиялық – педагогикалық<br>категория ретіндегі ғылыми еңбектерде қарастырылу жайы .....                                            | 18         |
| 1.2 Болашақ мұғалімдердің бастауыш сынып оқушысының<br>рефлексиясын дамытуға даярлығы ұғымының құрылымы.....                                                      | 35         |
| 1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық<br>технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға<br>даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі ..... | 56         |
| <b>2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН<br/>ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ<br/>ОҚУШЫЛАРДЫҢ РЕФЛЕКСИЯСЫН ДАМУҒА<br/>ДАЯРЛАУ ТӘЖІРИБЕСІ.....</b>             | <b>70</b>  |
| 2.1 Бастауыш сынып мамандарын даярлауда қолданылатын<br>инновациялық технологиялардың оқушылардың рефлексиясын<br>дамыту әлеуеті.....                             | 70         |
| 2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық<br>технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға<br>даярлау әдістемесі .....                     | 91         |
| 2.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік<br>жұмыс және оның нәтижелері.....                                                            | 116        |
| <b>ҚОРЫТЫНДЫ .....</b>                                                                                                                                            | <b>142</b> |
| <b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....</b>                                                                                                                      | <b>145</b> |
| <b>ҚОСЫМШАЛАР .....</b>                                                                                                                                           | <b>156</b> |

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы) 1995 жылы қабылданған. 2017 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда.

«Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысы.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы (2014.12.08 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы

ҚР МЖМБС 5.04.019-2011 «Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер», - Астана, 2011. -176.

ҚР МЖМБС 6.08.012-2009 «5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2012.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ» [Мәтін]//Егемен Қазақстан. - 2014. - 18 қаңтар. - С. 1-3

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 наурыздағы № 290 Қаулысымен бекітілген «Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын әзірлеу қағидалары».

Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы//«Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 28 қаңтардағы №41-42 (27114)

Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (2017), 2017 жыл. 31 қаңтар. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» [Мәтін]. Арқалық хабары. 03 ақпан, 2017. №4. – 8б.

«100 нақты қадам» - Қазақстан Республикасының дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі жоспары (20 мамыр, 2015 ж)

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасының «Атамекен» Басқарма төрағасының «Кәсіби стандартты бекіту туралы» 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығы.

## АНЫҚТАМАЛАР

**Білім** - адамзат тіршілігінің барысында жинақталған әлеуметтік тәжірибе: күнделікті тіршілікте, ғылымда, саясатта, ара қатынаста, өндірісте, қоршаған табиғи және қоғамдық қатынасты тануда т.б.

**Әлеует** – қандай да бір тапсырманы шешуде, белгілі мақсатқа жетуде; жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің белгілі аумақта қолданылатын мүмкіндіктері, құралдары, қорлары.

**Даярлық** – тұлғаның бір нәрсе істеуге келісім беруі және өз үлесін қосуға мүдделі екендігін білдіретін термин, белгілі бір мәселеде көмектесуге оның толық дайын екендігінің белгісі, бір нәрсені істеуге дайын болу немесе толықтай дайын болуы.

**Рефлексия** – адамның өз істерінің мәнін түсінуі, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен кемшіліктерді мойындауы не жоққа шығаруы.

**Инновация** – Инновация (лат. innovis) - жаңа, жаңалық, жаңарту. Білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып көнені өңдеу, бар нәрсені жақсарту, жаңа зат, жаңа әдіс, жаңа жол, жаңа орта жаңалығымен өмірді жаңарту.

**Инновациялық үдеріс** – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі.

**Педагогикалық инновация** – баланың жеке тұлғасының қалыптасу үдерісінің мәдени дәстүріндегі басқа концепциямен байланысты, білім беру үдерісіне деген басқа көзқараспен және жолмен байланысты білім беру іс-әрекеті.

**Технология** (гр. «techno» – өнер, шебер, білгір және «logos» – ілім, ғылым) – ғылыми-практикалық негізде шикізатты дайын өнімге айналдырудың әдіс-тәсілдерінің жүйесі.

**Педагогикалық технология** – педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық құралдардың жүйеленген жиынтығы және олардың ретімен қолданылуы. Алдын ала жобаланған оқу-тәрбие үдерісінің практикада жүйелі әрі бірізді жүзеге асуы.

**Педагогикалық технология** – оқыту, тәрбиелеу және дамыту шарттарының міндетті жиынтығын тудырушы, білім берудің біртұтас тұжырымдамалық негізі, мақсаттары мен міндеттері төңірегінде біріккен оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзара байланыстағы тәсілдері, формалары мен әдістерінің жүйесі.

**Оқыту технологиялары** – білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің; оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдама мен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі әрі ашық жүйелері.



## **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

|            |                                                                                 |
|------------|---------------------------------------------------------------------------------|
| ҚР –       | Қазақстан Республикасы                                                          |
| ҚР МЖМБС – | Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты     |
| ЖОО –      | жоғары оқу орны                                                                 |
| БОПӘ –     | бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі                                    |
| АКТ –      | ақпараттық-коммуникациялық технологиялар                                        |
| ТРИЗ –     | теория решения изобретательских задач (өнертапқыштық міндеттерді шешу теориясы) |
| СТО –      | сыни тұрғыдан ойлау                                                             |
| ЭТ –       | эксперименттік топ                                                              |
| БТ –       | бақылау тобы                                                                    |

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектілігі.** Қоғамның өркендеп даму барысында болып жатқан өзгерістерге байланысты мемлекетіміздің білім беру стратегиясының мақсаты – жүйеленіп, дайын берген білімді, дағдыларды меңгеріп, қайталайтын емес, өзекті мәселені көре білетін, ой ұшқырлығы мен ізденімпаздық іс-әрекеті қалыптасқан, білімі мен біліктерін өмірдің өзгермелі жағдайына қарай оңтайлы пайдалана алатын, өзін өзі басқара алатын, танымдық дербестігі жоғары деңгейдегі тұлға тәрбиелеу болып айқындалған.

Еліміздегі білім беру саласын дамытуға арналған мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттар болып саналатын: Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында [1], Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [2], Қазақстан Республикасы жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (жоғары кәсіби білім беру) [3], «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында [4] болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін және кәсіби даярлығын дамыту, білім мазмұнын жетілдіру мәселелері басты міндеттер қатарына қойылған.

Біз қадам басқан ХХІ ғасыр бәсекеге қабілетті маманды талап етуі заңды құбылыс. Сондықтан, болашақ мұғалімдер білім деңгейі мен біліктілік тұрғысынан әлдеқайда жоғары болуы тиіс. Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасында: жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, оқыту бағдарламаларын өзгертуді, сондай-ақ студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуді көздейді – деп көрсетілген [5].

Бұл өз кезегінде инновациялық технологияларды саралап пайдалану негізінде болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламалардың талаптарына сәйкес оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау мәселесінің өзектілігін арттырады. Себебі бастауыш мектептегі сабақ барысында жүргізілетін рефлексиялық жұмыстар оқушының тақырыпты терең түсінуіне, мазмұн жайында нақты пікір айтуға, өз әрекетіне баға беруіне, одан қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Демек болашақ бастауыш сынып мұғалімі мұндай күрделі мәселені шешуге мақсатты түрде даярлануы қажет.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне оқушылардың рефлексиясын дамытуда олардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, өзін өзі ұйымдастыру, өзін өзі жүзеге асыру, өзін өзі бағалау сынды дағдыларын қалыптастырып, олармен нәтижелі қарым-қатынас орната алатын іскерлік қажет.

Кәсіби білім алу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне философиялық, психологиялық – категория болып табылатын «рефлексия» ұғымының мәнін түсініп, оқушылардың рефлексиясының мағынасы мен

маңыздылығына, жеке тұлға ретінде дамуында алатын орнын бағамдай алуға жағдай жасалуы тиіс.

Адам санасының рефлексия феноменінсіз еш мәні болмайды. Себебі кез-келген күрделі жүйе дамиды, ерте ме, кеш пе рефлексия феномені туындайтындай жағдайға жетеді, яғни, адам өз әрекетін ойында қорытып, оның барысын бақылап, реттеп, нәтижесіне баға бере отырып, өткен тәжірибеден қорытынды шығарады, алдағы әрекетін жоспарлайды.

Философиялық сөздікте: рефлексия (лат. *reslexio* – кейінге оралу) – бейнелеуді, сондай-ақ таным актісін зерттеуді білдіретін термин. Ал одан шығатын «рефлексиялау» ұғымына сананы өз өзіне үңілдіруді, өз психикалық күйіне ой жүгіртушілікті сипаттайды, – деп анықтама берілген [6].

Педагогикалық сөздікте, «рефлексия – субъектінің ішкі психикалық актілерді және күйлерді өмірлік тәжірибе негізіндегі өзін өзі тану үдерісі» деп көрсетілген [7].

Біздің пайымдауымызша, тұлғаның мұндай сапасы білім беру саласындағы инновациялық үдерістердің әсерінен қалыптасатындығы белгілі.

Әлемдік өркениеттің алға дамуы білім беру саласының барлық деңгейіне әсер етіп, педагогикалық инноватиканы дүниеге әкелді. «Инновация» немесе білімдегі жаңашылдық – педагогикалық құбылысты үздіксіз жаңғыртуға жетелейтін үдеріс. Ол білімнің мазмұнын жасауда, әдістемеде, білім беру жүйесі сатыларында оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, басқарушылық әрекеттерде жүзеге асады.

«Инновациялық технология» ұғымы рефлексия идеяларына негізделген. Сондықтан біз зерттеп отырған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау тек жоғары педагогикалық оқу орындарында жаңашылдық технологияларды қолдану және студенттерді ең алдымен өз әрекеттеріне өзіндік баға беруге машықтандыру жағдайына қою арқылы нәтижелі болады. Тек өз ісіне басқаның көзімен қарап, дұрыс бағалай алатын, одан өзіндік қорытынды жасаудың маңызын түсінген студент қана болашақта осындай тұлға үшін аса қажетті сапаны оқушыларында дамытуды өз міндеті деп есептейтін болады.

Адамның өз ісіне баға беруі, өзіне есеп беру мәселесі ерте замандардан бері адамзат баласының алдында тұрған міндеттердің бастысы, тұлға қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі болған және оған барлық тарихи кезеңдерде философтар, психологтар, педагогтар, сондай – ақ басқа да сала ғалымдары үлес қосқан.

Зерттеу барысында рефлексияны ғылыми түрде классикалық философия өкілдері И.Фихте [8], Ф.Шиллинг [9], И. Кант [10], Р. Декарт [11], Дж. Локк [12] т.б. еңбектерінде танымның ерекше түрі, адамның өзінің ақыл - ой әрекетін сыртқы әлем сияқты тануы, өзін - өзі іздеуі, ойлау туралы ойлау, сананың жаңа (сараптамалық) жағдайы, білім туралы ойлау ретінде, ал ұлы ғұламаларымыз әл-Фараби [13], А.Яссауи [14], Ж.Баласағұн [15], Х.Дулати [16], М.Қашқари [17], А.Құнанбаев [18] адамның өзін өзі тануы және нені білгісі келетінін ұғынуы, әрбір ісіне қорытынды жасап, өкінбей өмір сүру үшін жасайтын ой

әрекеті тұрғысынан қарастырылғандығы анықталды.

Рефлексия адам психикасының жетілу деңгейін көрсететін, оның әрекетінің құрылымының компоненті болғандықтан, бұл сапаны дамыту психология ғылымында Л.С.Выготский [19], С.Л.Рубинштейн [20], Б.Г.Ананьев [21], М.А.Холодная [22] т.б. еңбектерінде тұлға теориясы, интеллект теориясы, сана мен өзіндік сананы қалыптастырумен байланыста зерделенеді.

Отандық психология саласының ғалымдары:

- Ж.Аймауытов [23], М.Мұқанов [24], Т.Тәжібаев [25], Ә.Алдамұратов [26], Қ.Жарықбаев [27] т.б., тұлғаны дамыту, дәстүрлі мәдениет өкілдерінің когнитивтік эмпатиясы мен рефлексиясы мәселелері аясында;

- С.М.Джакупов [28], Ж.И.Намазбаева [29], Н.Қ.Тоқсанбаева [30] және т.б. рефлексияны тұлғаның ішкі және сыртқы дамуын қамтамасыз ететін зияттылығының белгісі ретінде, оқыту үдерісінің психологиялық құрылымы, танымдық әрекет, қарым-қатынас психологиясы шеңберінде әр қырынан қарастырады.

Болашақ мұғалімдердің даярлығын қалыптастыру мәселесі кәсіби даярлаудың құрамды бөлігі ретінде көптеген зерттеулерге негіз болды. Жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау үдерісінде инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануды теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан: Б.Әбдікәрімұлы [31], Д.М.Джусубалиева [32], В.В. Егоров [33], Г.К.Нұрғалиева [34], Қ.Қабдықайырұлы [35], Ж.А.Қараев [36], С.М.Кеңесбаев [37], К.Ж.Бұзаубақова [38], Ж.У.Кобдикова [39], А.Е.Сағымбаева [40] т.б. ғалымдар зерттеді.

ТМД ғалымдары: С.И.Архангельский [41], В.П.Беспалько [42], Ю.К.Бабанский [43], С.С.Гамидов [44], Л.В.Занков [45], М.В.Кларин [46], Г.К.Селевко [47] Л.С.Подымова [48], О.А.Абдуллина [49] және т. б. зерттеулерінде бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби даярлаудың теориялық негіздері қарастырылып, педагогикалық жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінің оқыту технологияларын қолдану негізінде тиімділігін арттыру жолдары айқындалды.

Зерттеу жұмысы аясында бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың әртүрлі мәселелері қарастырылған еңбектер төмендегідей топтастырылды:

- жалпы кәсіби педагогикалық даярлық, педагогикалық қабілеттерді қалыптастыру, шығармашылық пен шеберлікті дамыту, бастауыш мектеп мұғалімдерін даярлау үдерісін инновациялау, ақпараттандыру, оқушылардың шығармашылық, өз бетіндік әрекетін қалыптастыру мәселелері бойынша отандық ғалымдар Р.М. Қоянбаев [50], А.Х.Аренова [51], Б.А.Тұрғынбаева [52], А.С.Амирова [53], Б.Барсай [54], Ж.С.Сардарова [55], Қ.А.Сарбасова [56], Қ.М.Нағымжанова [57], М.З.Джанбубекова [58], т.б. еңбектері ерекше құндылыққа ие;

- бастауыш мектепті оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз ету, соған сәйкес мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық және әдістемелік даярлығын қалыптастыру мәселелері бойынша С.Рахметова [59], Қ.Аймагамбетова [60],

Т.Қ.Оспанов [61], Ш.Х.Құрманалина [62], А.Е.Жұмабаева [63], Ж.Т.Қайыңбаев [64], Б.М.Қосанов [65], Қ.Т.Ыбрайымжанов [66], Р.А.Набуова [67], т.б. ғалымдар қомақты үлес қосты.

Дегенмен, жоғарыда зерделенген ғылыми еңбектерде болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау арнайы қарастырылмайды. Бұл біз зерттеп отырған мәселенің ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыда әлі де болса жеткілікті дәрежеде шешімін таппай отырғандығын дәлелдейді.

Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту ең алдымен мұғалімнің осы сапаны жетілдіруге дайын болуына тікелей байланысты десек, болашақ мұғалімдерді бастауыш мектеп жасындағы оқушыларды рефлексия жасауға даярлау мәселесінің арнайы зерттеу нысанына алынбағандығын, педагогикалық ЖОО бітірушілердің тәжірибесін талдау – олардың оқушылардың аталмыш сапасын дамытуға қажетті теориялық білімдері мен құзыреттіліктерінің жеткіліксіз екендігін көрсетті.

Бұл жағдай:

- ЖОО жағдайында болашақ бастауыш сынып мамандарын оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың қажеттілігі мен қазіргі қолданыстағы инновациялық технологиялардың бұл мәселені шешудегі мүмкіндіктерінің толық пайдаланылмауы арасындағы;
- қазіргі қоғамның талаптарына сай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлауды теориялық тұрғыда негіздеуімен, оны тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесінің жеткілікті дәрежеде жасалмауы арасындағы **қарама-қайшылықтардың бар екендігін көрсетеді.**

Мұндай қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамытуға болашақ мұғалімдерді арнайы теориялық-әдістемелік даярлау мәселесін айқындап, зерттеу жұмысымыздың тақырыбын **«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау»** деп таңдауға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты:** болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлауды теориялық-әдістемелік тұрғыда негіздеу және оны тәжірибеде сынақтан өткізу.

**Зерттеу нысаны:** жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдеріс.

**Зерттеудің пәні:** кәсіби білім беру барысында инновациялық технологияларды пайдалану арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау.

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** *егер* болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде рефлексия және инновация ұғымдарының мәні айқындалып, студенттердің өз әрекеттерін өздерінің бағалауы, оқушының рефлексиясын дамытудағы инновациялық технологияларды саралап пайдаланумен қамтамасыз етілсе, *онда* болашақ мамандарды оқушылардың

рефлексиясын оқу әрекетінде табысты дамытуға даярлығының тиімділігі артады, *өйткені* бұл жағдайда болашақ мамандарды дайындаудың инновацияға негізделген арнайы бағдарламасы мен оқу-әдістемелік кешені негізінде жүзеге асырылады.

**Зерттеу міндеттері:**

1. «Рефлексия» ұғымының психологиялық-педагогикалық категория ретіндегі ғылыми еңбектерде қарастырылуына теориялық талдау жасау;
2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлығы ұғымының құрылымын анықтау;
3. Инновациялық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;
4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қолданылатын инновациялық технологиялардың оқушылардың рефлексиясын дамытудағы әлеуетін сипаттау;
5. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлауға бағытталған элективті курс бағдарламасы мен әдістемесін жасап, тәжірибелік-экспериментте сынақтан өткізу, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындау.

**Зерттеудің жетекші идеясы:** ЖОО оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды саралап қолдану арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне оқушылардың рефлексиясын қалыптастыруға қажетті білімі мен біліктілігін меңгерту, білім алушының танымдық әрекетін рефлексияға құра алатын, нәтижеге бағытталған білім беруді іске асыратын кәсіби құзыретті маман даярлауға негіз болады.

**Зерттеу теориялық және әдіснамалық негіздері:** тұлғаның іс-әрекетте қалыптасуы туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық ілімдер, тұжырымдамалар, ақыл-ой іс-әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы; рефлексия; өзін өзі дамыту туралы тұжырымдамалар; тұлғалық-бағдарлы оқыту тұжырымдамасы, инновациялық технологиялар туралы педагогика мен психологиядағы теориялық қағидалар, ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру туралы ғылыми тұжырымдамалар, оқытудың дидактикалық заңдары мен принциптері.

**Зерттеу көздері:** философтардың, педагогтар мен психологтар еңбектері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және көпсатылы оқу орындарының оқу үдерісіне байланысты ұсынған құжаттары (тұжырымдамалары, кешенді бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдары, электрондық оқу құралдары), педагогиканың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері, ресми материалдар мен құжаттар (Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары, университеттік білім беру жағдайында оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша жинақталған әлемдік озық тәжірибелер және автордың

педагогикалық, ғылыми іс-тәжірибелері алынды.

**Зерттеудің негізгі кезеңдері:** зерттеу үш кезең бойынша жүргізілді.

**Бірінші кезеңде (2015-2016 ж.ж.)** зерттеу мәселесі бойынша материалдар жинақталды, философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектерге талдау жасалып, шетелдік және отандық тәжірибелер бойынша материалдар жүйеге келтірілді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау жайлы нормативтік құжаттар, болашақ мамандар даярлау, инновациялық технологиялар және оқушылардың рефлексиясын дамыту мәселесінің зерттелу жайы анықталып, зерттеудің ғылыми аппараты құрылды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың теориялық негіздері айқындалды. Теориялық зерделеудегі негізгі категориялардың құрылымы және мазмұндық сипаты түзілді.

**Екінші кезеңде (2016-2017 ж.ж.)** Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері, деңгейлері анықталды. Студенттерге арнап «Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту әдістемесі» атты элективті курс және оны оқу-тәрбие үдерісінде қолдану әдістемесі сынақтан өткізіліп, тәжірибеге енгізілді. Қалыптастыру және бақылау эксперименті жүзеге асты.

**Үшінші кезеңде (2017-2018 ж.ж.)** Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау бағытындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері сараланып, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар мен нұсқаулар әзірленді. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлауда тәжірибелік-эксперимент жұмыстары негізінде жаңа нәтижеге қол жеткіздік. Ғылыми-зерттеу жұмысы қорытындыланды, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижесі математикалық-статистикалық өңдеуден өтті. Диссертациялық жұмыс материалдарының дайындалуы мен жариялануы жүзеге асты.

**Зерттеу әдістері:** теориялық (ғылыми-теориялық әдебиеттерді талдау, жинақтау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау, нәтижелерді жобалау); эмпирикалық (сауалнама жүргізу, бақылау, эксперимент); статистикалық (алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық өңдеу, мониторинг, сараптау).

**Зерттеу базасы:** Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (89 студент) мен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының (68 студент) 5В010200-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттерімен жүргізілді. Тәжірибеге барлығы 157 студент қатысты.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:**

1. «Рефлексия» ұғымының психологиялық-педагогикалық категория

ретіндегі ғылыми еңбектерде қарастырылуына теориялық талдау жасалды;

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушыларының рефлексиясын дамытуға даярлығы» ұғымының құрылымы анықталды;

3. Инновациялық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қолданылатын инновациялық технологиялардың оқушылардың рефлексиясын дамытудағы әлеуеті сипатталды.

### **Зерттеу жұмысының тәжірибелік маңыздылығы**

1. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау мақсатында «Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту әдістемесі» тақырыбындағы элективті курс бағдарламасы дайындалды;

2. Зерттеу нәтижелерін жоғары және орта арнаулы педагогикалық оқу орындарында, бастауыш білім беретін мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мен жалпы орта білім беретін мектептердің білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

### **Қорғауға ұсынылатын қағидалар**

1. Рефлексия – адамның өзіне сындарлы көзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі, өз мақсатын нақтылауға, ойын түйіндеуге қабілеттілігі. Ол адамның өзіне деген сенімін арттырып, рухани үйлесімділікке жетелейді, білім алушының айналасындағылармен қарым-қатынасын, өзіне сын көзбен қарауын, талап қоя білуін, жетістікке және сәтсіздікке деген өзіндік бағасы мен көзқарасын көрсетеді.

2. Бастауыш сынып оқушысының рефлексиясы оның оқу әрекеті арқылы жүзеге аса отырып, баланың интеллектуалдық, эмоционалдық сапаларын жетілдіреді. Бұл жастағы рефлексия оқу мақсаттарын шешу барысындағы өз ойлау әрекеттерін бақылау, талдау, жоспарлау түрінде көрініс табады және психикадағы жаңа құрылым ретінде қалыптасады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлығының құрылымы, оның жалпы кәсіби дайындығының құрамдас бөлігі ретінде жоғары деңгейдегі ғылыми-педагогикалық әрекетіне негіз болатын «рефлексия» және «инновациялық технология» жайындағы білімдері, сабақтағы рефлексия түрлерін білуі, қолдана алуы сияқты бір-бірімен тығыз байланысқан компоненттерден тұратын тұлғаның кешенді сапасы.

3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі ақырғы нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері; дайындау үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштері айқындалған, мамандар даярлауда қолданылатын инновациялық технологиялардың зерттеу мәселесін тиімді шешуге бағытталған «даяр» болудың деңгейлері нақтыланған құрылым болып табылады.

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда қолданылатын «Оқу



мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту», «ТРИЗ» және ақпараттық-коммуникациялық технологияларының оқушылардың рефлексиясын дамытудағы әлеуеті олардың әдістері негізінде оқушылардың сабақта қорытындылар жасауы, алған білімдерін өздерінің бағалаулары, сабақтан алған әсерлерін бейнелеп көрсетуге бағытталған ой интеллектуалдық, эмоционалдық, шығармашылық әрекеттер жүйесінде жүзеге асады.

5. Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамытуға болашақ мұғалімдерді даярлаудың әдістемесі ЖОО–дағы педагогикалық үдеріске «Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту әдістемесі» атты курсты тәжірибеден өткізу барысында студенттерді әртүрлі рефлексиялық әрекеттің субъектілері жағдайына қоятын кешенді жаттығулар жүйесін енгізуімен іске асырылады.

### **Зерттеу нәтижелерінің сенімдігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендіру**

Зерттеу барысында 30 еңбек жарық көрді. Соның ішінде 3-еуі Scopus деректер қорына енетін жарияланымда:

1. Application of Information and Communication Technologies by the Future Primary School Teachers in the Context of Inclusive Education in the Republic of Kazakhstan//«International Journal of Environmental and Science Education» (Turkey). – 2016. – V. Lss. 9. – P. 2813-2827. Scopus (Elsevier)-ISSN: 1306-3065. Предметная область – образование, инженерия, наука об окружающей среде. SJR за 2014 год, равный 0,471. Сайт: <http://www.ijese.net>

2. Training Prospective Elementary School Teachers for Developing Reflection in Pupils Based on Innovative Technologies//«International Electronic Journal of Mathematics Education» (Turkey). – 2016. – V. Lss.7.9. – P. 2137-2150 . Scopus (индекс хирша): IEJME-ISSN: 1306-3030. Предметная область – образование, математика. SJR за 2015 год, равный 0,380. Сайт: <http://www.iejme.com/>

3. Innovative Technology is the Basis of the Formation of Professional Competence of Future Professionals in Primary School классов//«Social Sciences» (Pakistan), 2016. – V.11.- Lss.16. – P. 3853-3859 . Scopus: ISSN: 1818-5800, E-ISSN: 1993-6125. Предметная область – социальные науки. SJR за 2015 год, равный 0,149. Сайт: [http://www.indpaedia.com/ind/index.php/Social\\_Sciences:Pakistan](http://www.indpaedia.com/ind/index.php/Social_Sciences:Pakistan)

Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 4-еуі жарияланды:

1. Жаңартылған білім мазмұнын оқып-үйренудегі рефлексияның мәні//Абай ат. ҚазҰПУ. Хабаршы – Педагогика ғылымдары сериясы. №2 (50), 2016. – 22-27 б.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық іс-әрекетте оқушылардың рефлексиясын дамытуға дайындау мүмкіндіктері//Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Хабаршы - Гуманитарлық ғылымдар сериясы. №3 (112), II бөлім, 2016. – 251-255 б.

3. ТРИЗ – технологиясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының оқу рефлексиясын дамытудың мүмкіндіктері//С.Торайғыров атындағы Павлодар

мемлекеттік университетінің ғылыми журналы. ПМУ Хабаршысы – педагогикалық сериясы. № 3, 2016. - 239-251 б.

4. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының оқу рефлексиясын дамыту әдістемесі//Абай ат. ҚазҰПУ. Хабаршы – Педагогика ғылымдары сериясы. №2 (54), 2017. – 256-261 б.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған 12- ОӘҚ авторлар ұжымымен бірлестікте әзірленіп жарық көрді:

1. Сауат ашу 1. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық/Ә.Е.Жұмабаева, Г.И.Уайсова, Г.Т.Сәдуақас, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2016. – 128 бет. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-306-609-7

2. Сауат ашу. Оқыту әдістемесі. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған/Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2016. – 192 бет. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-306-613-4

3. Сауат ашу. Оқыту әдістемесі. 2-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған/ Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2016. – 112 бет. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-306-608-0

4. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған/Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: «Атамұра», 2017. – 176 б. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-306-815-2 (1-бөлім) ISBN 978-601-306-794-0

5. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 2-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған/Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: «Атамұра», 2017. – 160 б. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-306-815-2 (2-бөлім) ISBN 978-601-306-795-7

6. Қазақ тілі. №1 жұмыс дәптері. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған/Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 96 бет. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-306-706-3

7. Қазақ тілі. №2 жұмыс дәптері. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған/ Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова – Алматы: Атамұра, 2017. - 96 бет. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-306-707-0

8. Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 1-2бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғалімдеріне арналған (электронды диск)/Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова –Алматы: Атамұра, 2018. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-331-116-6

9. Қазақ тілі. №1 жұмыс дәптері. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған/ Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова – Алматы: Атамұра, 2018. – 32 бет. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-331-089-3

10. Қазақ тілі. №2 жұмыс дәптері. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған/ Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова – Алматы: Атамұра, 2018. – 32 бет. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-331-090-9

11. Қазақ тілі. №3 жұмыс дәптері. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған/ Алматы: Атамұра, 2018. – 32 бет. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-331-091-6

12. Қазақ тілі. №4 жұмыс дәптері. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған/ Алматы: Атамұра, 2018. – 32 бет. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-331-092-3

Шет елдік және Отандық халықаралық конференция материалдарында басылымдарда 9 мақала жарық көрді:

1. Training of future primary school teachers for developing pupils reflection on the basis of critical thinking technology//Детская литература и образование в мультикультурном мире. Международной научно-практической конференции. Казанский (Приволжский) федеральный университет, Казань: Отечество, 2016. – 118-121 с.

2. Рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар – сыни тұрғыдан дамыту құралы//ІҮ Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумы// Өмер Халисдемир университеті. – Нийде қаласы, 3-том, 2017. - 891-898 б.

3. Бастауыш сынып оқушысының рефлексиясын дамытудың жаңартылған білім мазмұнында алатын орны//Social and economic development and quality of life: history and modern times: materials of the VIII international scientific conference. Prague : Vědecko vydavatelské centrum «Sociosféra-CZ», 2018. – 62-64 p. – ISBN 978-80-7526-283-7. Сайт: <http://sociosphera.com>

4. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін нәтижеге бағыттап оқытуға даярлау// «Ғылым, білім және инновациялар - «Қазақстан – 2050» стратегиясының орындалуының маңызды факторлары». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. 1-ші бөлім. Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2015. –58-62 б.

5. «Рефлексия» ұғымының теориялық аспектілері//«ЭКСПО – 2017: акпараттандыру қоғам дамуының болашағы»: Қ.Бектаев оқулары. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты, – Шымкент «Әлем» баспаханасы, 2016.-ІІ том. – 325-329 б.

6. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудағы инновациялық технологиялардың маңызы//«Байтұрсынов оқулары - 2016» «Ғылым, өндіріс, бизнес: қазіргі жағдайы мен елдің инновациялық даму жолы». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті, - 2 бөлім. 2016. – 70-73 б.

7. Оқу рефлексиясының бастауыш білім мазмұнындағы орны мен ерекшеліктері//«Бәсекеге қабілетті маманның ұлттық және әлемдік кәсіби келбетін қалыптастыру». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. – Шымкент «Әлем» баспасы, 2016. –342-346 б.

8. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуға даярлау//«Шоқан оқулары – 21» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Қазақстан, Көкшетау, 2017. Т.2. –101-105 б.

9. Бастауыш сынып мамандарын даярлауда қолданылатын инновациялық технологиялардың оқушылардың рефлексиясын дамыту әлеуеті//«Рухани жаңғыру» аясында білім беруде «Цифрлы білім беру - озық білім мен құзыреттілік» тақырыбында «Төлегенов оқулары-2018». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты, 2018. – 438-443 б.

Республикалық конференция материалдарында 2 мақала жарық көрді:

1. ТРИЗ технологиясы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын дамыту құралы ретінде// «Білімдегі инновациялар: теория және тәжірибе». Республикалық ғылыми-практикалық конференция: – «АКМЕ» ғылыми-зерттеушілік орталығы, 2016. –54-59 б.

2. С.Рахметованың әдістемесіндегі оқу рефлексиясы – проблема ретінде// «Ғылыми тағылым: п.ғ.д., профессор С.Р.Рахметованың 85 жылдығына, п.ғ.к., профессор Т.Қ.Оспановтың 75 жылдығына арналған педагогикалық оқу» материалдары, 4 мамыр, 2016 ж. – Алматы, Абай атындағы Қаз ҰПУ, 2016. – 192-196 б.

**Жарық көрген ғылыми еңбектер:** Зерттеу барысында жарық көрген еңбектердің ішінде Scopus деректер қорына енетін жарияланымда - 3, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда – 4, Жаңартылған білім беру мазмұны аясында авторлар ұжымымен бірлестікте әзірленіп, ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынысымен бастауыш білім беру үдерісіне енген ОӘҚ – 12, Шет елдік және Отандық халықаралық конференция материалдарында басылымдарда – 9, Республикалық конференция материалдарында 2 мақала жарық көрді.

**Диссертация құрылымы.** Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі 155 бетке компьютермен теріліп басылған. Ол 21 кесте, 29 суретпен безендірілген. Әдебиеттер тізімі 193 аталымнан тұрады.

**Кіріспеде** зерттеудің ғылыми аппараты, тақырыптың өзектілігі, зерттеу жұмысының мақсаты, пәні, нысаны, болжамы мен міндеттері, әдіснамалық негізі, жетекші идеясы, зерттеу әдістері мен кезеңдері, ғылыми жаңалығы, практикалық маңыздылығы, қорғауға ұсынылатын қағидалары, зерттеу нәтижесінің дәлелділігі, оның мақұлдануы, тәжірибеге енгізілуі баяндалады.

**«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың теориялық негіздері»** деп аталатын бірінші тарауда теориялық тұрғыда ғылыми еңбектерге жасалған талдаулар негізінде «рефлексия» ұғымының психологиялық-педагогикалық категория ретіндегі мәні ашылып, бастауыш сынып оқушысы рефлексиясының сипаттамасы беріліп, болашақ

мұғалімнің даярлығының оқушы рефлексиясын инновациялық технология негізінде дамыту құрылымы айқындалып, ЖОО оқыту үдерісінде білім алушыларды инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалады.

**«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау тәжірибесі»** атты екінші тарауда болашақ бастауыш сынып оқушыларын даярлау үдерісінде қолданылатын «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту», «ТРИЗ», «АКТ» технологияларының оқушылардың рефлексиясын дамытудағы әлеуеті сараланып, ұсынылып отырған элективті курс бағдарламасы мен оны жүргізу әдістемесі негізделіп, зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар мен олардың қорытындылары келтіріледі.

**Қорытындыда** зерттеу нәтижелері бойынша алынған тұжырымдар сипатталады.

**Қосымшада** диссертацияға енбеген, зерттеу барысында пайдаланылған материалдар беріледі.

# **1 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ РЕФЛЕКСИЯСЫН ДАМУЫҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## **1.1 «Рефлексия» ұғымының психологиялық-педагогикалық категория ретіндегі ғылыми еңбектерде қарастырылу жайы**

Қазіргі білім берудің жаңа парадигмасы нәтижеде білім алушылардың құндылықтар жүйесін қайта қарауға, көп білетін, тіпті оны қолдана да білетін адам ғана емес, өз әрекетін бағдарлай, дұрыс ұйымдастыра, оны қайтадан ой елегінен өткізіп саралай немесе рефлексия жасай білетін мүмкіндіктері мол тұлға қалыптастыру мақсатын көздейді. Мұндай тұлғаларды дамыту ерте қолға алынатын болса, онда елдің адами капиталы артатыны белгілі. Осыған орай болашақ мұғалімдерді оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау туралы мәселенің пайда болуы заңдылық, сондай-ақ қазіргі білімнің басты идеяларының бірінен саналуы да орынды.

Жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда рефлексия ұғымының мәнін ашып, оқушының рефлексиясын дамыту мәселесін қарастыру білім беру үдерісіндегі жоғарыда тоқталып кеткен қажеттіліктен туындап отыр. Осы тұрғыдан алғанда рефлексия феноменіне арналған бастаулар мен ілімдерге, көзқарастар мен пікірлерге талдау жасау жұмысымыздың негізгі міндеті болып есептеледі.

«Рефлексия» термині латын тіліндегі «reslexio» – көрініс беру, кері айналу деген сөзден шыққан. Философияда рефлексия – адамның өзіндік әрекеттерін және олардың заңдарын қайта түсінуге бағытталған, теориялық іс-әрекетінің формасы. Философиялық сөздікте рефлексияның үш түріне түсініктеме беріледі. Олар: қарапайым (әрекеттер рефлексиясы); ғылыми (жаңа білімді меңгеру әдістерінің рефлексиясы); философиялық (ойлау мен болмыстың шектелген қатынастарын және біртұтас адамзат мәдениетін қайта түсіндіру) [68]. Біздің пікірімізше бұл сипаттамалар рефлексияның әрекеттің барлық түрлерінде қолдануға болатын әмбебаптығын көрсетеді.

Дегенмен, мазмұнының әртүрлілігімен ерекшеленетін «рефлексия» ұғымына берілетін анықтамалар да біржақты емес. «Рефлексия» термині алғаш рет шетелдік дереккөздерде қолданылып, кейбір жағдайларда «рекурсивтік ойлау» (recursive thinking), «өзім туралы толғаныс» (self-referent thought) деген терминдермен алмастырылды. Г.В.Олпорттың білім берудің философиясы мен психологиясы еңбектерінде «self-reflection» (өзін өзі тану мағынасында) термині қолданылады, яғни рефлексия интроспекция ұғымымен бірігіп кетеді [69]. Әрине бұл, рефлексия туралы идеялардан адамның танымдық іс-әрекетті тануы жайлы көріністерде байқалады. Анықтамалардың сан алуандығына қарамастан, рефлексия ұғымның жалпы мәнінен адамзаттың өзіне назар аударуынан байқалады.

Ғылыми еңбектерде адамның өзінің (немесе өзгенің) санасына, ойлауына және мінез-құлқына, қол жеткізген білімі мен жетістіктеріне, кемшіліктеріне

назар аударуы, ой елегінен өткізуі рефлексия деп қарастырылады. Рефлексия арқылы адам өзіне өзінің ойлау деңгейінен ғана емес, өзгенің көзқарасы арқылы да қарауы тиіс, яғни маған айналамдағылар қандай баға беруі мүмкін немесе мен өз ортамда қандай деңгейде тұрмын деп ойлануы да жатады. Рефлексия әрекетті қолдап, оны бекітіп отырады. Жалпы алғанда әрекетсіз рефлексия, рефлексиясыз әрекет болмайды. Ұғымға қатысты осындай жалпы мәліметтерден соң келесі кезекте философиялық тұрғыдағы тарихи ой пікірлерді талдауды жөн көрдік.

Әртүрлі философиялық жүйеде рефлексияның мазмұны бірдей емес екендігіне көңіл бөлу үшін, «рефлексия» ұғымының пайда болуы және даму генезисіне тоқталуды жөн деп санаймыз.

Антика дәуіріндегі талқылаудың негізгі пәні ретінде, рухани іс-әрекеттің жиынтықты тәжірибесінен сыни және жүйелеуші рефлексиялау алынған. Мысалы, Сократ алдыңғы кезекте өзін өзі тану міндетін ұсынды. Оның зерттеу пәні ретінде, танымдық қызметтегі рухани белсенділік қарастырылады, Платон мен Аристотельдің ой-пікірлерінде ойлау мен рефлексия бастапқыда тәңірдің ақыл-ойына тән болатын атрибуттар ретінде түсіндіріледі де, онда «ойлау мен ой-пікірдің бірлігі» қамтылады [70]. Рефлексияны бұлай түсіндіру, неоплатонизмде және орта ғасырлық философияда көрініс тапты. Алайда, антика дәуіріндегі философияда рефлексияның адамзаттың ақыл-ойына атрибутталуы мүлдем болмайды: ол жеке, тұлғалық, рухани белсенділікті қайта түсіндіру құралы ретінде қарастырылмайды.

Дж. Локк «мен рефлексия деп, ақыл-ойдың өзінің іс-әрекетін, оның көрініс табу тәсілдерін қамтитын бақылауды атаймын, соның салдарында ақыл-ойда осы болмыстың идеялары пайда болады. Түйсік пен рефлексия, яғни сыртқы материалдық заттар түйсік нысандары, біздің өзіндік миымыздың ішкі іс-әрекеті, рефлексия объектісі ретінде, барлық идеялар бастау алатын бірлікті құрайды» - деп пайымдайды. Оның пікірі бойынша, рефлексия – адамзат ақыл-ойының ерекше іс-әрекеті, еркін белсенділігі. Ол өз кезегінде күш-қуат идеяларын туындатуға және санада көрініс табатын түйсіктер мен идеялардың алуан түрлілігін себепті байланыстыруға қабілетті бола отырып, рефлексия келесі қызметтерді атқарады: жанның ішкі іс-әрекеті туралы білімді меңгеру және осы іс-әрекетті саналы ұғыну. Философ түйсік сыртқы заттармен тікелей ұштасады, ал бақылау сананың ішкі әрекеттеріне бағытталғанда рефлексия ерекше білімнің бастамасы болатындығын атап өте отырып, рефлексия мен түйсікті бөліп қарастыра келе, «түйсіктер – идеялардың бірінші қайнар көзі, ал екінші қайнар көзі – рефлексия, себебі ол адамның өзіндік іс-әрекеті туралы ойлардың көмегімен ақыл арқылы игерілетін идеяларды жеткізеді» - деген пікір білдірді [12]. Бұл пікірден ойшылдың рефлексияны білімнің ерекше қайнар көзі, сезім мүшелерінің қатысуына негізделген ішкі тәжірибе ретінде қарастыруының біздің зерттеуіміз үшін маңызы зор. Себебі тек өзінің оқу әрекетін санасында саралай алатын оқушы мен студенттің білімділік деңгейінің жоғары болатындығы сөзсіз.

Қайта өрлеу және Жаңа дәуірдің философиясында «рефлексия» ұғымы адамның тұлға ретінде даму мүмкіндіктері мен тұтастығын, сонымен бірге қозғалыс пен оны тану тәсілдерін көрсететін, адамзат болмысының маңызды сипаттамаларының біріне айналды.

Алғаш рет гносеологиялық астарда рефлексия ұғымы Декарттың білімді негіздеудің философиялық мәселесі контекстінде көрініс тапты. Декарт рефлексияны индивидтің өзіндік ой-пікірлерінің мазмұнына шоғырлануын, сыртқы, денелік заттардан оқшаулану қабілетімен теңестірді [11]. «Мен ойлаймын, нәтижесінде мен тіршілік етемін» – деген пікір рефлексияның ойлау сияқты негізін қалайды, ал ойлау өз кезегінде білімді рефлексивті түрде қайта жаңғыртады. Декарт бойынша, адамның ойлауы мен тіршілік етуі ақыл-ой субстанциясына тән қарапайым екі сапа емес. Бұл субстанцияның өзі ойлау мен оның өнімі – ойлаушы «Меннің» бірлігін білдіреді. Декарт үшін өзіндік сана, өзіндік тіршілік ету туралы ойлар айқын және нақты ғана емес, сонымен бірге аса сенімді және шынайы танымның соңғы нүктесі бола алады.

Жаңа дәуірдің философиясында тұлғаны танушы субъект ретінде, екі негізгі аспектіден құралатын рефлексиялаудың ерекше қабілеті: рефлексия жанның іс-әрекетін тану ретінде және жанның құрамдас бөлігі, оны өзгертудің тетігі болып табылады.

Классикалық неміс философиясында рефлексия ғылымның, танымның өзіндік құралдарын талдау немесе теориялық ретроспективаның ерекше түрі ретінде, білімнің шынайылығы мәселесімен байланысты қарастырылады. Рефлексия адам болмысынан оқшауланады және онтологиялық, гносеологиялық аспектілерде дербес философиялық категория ретінде құрастырылады.

И.Г. Фихте рефлексия туралы ілімді өзін өзі тану туралы іліммен байланыстырады. Философ индивидтің өмірінде ойлау орын алғанда, онда ол адамның ішкі толғанысында еркін рефлексия шарты ретінде пайда болады, алайда «Мен» өнімі ретінде емес, абсолютті деректің көрінісі ретінде байқалатындығына назар аудара келе, рефлексияның ішкі қабылдауда орын алатын белгілі байланыстар арқылы білімді жоғары көтеруге ықпал ететіндігін, сананың саңылауларын ашатынын тілге тиек етеді [8]. Осылайша, рефлексия тұлғаның өзін өзі танудың белсенділігі ретінде, бірінші кезекте ішкі, объективті және тікелей болатынын және оның «Мен бармын» дерегінде үйлесетінін анық аңғаруға болады.

Неміс философы И.Канттың пікірі бойынша, рефлексия ұғымы гносеологиялық формаға ие бола отырып, заттардың өзімен байланысы болмайды және олардан тікелей ұғымдар алмайды; ол адамның ұғымдарды құра алатын субъективті жағдайларды табуға бейімделетін жанның күйі болып саналады. Рефлексия білімнің алуан түрлі қайнар көздеріне деген қатынастар мен көріністерді саналы ұғыну, тек соның көмегі арқылы олардың бір-біріне қатынасын анықтауға мүмкіндік береді [10].

В.Ф.Гегельдің философиясында «рефлексия» ұғымы оның диалектикалық әдісі аясында аса толық және көп аспектілі талдауға ұшырады. Оның



пайымдауларында рефлексия жаңа мен белгіліні құрудың, белгіліде жаңаны ашудың негізгі тетігі ретінде, жанның өзін өзі дамыту контекстінде анықталады [71]. Бұл ой рефлексияның бір жағынан, жанның өзін өзі тану іс-әрекетімен, екінші жағынан – өзін өзі дамытудың негізгі тетігі қызметімен сәйкес келеді.

XX ғасырдың басындағы философияда рефлексия мәселесін түсіндіруде және құрастыруда екі негізгі бағыт ажыратыла қарастырылады: феномендерді және сананың мазмұнын талдаудың әмбебап тәсілі ретінде (феноменология) және адамның өзіндік санасының қайнар көзі мен негіздемесі ретінде (экзистенциализм). Бірінші бағыт Э.Гуссерльдің еңбектерінде айқын қарастырылады. Ол таным мәселесіне қатысты картезиандық дәстүрді жалғастырушы болып саналатындықтан: «сыртқы дүниенің болмысына күмән келтіруге болады, бірақ сананың болмысына, меннің өзіндік болмысына күмәндануға болмайды», – дей келе, сананы ұйымдастырудың өзгешілігі оның субъектілі-объектілі құрылымында көрініс табатындығына тоқталады. Осылайша, сананың кез келген актісі субъектінің болуын және сана актісін жүзеге асырушы, рефлексиялаушы субъектінің болуын қамтиды деген пікір білдіреді. Рефлексия феноменін түсіндіру үшін, ғалым «трансцендентальды рефлексия» терминін енгізді, аталған ұғымды ол «тікелей меңгеру, объектіні интуитивті игеру актісі» ретінде түсіндіреді. Мұнда сана «жеке-дара мәліметтерді ғана емес, сонымен бірге мәнді байланыстар мен пәндік құрылымдарды» игереді. Трансцендентальды рефлексия «ерекше типтегі тәжірибе ретінде, сезім мүшелерінің қатысуынсыз жүзеге асырылатын және таза санаға бағытталған ішкі қабылдау» ретінде анықталады [72].

Экзистенциалды бағыттың аясында, Ж.П.Сартр қарастырған және оның «Бытие и ничто» еңбегінде толық сипатталған, рефлексияның түсініктемесі зерттеуімізде арнайы назар аударуды талап етеді. Автор рефлексия феноменін сананы талдау контекстінде қарастырады да, ...«өзінің табиғаты бойынша сана рефлексивті емес, сондықтан ол бастапқыда сыртқы әлем объектілерін және өзін өзі де білмейді. Алайда, ол бірден өзін осы әлемнен айрықшаланатынын саналы түрде ұғынады». Сананы «өзіне арналған болмыс» деп атап, Ж.П.Сартр «өзіндік сана» және «өзін білу» (рефлексия) ұғымдарын ажыратып көрсетеді. Обьективті әлемнің тіршілік етуі, сананы обьективтендірудің салдары, ол бастапқы және бірінші «өзіне арналған болмысты» бұрмалап түсіндіруді білдіреді. Өз кезегінде рефлексия «Менмен» бірге оның объектісі ретінде пайда болады және осы объектіні туындатады [73]. Жоғарыдағы келтірілген пайымдауларды қорытатын болсақ, рефлексия феноменін іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде түсінудің негізі бола отырып, ол объектінің өзіне әсер етеді: өзгертеді, қайта құрады, қайта түлетеді,- деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Рефлексия мәселесін қарастыруға ықпал ететін, философиялық ой-пікірлердің тағы бір маңызды бағыты ретінде, философияның жалғыз және негізгі әдісінің рөліне ұсынылған *философиялық герменевтиканы* алуға болады. Герменевтика - гр. *hermeneutikos* - түсіндірмелік, талқылаушылық - классикалық түсінікте - мәтіндерге түсінік беру өнері. Ол ежелгі антикалық

дәуірде көне ақындардың (ең алдымен – Гомердің) шығармаларындағы рәміздерді, таңбаларды, құпиялап айтуларды, тұлғаның немесе мәтін авторының ішкі дүниесін түсіндіру тәсілі ретінде қалыптасқан. Бұлай түсіндіру арқылы мәтіннің мағынасына «ену», «сезіну» арқылы, өзінің толғаныстарын саналы ұғыну және осы негізде жаңа мағыналарды құру жүзеге асырылады. Аталған әдіс өзінің табиғаты бойынша рефлексивті болып саналады. Философиялық герменевтика рефлексиялық әрекет ретінде «түсіндіруші психологияның» негізіне, кейінірек оның қағидалары гуманистік және тұлғалық-бағдарлы психотерапияда, кеңес беруде кеңінен қолданысқа енді және тарады.

«Рефлексия» ұғымы ресей философиясына неміс философиясы классиктерінің еңбектерінің Еуропаға кең таралуымен байланысты келді. Сонда да болса, мәселені дербес күрделі талдау және оны шешудің тәсілдерін құрастыру XX ғасырдың басындағы және ортасындағы әртүрлі философиялық мектептердің өкілдеріне қатысты екенін байқауға болады.

Ресейлік философияда рефлексияны талдау мәселесінің қойылуын анықтайтын басым бағдарлар ретінде, дәстүрлі түрде онтологиялық және гносеологиялық бағдарлар алынады. Сонымен, бірлік философиясында рефлексия сананың аса маңызды мазмұны болып саналатын, тұлғаның өзінің рухани, діни тәжірибесін саналы ұғыну тәсілі ретінде анықталады.

XX ғасырдың соңғы үшінші жартысында философтардың рефлексия мәселесіне қызығушылығы қайтадан арта түседі. Бұл рефлексия феноменімен байланысты философиялық мәселелер шеңберінің кеңеюіне алып келді. Белгілі ресейлік философтар В.А.Лекторский [74], М.К.Мамардашвили [75], Г.П.Щедровицкий [76] және т.б. еңбектерінде рефлексия дәстүрлі онтологиялық және гносеологиялық аспектілерде ғана емес, сонымен бірге сана мен іс-әрекет мәселесі контекстінде, аксиологиялық және философиялық-антропологиялық тұрғыда да қарастырылды.

Бұл ретте рефлексияны түсіндірудегі әртүрлі философиялық тұғырларды талдауда, онтологиялық және гносеологиялық бағдарлар аса толық ашылатын М.К.Мамардашвили мен В.А.Лекторскийдің зерттеулерінде қарастырылған. М.К.Мамардашвили рефлексияны субъектінің өзіндік болмысы мен ойлауын оның сыртқы объектілер әлеміне қатынасын көрсететін тәсіл ретінде түсіндіреді. «Ойлауды түсінуге қарай, бастапқыда басқа әлемнің санасы алынады. Басқа әлем ретінде басқа адам, басқа дүние немесе басқа ғарыш алынуы мүмкін және бір қатарда тұратын заттардың барлығы және «басқа», «бөгде» сөзінің түсініктемесі болып саналады және куәлік ететін сана арқылы түсетін ақиқатты құрайды. Бұл куәліктік санада біріншіден, менің саналы ұғынатыным немесе ойлайтыным, сезетінім болады. Екіншіден, мен не ойлайтынымды ойлаймын. Немесе: мен нені сезетінімді сеземін. Мұның бәрі менің шындығында нені сезетініммен сәйкес келмеуі мүмкін. Біздің ойлауымыз өзіндік ойлауымызбен әрекет ету, рефлексиялау болып саналады», – деген тұжырым жасаған [75].

Бұдан шығатын қорытынды, рефлексия – тұлғаның өзіндік ішкі тәжірибесімен байланыс орнатудың негізгі тәсілі мен амалы, өзінің бірегейлігін саналы мағыналау құралы ретінде көрініс табады.

В.А. Лекторский рефлексияны бірінші кезекте танымның негізгі құралы ретінде, ал екінші кезекте рефлексияны өзін өзі түсінудің қызметі ретінде қарастырады. Алайда, өзін өзі түсіну контекстінде рефлексия автордың негізгі атап көрсететін гносеологиялық бояуын сақтайды: субъект үшін рефлексия - «әлемдегі болмысын» саналы ұғыну емес, өзіндік ойлауының негіздерін түсіну және өзін өзі танудың құралы. Ғалымның пікірінше, «субъектінің объектілер әлеміне саналы қатынасын қамтитын тәжірибе, субъектінің өзіне рефлексивті қатынасын және өз денесінің басқа қалған заттардан айырмашылығын, сонымен бірге заттық әлемдегі сананың объективті өзгерістерден алмасу күйін қамтиды. Субъективті тәжірибе субъектінің заттармен және басқа адамдармен объективті қатынастарға енгізілген объект ретінде өзіне қатынасы нәтижесінде мүмкін болады». Рефлексияны таным құралы ретінде сипаттай отырып, автор оның өзін және құралдарын анықтайды. Ғалымның «Рефлексияның әрбір актісі – бұл түсінуді мағыналау актісі. Түсіну әрдайым түсінудің белгілі құралдарын, мағыналық байланыстардың бірқатар аясын қамтиды. Рефлексия осы аядан тыс мүмкін емес [74]. Сонымен бірге, мағыналық шеңбер рефлексияланбайды, ол рефлексия актісінен шығып, оның құралы ретінде, яғни айқын емес білім құралы ретінде алынады» деген пікірін келтіре отырып, бұл ойда рефлексия мағынаны тану, әрекеттің мәнін түсінуге көмектеседі деген өз тұжырымымызды жасаймыз.

Кеңес заманының белгілі философы мен әдіснамашысы Г.П.Щедровицкийдің пікірі бойынша, рефлексияның қажеттілігі, индивидтің іс-әрекеті қиындықтармен жүзеге асырылған жағдайда пайда болады, яғни «индивид өзі қалаған өнімді алмаған, немесе қажетті материалды таппаған, немесе қажетті әрекеттерді мүлдем жүзеге асыра алмаған жағдайда» пайда болады. Мұндай жағдайда әрекет етуші өзінің алдына іс-әрекетке қатысты сұрақтарды қояды: бұл әрекет неге орындалмады, жетістікке жету үшін не жасау қажет. Жаңа іс-әрекет позициясына өте отырып, индивид «мағына құру» құралдарын игереді, оларға сүйеніп, алдыңғы іс-әрекетін түсінеді және сипаттайды. Екінші іс-әрекет рефлексивті түрде бірінші іс-әрекетті материал сияқты өзіне тартып алады [76]. Тұлғаның білім алу барысында, тіпті әртүрлі тіршілік әрекеті турасында өзіне осындай сұрақтар қойып отыруы оның осы әрекеттерінің нәтижелі болуына, алдына жаңа жоспарлар құруына, оларды алдыңғыдан да сапалы орындауына негіз болады деп санаймыз. Демек рефлексия адам өмірін мағыналы, мәнді етеді деуге әбден болады.

Рефлексия жайындағы философиялық талдауларды қорыта келе, қазіргі заманда әлемдік философия ғылымында рефлексияның аясының кеңігендігіне тоқталуға болады. Рефлексияның дәстүрлі, ретроспективалық қызметінен басқа ғылымда оның конструктивті, шығармашылыққа қатысты қызметтері: құндылықтарды, ғылыми әрекеттердің құралдарын жасау кеңінен қолдануда. Бұл ретте рефлексия таза философиялық ұғым болып қалмай,

арнайы ғылыми, психологиялық терминге де айналып, рефлексияның табиғаты психология ғылымында да кеңінен қарастырылады. Бұл мәселеге қатысты психологиялық зерттеулердегі рефлексивті үдерістерді пәнаралық жүйелі зерттеулердің әдіснамалық базасы ретінде қарастырамыз.

Психологиялық сөздікте рефлексия тұлғаның ішкі психикалық актілері мен күйлерін тану үдерісі ретінде анықталады [77]. XX ғасырда психологияның дербес ғылым ретінде қалыптасуынан кейін, оның көптеген салаларға бөлінуіне байланысты (жас ерекшелік, жалпы, әлеуметтік, медициналық, педагогикалық және т.б.) «рефлексия» ұғымы әлеуметтік психологияда жан-жақты қарастырылады, себебі ғылымның аталған саласы қоғамның дамуындағы «адамзат факторының» рөліне қатысты міндеттерді шешумен шұғылданады.

Рефлексия әлеуметтік психологияда әрекет етуші субъектінің – тұлғаның немесе қауымның – оны шындығында басқа индивидтер немесе қауымдар қалай қабылдайтындығын және бағалайтындығын ұғынуы түрінде көрініс табады. Рефлексия – бұл тек қарапайым білім немесе субъектінің өзін өзі түсінуі емес, ол басқалардың «рефлексиялаушы» тұлғаны, оның дара ерекшеліктерін, эмоционалды реакцияларын және таныммен байланысты когнитивті ұғымдарын қалай түсінетінін және білетінін анықтау. Рефлексия – бұл субъектілердің бір-бірінің ерекшеліктерін қайта жаңғырту, қайта құру мазмұнына алынатын, субъектілердің бір-бірімен күрделі, «айнадай» өзара көрініс беру үдерісі.

В.П.Зинченконың психологиялық сөздігінде рефлексия – адамның өзінің іс-әрекеттері мен олардың заңдарын ойластыруға бағытталған теориялық қызметінің түрі ретінде сипатталады [78], ал, В.В. Юрчуктің психологиялық сөздігінде рефлексияны адамның өз іс-әрекетін саналы түсінуі деп қарастырады [79].

Ғалымдардың пайымдауынша рефлексия когнитивті және ізгілік психологиясының зерттеу пәні болып табылады, онда рефлексия адамның зияткерлік және тұлғалық дамуының тиімді факторларының бірі болып саналады [80, 81].

М.Миримонованың пікірі бойынша, рефлексия мәселесі үш бағытта қарастырылады: *ойлауды зерттеуде, тұлғаның өзін өзі тануында және коммуникация үдерістерін зерттеуде*. Рефлексивті феномендердің әртүрлі типтері туралы мәселе қазіргі психология ғылымында біржақты шешілмейді [82]. Ғалымдардың пікірлерін түйіндейтін болсақ, бір-біріндегі басты ойда қарама-қайшылық жоқ бұл анықтамалар рефлексия сияқты адамның интеллектуалдық әрекетінің әртүрлі қырларын ашады дей келе, оларды оқушылар мен студенттердің рефлексиясын қалыптастыру мен дамытуда басшылыққа алуға болады, - деп санаймыз.

Психологиядағы интеллектуалды білім негізі рефлексивтік интеллект жайындағы тұжырымдамалар жасауға мүмкіндік береді. Солардың қатарына рефлексивтік шығармашылық және «рефлексия психологиясы» деген бағыттағы ғылыми мектептің қалыптасуы жатады. Бұл мектептің көш басында

тұрған И.С.Ладенконың ізденістері мен еңбектерінің біздің зерттеуіміз үшін маңызы зор.

Ғалым рефлексияның гносеологиялық нобайын жасап, деңгейлерін, түрлерін айқындаған. И.С. Ладенконың ұсынған модель уақыттық қағида бойынша құрылған [83]. Оның графикалық бейнесі төменде 1-суретте көрсетілді.



Сурет 1 - И.С. Ладенко бойынша рефлексияның деңгейлері мен түрлері

И.С. Ладенко бойынша 1-суретте берілген рефлексияның деңгейлері мен түрлерін төмендегідей талдауға болады.

1. *Ретроспективті* – өткенде орын алған сызбалар мен құралдарды, үдерістерді құруға және қайта құруға арналады. Рефлексияның аталған түрі бұрынғы іс-әрекетте орындалған және болған оқиғаларды талдау бейімділігінде көрініс табады. Бұл жағдайда рефлексияның пәні – болған оқиғаның алғышарттары, мотивтері мен себептері, мінез-құлықтың мазмұны, сонымен бірге нәтижелілік параметрлері мен жіберілген қателіктер. Бұл рефлексия субъектінің өткен оқиғаларды қаншалықты ұзақ және жиі талдауы мен бағалауында, өзін және өткенді талдауға бейімділігінде көрініс табады. Бұл жағдайда рефлексия іс-әрекеттің алғышарттарын, мотивтерін, жағдайларын, кезеңдері мен нәтижелерін, жекеленген кезеңдерін қозғайды. Бұл форма мүмкін болар қателерді анықтау үшін қажет болады.

2. *Проспективті (перспективті)* – ықтималды іс-әрекеттің құралдары мен сызбаларын айқындау; мінез-құлықтың алда болатын іс-әрекетін талдау функциясымен арақатынаста болатын рефлексия; ықтималды нәтижелерді болжау және т.б. Оның негізгі мінез-құлықтың сипаттамалары: өзіндік мінез-құлқының бөлшектерін мұқият жоспарлау; болашақ оқиғаларға жүгінудің жиілігі, болашаққа бағдарлану, ықтималды нәтижелерді болжау.

3. *Интроспективті* (немесе жағдаяттық) – орындау барысында бақылауды жүзеге асыру немесе ойлау үдерістерін түзету және күрделендіру. Рефлексияның бұл түрі адамның өзекті жағдайдағы мінез-құлқын тікелей өзіндік бақылауды, оның элементтерін мағыналауды, өткенді талдауды, субъектінің өзіндік әрекетін жағдаймен арақатынаста ұстау және оларды өзгермелі жағдайға және өзіндік күйге сәйкес реттеу қабілетін қамтамасыз етеді.

Рефлексияның сипатталған түрлерінің мінез-құлықтың көріністері мен сипаттамалары ретінде, субъектінің өзінің ағымдағы іс-әрекетін ойластыру уақыты, өткенді талдауға қаншалықты жиі жүгінетіні, шешім қабылдау үдерістерін кеңейту дәрежесі, нақты өмірлік жағдайларда өзіндік талдауға бейімдейді. Біздің ойымызша, бұлайша топтастыру рефлексивті үдерістердің көп деңгейлілігін жекеленген тұлғаның құрылымында, коммуникативті үдерісте болатындығын анықтайды және оларға бағдарлауға мүмкіндік береді.

Негізгі тұғырларды ескере отырып, рефлексивті үдерістер мен феномендерді *топтастырудың* бірін *И.Н.Степанов және С.Ю.Семенов* ұсынды. Авторлар ресейлік психологтардың (А.В.Петровский, Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, А.М.Матюшкин, О.К.Тихомиров және т.б.) еңбектерінде көрсетілген рефлексияның негізгі психологиялық анықтамаларын жалпылады және оның негізгі төрт аспектісін ажыратып көрсетті:

1. *Рефлексияның коммуникативтік аспектісі*. Рефлексия дамыған қарым-қатынастың және тұлғааралық қабылдаудың маңызды құрамдасы, адамның адамды тануының өзгеше сапасы ретінде қарастырылады. Мұнда «басқа адам үшін ойлау», басқа адамдардың ойлау қабілетін түсіну, адамның қарым-қатынас серіктестігі тарапынан қалай қабылданатынын саналы ұғыну орын алады.

2. *Рефлексияның кооперативті аспектісі* (М.А.Мириманова бойынша әлеуметтік рефлексия). Ол іс-әрекеттің субъект-субъектілі түрлерін талдауға аса өзекті және субъектілердің кәсіби көзқарастары мен топтық рөлдерін үйлестірудің, сонымен бірге олардың бірлескен іс-әрекетін кооперациялаудың қажеттілігін ескеріп, ұжымдық іс-әрекетті жобалауды қамтамасыз етуде белгілі рөл атқарады. Мұнда рефлексия сыртқы позицияға шығу жолы ретінде қарастырылады.

«Жоғары» және «тыс» позициясына шығу, серіктестерге бір-бірінің әрекетін болжауға ғана емес, сонымен бірге өзінің әрекетін түзете отырып, серіктеске әсер етуге, өзара түсіністікке тереңірек қол жеткізуге мүмкіндік береді. Рефлексияның аталған түрі топтық шешімдерді қабылдаумен, топтағы өзара қатынас мәселесін зерттеумен, имитациялық модельдеумен және ұйымдастырушылық-әрекеттік ойындарды ұйымдастырумен байланысты болады.

3. *Рефлексияның тұлғалық аспектісі (тұлғалық рефлексия)*. Бұл аспект бір жағынан, басқа адамдармен қарым-қатынас нәтижесінде және белсенді іс-әрекет нәтижесінде өзінің жаңа бейнелерін құруда көрініс береді, бұл өз кезегінде өзіндік әрекеттерді жүзеге асыруда шешімін табады. Басқа жағынан,

ол әлем туралы сәйкес білімді құруда байқалады. Мұнда рефлексия әрбір дамыған және бірегей адамзаттық «Менде», оның алуан түрлі құрылымдарында («Мен» - физикалық дене», «Мен» - «биологиялық ағза», «Мен» - «әлеуметтік тіршілік иесі», «Мен» – «шығармашылық субъектісі» және т.б.) дифференциация ұстанымы болып қоймайды, сонымен бірге «Менді» қайталанбас тұтастыққа кіріктіру ұстанымы болып саналады. Тұлғалық рефлексия ізденіс үдерісіндегі адамның өзіне бағытталған, соған сәйкес адамның өзіндік іс-әрекетін қайта мағыналауға әкеледі. Рефлексия адамның өмір сүру әрекетіндегі кері байланыс тетігі ретінде, нәтиже ғана емес, ол ойлаудың стереотиптерін мағыналаумен және қайта мағыналаумен, сананың жаңа мазмұнын құрумен және ішкі қайта құруларымен байланысты үдеріс болып саналады.

4. *Рефлексияның интеллектуалды аспектісі* (интеллектуалды рефлексия). Мұнда рефлексия субъектінің өзіндік әрекеттерін ажырату, талдау және заттық жағдайлармен салыстыру қабілеті ретінде түсіндіріледі. Бұдан басқа, интеллектуалды аспектіде рефлексияны қарастыру, теориялық ойлаудың психологиялық тетіктері мәселесін құрастыруға ықпал етеді [84].

Ұсынылған топтастыру негізінде рефлексияның пәні ретінде:

- әрекеттер, даралық ретіндегі өзіндік «Мен» бейнелері;
- объект және онымен жағдаятта әрекет ету тәсілдері туралы білімдер;
- басқа адамның ішкі әлемі және оның әрекетінің себептері туралы ұғымдар;
- рөлдік құрылым мен ұжымдық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру туралы білім алынады.


Бұдан шығатын қорытынды, оқушының өзіндік оқу іс-әрекетіне қатынасын қалыптастыру барысында алынатын негізгі тетік ретінде, рефлексияның тұлғалық аспектісін атауға болады. Оқу іс-әрекетінің мазмұнына қатынас, рефлексияның интеллектуалды аспектісін дамыту нәтижесінде, ал оқушының басқа оқушыларға қатынасы – рефлексияның коммуникативті және кооперативті аспектілері нәтижесінде қалыптасады.

Өзі жүргізген эмпирикалық зерттеулер негізінде А.В.Карпов рефлексияланатын мазмұнның күрделілік дәрежесіне байланысты рефлексияның алуан түрлі деңгейлерін ажыратып көрсетеді:

- бірінші деңгей тұлғаның өзекті жағдаятты рефлексивті бағалауын, аталған жағдаятта өзінің ойлары мен сезімдерін бағалауын, сонымен бірге басқа адамның жағдайында мінез-құлқын бағалауын қамтиды;
- екінші деңгей субъектінің дәл осы жағдаятта басқа адамның не сезінгені, өзінің жағдаят және субъект туралы не ойлайтыны туралы тұжырым жасауын қамтиды;
- үшінші деңгей басқа адамның субъектінің өзі туралы пікірін қабылдайтыны туралы түсінікті қамтиды;
- төртінші деңгей субъектінің белгілі бір жағдаятта мінез-құлқы туралы ойларына қатысты, субъектінің пікірлерін басқа адамның қабылдауы туралы ұғымды қамтиды [85].

Бұдан, психологиялық тұрғыда рефлексия ұғымын жасалған әрекетті кері байланыста көрсете білумен, ой елегінен саналы өткізумен сипатталатынын көруге болады, рефлексия – субъектінің өзіндік әрекеттерін заттық жағдаймен арақатынаста ұстау, іс-әрекет элементтерін өзгермелі жағдайларға сәйкес үйлестіру және бақылау қабілетін қамтиды, - деген қорытынды жасауға болады.

Психологиялық зерттеудің нысанына байланысты, Н.И.Лурия рефлексия психологиясындағы сегіз бағытты төменде берілген 2-суретке сәйкес ажыратып көрсетті [86]:



Сурет 2 - Н.И.Лурия бойынша психологиялық зерттеудің нысанына байланысты рефлексияның сегіз бағыты

Біздің пікірімізше, бұлайша бөлу педагогтарға оқу және алған білімді бағамдау мен бағалауда қолданылатын рефлексиялық әрекеттерді дұрыс таңдауға ықпал етеді.

Жоғарыдағы авторлардың еңбектеріне жасалған талдаулар негізінде ресейдің психология ғылымында рефлексия мәселесі әр тарихи кезеңде қарастырылғандығын және әртүрлі анықтама мен сипаттамалар берілгендігін 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1 - Ресей психология ғылымында рефлексияның қалыптасуының негізгі кезеңдері (И.Н.Семенов, С.Ю.Степанов бойынша [87])

| Кезеңдер  | Кезеңнің сипаттамасы                 | Аталған кезеңдегі рефлексия ұғымының мәні        | Авторлар                      |
|-----------|--------------------------------------|--------------------------------------------------|-------------------------------|
| 1920-1950 | Рефлексия жалпы психологиялық қағида | Рефлексия – танымның саналы ұғынылған психикалық | П.П.Блонский<br>Л.С.Выготский |



1 – кестенің жалғасы

| 1              | 2                                                                                              | 3                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | 4                                                                                                                            |
|----------------|------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| ж.ж.           | ретінде қабылданады                                                                            | құбылыстары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | С.В.Кравков                                                                                                                  |
| 1950-1960 ж.ж. | Психикалық құбылыстарды талдаудағы сана мен іс-әрекет бірлігі тұғырының қойылуымен сипатталады | Рефлексияның: «рефлексивті жол», «рефлексиясы бар жүйе» сияқты модельдерін құру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | Г.П. Щедровицкий<br>М.А.Морозов                                                                                              |
| 1970-ж.ж.      | Рефлексивті үдерістерді эксперименталды зерттеулердің кеңею кезеңі                             | <ul style="list-style-type: none"> <li>Педагогикалық психология аясындағы рефлексивті үдерістер;</li> <li>Ойлау психологиясы;</li> <li>Іс-әрекет және оны реттеу мәселесі;</li> <li>Типтік және шығармашылық міндеттерді шешудегі рефлексияның рөлі;</li> <li>Рефлексия ойлау іс-әрекетінің құралдарын, тәсілдері мен негіздерін саналы ұғыну ретінде қарастырылуы</li> </ul>                                                                                                                                                                                                             | В.В.Давыдов<br>Н.Ю.Кулюткин<br>И.Н.Семенов<br>Н.Г.Алексеев<br>Г.П.Щедровицкий<br>И.Н.Семенов<br>В.К.Зарецкий<br>С.Ю.Степанов |
| 1980-ж.ж.      | Рефлексияны түсіндірудегі екі негізгі тұғырды қалыптастыру                                     | <p>1 тұғыр:<br/>Рефлексия – бұл рефлексивті жол арқылы жүзеге асырылатын және бес кезеңнен: тоқтау, тіркеу, объективтендіру, оқшаулану, символизация кезеңдерінен құралатын, объектілердің байланысы арасындағы қатынастарды орнату бойынша іс-әрекет.</p> <p>2 тұғыр:<br/>Рефлексия тұлғаның өзіндік санасының мазмұнын біртұтас «Мен» арқылы проблемалық-кикілжіңді жағдаятта қайта мағыналау ретінде түсіндіріледі. Аталған үдеріс бес кезеңнен тұрады: таптаурындарды қайта жаңғырту, толғаныстардың регрессиясы, шабыттану шыңы, өзін өзі танудың прогрессиясы, инновация өнімі.</p> | Г.П.Щедровицкий<br>Н.Г.Алексеев<br><br>С.Ю.Степанов<br>И.Н.Семенов                                                           |
| 1980-1990 ж.ж. | Адамды зерттеудегі жүйелі тұғыр аясындағы пәнаралық жоспарлармен жүйелі                        | 1. Жаратылыстану ғылыми бағдарлы зерттеулерде, рефлексия психиканың шынайы қасиеті ретінде (яғни, ойлаудың                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | И.Н.Семенов                                                                                                                  |

1 – кестенің жалғасы

| 1 | 2                                                   | 3                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | 4            |
|---|-----------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
|   | үйлесімде рефлексияны зерттеу өрісін кеңейту кезеңі | <p>инерттілігінде көрінетін рефлексивтілігі, оның импульсивтілігіне қарама-қарсы ретінде) немесе мидың жүйке белсенділігіне тән кері байланыс механизміне теңестіріледі. Рефлексияның көрсетілген моделі ойлаудың тұлғалық-мағыналық негізделуінен оқшауланып, оның әлеуметтік-нормативті жанамалануына негізделіп құрылған. Рефлексияның мұндай модельдері субъектінің әлеуметтік-мәдени контекстегі құралдарды іздеуде және жүзеге асыруда немесе оларды өзіндік іс-әрекет үдерісінде саналы ұғыну арқылы көрінетін, репродуктивті және ретроспективті сипатын білдіреді. Құралдар бір-бірінен тек нақты күрделілік немесе абстрактілік дәрежесімен айрықшаланады. Мұнда шығармашылық мүмкіндіктер меңгерілген білім құралдарының әлеуеті ықтималды комбинациялар санымен шектеледі. Рефлексияны бұлай түсіндіруде рефлексияның өзі сана актісінен аз болады.</p> <p>2. Гуманитарлық-мәдениенттанушылық бағдарланған психологиялық зерттеулерде, рефлексияны субъектінің өзіндік тәжірибесінің мазмұны мен формаларын саналы ұғыну, қайта мағыналау және қайта құру үдерісі ретінде түсіндіру қалыптасқан, олар өз кезегінде адам өмірінің оқиғалығын, кикілжіңді жағдайлардың қысымын көрсетеді, тұлғаның өзіндік мінез-құлқына және қарым-қатынасқа, жүзеге</p> | С.Ю.Степанов |

1 – кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | 4               |
|---|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
|   |   | асырылатын іс-әрекетке, адамның әлеуметтік-мәдени және заттық-экологиялық ортасына біртұтас «Мен» ретінде әрекеттік қатынасын туындатады. Онда пайда болатын қарама-қайшылықтарды жоюдың қайнар көзі ретінде, адамның өзіндік даралығын дәуірдің нақты-тарихи сұраныстарына сәйкес тарату үдерісінде толықтырылатын тұлғаның мағыналық резервуары алынады.<br>3. Рефлексия ойлауды реттеудің тұлғалық формасы ретінде қарастырылады. | А.Б.Холмогорова |

Осылайша, ресейлік және шетелдік психологтардың жұмысын жалпылай отырып, рефлексияға анықтама беруде келесі тұжырымдар басшылыққа алынған деуге болады:

- тұлғаның ішкі психологиялық актілері мен күйлерін тану үдерісі;
- «рефлексиялаушы» тұлғаны басқалардың қалай түсінетінін саналы ұғыну;
- адам өмірінің оқиғалығын көрсететін, субъектінің өзіндік тәжірибесінің мазмұнын және формаларын саналы ұғыну, қайта мағыналау мен қайта құру үдерісі.

Рефлексия педагогика ғылымында да жеткілікті дәрежеде талданған деп айтуға негіз бар. XX ғасырдың 90-жылдарына дейін педагогика ғылымында рефлексия ұғымын философиялық-психологиялық тұрғыда түсіндіруге басымдылық берілді. Оны педагогикалық энциклопедиялық сөздікте берілген: «рефлексия – субъектінің ішкі психикалық актілерді және күйлерді өмірлік тәжірибе негізінде өзін өзі тану үдерісі», – деген анықтамадан көруге болады.

Ж.А. Мооп педагогикалық тұрғыда оқушылардың рефлексиялық қабілетін зерттеуге арналған ғылыми ізденіс жұмыстарынан көзқарастар, қызығушылық, төзімділік, тәуекелге және тәжірибеге дайындық, кері байланысты бағыттау және балама шешімдерді табу сияқты жеке факторларды анықтады [88].

М.В. Захарченконың пікірінше, рефлексия туралы сөз қозғалғанда, педагогика ғылымның өкілдері біріншіден, рефлексияның жалпы адамзат айналысуға тиісті іс-әрекет екендігіне; екіншіден, адамзат болмысының өзгеше бөлшегі ретіндегі осы іс-әрекеттің ерекше педагогикалық сипаты барлығы; үшіншіден, оған пәндік іс-әрекеттің бірқатар бейнелері тән екендігі атап көрсетіледі [89]. Бұл түсіндірмелер бізге рефлексияны тұлғаның танымын

кеңейтетін, оны дамытатын, өзіндік пікірін қалыптастыратын басты әрекеттерінің бірі деп қарауға мүмкіндік береді.

Педагогикада рефлексия төмендегі ғалымдардың ғылыми еңбектерінде келтірілген мәселелер аясында қарастырылады. Графикалық бейнесін төменде берілген 3-суретте келтірілген.



Сурет 3 - Педагогика ғылыми еңбектерінде рефлексияны келтірілген мәселелер аясында қарастырған ғалымдар

Тұлғаның даму теориясы бағытында еңбектер жазған қазақстандық ғалымдардың жұмыстарында да өз әрекетіне баға беру, өзіне есеп беру, ой қорытындылар жасау мәселелері қарастырылған.

Мағжан Жұмабаев рефлексияны тұлғаның өзін өзі бақылауы деп қарастыра отырып, бұл сөздің шын мағынасы өткенді еске түсіру екендігіне тоқталады. Педагог адамға өзін өзі тексеріп, өзіне өзі есеп беру деген оңай нәрселер емес. Өзін өзі тексеріп, қателерін көруге адамның менмендігі бөгет болады. Әйткенмен де, адамның өзін өзі тексеруі – жан тұрмысының өркендеуіне, түзу жолға түсуіне көмектесетін бірінші шарт. Өз қатесін көре білген адам келешекте сол қатені істемеске ұмтылады. Адамның өзін өзі, яғни өз қатесін өзі көре білуі оның жанының идеяға, қасиетті қиялға ұмтылатын мінезі барлығын көрсетеді, – деп тұжырымдайды [90].

Бұдан шығатын қорытынды, тұлғаның өз іс-әрекетіне рефлексия жасауды М.Жұмабаев өзін өзі дамыту, өзін өзі тексеру, өз қатесін көре білу, сол арқылы өзін өзі жетілдіру, өзін өзі бақылау, өзін өзі тәрбиелеу мен бағалау деп санағандығын анық көреміз. Бұл пікір дәл осы уақытта да өміршең десек

кателеспейміз. Олай дейтініміз тұлға осы әрекеттері арқылы қазіргі уақытта қоғам қажет ететін жетілген адамға айналады.

А.С. Амирова рефлексияны тұлғаның өзін, басқаны түсіне алуы, өзін бағалай және басқаға баға бере алуы дей келе, оның ең алдымен шығармашылық іс-әрекетті зерделеуде, оның тетіктерін анықтауда және шешуде маңызды рөл атқаратындығына назар аударады [91]. Ғалымның пікірімен келісе отырып, қандайда бір шығармашылық әрекеттің нәтижелі болуы оны талдап, қайта ойдан өткізіп, жетілдіруге байланысты деп ой қорыту жасадық.

Ә.Е. Жұмабаеваның көзқарасы тұрғысынан алғанда, дамыта оқыту қағидасының оқыту үдерісіне енуі мен жаңашылдықтың артуына байланысты рефлексияның педагогикадағы алатын орнының мәні арта түсіп, адамды, білімді дамыту шарттарының бірі болып отыр. Автор: «Рефлексиялық үдеріс – талдау, жинақтау, салыстыру, қорытындылау сияқты кезеңдерден тұрып, соның негізінде жаңа жоспарлар құра алуға жеткізеді», – деп тұжырым жасайды [92]. Бұл тұжырымда рефлексияның адамның ойлау әрекетінің сатылары арқылы жүріп, жаңа ой қорытындылар жасауға мүмкіндік беретіндігі меңзеледі.

А.Әлімов: «Тұлғаның білімді болуы бүгінде жеткіліксіз. Білім беру, алу жүйесінің басты мақсаты – өзіне өзі есеп беріп, ойлары мен әрекеттерін талдай білетін, өзін өзі бағалай алатын, өзінің мүмкіншіліктері мен қабілеттерін жүзеге асырып, өркендей білетін, өз өмірі мен әрекеттерін жоспарлай алатын, жауапкершілігі жоғары тұлға қалыптастыруға мейлінше тиімді жағдайлар жасау. Мұндай рефлексиялық қасиеттерді қалыптастырған тұлға ғана жаңа Әлем жағдайында өмірдегі өз орнын тауып, қоғам игілігіне нәтижелі еңбегімен қызмет жасауы мүмкін» – деп, өз еңбегінде ерекше атап көрсетеді [93]. Автордың тұлғаның рефлексиялай алу қабілетінің қалыптасуы оның өмірден өз орнын табуына, табысты болуына негіз болатын аса қажетті сапасы деген пікірінің біздің жұмысымыз үшін маңызы зор.

Рефлексия адамның өз білімі мен әрекеттерін талдау, сол туралы өзіне есеп беру болғандықтан мұнда басқа адамның пікірлері мен бағалауының алатын орны ерекше. Өйткені, өзіне сырт көзбен қараған адам басқа адамның өзі туралы пікірлері негізінде рефлексиясын тереңдете түседі [67].

Т.Б.Кенжебаеваның айқындауынша, рефлексия – бұл адамның жеке тұлғалық болмысын, шамасын, қабілет деңгейінің шегін сезініп, ұғынуға бағыттайтын адами ойлау қағидасы; өзінің білімдік күшін тануға, танылған білімдік деңгейіне сыни талдау жасауға, өзін өзі тану қызметін атқаруға, адамның рухани әлеміндегі ерекшеліктерді, оның ішкі құрылымын ашуға бағыттайтын қағидалар. Автор: «Рефлексия – болашақ мұғалімнің зияткерлік әлеуетін дамытудың негізгі тетігі, әрі кәсібі іс-әрекетіне сын көзбен қарап, объективті баға беруі және өзін іске асыруға, кәсібиліктің шыңына жетуге итермелейді», – деп тұжырымдайды [94].

Ә.Е.Әбуов рефлексияны шығармашылық тұрғыдан қарастырып, «рефлексиялық-шығармашылық оқыту – оқушының өзін өзі тануына, өзін өзі

сезінуіне және шығармашылық тұрғыдан өзін өзі іске асыруына бағытталады», - деген тұжырым жасайды [95].

Жоғарыдағы тұжырымдар бойынша болашақ мұғалімдерді оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлауда ең алдымен оларды өз іс-әрекетіне сыни тұрғыдан қарап, талдау жасай алуға, өзін өзі жетілдіріп, өз іс-әрекетіне баға беруге даярлау қажеттігі алдыңғы қатарға шығады. Осындай әрекеттің тұлғаның дамуына әсерін өз тәжірибесі арқылы ұғынған маман болашақта шәкірттерінің де өздерінің кез келген әрекетін рефлексиялауға деген тұрақты мотивінің болуы сияқты аса маңызды сапасын жетілдіруге, сол арқылы интеллектісін, шығармашылығын дамытуға құлықты болады деген қорытынды жасаймыз.

Сонымен, рефлексия – көп қырлы, кіріккен тұлғалық сапа. Сабақтағы рефлексия мұғалім мен оқушы арасындағы оқу үдерісін жақсартуға, әрбір оқушының жеке тұлғалық қасиетін дамытуға бағытталған бірлескен танымдық, саралаушылық, бағалаушылық әрекет. Бұл әрекет психологиялық тұрғыда адамның психикалық қызметінің өзгеруіне ықпал етсе, педагогикада мұғалімнің кәсіби әрекетін және оқушының оқу әрекетін жоғары шығармашылық деңгейде жүргізуіне негіз болады.

Қазіргі психология мен педагогикада тұлғаның өзіндік «Менінің» пайдасына қарай бағалау фактілерінің жиі кездесетіні анықталып отыр. Мұндай белгілі бір дәрежедегі өзіндік баға кейбір әрекет түрлеріне тактикалық жағынан дұрыс болып та жатады. Оның оптимистік биік мақсаттар қойып, талпыныстар жасауда да тиімділігі бар. Дегенмен де өзіндік баға артық та, кем де емес, шынайы болғаны дұрыс деп санаймыз.

Тұлғаның өзіндік бағасы оның әрекет ететін ортасында қандай құндылықтардың жетекші құндылықтар болып есептелуіне де байланысты. Қоршаған адамдардың, ұжымның пікірінің мұндай жағдайда шешуші рөл атқарып жататындығы белгілі. Мысалы: ұжымда адамның коммуникативтік қабілеттері құнды болса, бойларында сол сапасы бар адамдар өздерін артық бағалауы мүмкін. Ал интеллектуалдық сапалардың үстемдігі жағдайында осы қабілеттері жоғары адамдарға берілген баға жоғары болатындығы түсінікті. Адамның өзінің өзіне беретін бағасы әрекетке ынталандырады және оның тиімділігін арттырады.

Өзіндік бағаның мотивациялық-психологиялық тұжырымдамасы жетістіктерге деген қызығушылықты өзіндік бағалаудың жүйесі ретінде қарастырады. Өзіндік бағалау адамның адамның психологиялық-физиологиялық, психикалық күйзелістері, оның өмірлік тәжірибесі, ол өмір сүретін ортадағы және өмірге келген қарым-қатынас жүйесінде детерминалданғандығымен ерекшеленеді. Өзінің ішкі құрылымына қарай өзіндік баға тұлғаның өзі сияқты көп астарлы. Оның мазмұны моральдік-адамгершілік құндылықтар, қарым-қатынастар мен мүмкіндіктерден тұрады. Тұлғаның тұтас өзіндік санасы оның психикалық әлемінің жеке қырлары негізінде қалыптасады.

Өзіндік баға беру өзін өзі тану мен табу әлеуметтік, кәсіби, отбасылық тіпті жай қарым-қатынастар мен байланыстар жүйесінде өз орынын анықтауға көмектеседі. Объективті, дұрыс берілген өзіндік баға адамға оның шешуге тиісті кәсіби мәселелерінің аясын анықтауға, орындалмайтын иллюзиялық мақсаттардан дер кезінде бас тарта алуға мүмкіндік береді. Өзіндік бағаның адамның нақты мүмкіндіктеріне сәйкес болуы оның өзімен өзінің ішкі үйлесімдіктеріне, өзін өзі құрметтеуге қол жеткізуге ықпал етеді де, ал керісінше жағдайда ішкі қақтығыстарға кейде невротикалық жағдайларға әкеледі. Олай болса, тұлғаны дұрыс өзіндік баға беруге дағдыландыру қажеттілігі оның мәнін арттырады.

Рефлексиялық танымдық дағдылар субъектілердің өзіндік басқару қабілеттерін дамытуға, өз әрекеттерінің (танымдық, білімдік, қарым-қатынастық) нәтижелі болуына, олардың өз жауапкершілігін арттыруға бағытталады. Оның мазмұны баланың өз іс-әрекеттерінің субъектісі ретіндегі өз көзқарасын қалыптастыру: өзіндік тұжырым жасай алу, өзін өзі бағалау, өзіне сенім қалыптастыру арқылы өзіндік таным, өзіндік қажеттіліктерді айқындау, өз мүмкіндіктерін пайдалану әрекеттерінде жүзеге асырылады.

Қазіргі өзгеріп жатқан өмір жағдайында болашақ мұғалімдерді жаңартылған білім мазмұнын оқып-үйренуде дамыта оқыту идеясына бағытталған инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға әдістемелік тұрғыдан дайындап, рефлексиялық әрекеттің кезеңдерін жете меңгертіп, сабақты жаңаша жоспарлай алуға машықтандыру ЖОО-ғы білімдік және тәрбиелік үдерістердің негізгі міндеттерінің бірі. Бұл бәсекеге қабілетті, білікті болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда мүмкіндік беретін инновациялық технологияларды оқу үдерісіне белсенді түрде енгізу қажеттілігін туындатады.

Жұмысымыздың осы тармақшасын қорытындылай келе, рефлексивті тетіктер адамның іс-әрекетін өзіндік реттеу, атап айтсақ, оқу-танымдық іс-әрекетті өзіндік реттеу негізінде болады. Рефлексия тұлғаға тікелей іс-әрекетке толыққанды енуден шығуға, осы іс-әрекетте жоғары деңгейде болуға, оны саналы реттелетін және бақыланатын талдау пәніне айналдыруға мүмкіндік береді. Мұндай мүмкіндікке адам жас кезінен ие болғаны дұрыс. Мектеп, мұғалімдер, маман даярлайтын оқу орындары оқытушылары бұл міндетті аса жауапкершілікпен түсінулері қажет. Еліміздегі орта мектептегі жаңартылған білім бағдарламаларының талаптары да осыны көздейді. Бастауыш сынып оқушысының рефлексиясының ерекшелігі, болашақ мұғалімдердің оқушырефлексиясын дамытуға даярлығы ұғымының құрылымы мен сипаттамалары жайлы келесі тармақшада сипатталатын болады.

## **1.2 Болашақ мұғалімдердің бастауыш сынып оқушысының рефлексиясын дамытуға даярлығы ұғымының құрылымы**

Қазіргі таңда Қазақстанда бүкіл елдің дамуы мен өркендеуіне қолдау көрсету үшін білім берудің барлық деңгейіне көптеген жаңашылдықтар енгізілуде. Олардың басты мақсаты – жас ұрпақтың сапалы білім алуын

камтамасыз ету. Бұл туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырдағы адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші екендігіне, әлемдік білім саласының дамуы көшінен қалмай ілгерілеудің қажеттілігіне, ал сол көшке ілесе алмау мемлекет үшін үлкен сын болатындығына назар аударады [96]. Осы стратегиялық тұжырымдар 2016 жылдан бастап республикамыздың мектептеріне енгізілген жаңартылған білім бағдарламаларының негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасы жаңартылған білім бағдарламасында ХХІ ғасыр талаптарына сәйкес мектеп оқушылары бүгінгі заманда және келешекте қол жетімді табысқа жету үшін, бұрынғыдан да анағұрлым жоғары дағдыларды меңгеруін қажет ететіндігі атап көрсетілген [97]. Осы құжатта бастауыш сынып оқушыларының жеке дара ерекшеліктерін және мүмкіншіліктерін ескере отырып, оқу іс-әрекетінің барысын және нәтижесін бағалауға, бақылауға үйрету қажеттігі оқушыларда оқу іс-әрекетіне деген рефлексивтік қатынастарын мақсатты түрде қалыптастыру талап етіледі.

Білім мазмұнын жаңарту не үшін қажет болды деген сұраққа жауап берер болсақ, еліміздің дамуының бұл бағыттағы саясаты мен тәжірибеге ықпал ететін келесі маңызды салаларда айтарлықтай өзгерістер орын алғандығынан деуге болады. Олар:

- экономика;
- адамдардың өзін өзі басқаруы;
- қарым-қатынас көлемі және жылдамдығы;
- еңбек нарығының құрылымы;
- шекарамыздың ашылып, әлемдік кеңістікке кірігуге кең мүмкіндіктің пайда болуы;
- оқыту мен үйретудің анағұрлым нәтижелі тәсілдерінің анықталуы.

Осы айтылған жағдайлар әлемдік өркениет көшінен қалмау үшін білім беру үдерісін жаңаша ұстанымдарға негіздеу, оқытуды инновациялау, білім алушының рөлін өзгертіп, өз жауапкершілігін арттыруға бағыттау, оның білімдік әрекетін бағалаудың жаңғыртылған формаларын тәжірибеге ендіруді талап етті. Білім беру жүйесіне өзгеріс енгізуге қажетті факторларға тоқталар болсақ, ол:

- әлемдік стандарттарға сай білім беру;
- бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу;
- табысты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- әлем азаматын тәрбиелеу;
- тәжірибелік дағдыларды дамыту;
- функционалдық сауаттылықты арттыру;
- мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Осындай алғышарттардан туындаған жаңартылған білім мазмұны бағдарламасының жалпы мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, әсіресе:

- терең әрі жүйелі ойлануына;
- өз білімі мен өміріне жауапкершілікпен қарауына;



- өздігінен дұрыс шешім қабылдап, қиын мәселелерді шешуіне;
- өз бетінше ақпараттарды түсініп, ішінен қажеттісін тандап, оны жан-жақты талдап, баға беруіне;
- түрлі пікірталасқа түсіп, өз ойын дәлелдей білуге дағдыландыруға бағытталған.

Жаңартылған білім бағдарламасының негізгі басымдылықтарын төмендегі 2-кестеде келтіріп отырмыз.

Кесте 2- Білім беру бағдарламаларын жаңартудың басымдықтары

| Оқушыларда қалыптасуға тиісті рухани құндылықтар                                                                                                                                                                     | Оқушыларда қалыптасуға тиісті қабілеттер мен дағдылар                                                                                                                                                                                                                               |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;<br>Қарым-қатынас жасау қызметі;<br>Өзгелердің мәдениетін және көзқарастарына құрметпен қарау;<br>Жауапкершілік;<br>Денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету: | Сын тұрғысынан ойлау;<br>Білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;<br>Проблемаларды шешу қабілеті;<br>Ғылыми -зерттеу дағдылары;<br>Қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда);<br>Жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті;<br>АКТ саласындағы дағдылар. |

Байқап отырғанымыздай, қабылданып, жүзеге асырылу үстіндегі жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушылардан шынайы мәселелерді анықтап зерттей білуді, сыни тұрғыда ойлауды талап етеді, оқушыларды мұғаліммен және бір-бірімен диалог жүргізуге ынталандыруды көздейді. Диалог аясын кеңейту үшін мұғалім сабақта оқушылар оны тыңдап қана қоятындай емес, нақты пән немесе тақырып туралы ойлана алатындай ынталандыра, белсендіре алуын міндеттейді.

Сонымен қатар, бастауыш мектептегі жаңартылған білім беру бағдарламасы біз қарастырып отырған оқушылардың оқу әрекеті арқылы қалыптасатын оқу нәтижелерінің бірі ретінде рефлексияны қалыптастырып, дамытуды алға шығарады. Демек, баланы өз әрекеті жайлы ойлана алуға, оған өзіндік баға беруге үйрету ерте қолға алынуы жаңа стандартта айқын көрініс тапқан.

Тұлғаның рефлексиясы күрделі реттеуші құрылым ретінде, іс-әрекет пен мінез-құлықтың алуан түрлі типтері мен деңгейлерін қамтиды, дамудың гетерохрондығымен сипатталады. Гетерохрондық уақыттың әртүрлілігі болса, тұлғаның рефлексияның алуан түрлерінің онтогенездің әртүрлі кезеңдерінде қалыптасатыны психологиядан белгілі (С.Ю.Семенов, И.Н.Степанов [84]).

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі, оларды даярлайтын мамандар үшін аса қажет мәлімет болғандықтан, жұмысымызда әрі қарай бастауыш мектеп оқушысының рефлексиясының бала өмірге келген уақыттан бастап қалай көрініс беретініне тоқталғанды жөн деп есептедік. Бала туылған сәттен бастап, бірқатар мәдени-тарихи өріске – қолжетімді әлеумет өрісіне түседі. Ересектер

мен баланың қарым-қатынасы нәтижесінде және сәбиді қоршаған ортадағы әртүрлі оқиғаларының әсерімен, баланың субъективтілігінің пайда болуы мен тіршілік етуі жүзеге асады.

Мысалы, В.И.Слободчиков рефлексияның бастапқы формаларының алғашқы факторлары ретінде тік жүруді – кеңістікте саналы түрде қозғалу қабілетін және сөйлеуді атап көрсетеді. Бала 1 жастан 3 жасқа дейін сөйлеудің нәтижесінде өзі және өзінің болмысы туралы талқылау қабілетіне ие болады, автордың пікірінше, мұнда осы кезеңдегі ересектердің аффективті-бағалаушы тұжырымдары маңызды рөл атқарады, – деген тұжырым жасаған [98]. Бұдан тұлғаның бұл сапасын дамытуға арналған зерттеулер нәтижелері көрсетіп отырғандай, рефлексияның алғашқы белгілері мектепке дейінгі жаста-ақ байқалатынын көруге болады. Бала әлеуметтену барысында басқаларға ұқсағысы келеді, қатты ұнаған ертегі кейіпкерлеріне еліктеп, олардың қасиеттерін өзіне «өлшеп» көреді. Мұндай эмоционалдық әрекет сөз жоқ баланың ішкі ойында жүзеге асады, сол бейне арқылы өзін түсінуі, өзін өзгертуге деген ұмтылысы орын алады. Дәл осы әрекет рефлексияның дамуының бастауы деген тұжырым жасауымызға болады.

Рефлексияның бастапқы формасы ретінде, баланың өзіндік іс-әрекетінен тілдік айырмашылығы алынады. Баланың қоршаған ортаның ішінде өзін саналы ұғынуы, әдетте 3 жастан 6 жасқа дейінгі кезеңде символикалық, ойын формасында жүзеге асады. Қоршаған заттарды ажыратып және атай отырып, бала белгілі және қалыпты болатын өзінің «Мен-ін» игереді. Дамудың аталған кезеңінде баланың өзін және өз ортасын саналы түрде дәл ажыратуы әлі қалыптаспаған, мұнда рефлексиялау топтық сананың аясында жүзеге асады және «ұжымдық-таратылған» формада болады. Осы сәттен бастап бала әртүрлі қауымдастықта шоғырлану және олардан бөліну нүктесінде болу арқылы тұлға ретінде қалыптаса бастайды.

Баланың жеке, ұжымдық және топтық әрекеттерге тартылуы нәтижесінде өзіндік өмір сүру әрекетінің ішіндегі өзін өзі шектеу, өзінің тілектерін, мүмкіндіктерін, білмеуін саналы ұғыну үдерісі жүзеге асады. Бұл анықтаушы рефлексия жұмысының нәтижесі, оның формуласы келесі үлгіде құрылады да: «Мен білемін, мен білетінімді білемін» деген сұрақтарды өзіне қою арқылы жаңа әрекетке ынталанады, келесі іс-қимылды меңгерудің іргелі тәсілі болады. Ол ұғым формасында жүзеге асырылады және біршама «Меннің» формасы және оны ойша қайта жаңғыртудың салдары ретінде жүзеге асырылады. Бірінші сәті субъектіге оған байланысты емес объектілерді саналы ұғынуға мүмкіндік береді, ал екінші сәт объектіні түсіну, оның мәнін ашу актісі болып саналады.

Салыстырушы рефлексия деңгейіне шығу, тұлғаға шынайы әлемде өзін объективті саналы ұғынуға және әлеммен өзін теңестіруге мүмкіндік береді. Мұнда сана алғаш рет түйсік, бейне, күй және т.б сияқты әрбір нақты психологиялық құрылым деңгейіне көтеріледі. Аталған жағдайда рефлексия болмыспен теңестіруден босауға ғана емес, сонымен бірге агрессия, өкпе-

реніштер, манипуляциялар түріндегі мінез-құлықтың конструктивті емес модельдерінен арылуға мүмкіндік береді.

Бірқатар авторлар (Ю.В.Громыко, Н.И.Лурия) хронологиялық жас пен рефлексивті білімнің даму кезеңдері арасындағы қатаң байланысты теріске шығарып, мектепке дейінгі жастағы рефлексивті үдерістердің дамуының жас ерекшелік сызбасын құрды. Авторлар рефлексияны дамудың әрбір кезеңінен өтудің және оның әрқайсысының аса қарапайым деңгейден соңғы, аса күрделі деңгейге енуінің қажеттілігін атап көрсетеді [99; 86]. Оларға тоқталсақ:

- *бірінші кезеңде* болашақ рефлексивті білім үшін өзіндік ақыл-ой кеңістігі қалыптасады, эксперименттік жағдаяттағы кикілжіңді түсінудің нышандары пайда болады, алайда рефлексивті білімнің өзі болмайды.

- *келесі кезеңде* бала шындықты ажыратуға қабілетті болады: ол объект туралы тұжырым жасай алады, аталған тұжырым аясында санада ересектердің және баланың болып ажыратылатын екі көзқарас пайда болады.

Аталған авторлардың пікірлері бойынша, алты-жеті жасқа қарай аяқталатын соңғы кезеңде, ойлаудың негізгі сипаттамаларының түбегейлі дамуын қамтитын, тұрақты және қайталанбас ойлау құрылымы ретінде, өзіндік рефлексивті білім қалыптасады. Бұл даму сонымен бірге аталған жас кезеңіне тән, баланың саналы ұғынатын шындықты қоршаған орта үшін сыртқы және ішкі әлемге ажыратып бөлуін анықтайды. Жеті жасқа дейінгі рефлексивті білімнің тұтас алғанда, таратушы сипаты болады, дамудың аталған кезеңдерінен өту тек ересектермен коммуникация жағдайында мүмкін болады.

Осылайша, балада мектепке дейінгі кезеңнің соңына қарай өзіндік даралану санасы – өзі және өзіндік ортасын ажырату қасиеті дамиды. Сонымен бірге, интеллектуалды рефлексия қалыптаса бастайды, оның сензитивті кезеңі 6 жастан 10 жасқа дейін бастауыш сынып жасында жалғасады. Қарапайым когнитивті операцияларды қадағалау және бағалау қабілеті, мектептегі жетілудің маңызды белгілерінің бірі болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының *рефлексиясы* психологтардың ғылыми еңбектерінде ( В.И.Слободчиков, Г.А.Цукерман, т.б.) өз оқу әрекетін түсініп, өзін оның субъекті ретінде тануы мәселесі аясында қарастырылады [100].

Рефлексияның бақылаушы қызметі жұмыстың қорытынды кезеңінде анықталады десек, ол жайында А.К.Маркова еңбектерінде әрекеттің рефлексивті-бағалау компонентіне дәл осы аспектіге көп назар аударылады. Оқушының әрекет субъектісі ретінде қалыптасуы оған өз әрекетін жүзеге асырып, түрлендіру үшін бағалауға мүмкіндік беретін «рефлексия» – деп аталатын жаңа психикалық қасиеттің пайда болатындығын көрсетеді [101]. В.В.Давыдов [102] пен Л.А.Медникова [103]: «Қорытынды кезеңіндегі рефлексия әрекеттің өзін өзі реттеу үдерісіне қатысады, оның одан кейінгі ойларын өзгертіп, танымдық сұраныстарын қайта құруға мүмкіндік береді», – деп ой қорытады.

Тұлға психологиясына қатысты Л.С.Рубинштейн еңбектерінде тұлғаны дамыту мен оқытуға сәйкес ұйымдастырылатын жүйелі іс-әрекет тәсілі ретінде рефлексиясының рөлін бөліп көрсетеді. Оларда рефлексияның бұл түрінің

білім алушының не білетіні, не білгісі келетіні, не жасай алатынын өзі айқындап, соның нәтижесінде оның субъектілігі жетілетіндігі көрсетіледі [20]. Олай болса, рефлексияның қызметі – оқушының оқу әрекетінің мақсаттары мен жолдарын, қажеттілігін түсіну екендігінде күмән жоқ. Біздің зерттеу де дәл осы міндеттерді алға қояды.

Д.Дьюи өзінің «Біз қалай ойланамыз» атты ғылыми еңбегінде рефлексиялық ойлау туралы пікірін білдіріп, оны «дұрыс қорытындылар жасау үшін кез келген пікірді, білімді, оқыту формасын белсенді, аса зейінмен ой елегінен өткізу» деп сипаттайды [104]. Ғалымның бұл пікірі білім алушыларды сыни тұрғыдан ойлауға баулу мәселесіне арналған еңбектердің, әлемнің озық педагогтарының қатысуымен жасалған технологиялардың негізгі идеясы болып табылады. Біз де өз жұмысымызда аталған тұжырымды теориялық және практикалық негіз ретінде басшылыққа аламыз.

Даму үдерісінде адам бастапқыда адамдар арасындағы (ата-аналар-бала, мұғалім-оқушы, бала-бала) қатынас ретіндегі сыртқы қатынас түріндегі қатынастарды ішкі қатынасқа айналдырады немесе интериоризациялайды. Басқалармен әлеуметтік-психологиялық қатынасқа түсе отырып, бала олармен коммуникативтік қарым-қатынас жасайды және өзара әрекетке түседі, оның әрекеттері ересектер мен қатарластар тарапына бағытталады, реттеледі және бағаланады. Сонымен бірге, бала басқалардың әрекетін бағыттауға, реттеуге және бағалауға ұмтылады. Мұндай өзара әрекеттестік тәжірибесін меңгеру нәтижесінде бала, шамасына қарай, өзіне қатысты басқарушылық функцияларды меңгере бастайды. Осылайша, тұлғаның өзін және өзінің мінез-құлқын басқаруға мүмкіндік беретін ішкі үдерістер ретінде, өзін өзі бағдарлау, өзін өзі реттеу және өзіндік бағалау үдерістері дамиды.

Олай болса, бүгінгі бастауыш сынып оқушылары өзін және өзінің мінез-құлқын басқаруға мүмкіндік беретін ішкі үдерістер ретінде өзін өзі бағдарлау, жетілдіру, белсенділендіру, реттеу және өзіндік бағалау сынды іс-әрекеттерін дамыта отырып, кез-келген жағдайда өз оқу іс-әрекетіне рефлексия жасауды табысты меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық, шебер ұйымдастырушылық қажет.

Біз зерделеген В.И. Слободчиков пен Г.А. Цукерман еңбектерінде бастауыш мектеп оқушыларының рефлексиясын дамыту үшін, келесі түсініктерді ескерудің қажеттілігі атап көрсетіледі:

*Бірінші түсініктер* – бастауыш білім берудің ұмтылатын мақсаты. Бастауыш білім берудің қорытындысы – бұл ересектердің көмегі арқылы өзін өзі оқытуға қабілетті бала. Білім берушімен салыстырғанда, оқушылар берілген тапсырмамен бетпе-бет келгенде, келесі екі сұраққа жауап беруге ұмтылады: «Мен бұл тапсырманы шеше аламын ба, әлде шеше алмаймын ба?», «Тапсырманы шешу үшін маған не жеткіліксіз?». Өзінің нақты нені білмейтінін анықтай отырып, оқушы мұғалімге белгілі ақпарат немесе әрекет тәсіліне деген нақты сұраныспен жүгіне алады. Өзіндік мүмкіндіктердің шекарасын орнатудың жеке-дара қабілеті ретінде *нені білетінін білу (істей аламын) және нені білмейтінін білу (істей алмаймын)* – бұл рефлексияны анықтайтын

орталық психологиялық тетік. Анықтаушы рефлексияның көрсететін негізгі қызмет көрсететін формасы – бұл адамның өзіне өзі қатынасы, «Мен істей алмаймын», «Мен істей аламын» қатынасы. Мұндай қатынастарды құруға әкелетін оқу іс-әрекеті, оқушының іс-әрекет сипатына ие болады.

Оқушы жаңа типтегі міндеттермен кезіге отырып, іс-әрекеттің меңгерілген тәсілдерінен ажырау жағдайына түсіп, аталған жағдайда қолдануға болмайтын үлгілер бойынша әрекет етуді тоқтатады, әрекеттің жаңа тәсілдерін іздеуді бастайды немесе ересектермен және басқа оқушылармен өзіндік қатынастарын құрады, олармен бірге әрекеттің жеткіліксіз тәсілдерін іздейді, өзіндік көзқарасқа ие болуға ұмтылады. Алайда, оқушылардың оқу әрекеттерінің үлгі бойынша имитациялық әрекеттерді жаңғырту мәселесі пайда болуы да мүмкін. Дегенмен, авторлардың пікірлері бойынша, бастауыш сынып соңына қарай психикалық дамудың формасы ретінде, оқушылардың өз ұстанымдары қалыптасып, бұл қатынастың негізгі формасы ретінде алынатындар: «Мен білуші» — «Мен білмеуші» сияқты сипаттарды анықтау мүмкіндіктері пайда болады.

*Екінші түсініктер* — бұл бағалаушы шкалалар, мұнда оқушы өзін қоршаған адамдармен салыстырады, біртекті қатарларда өзіндік орнын табады. Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың басында, мұғалім өзінің әрекеттерін жекеленген оқушыларға емес, сыныпқа, қатарластар қауымдастығына бағыттайды, арнайды. Мұғалімге: білу, мен не білемін, түсінемін және нені білмеймін, қолымнан келмейді түріндегі өзіндік мүмкіндіктерінің шекарасын орнатудың ішкі қабілетін «жасауға» тура келеді [100, с.29].

Рефлексиялық әрекеттің құрамаларына: оқушының ішкі позициясының қалыптасуы, критерийлер негізінде өз өзін бағалауы, эмпатия, өзінің оқу әрекетіндегі табыстар мен жеңілістердің себебін тұлғалы деңгейде сәйкесінше түсінуі, әрекеттің шарттарының тәсілін рефлексиялай алу, әрекеттің нәтижесін танымдық тұрғыда бақылау және бағалау, коммуникативтік деңгейде өз пікірін дәйектей алуы, қалыптасуы, оқудағы бірлестікті жоспарлау жатады.

Психологтардың пайымдауынша, оқушы мәселені өзін қызықтырған, таңқалдырған және шатастырған кезде қабылдайды. Өзіне жаңа ғана түсінікті және айқын болған оқу жағдаяты оның ақылын адастыратындай кедергіге айналуы қажет. Белгілі болғандай S.Shermis, рефлексивті оқыту тәжірибесінде оқыту жағдайын проблемалауға жататын түрлі тәсілдердің бірқатарын төмендегідей көрсеткен:

- оқушыларға оқулықта берілген немесе мұғалімнің түсіндіруіне сәйкес ақпараттарды беру тәсілдерін ойлап табуды ұсыну;
- оқушыларға дәл сол оқиға, тың ой, құбылыстардың түрлі мазмұны мен интерпретациясын салыстыруды ұсыну;
- оқушыларға белгілі оқиғаның сәйкес нәтижелерін болжап шешудің ұқсас нұсқаларын ойлап табуды ұсыну;
- оқушыларға «егер... болса, не болар еді» тәрізді ойын тәсілін ұсыну;

- оқушыларға мұғалімнің өз түсініктемесінде кейбір фактілер мен бөлшектерін әдейі айтпай кеткен қандай да бір феномен немесе оқиғалардың соңын өз бетімен «ойлап» табуды ұсыну т.б [105].

Қорыта келе, рефлексиялық іс-қимылды ұйымдастыру мақсатында педагогикалық жұмысты жүзеге асыру болашақ мұғалімге: оқушылардың іс-қимылдарын әртүрлі тұрғыдан талдауды және бағалауды; өзінің жұмысын оқушылар тұрғысынан талдауды және бағалауды жүргізуге; оқушылардың өздерін белсенді іс-қимылға қосу мақсатында оқу сабақтарында өзара әрекеттесуді тиімді ұйымдастыруда жаңа бағыттарды анықтауына мүмкіндік береді.

Рефлексия және оны қалыптастыру туралы еңбектерде рефлексияның: жеке тұлғалық-мазмұндық; коммуникативтік; интеллектуалдық сияқты типтері қарастырылады. Оның графикалық бейнесін төменде келтірілген 4-суреттен көре аламыз.



Сурет 4 - Рефлексияның типтері

Ғылыми еңбектерді талдау барысында бастауыш мектепте қолданылатын төмендегідей *рефлексияның түрлерін* анықтадық.

*I. Мақсатына қарай:* оқушының эмоционалдық көңіл-күйінің рефлексиясы; білім алу барысындағы әрекеттің рефлексиясы; оқу мазмұнының рефлексиясы. Енді осыларға қысқаша тоқталып өтейік.

1) Эмоционалдық көңіл-күйінің рефлексиясы. Көңіл-күйдің рефлексиясын сабақтың басында немесе аяғында топпен эмоционалдық байланыс орнату үшін қолдану тиімді. Бұл мақсатта мұғалімге әртүрлі адамның көңіл-күйі

бейнеленген карточкалар, көңіл-күйді түстер арқылы бейнеленген материалдар, эмоционалдық сурет үлгілерін қолдануға болады.

2) *Әрекеттің рефлексиясы.* Әрекеттің рефлексия оқу мәліметтерінің әдіс-тәсілдерін ұғыну тәсілдеріне үйретеді. Мұндай рефлексияны үй тапсырмасын сұрау кезінде қолдану тиімді. Ол арқылы мұғалім оқушының тапсырманы қалай орындағанын, шешімінің дұрыс, не бұрыстығына көз жеткізу, өз қатесін таба білу сияқты психологиялық-педагогикалық міндеттерді шешуге, басқаша айтсақ, балаға өзіндік рефлексия жасатуға мүмкіндік алады. Сабақтың аяқталған кезіндегі мұғалім ұйымдастыратын әрекеттік рефлексия тәсілі сабақ барысындағы әр оқушының белсенділігін бағалауды нәтижелі етеді. Шығармашылық іс-әрекетке, іздемпаздық жұмыстарға талдау жасай білуді үйретеді, жеке іс-әрекетін ұйымдастырып өз бетімен сараптау, жоғары танымдық қызығушылық негізінде шығармашылық бағыттылығының тұрақталуы іс-әрекеттерді объективті бағалап, кемшіліктерді жоюға, жауапкершілікпен қарауға бейімдейді.

3) *Оқу мазмұнының рефлексиясы* – оқыту субъектінің өз іс-әрекетін саналы түрде ой елегінен өткізіп, қорытынды жасап, өзіндік дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Талқыланып отырған мазмұнның оқиғасы не туралы, кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру, өзіне ұнағанын айта алу, себебін түсіндіре білу, қысқаша түйін жасай алу, қорытынды шығару сияқты ойлау мен коммуникативтік әрекеттер дәл осы сабақ мазмұнына қатысты рефлексияның атқаратын қызметі болып табылады. Осы жұмыс барысында оқушы мазмұнды игеруге байланысты өз іс-әрекет компоненттерін еске түсіру, санадан өткізу, оның мәнін, түрін, өзекті мәселелерін белгілеу, шешу жолдарын анықтаумен айналысады. Біздің ойымызша, өзінің оқу тәсілдерін, таным мен ойлау тетіктерін түсінбейінше оқушылардың білімнің соңғы нәтижесіне қол жеткізуі, мазмұнды толық ұғынып, одан ой түйіп, сабақ алуы мүмкін емес.

*II. Мазмұнына қарай рефлексия:* ауызша, жазбаша болып бөлінеді. Рефлексия ауызша сұрақтарға жауап алу және әртүрлі тапсырмалар түрінде жазбаша да ұйымдастырылады. Бұл туралы жұмысымыздың эксперименталдық бөлімінде кеңінен сипаттама берілетіндіктен, бұл жерде толық тоқталмауды жөн көрдік.

*III. Тұлғалық рефлексия:* физикалық: үлгердім-үлгермедім; сенсорлы: қызық-қызықсыз; рухани: жақсы сезіндім – жаман сезіндім (тек жазбаша түрде) интеллектуалдық: түсіндім-түсінбедім деген мәселелерді ашуға ықпал етеді. Әрине, айтылғандардың қайсысын басшылыққа алуды мұғалім сабақтың мазмұнына, материалдың ауыр-жеңілділігіне, сабақта рефлексияға бөлінетін уақыт мөлшеріне қарай өзі шешеді.

*IV. Сабақта ұйымдастыру түріне қарай рефлексия:* білім, білік, дағдының қалыптасуынан кейін, аралық рефлексия, бақылау рефлексиясы, қорытынды рефлексия түрінде ұйымдастырылады.

*V. Ұйымдастырылу формасына байланысты:* фронталды, жеке, топтық, ұжымдық болып бөлінеді.

Оқушылардың алда тұрған мақсаттың мәнін түсініп, оған қол жеткізу үшін не істеу қажет екенін анықтай алған жағдайда ғана олар оқу мақсатына, нәтижеге қол жеткізеді. Сондықтан оқу барысында өзін өзі бағалаудың маңызы зор. Оқушылардың бойында өзін өзі бағалау дағдыларын дамытуда біріншіден, оқушыларды өз жұмысы туралы мақсат қою тұрғысынан ойлануға үйрету орын алады. Себебі, олар мұны қалай істеу керек екенін түсінгенде ғана өз жұмыстарына шолу жасай бастайды, сол арқылы оны өздері орындап, өздері бақылауға мүмкіндік алады.

Өзін өзі бағалау – өз қабілетіне, мүмкіндігіне, мінез-құлқына, ішкі жан-дүниесіне, басқа адамдардың ортасында өз орны туралы, тағы басқалар бойынша өзіне баға беруі болып табылатын адам санасының құрамдас бөлігі. Өзін өзі бағалау арқылы адамның мінез-құлқы реттеледі, өзіне, жасаған істеріне сыни көзқараспен қарауға үйренеді. Өзіндік бағалау оқушыны сенімділікке, ойлануға, шығармашылыққа тәрбиелейді. Әрине, оқушы әрекетін мұғалім бағалауынан оның өзін өзі бағалауға көшуі айтарлықтай қиындық тудыратын қадам. Ал оған үйренген оқушы бірте-бірте өзінің сыныптастарын бағалауды да табысты атқарары сөзсіз. Баланың өз сыныптастарының әрекетін бағалауы өте маңызды рөл атқарады, себебі ол ынталандыру деңгейін көтереді, оқушыларға өз тілінде сөйлеуге мүмкіндік береді, сынды қабылдауға ықпал етеді, өзіне және мұғаліммен пікірталасқа түсуде сенімділігін арттырады, сондай-ақ мұғалімдерге сабақ үдерісінен шектелуіне және жай ғана бақылауына мүмкіндік береді.

Осылайша, мұғалімге жоғарыда аталған рефлексияның барлық типтерін іске асыруы үшін рефлексивті дағды қажет, ол өз қызметінде өзінің тұлғалық-психологиялық ерекшеліктерін пайдалана отырып, өзінің психикалық күйін сәйкесінше бағалай білу, сонымен қатар оқушы тұлғасын әр жақты тану және жан-жақты сәйкесінше қабылдай білу сияқты компоненттерден тұрады. Мұны *педагогикалық рефлексия* деп атайды. Жоғары педагогикалық оқу орындарында болашақ мамандарды дайындау үдерісінде оқытушының рефлексиялық әрекет тетіктерін меңгерту шаралары жүзеге асырылуы тиіс.

Т.А. Морозова педагогикалық үдерістегі рефлексияның атқаратын қызметтерін төмендегідей жіктеген:

- *диагностикалық қызмет* – педагогикалық үдерістің қатысушыларының өзара әрекеттестігінің деңгейін анықтау, сол әрекеттестіктің және сол бағытта қолданылатын құралдардың тиімділігінің деңгейін анықтау;
- *жобалаушылық қызмет* – болашақ әрекетті, бірлескен әрекетті, әрекеттегі мақсаттарды нобайлайды;
- *ұйымдастырушылық қызмет* – өнімді әрекет пен өзара әрекетті ұйымдастырудың әдістері мен құралдарын айқындайды;
- *коммуникативтік қызмет* – бұл рефлексия педагог пен білім алушының тиімді тілдік қарым-қатынасының шарты болып табылады;
- *шығармашылық мәнділік қызмет* – педагогикалық үдерістің қатысушыларының саналарында өз әрекетінің және бірлескен әрекетінің мәнін ұғынуын, одан шабыт алып, жаңа ізденістер жасауды қамтамасыз ету;




- *мотивациялық қызмет* – әрекеттің бағыты мен мақсаттарын анықтау, оларды іске асыруға ынталану, қызығушылық таныту;

- *түзетушілік қызмет* – педагогикалық үдерістің қатысушыларының өз әрекеттеріне, бірлескен әрекеттеріне түзетулер енгізу, әрекеттің сапалы болуын қамтамасыз ету [106].

Педагогикалық рефлексия – оқытушының жүріп өткен жолын санада сараптау, байқаған кемшіліктерді түзету, оның мақсаты әрекетке қатысып қана қоймай, сол әрекеттен мейлінше қанағат алуы, бастысы білім алу үдерісін қызықты, нәтижелі ету деуге болады.

Зерттеу барысында біз зерделеген оқушылардың рефлексиясын талдауға арналған көптеген психологиялық-педагогикалық еңбектер, негізінен бастауыш мектеп жасын қарастырады. Ол түсінікті де, себебі «білім негізі бастауышта» деп бекер айтылмаса керек. Баланың дамуына қатысты қандай да бір педагогикалық шарттар ерте қолға алынуы тиіс. Егер оқушыларды оқыту барысындағы өзінің «нені» және «қалай» жасағанына көбірек назар аудартатын болсақ, бұл нәтижесінде оларға өзіндік іс-әрекетіндегі қиыншылықтарды болдырмауға, кейбір түсініспеушіліктердің орын алмауына, қарым-қатынас пен білім жинақтауда қиындықтардың алдын алуға мүмкіндік береді. Бастауыш мектептегі оқу бағдарламаларын меңгеруді, меңгеріп қана қоймай, олардан ой қорытындылар жасап, тағылым алуды, болашағын болжап, мақсаткерлігін қалыптастыруды нәтижелі етеді.

Осы тармақшада қарастырылған бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясының құрылымына байланысты ой пікірлер бойынша рефлексияның түрлері, типтері, қызметтері мен дамытушылық мүмкіндіктерінің жалпы сипаттамасын жасауға мүмкіндік алып, оны 5-сурет түрінде бейнеледік.



Сурет 5 - Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясының жалпы сипаттамасы

А.Ш.Тәңірбергенованың «Бастауыш сынып математикасын оқыту барысында оқушылардың рефлексивтік қатынастарын қалыптастырудың әдістемесі» тақырыбындағы педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясында оқушылардың ойлау дәрежесі мен дербес іс-әрекеттегі белсенділігінің қалыптасуына жағдай жасап, мектепте берілетін ғылыми білім негізін жаңа заман талаптарына сай іріктеу міндеттері оқу іс-әрекетіне рефлексивтік қатынастарын қалыптастырумен байланысты екендігін дәлелдейді [107]. Математика пәнін оқыту аясында жасалған бұл қорытындының бастауыштағы басқа пәндерде де басшылыққа алуға болады,- деп санаймыз.

М.Г.Ермолаеваның ойынша, оқу сабағындағы рефлексия – бұл ең алдымен, оқу іс-әрекетінің тәсілдерін саналы ұғыну, оның мағыналық ерекшеліктерін табу. Оқушылар орындалған іс-әрекетті саналы ұғынып қоймайды, сонымен бірге оның қалай орындалғанын ұғынады [108]. Бұдан шығатын қорытынды, рефлексивті тетіктер оқушының оқу-танымдық іс-әрекетті өзіндік реттеу негізінде болады. Оқушылардың рефлексиясын дамыту өз іс-әрекеттерін саналы реттеп, бақылап, талдау жасап, қорытынды жасай алуға, кері байланысқа мүмкіндік береді.

Мұғалім оқушының сабақтағы рефлексиясын ұйымдастыра отырып, оның оқу іс-әрекетіндегі рефлексияға қабілетін қалыптастырады. Г.В.Лейбництің еңбектерінде рефлексиялық әрекетті білім пәнінен абстракциялау нәтижесі ретінде қарастырылады [70, с.145]. Бұл – болашақ мұғалімдердің оқушылардың пән мазмұнын орындаудағы іс-әрекеттерді қорытуда белгілі бір деңгейге жету мүмкіндіктеріне ие бола білуі тиіс екенін білдіреді.

Рефлексияның түпкі мағынасы *кері байланыс, артқа бұрылу*, жүріп өткен жолыңа баға беру, жетістіктер мен қателіктер іздеу дегенге келіп саяды. Кері байланысты танымдық әрекет тұрғысынан әрі қарай нақтылай түссек, ол – талданған мәселе жайлы өз ойын білдіру. Ал психологияда кері байланыстың берілу жолдары әртүрлі болатындығы айтылады. Олардың негізгісі: тура және жанама. Тура кері байланыста реципиент пікірі ашық түрде беріледі. Мысалы: «сенің пікірің маған ұнамайды», «не айтып тұрғаның маған түсініксіз», т.б. және де әртүрлі қимыл-қозғалыс: жест, ренжу, қуану, т.с.с. бұл түрде тиімді болады. Жанама кері байланыс – психологиялық мәліметті берудің астыртын түрі. Бұл жағдайда әртүрлі сұақтар, кекету, күтпеген эмоциялық реакциялар орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайда коммуникатор партнердің не айтқысы келетінін өзі түсінуі қажет.

Оқушының рефлексиялық бағыттағы кері байланысында ой білдіру, қорытынды жасау, мәселе жайында толғану орын алады. Кері байланыс машығын меңгерген бастауыш сынып оқушысы оның ақыл ойының жетілгендігінің көрінісі болып табылады деп санаймыз.

Кері байланыс негізінде балалардың өзіндерінің және топ мүшелерінің әрекетін бағалау арқылы өз бетінше жұмыс жасауды үйренетінін байқау қиын емес. Мұндай танымдық жұмыс барысында бастауыш сынып оқушылары біртіндеп зерттеу жұмыстарына, олимпиадаларға қатысып, жоба қорғайтындай

дәрежеге жететіндігін тәжірибе көрсетуде. Бастауышта рефлексиялық әрекеттер жүйелі түрде жүргізілсе, онда балалар өз бетінше жұмыс жасап қана қоймайды, сонымен бірге олардың психологиялық денсаулығы реттеледі. Себебі тұрақты жағымды көңіл-күй, алға ұмтылушылық, сабаққа деген ынта мен жігер осының кепілі. Сонымен қатар, бастауыш мектеп жасындағы балалар орта сыныпта оқу қорқынышынан айырылады.


Бастауыш сынып оқушысының өзін өзі бағалауы оның оқу-танымдық рөлі тұрғысынан екі аспектіде қарастырылады.

1. Өзін өзі бағалау оқыту үдерісінде белсенді қалыптасатын тұлғалық білім алу ретінде алға шығады және бастауыш мектеп жасындағы оқушының оқу-танымдық әрекетіне маңызды ықпал жасайды.

2. Өзін өзі бағалау – оқу әрекетінің тұтастай құрылымының ерекше бөлігі, оның қызметі бастауыш сынып оқушысы осы әрекет субъектісі ретінде оқу міндеттерін шешуде оның қаншалықты алға жылжығанын анықтай білуі болып табылады.

Рефлексиялау білігі арқылы тұлға өмірде өз орнын табуға өзін өзі тәрбиелеп, өз бетінше оқып білім алу, өз білімін өзі жетілдіру, белгілі бір жағдайларда өзін өзі шектеу, өзіндік бақылау, өз өзін ынталандыру әдістерін қажет уақытында пайдалана алға машықтанады. Өзін өзі бағалау арқылы тұлға мінез-құлқын реттейді. Тұлғаның «Мен» - бейнесі, «Мен» - бағдарламалары мен өзіндік бағалауы жинақталып, «Мен» тұжырымдамасын құрайды.

Әлбетте, оқушыны рефлексиялық әрекетке баулитын педагогтың рефлексиялауға қабілетті болуы шарт. Оқушылардың өзіндік оқу іс-әрекетін рефлексиялау бойынша педагогикалық еңбектерді талдау нәтижесінде алынған оқушының педагогикалық рефлексиясының сипаттамаларының графикалық бейнесі 6-суретте көрсетілген.



Сурет 6 - Оқушы рефлексиясының сипаттамалары

Демек, оқушының өзіндік оқу іс-әрекетіне қатынасын қалыптастыру негізіне алынатын негізгі тетік ретінде, рефлексияның тұлғалық аспектісін атауға болады. Оқу іс-әрекетінің мазмұнына қатынас, рефлексияның интеллектуалды аспектісін дамыту нәтижесінде, ал оқушының басқа оқушыларға қатынасы – рефлексияның коммуникативті және кооперативті аспектілері нәтижесінде қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушысының рефлексиясының қалыптасқандығының көрсеткіштерін біз төмендегідей айқындадық:

- оқушының өзінің біліміндегі білмейтіндерін айқындай алуы;
- белгіліні белгісізден айыра алу;
- өз ойын және әрекетін талдай және бағалай алуы;
- қалыптан тыс жағдайларда табысты болу үшін қандай білімдері мен білік дағдыларының жетіспейтінін айқындай алуы;
- өзгелердің ойы мен әрекетін олардың істеріне қарай бағалай алу.

Қорыта айтқанда, рефлексия, яғни кері байланыс жасау арқылы мұғаліммен бірге белсенді жұмыс істейтін, оқыту үдерісінде ойланатын, мақұлдау немесе қарсы пікір айта отырып қоршаған орта туралы сезімдерін, білімдерін кеңейтетін құзыретті тұлға қалыптастыру мүмкін болады.

Жоғарыда талданған еңбектерді түйіндей отырып, рефлексия оқушының бойында қазіргі ХХІ ғасыр адамына керек ең маңызды қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етінін анықтап, графикалық бейнесін 7-суретте көрсеттік.



Сурет 7- Рефлексияның ХХІ ғасырдағы оқушыға керек ең маңызды қасиеттерді қалыптастыруға ықпалы

Жалпы, ғалымдардың еңбектерінде әрекеттің рефлексиясы мен педагогикалық зерттеуді сараптау барысында «рефлексия» терминін «сана»

және «ырықты» терминдерімен алмастыруға болатыны анықталды. Дегенмен де, білім берудегі саналылық көп жағдайда онымен болған әрекетті ұғынуға емес, пән мазмұнын түсінуге байланысты сияқты, ырықтылық ең әуелі рефлексивті әрекеттің салдары болып келеді. Демек, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудағы оқу әрекеті үдерісінде аталған ұғымдарды рефлексиядан айыра білу мен оларды шектей білу дағдысын қалыптастыруды ескерген орынды.

Анықталған рефлексияның білім мазмұнындағы орны мен даму заңдылықтары оның білімдік және әрекеттік ерекшелігін анықтайтын теориялық негізін құрайды және оның қалыптастыру мазмұнын іріктеу үшін маңызды. Рефлексияның көпфункционалды қызметін зерттеу білім алушының оқу әрекетінің субъектісі ретінде дамуындағы маңызын ашуға мүмкіндік береді.

«Рефлексия» ұғымының теориялық аспектілеріне талдау жасау, болашақ мұғалімдерге оқушылардың рефлексиясын дамыту үшін әрекет жасау керек екендігін түсінуге мүмкіндік береді. Ол үшін болашақ мұғалімдер рефлексивтік қимылдардың тұтас кешенін, өз іс-әрекеттерінің негізін қарастырып, олардың нәтижелерін ұғынулары үшін қажетті білімдерді меңгерулері тиіс. Егер оқушыларды оқытуда олардың рефлексиясын дамытуға көбірек назар аударылатын болса, нәтижесінде оларға өзіндік іс-әрекетіндегі түсініспеушіліктерді болдырмауға, қарым-қатынас пен оқытуда қиындықтардың алдын алуға мүмкіндік көбірек туатындығы анық. Олай болса, ең алдымен педагогтың өзінің рефлексиялық қабілеттері дамыған болуы тиіс. Бұл мәселе де ғалымдар назарынан тыс қалмаған.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға дайындығы олардың педагогикалық қызметтің мақсаты мен басымдылығын тұлғалық – маңызды етуіне мүмкіндік беретін кәсіби рефлексиясы аясында қарастырылады (Л.И. Архарова [109], Т.Е. Демидова [110]).

Қазіргі ғылымда «Педагогикалық рефлексия» және «Кәсіби рефлексия» деген терминдер бар. Дегенмен оларға берілетін түсініктемелері біркелкі емес деуге болады. Атап айтсақ:

- кәсіби рефлексия – тұлғаның кәсіби сапасын және мұғалімнің өз бейнесін түсінуі (О.А.Корнилова [111], Н.В.Самоухина [112], А.С.Чернышев [113]);
- кейбір зерттеулерде кәсіби рефлексияға педагогикалық әрекетті бағалау деген біліктілік беріледі (Л.М.Митина [114], А.Ф.Шиян [115]).

Бірқатар ғылыми жұмыстарда рефлексивтік әрекеттер ұстаздың өз кәсіби әрекетінің міндет, тәсіл, нәтижелерін түсінуінен айқындалады (В.А.Сластенин [116]; Т.Ф.Ушева [117]) т.б.

Педагог рефлексиясы туралы зерделеген педагогикалық зерттеулердің бірінде Л.А.Байкова оны қайталанбас және күрделі үдеріс дей келе, оның тетіктері соңына дейін толық зерттелмегендігіне, ал болашақ мұғалімдердің рефлексиясына байланысты үдерістер зерттеу сатысында орналасқан «рефлексия мәдениеті» деген ұғымға бірігетіндігіне тоқталады [118].

Педагогикалық рефлексия педагогтың кәсіби құнды позитивті бағытын ынталандырады, өзін өзі жетілдіру, өзін өзі бекіту жолдарын іздестіруге

бағыттайды, педагог пен оқушы тұлғасының шығармашылық тұрғыда ашылуына себепші болады. Оқушыларға деген сүйіспеншілік, олармен ортақ тіл табыса білу, ынтымақтасу, жақсы қатынаста болу, әділ, ұятты болу. Бұл – педагогтың өнегелігінің, мәдениетінің негізі. Ал ол субъект-субъект қатынасының іргетасын қалауда тәрбиеші мен тәрбиеленуші арасындағы қатынастың берік орнауына ықпал етіп, педагогтың педагогикалық этиканың негіздерін білу қажеттігін айқындайды.

И.Г. Бессонова болашақ мұғалімдердің оқушыларды рефлексияға дағдыландырулары үшін өз кәсіби әрекетіне оқушының және шынайы педагогтың көзімен қарап баға беру қабілеттерінің болуын талап етеді [119]. Біздің ойымызша ол үшін студенттер оқу-кәсіби әрекеттеріне сыни тұрғыда қарап, әртүрлі позицияларға жылдам ауыса алулары тиіс.

Демек, бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту құзыреттіліктері қалыптасқан болашақ мұғалімдердің *сыни ойлау* мен *ұтқырлық сияқты* сапалары қалыптасқан болулары тиіс деп есептейміз. Себебі рефлексияны жүзеге асыру барысында олар санада кәсіби әрекеттің жалпы мақсатын ұстап, сабақтың әр кезеңінің міндеттерін мен аралық нәтижелерді ақырғы қорытындылармен үйлестіре білулері тиіс. Бұл ретте оқушылардың рефлексиясын дамытуға даяр бастауыш сынып мұғалімінің тұлғалық сапаларына оның *мақсаткерлігі* де қосылады деген пікірдеміз [120].

Педагогикада мұғалім мен оқушылардың рефлексиясы ажыратылып көрсетіледі. Ю.Н.Кулюткин бойынша, «Педагогикалық рефлексия – бұл «Мұғалім-Оқушы» жүйесінің көрінісі». Демек, бұл мұғалімнің кез келген іс-әрекетке оқушы көзқарасымен қарауы, ал оқушы көзқарасы тұрғысында өзіндік іс-әрекетінің табысты болуын бағалау қабілетінде. Педагогикалық рефлексия мұғалімнің оқушыны түсінуі мен оның көзқарасы тұрғысынан тұжырым жасауында және оқушыларды өзіндік оқу іс-әрекетін рефлексиялау әдістерімен қаруландыру шеберлігінде, яғни оқушыларды өзбетімен, дербес білім алудың барысын мағыналау шеберлігін үйретуінде көрініс табады. Ғалымның іліміне сәйкес, мұғалімнің педагогикалық рефлексиясы келесі компоненттерді қамтиды:

- педагогикалық іс-әрекеттің мазмұнының ерекшеліктерімен байланысты;
- өзіндік іс-әрекетке бағытталған;
- оқушылардың іс-әрекетіне бағытталған;
- әріптестердің іс-әрекетіне бағытталған;
- өзіндік жұмыс тәжірибесіне бағытталған [121].

Білім берудің гуманистік бағыттылығына байланысты, оқыту осы оқытудың орталық фигурасы ретінде оқушыға бағытталған үдеріс ретінде қарастырылады. Ю.Н.Кулюткин және Г.С.Сухобскаяның пікірлері бойынша, мұғалімнің ең жоғары міндеті ретінде, оқушылармен рефлексивті өзара әрекеттестікті ұйымдастыру алынады [122].

Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту және оның мәнін зерттеу нәтижесі, бізге болашақ мұғалімде болуы тиіс төмендегідей қасиет-сапаларын анықтауға мүмкіндік береді. Олар:

- педагогикалық рефлексияда өзіне тиісті кәсіптік білімі мен дағдыларын және кәсіби даму тапсырмаларын ескере отырып, нақты бір жағдайда бастауыш сынып оқушыларының білімін дамыту, олардың әрқайсысын басқамен емес, өзінің өткенімен салыстыру;

- бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту үшін кәсіби іс-әрекеттің тиімді жолдарын анықтау;

- оқушылардың рефлексиясын дамытуда кездесуі мүмкін қиындықтарды айқындап, нақты себептерін анықтау және оны шешудің жолдарын қарастыру;

- оқушылардың рефлексиясын дамыту міндеттері бойынша берілген тапсырмалардың нәтижелерін салыстыру, соған сәйкес кәсіби қызметінің табыстылық деңгейін анықтау;


- бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамытуда өз құзыретін жетілдіруге бағытталған жұмысын жоспарлау;

- оқушылардың рефлексиясын дамытуда өз тәжірибесіне сүйеніп жаңа технологияны қолдану;

- оқушылардың рефлексиясын дамыту бағытындағы кәсіби іс-әрекетін, өзара әріптестер арасында қолданысқа енгізгенге дейін және кейін ауызша талқылау;

- бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту үшін, кәсіби іс-әрекетті ұйымдастыру мен жүзеге асыруда рефлексияның рөлін анықтау.

Ғалымдардың рефлексиялау бойынша педагогикалық еңбектерін талдау нәтижесінде алынған болашақ мұғалімдердің рефлексиясының сипаттамаларының графикалық бейнесін 8-суреттен көруге болады.



Сурет 8- Болашақ мұғалімдердің рефлексиясының сипаттамалары

Жоғарыда айтылғандар кәсіби білім алу барысында болашақ мамандарды оқушылардың рефлексиясын дамытуға арнайы дайындаудың қажеттілігін көрсетеді.



Мұғалімдерді даярлау қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына кіретіні белгілі жәйт. Олай болатыны, қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттері заманына сай өзгерістерге ұшырап, өскелең ұрпақты соған лайықтап өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отырады. Бұл өз кезегінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға дайындығы түсінігінің мәнін ашу міндетін туындатады. Ол үшін ең алдымен «дайындық» пен «даяр болу» ұғымдарының мағынасын ашып алайық.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «дайын» ұғымы «даяр, әзір» сөздерінің синонимі ретінде қарастырылып, «дайындық» белгілі бір шаруаға әзірлік, қам жасаушылық деп түсіндіріледі [123].

Даярлау – бұл өзара байланысқан элементтердің (компоненттердің) тұтас кешені. Оның басты сипаттамалары тұтастық, құрылым, функция «байланыс» ұғымы арқылы нақтыланады. «Даярлау», «тұтастық» ұғымдары стратегиялық, ал «байланыс» даярлаудың түзілуі мен талдау құралы ретінде көрініп, конструктивті рөл атқара отырып, байланыстар топтамасын мәнді етеді. Білім берудегі байланыстарды құрылымдараралық, пәндераралық және пәнаралық байланыстар деп бөлуге болады.

Қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде еңбекке, іс-әрекеттің алуан түрлеріне адамның дайындығы феномені туралы теориялық және тәжірибелік материалдар жеткілікті жинақталған. Оларда «дайындық» ұғымы тұжырымдалып, дайындықтың мазмұны, құрылымы, негізгі параметрлері анықталып, оның көрініс беруінің динамикасы, ұзақтығы және тұрақтылығына әсер ететін шарттары айқындалды. Жалпы кәсіби іс-әрекетке дайындық іс-әрекетті тудыратын тұлғаның белсенді күйі ретінде қарастырылады; іс-әрекеттің салдары; кәсіби жағдаяттарға бағдарды анықтайтын сапа ретінде; мақсатқа бағытталған іс-әрекеттің алғы шарты ретінде сипатталады.

Мысалы солардың ішіндегі біздің зерттеуіміз үшін маңызы бар бір - екеуіне тоқталар болсақ, жоғары өнімділік дәрежедегі іс-әрекетке «дайындық» немесе «даяр болу» ұғымын Б.Г.Ананьев «қабілеттердің көрініс беруі» деп [21], В.А.Крутецкий «іс-әрекетке дайындықты» тұлға қасиеттерінің синтезі деп таниды [124]. Профессор С. И.Архангельскийдің пікірінше, педагогтың ұстаздық әрекетке «даяр» болуы оның өз пәнін шебер жүргізе алуында, оқу ақпаратын ұғынықты жеткізе білуінде, оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын оята алуында, өзінің еңбекқорлығы, табандылығы, педагогикалық мәселелерді шешудегі дербестігінде көрінеді [41]. Бұдан шығатын қорытынды барлық анықтамаларда сайып келгенде, ізделініп отырған дайындықтың мазмұнында келесі компоненттердің болуы керектігін анықталған: мұғалімдік мамандыққа оң қатынас, педагогтың алуан түрлі әрекеттеріне оң қатынас; тұрақты кәсіби қызығушылықтар; педагогикалық іс-әрекеттің тұрақты мотивтері; оның нәтижелеріне қатысты жауапкершілікті сезіну; кәсіби іс-әрекеттің адекватты талаптары, тұлғаның сапалары, мінездің сипаттары; кәсіби маңызды білімдер, біліктер, дағдылар, оларды жұмылдыруға және белсендіруге қабілеттілігі; дамытылған педагогикалық қабілеттер; кәсіби



міндеттерді шешудегі өзбетінше әрекет ету; эмоциялық, еріктік, сезімдік аймақтардың дамығандығы (шабыттылық, өз жетістігіне сенім арту, өзін өзі басқару білігі, сенімсіздікті жою, қорқыныш пен үреймен күресу және т.б.); қабылдаудың, зейіннің және ойлаудың тұрақты кәсіби маңызды ерекшеліктері. Сонымен қатар, кәсіби іс-әрекетке дайындық кәсіби іс-әрекетке дайындаудың нәтижесі, салдарының да алар орнын айқындаған.

Тұлғаның кәсіби іс-әрекетке даяр болуының құрылымында тұлғаның іс-әрекетке дайындығының саналы түрде ұғынбайтын күйі, ол арқылы тұлға өзінің қажеттілігін қанағаттандыратын бағдары да қарастырылады. Бұл дегеніміз, тұлғаның кәсіби іс-әрекетке дайындығы оның сол мамандыққа бағыттылығына да тікелей тәуелді екендігін білдіреді. Атап өтсек, И.А.Кучерявенко: дайындық - мүмкіндіктерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін тұлғаның мотивациялық, танымдық, эмоционалдық және ерік-жігерлік қасиеттердің жиынтығы арқылы оның жалпы психо-физиологиялық күйі ретінде, белгі бір әрекеттерді орындауға бағдарланған тұлғаның бағыттылығы, - деп біледі [125].

Кәсіби іс-әрекетке дайындық мәселесін тұлғалық-іс-әрекеттік тұрғыдан Л.А.Кандыбович тұлғаның барлық жақтарының көрініс беруіндегі оның біртұтастылығы деп есептейді [126]. А.А.Деркач кәсіби іс-әрекетке тұлғаның дайындығын зерттеу барысында оны маман тұлғасының барлық жақтарының біртұтас көрініс беруі ретінде қарастырып, оған танымдық, мотивациялық және эмоциялық компоненттерді кіріктірген. Ғалым дайындықтың құрылымындағы мотивациялық-құндылықтың негізгі компонент ретінде анықтайды [127].

О.В.Юдин өзіне дейінгі жазылған еңбектерді талдай келе «даяр болу» категориясына құндылық тетік ретінде ішкі сенімділікті, мотивациялық тетік ретінде әрекетке деген қажеттілікті, субъектілік тетік ретінде кәсіби сапалардың қалыптасқандығын, еріктік тетік ретінде кәсіпте жетілуге деген ұмтылысты, операциялдық тетік ретінде замануи құралдарды пайдалана алуға сипаттама береді [128].

Жоғары мектепте маман дайындау мәселесіне еңбектерін арнаған Г.К.Нұрғалиева жоғары білім беруді дамытудағы маңызды мәселелердің бірі ретінде қазіргі мамандарды дайындаудың сапасын арттыруды көтереді [129]. Ғалым еңбектерді зерделеу барысында «дайындау сапасы» ұғымының мағынасы «білім беру сапасы» ұғымымен салыстырғанда тар болып келетіндігі және мамандарды сапалы дайындау мыналарды көздейді деген тұжырым жасайтындығын байқадық:

- білім алушыларды берілетін білімнің пәндік саласына терең бойлату, оларға танымның зерттеп жатқан саласына «ену» тәсілдерін меңгерту;
- олардың беймәлімді тануға ішкі қажеттіліктерін және үдемелі қызығушылықтарын қалыптастыру;
- таңдалған мамандықтың шығармашылық сипатына деген білім алушылардың мотивациясын зерттеу;
- білім алушылардың өзіндік жұмысын қалыптастырушы біліктер мен дағдыларды, стимулдарды анықтау;

- мамандарды кәсіби даярлау сапасына ықпал етуші факторларды бөліп көрсету.

Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді зерделей келе, «дайындық» ұғымы іс-әрекет теориясының категориясы ретінде қарастырылатындығын анықтадық. Сонымен бірге, бір жағынан, «дайындық» дайындау үдерісінің нәтижесі, екінші жағынан, бір нәрсеге бағдарлану ретінде түсіндірілетіндігіне көз жеткіздік.

Белгілі бір әрекетті орындауға «даяр болу» ұғымының өте кең тарағанына қарамастан, психологиялық педагогикалық интерпретациясы әралуан. Бір жағынан даяр болу әрекетті табысты орындаудың шарты, өз тәжірибесіне сүйеніп мәселені шешудегі тұлғаның белсенділігі, өзін өзі жүзеге асыруы, әрекеттің алғышарты әрі реттеушісі ретінде анықталады. Екінші жағынан – даяр болу тұлғаның сапалары мен қасиеттерінің жиынтығы, «кешенді сапасы», «жүйеленген сапалар жиынтығы» болып анықталады.

В.А.Сластениннің пайымдауынша, кәсіби әрекетке даяр болу оқыту барысында педагогикалық құбылыстарды байқай, бағалай алу, әрекетті, оның байланыстарын талдай білу, оқушылардың оқу әрекетін ұйымдастыра алу техникасын пайдалана алу, өзін әртүрлі жағдаяттарға бейімдей алу сияқты арнайы біліктердің болуы [130].

Л.М.Осиновская «педагогикалық әрекетке даяр болуды», мына төмендегі төрт компоненттен тұрады деп есептейді: тұлғалық даярлық компоненті – педагогтың өз өмірлік бейнесін ұғынуы, өзі тандаған өмір жолына сәйкес өзінің нақты бағдарламасын құра алуы, білім беру барысындағы жағдаяттарды шеше алуы; апперцептивті-аксиологиялық компонент – педагогтың қоршаған әлемнің құндылық мағынасын айқындай алуы; когнитивтік компонент – педагогикалық, психологиялық білімдер мен біліктер жүйесінен құралған теориялық дайындығының болуы; кәсіби педагогикалық даяр болудың төртінші компоненті – ұйымдастырушылық - педагогтың білім алушыларды белсенді әрекетке тарта алу біліктерінің болуы [131].

Осы айтылғандармен келісе отырып, болашақ бастауыш мектеп мұғалімінің даярлауда осылар ескерілсе, біз зерттеп отырған оның оқушылардың рефлексиясын дамытуға қажетті сапалар кешені де қалыптасқан болар еді, - деген пікімізді білдіреміз.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерде рефлексия болашақ бастауыш сынып мамандарының жаңа психикалық көрінісі ретінде бөлінеді, оның тұтас тұлға ретінде қалыптасуының нәтижесі мен құралы ретінде көрінеді. Айтылған ойлар болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау мәселесінің өзектілігіне дәлел бола алады. Алынған мәліметтер болашақ мұғалімдерге зерттеліп отырған ерекшеліктердің құрылымына кіретін рефлексиясын дамыту құндылығын беруге қажетті аксиологиялық білімді анықтау үшін маңызды.

Сөйтіп, теориялық және тәжірибелік жұмыстарды сараптау білім алушылар дамуында рефлексияның ерекшелігін көрсетуге мүмкіндік береді. Осыған сәйкес жоғарыдағы ғалымдардың педагогтың кәсіби әрекетке даяр

болуы турасында айтқан ой-пікірлері жұмысымызға қатысты «рефлексияны дамытуға дайындық» ұғымын нақтылауға негіз болды.


Біздің зерттеп отырған – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға дайындығын қалыптастыру үдерісі, жалпы кәсіби даярлықтың бір компоненті болып табылады деп санаймыз. Бұл қазіргі кездегі білімнің жаңартылған мазмұны жағдайында еңбек етіп жатқан жас ұстаздар үшін аса қажетті, маңызды сапа екеніне тағы да назар аударамыз.

Жұмысымыздың алдыңғы тармақшасында рефлексияға берілген сипаттамаларды негізге ала отырып, «рефлексияны дамытуға дайындық» – *болашақ маманның жоғары деңгейдегі ғылыми-педагогикалық әрекетіне негіз болатын рефлексия және педагогикалық инновация жайындағы білімдері, сабақтағы жүргізілетін рефлексия түрлерін білуі; сабақтың әр кезеңінде қолданылатын рефлексияның мәнін, қызметін білуі; соған сәйкесінше оқушыларды кері байланыс әрекетіне түсіре алуы* сияқты бір-бірімен тығыз байланысқан компоненттерден тұратын тұлғаның кіріккен кешенді сапасы, - деген тұжырым жасаймыз.

Бұл сапа:

- бастауыш білімнің жаңартылған мазмұндағы рефлексияның алатын орынын түсінуі;
- инновациялық технологиялардың мәнін, олардың оқушылардың рефлексиясын дамытудағы әлеуетін ажырата алу;
- технологиялардың рефлексияны дамытуға бағытталған әдістерін білуі;
- оқушылардың рефлексиялық әрекетін ұйымдастыра алу машықтары жиынтығынан тұрады.

Осы айтылғандардың графикалық бейнесін төменде 9-суретте келтіріп отырмыз.



Сурет 9 - Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға дайындығының құрылымы

Студенттердің бұл дайындығы күрделі құрылымнан және олардың ішкі келісімділігінен тұратын көпфакторлы құбылыс. Сондықтан автоматты түрде білім алу барысында өздігінен қалыптаса салмайды. Жоғарыда аталып өткен компоненттерге сәйкес студенттер де жұмысымыздың алыңғы тармақшасында тоқталып өткен мектеп оқушысы сияқты әртүрлі кері байланыс жағдайларында болып, оларды шешуге қатысып, солар арқылы оқушылардың рефлексиясын дамытуға мақсатты даярлану тиіс.

Рефлексияның бастауыш білім мазмұнындағы орны мен мәнін айқындау, зерттеулерді сараптау, оның ерекшелігі мен мазмұнын тереңірек және толығырақ түсінуге: білу мен білмеу шекарасын ұғынуға, оқу әрекетінің мақсатын, кезеңін, әрекеттердің мен негіздемелерін түсінуге, болуы мүмкін және өзекті қиындықтарды, әрекеттердің нәтижелерін, олардың себебі мен жеңу жолдарын білуге, өз іс-әрекетіне сыни тұрғыдан қарап, талдау жасай алуға, өзін өзі жетілдіріп, өз іс-әрекетіне баға беруге, инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға, оқу үдерісін жаңаша жоспарлай алуға мүмкіндік береді.

Көтеріліп отырған мәселе тиімді шешілуі үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудың мазмұнына, технологияларына, жолдары мен әдістемесіне қатысты белгілі бір шешімдер қабылданып жүзеге асырылуы тиіс. Сондықтан да біз инновациялық технологиялар негізінде болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделінде ұсынуға талпыныс жасадық.

### **1.3 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі**

Оқытудың, жас ұрпақты жан-жақты тәрбиелеудің жаңа, инновациялық модельдерін жасау педагогика ғылымының басты міндеттерінің бірі. Модельдеу зерттелетін нысанның мінездемесін көрсететін ұқсастықтарды, көрініс пен үдерісті бейнелеу үшін керек екені белгілі. Модель – түпнұсқа туралы ақпаратты құрастыру және көбейту, жаңа құрылымын жасау, басшылық ету мен дамыту қызметін атқарады. Модельді құрастыру іске асырудан әрекетке даярлықты бейнелейтін аралықты көрсетеді. Модельдеу әдістемесі танымның көрінісі мен нысанын саналы талдаудың белгілі түрі. Сондықтан зерттеу жұмысымыздың үшінші міндетіне сай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасау қажеттігі туындады.

М.Вартофскийдің пікірінше, модельдеу болашақ әрекетке бағдарланған прототип деп аталуы тиіс. «Ең алдымен менің есептейтінім, модельдер – біздің техникалық жабдықтауымыздың жоғары мамандандырылған бөлігі, олардың өзіндік қызметтері болашақты жасаудан тұрады. Модель ретінде мен кейбір мәнді ғана емес, осы мәнді анықтайтын әрекет тәсілін көремін. Бұл мағынада үлгілер – мақсаттарды іске асыру және сонымен қатар, осы мақсаттарды іске

асыратын құралдар ... үлгі бір мезгілде мақсатты ескеріледі және оның жүзеге асуын кепілдейді» [132].

Н.Д. Хмель модельдеуді біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі деп есептейді, яғни, зерттеуші ұстаз үшін модельдеу зерттелінетін құбылыстың идеалдық моделін қайта жасаудың тәсілі болады. Практик ұстаз үшін модельдеу іс-әрекетінің мақсатына сәйкес оның жағдайын өзгерткісі келетін белгілі бір педагогикалық құбылысты немесе үдерісті тұтасымен ойша (алдын-ала) қайта құру тәсілі болады. Басқаша айтқанда, модельдеу ұстаз үшін педагогикалық теория мен нақтылы практикалық іс-әрекет арасындағы бөлік болады [133].

«Модель» сөзі француз тілінен «үлгі» деген мағынаны білдіреді. Ш.Т.Таубаева «Педагогика әдіснамасы» атты зерттеу еңбегінде педагогика саласындағы модельдеу мәселесіне кеңірек тоқталған. «Модель» түсінігі, латынның «modules» сөзінен туындаған, ол «өлшем», «бейне» деген түсінікті білдіреді. «Модельдеу» түсінігі ғылым саласында әртүрлі мағынада пайдаланылады. Нақты мағынада «модельдеу» объектінің арнайы жасалған пішінінің, нақты нысанның сипаттамасын өңдеп жасауы деген пікір білдіреді [134]. Сонымен, жоғарыдағы ой – пікірлерді жүйелеп тұжырымдау негізінде біз модельдеудің адамның кәсіби қызметінің әр түрлі салаларында кеңінен қолданылатын әрекет екеніне көз жеткіземіз. Педагогикада модельдеу теориялық зерттеудің әдісі ретінде де, дәстүрлі проблемаларды дәстүрлі емес тәсілмен (педагогикалық новация) шешуге шоғырланған сана-сезім, қиял және логика жұмысының ерекше тәсілі ретінде және студенттермен, біліктілігін арттыру курсының тыңдаушыларымен, мектеп оқушыларымен және т.б. сабақ өткізу үшін оқу құралы ретінде пайдаланылады.

Педагогикадағы модельдеу – педагогикалық материалдардың, құбылыстардың, үдерістердің көшірмесін құрастыру, зерттелетін педагогикалық жүйелерді схемалық бейнелеу үшін қолданылады. Қазіргі педагогикалық модельдердің басым көпшілігі дидактикалық құбылыстарға жатады. Өзіміздің ұстаздық тәжірибемізде дидактикалық модельдеуді төмендегі маңызды міндеттерді шешу үшін қолданғандығымызды тілге тиек етуге болады:

- оқу материалының құрылымын оңтайландыру;
- оқу үдерісін жоспарлауды жақсарту;
- танымдық әрекетті басқару;
- оқу-тәрбие үдерісін басқару;
- диагностика, болжам жасау, оқытуды жобалау.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, біз педагогикада модельдеу мынадай жағдайларда қолданылатынын байқадық: а) педагогикалық міндеттерді және педагогикалық жағдаяттарды модельдеу; б) оқыту, тәрбие, үйренушілерді дамыту үдерісін модельдеу; в) білім беру мекемелерін басқару жүйесі жағдайын модельдеу. Сонымен, біз модельдің алғашқы құрылымдық элементі көп ақпарат арасынан зерттелетін объект туралы негізгі мәліметтерді бөліп алуға мүмкіндік жасайтын, педагогикалық үдерістің мақсатын, мазмұнын,

формасы, технологиялары мен құралдары және нәтижесін анықтайтын ұғым деп тұжырымдаймыз.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау моделін жасауда біз Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» [3]; ҚР МЖМБС 6.08.012-2009 «5B010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының мемлекеттік стандарттары [135]; сонымен қатар білім бағдарламалары мен педагогикалық мамандықтардың модульдерін әзірлеу, педагогтарды сертификаттау үшін бағалау материалдарын дайындау және біліктілік деңгейлерінің критерийлерін әзірлеуде басшылыққа алынатын 2017 жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығымен шыққан Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасының «Атамекен» Басқарма төрағасының «Кәсіби стандартты бекіту туралы» [136] сияқты нормативті құжаттардың талаптарын, бастауышта оқытудың стандарттары, дербес пәндердің әдістемесін басшылыққа алдық.

Ұсынылып отырған модельдің мақсаты – болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын инновациялық технологиялар негізінде дамытуға даярлау. Модельдің теориялық негіздері жұмысымыздың алғашқы тармақшасында талданып кеткен «рефлексия» ұғымына қатысты ілімдер және Л.С.Выготскийдің Ж.Пиаженің, Д.Дьюидің тұлғаның дамуы, прагматикалық педагогикаға қатысты еңбектеріндегі түйінді ойлар.

Қазіргі педагогикалық технологиялардың басты идеясы оқушы тұлғасын дамытуға бағытталуында десек, бұл теория көрнекті психолог Л.С.Выготскийдің еңбектерінен бастау алатындығы белгілі. Оның пікірі бойынша, адамның тұлғасы өзінің енген қарым-қатынастарының кешенді әсерінің нәтижесінде дамиды. Тұлға – бұл қоғамдық – тарихи дамудың өнімі. Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс-әрекеті – бұл оның тұлғасының қалыптасуын анықтайтын жағдайлар. Осылай дей келе ғалым оқыту дамудың алдына шығып отырса, ол бала дамуының «жақын даму аймағын» жасайды, баланы іздендіруге талаптандырады және дамудың бірнеше ішкі үдерістерін қозғалысқа келтіреді. «Жақын даму өрісі» одан әрі «өзекті даму аймағына» көшуі тиіс, яғни бұл өрісте бала тиісті тапсырмаларды өз бетімен орындайды дейді [19]. Мұндағы жақын даму аймағы – баланың ертеңгі күні. Арнайы ұйымдастырылған, мақсатты педагогикалық үдеріс жағдайларында мұның өзі әлдеқайда ертерек әрі тиімді өтеді. Егер сыртқы жағдайлар ішкі күштердің кез келгенінің дамуына қолайлы жағдай жасамаса, онда соңғыларының мүлдем ашылмай қалуы да мүмкін немесе қызмет етудің бұрмаланған формаларын қабылдауы ықтимал.

Аталмыш теориядан түйетініміз оқушының жақын даму аймағы өзекті даму аймағымен өзара қызметтесе отырып, оны біртіндеп дамудың жаңа сатысына көтереді. Біз қарастырып отырған бастауыш сынып оқушысының рефлексиясы да оның ертеңгі күніне бағытталған өз әрекеті деп санауға әбден

болады. Сондықтан бұл әрекет те мұғалім тарапынан арнайы ұйымдастырылуы тиіс.

Америка философы, прагматизмнің өкілі, ірі әлеуметтанушы және педагог Д.Дьюи: XIX ғасырдың соңында сол дәуірдегі мектепте үстемдік еткен, формализм мен догматизмге қарсы шығып, жаңа мектеп ашу идеясын ұсынды. Бұл мектептер оқушылардың жеке тәрбиесі және олардың өз бетінше қызығушылығы негізінде жұмысын бастап, оларға қажетті білімді ойын және еңбек іс-әрекет үдерісінде алатын болады, – деп көрсетті. Оның дәстүрлі әдістерді сынауы және бастауыш мектептердегі оқу жұмысын ұйымдастыру туралы ойлары сол кезең үшін пайдалы болып қана қоймай, прагматикалық педагогиканың дамуына жол салды.

Прагматизм – грекше іс-әрекет, тәжірибе дегенді білдіреді. Д.Дьюидің бұл жайындағы пікірлері өз кезегінде қазіргі жаңашылдық технологиялардың басты идеясына айналды. Ал технологиялық оқытудың басты элементі оқушыларды өз жасаған әрекеттеріне қайта оралту, ой сүзгісінен өткізуге машықтандыру болып табылады [104].

Инновациялық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау моделінің теориялық негізінің бірі болып табылатын швейцар ғалымы психиканың түрлі кезеңмен дамуы тұжырымдамасының авторы Ж.Пиаженің идеясы. Ол бала шақтағы интеллектінің дамуының теориясын ұсына отырып, интеллектуалдық әрекет ретіндегі рефлексияның «физикалық рефлексия» (көрініс беруші) және «абстракциялайтын рефлексия» сияқты түрлерін бөліп қарауды ұсынады. Ж.Пиаже балалардың өз ойлау үдерістерін түсінудің 4 кезеңін бөліп қарастырады. Мысалы 7-9 жастағы балалар берілген тапсырманы шеше алғанымен, қалай шешкенін түсіндіре алмайды. Себебі бұл жастағы балаларда өз ақыл ой қызметін өзінің бақылай алуы жоққа тән. 9-10 жастағы оқушыларды бұл сапада кейбір өзгерістер болуы мүмкін. Ал 11-12 жаста ғана өзіндік бақылау кейде байқала бастаса, 13-15 жасқа қарай оқушылар ойлауындағы формальді операцияларды әртүрлі әрекет пен ғылымдарды меңгеруге қатысты бақылай алады деген көзқарасын білдіреді [137]. Осылайша ол ойлау баланың ішкі заңдарына бағына отырып дамиды деген қорытынды жасаса, бұдан біз рефлексия да ойлау операциясының формасы ретінде баланың жас ерекшелігіне тәуелді, сондықтан бұл сапаны дамытудағы табыстылық баланың ойлауының қаншалықты деңгейде дамығандығына тікелей байланысты деген қорытынды жасаймыз. Демек, рефлексияны жетілдіру ақыл-ой қызметін түрлендіру, оны қызықты етіп жүргізе алуды талап етеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлығын қалыптастыру моделі арнайы әдіснамалық тұғырлар мен дидактикалық ұстанымдарды басшылыққа алуды талап етті.

**Синергетикалық тұғыр.** Синергетика («синергейя» – бірлесіп әрекеттесу, ынтымақтасу) немесе өзін-өзі дамыту теориясы педагогика үшін эвристикалық мәні бар тұлғаны дамытудың әмбебап үлгілерін іздеуге бағытталған күрделі жүйе болып табылады. Синергетикалық тұғыр немесе білімнің синергетикасы

білім берудің байырғы М.С.Каган, Е.В.Бондаревская, М.Х.Балтабаев және т.б. үлгілерінен өзге, жаңа педагогикалық әлемді синергетикалық тұрғыдан қарастыратын білім алушыларға өзін-өзі танудың, өзін-өзі дамытудың жаңа әдістерін меңгеруге бағытталған жаңа әдіснамасын жасауды алға шығарады [138; 139; 140]. Бұл білім алушылар үшін жаңа әрекеттерге деген олардың эмоциялық қарым-қатынастарын (ым, бет қимылдауы, дауыс ырғағы), олармен тікелей өзара байланыс құрғанда, қарым-қатынас жасағанда ғана көруге болады.

Бұл саланың дамуына үлес қосқан ғалымдар (З.Ж.Жаңабаев [141], П.К.Анохин [142] т.б.) Олар күрделі, ашық жүйелерді өзін-өзі ұйымдастыруы, өзін-өзі дамытумен байланысты болғандықтан, қазіргі философияның жаңа кезеңін ашуға серпін беретіндігін негіздейді.

Біздің зерттеуіміз үшін синергетиканың өзін-өзі ұйымдастыру теориясы ретіндегі маңызы зор. Себебі оқушылар білімді интерактивті түрде игере отырып, қойылған міндеттер мен талқыланатын өзекті мәселелерді түсінуге, өздігінен шешім іздеуге, қорытынды жасауға, жалпылауға ұмтылады. Бұл кезде оларда ақпарат жайлы білімдер бейберекеттіліктен (хаостан) реттілікке өтеді. Осылайша оқушыларда жүйелі қызмет өрісі пайда болады, танымдық және шығармашылық қабілеттері артады.

Жоғары оқу орындарындағы білім беру барысындағы ұжымдық таным үдерісін синергетикалық бағытта ұйымдастыру оның қатысушыларының ынтымақтаса жұмыс жасаудағы келісімділік және ұжымның әр мүшесінің жауапкершілікті өз мойындарына ала білуі, басқалардың құқықтарын аяқ асты етпеу, басқа индивидтердің құндылықтарын мойындау арқылы бірлесе білім алуда демократиялық үдерісті қалыптастыру болып табылады. Бұл қазіргі уақытта көп айтылып жүрген шыдамдылық немесе толеранттылықты нәтижелі етеді. Сонымен білімнің синергетикасы білім берудің байырғы үлгілерінен өзге, жаңа педагогикалық әлемді синергетикалық тұрғыдан қарастыратын, білім алушыларға өзін-өзі танудың, өзін-өзі дамытудың жаңа әдістерін меңгеруге бағытталған жаңа әдіснамасы болып табылады. Оны басшылыққа алу болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Инновациялық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлауда **тұлғалық бағдарлы** тұғырды басшылыққа алудың негіздемесі төмендегідей. Тұғырдың басты мақсаты мен қызметі – оқушы тұлғасының жеке қабілеттері мен қасиеттерін дамыту. Белгілі ғалым осы тұғырдың көрнекті өкілі И.С.Якиманскаяның пайымдауынша, жеке тұлғаға бағдарланған оқытуда даралау тәсілі барлық білім беру үдерісінің негізгі қағидасы болып табылады, оның мақсаты – әрбір баланың мүмкіндіктерін танып, дамыту [143]. Бұл ойдан біз жеке тұлғалық тәсіл жағдайында балалардың өзіндік жеке ерекшеліктерінің болуы қойылған мақсатқа жетудің - яғни, қайталанбас жеке тұлға ретінде әрбір оқушының дамуын қамтамасыз етудің қажетті шарты екендігін түсінеміз.

Е.В.Бондаревская жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнында жеке тұлғаны дамытуға және қалыптастыруға қажетті мынадай 4 компонент міндетті



түрде болуы қажет деп атап көрсеткен. Олар: аксиологиялық, когнитивті, шығармашылық-әрекеттік және жеке тұлғалық [139]. Осы жеке тұлғаға бағдарланған оқытудың мазмұнының төрт компоненті де негізінен сөйлесу, шығармашылық іс-әрекет арқылы әрбір баланы жекелеген дамытуға жағдай жасауға, өз бетінше шешім қабылдауға және шығармашылығына, оқу әдістері мен мазмұнын таңдауға толық мүмкіндік береді, – деп ойлаймыз.

В.В.Сериков ұсынған жеке тұлғаға бағдарланған білім беру тұжырымдамасының мәні төмендегідей: жеке тұлға дегеніміз – адамның арнайы білім алу және даму аясын білдіретін педагогикалық категория; адам «жеке тұлға болу» тәжірибесін, яғни жеке тұлға қызметтерін атқара білу тәжірибесін меңгеруі тиіс. Ғалым жеке тұлғаға бағдарланған білім беруге тән келесі заңдылықтарды атап көрсетеді: жобалау элементі – «тұлға өміріндегі оқиға», ол кейіннен біртұтас өмірлік нәтижеге айналады. Ал білім тек оның бір бөлігі ғана болып табылады. Оқыту мұғалім мен оқушының бірлескен қызметі бола отырып: мұнда сұхбаттасу білім беру субъектілерінің өмір сүру тәсілі ретінде танылады. Үдеріс тұлғалық тәжірибенің бастауы болып шығады. Оқыту адамның табиғи өмір сүру жағдайына жақын бола түседі. Мұғалім мен оқушының өзара бірлескен әрекеті тұлға аралық, субъект аралық қарым-қатынас сипатын алады [144]. Автордың келтірілген тұжырымдамалық идеясы қазіргі кездегі бірлескен оқу әрекетін ұйымдастырудың басты қағидасы десек қателеспейміз. Тек осындай заңдылықтар басшылыққа алынған жағдайда жеке тұлға да, басқа субъектілер де бірлесе дамуға мүмкіндік алады деп есептейміз.

Осы тұғырды басшылыққа алу арқылы білім алушының субъектілілігі қалыптасады, жеке тұлғаның ойлауы, қызығушылығы, мүддесі, ұстанымы, бағытталуы, өмірге, еңбекке көзқарасы, құндылық бағыттары, өмірлік жоспары және т.б. сияқты аса маңызды тұлғалық қасиеттері жетіледі. Ендеше, жеке тұлғаға бағдарланған оқыту дегеніміз – тек оқушыларды бір-бірінен айрықшалайтын жеке ерекшеліктерін есепке алу ғана емес, бұл-ең алдымен, оқушыға жеке тұлға ретінде, бірлескен қызметтің саналы әрі жауапкершілігі бар субъектісі ретінде қарау. Тек осындай қарым-қатынас оқушының да, болашақ мұғалімнің де рефлексиясының дамуына әсер етеді.

Зерттеу жұмысында негізге алынатын әдіснамалық тұғыр *іс-әрекеттік тұғыр* ұғымы психология ғылымына 20 – 30 жылдары қолданыла бастаған. Бұл ұғым туралы бірнеше бағыттағы түсіндірулер болған. Соның бірі С.А.Смирновтың айтуынша, іс-әрекеттік амал дегеніміз – объектінің біртұтастығын және оның тетіктерін ашу философия, әлеуметтану теориялары бойынша тұлғаның әрекет арқылы қоршаған ортаны тануы және қайта өзгертуі, іс-әрекетінің құрылымын, қызметін қарастырады, – деп тұжырымдалады [145].

Іс-әрекеттік тұғыр – педагогикалық құбылысқа әрекеттің бүкіл компоненттерінің тұтастығы позициясымен, яғни мақсаты, мотиві, әрекеті, операциясы, ретке келтіру жолы, жөндеу, жеткен нәтижені бақылау және талдауға мүмкіндік береді. Тұлғаны қалыптастыру мен дамытудың негізі, құралы және басты шарты ретінде қарастыратын, іс-әрекет үдерісінде тұлғаны дамытудың оңтайлы шарттарын анықтауға мүмкіндік беретін *іс-әрекеттік*

амалды дамытушылар Н.В.Кузьмина [146], Л.С.Рубинштейн [20] және т.б. болып табылады.

Олай болса, рефлексия ойлау және коммуникациялық әрекет болғандықтан іс-әрекеттік тұғырдың негізі болып табылады. Себебі рефлексия кезінде білім алушы сабақ барысында игерілген жаңа білімді бекітеді, өз білім деңгейін бағалайды, алға мақсаттар қояды.

Келесі негіздейтін моделіміз басшылыққа алатын танымдық әрекеттегі ең әмбебап құрал болып табылатын **жүйелілік тұғыр**. «Жүйе» ұғымының грек тілінен аудармасы «құрастыру» ретінде түсіндіріліп, заттардың аморфты еместігін, бөлінбейтіндей болмайтындығын, оларды жақын барып талдағанда бөліктерден тұратындығын білдіреді. Демек жүйені өзгерту үшін оның ішкі құрамаларына әсер ету қажет. Бұл үшін жүйелі білім қажет. Жүйелі білім объектінің құраушыларын зерттеп тану нәтижесінде жинақталады.

**Жүйелілік тұғыр** - зерттелетін педагогикалық құбылысты және оның арасындағы байланыстың көптеген элементін анықтау. Зерттелуші объектіні жүйе ретінде, оның элементін, олардың арасындағы байланысты және оны жіктеп, құрылымын және ұйымдастыруды, тұтастай білім беру ретінде басқару жолдарын анықтауға бағытталады. Көрнекті өкілдері В.В.Краевский [147], Э.Г.Юдин [148] және т.б.) педагогикалық жүйені өзара байланысты құрамдас бөлшектердің жиынтығы ретінде қарастырады. Олар: білім беру мақсаты, педагогикалық үдеріс субъектілері (ұстаз бен дәріс алушы), білім беру мазмұны (білім, білік, дағды, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен көңіл-күй-әрекет қатынас тәжірибесінің жүйесі), педагогикалық үдерісті ұйымдастыру әдістері мен түрлері, мәліметтер қоры (құралдар) деп түсіндіреді.

Болашақ бастауыш мектеп мамандарын оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлауда жүйелілік амалдың алатын орыны ерекше. Себебі бұл жерде, біздің ойымызша бірнеше жүйе бар. Атап айтсақ студенттің өзі ішкі құрылымдардан (биологиялық, психологиялық т.б.) тұратын жүйе, ал білім беру де реттілікті, тәртіпті, кезеңділікті сақтауды талап ететін тұтас жүйе. Ендеше осы жүйелердің бір-бірімен байланысын ретке келтіріп, ортақ іске бағыттау зерттеу нысанына алып отырған мәселені шешуді нәтижелі ететіндігі сөзсіз.

**Құзыреттілік тұғыр** – білім алушының білім, білік және дағды арқылы мәселені өз бетінше шешетін, өзін өзі жүзеге асыратын тұлғалық қасиеттерді қолдана алу, оның нақты әрекет пен үдерістерде тиімді, өнімді әрекеттер жасай алу қабілетін, дара тұлға сапаларын қалыптастыруға мүмкіндік жасайтын қабілеттерін көрсетеді. Әдіснаманың бұл саласының дамуына үлес қосқан ғалымдар қатарына А.К.Маркова [101], М.А. Чошанов[149] және т.б. жатады.

Құзыреттілік амалға сай білім беру жүйесінің негізгі нәтижелері түйінді құзіреттіліктер болып табылады. Мұнда жоғары деңгейдегі қарым-қатынасты игере алуға, талдау жасауға, дүниетанымдық түсінік қалыптастыруға баса мән беріледі. Бұл тәсіл өмірдің әр түрлі саласында стандарттан тыс тапсырмаларды шешуге деген қабілеттілікті және қоғамда (социумда) табысты түрде әлеуметтенуге бейімделудің жолдарын игеруге мүмкіндік береді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау да олардың кәсіби құзыреттіліктерінің бірі болып табылады. Бұл ретте аталмыш әдіснамалық тұғырдың басшылыққа алынуы дұрыс, – деп санаймыз.

Зерттеу жұмысымыздың дидактикалық негізі ретінде ұсынылып отырған модельде **ізгіліктілік, диалогтік, кешенділік, теория мен практиканың бірлігі** ұстанымдары таңдалды. Олар зерттеудің кешенділігін қамтамасыз етіп, ғылыми танымды ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Педагогикада, психологияда т.б. ғылымдарда кездесетін «ұстаным» сөзі – латынша әр нәрсенің бастамасын, білгілі бір құбылыстың негізі – дегенді білдіреді. Педагогикада ұстаным – негізгі ереже, қағида деп көрсетілген. Ұстаным, белгілі бір құбылыстарға байланысты жалпылама сипатқа ие. Ұстаным – белгілі бір заңдылықты негізге алатын, практикалық іс-әрекеттің шарттарын, одан келіп шығатын қорытындыны байқастыруда негізге алатын ережелер жиынтығы.

Жалпы зерттеулер барысында гуманитарлық ғылым ретінде педагогиканың әдіснамалық ұстанымдарына сүйену керек. Бұл ұстанымдар, **біріншіден** – оның нақты проблемалары мен оны шешудің негізгі стратегияларын анықтауды, **екіншіден** – білім беру жүйесіндегі барлық түйткілдердің бағасы мен оның иерархиясын анықтауды талдауды, **үшіншіден** – аталған болжаудың толық нұсқасын іске асыруға қол жеткізеді.

Ұсынылып отырған модельдегі дидактикалық ұстанымдарды қысқаша сипаттай кетсек.

**Ізгіліктілік** қоғамдық сананың және қоғамдық қарым-қатынастардың ерекше түрі, адамның қоғамдағы әрекетін нормалар көмегімен реттеу жолдарының негізгісі; мейірімділік, әділеттік, көргенділік, ықыластық, көмекке келуге даярлық сияқты гуманистік құндылықтарға негізделген адамның ішкі құқықтарының жүйесі. «Гумандылық», «гуманизм» ұғымдары латынның «адамдық» деген сөзінен аударылғанда «адамға деген құрмет» деген мағынаны білдіреді. Ізгіліктілік немесе гуманизм қағидасы мынадай ережелерді сақтауды қажет етеді:

- қоғамдағы барлық балалардың дене, материалдық және әлеуметтік жағдайына карамай оларға деген дұрыс қарым-қатынас пен құрмет болуға тиіс;
- әрбір баланың бойындағы «мен» ұғымының қалыптасуы мен дамуына көмектесу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау;
- мейірімділік пен қайырымдылықты гуманизмнің алғашқы басқышы ретінде түсіну.

Тәрбиені ізгілендіру идеясы Я.А. Коменскийдің еңбектерінде бастау алып, ол барлық елдер педагогтары тарапынан насихатталып келеді.

**Ізгіліктілік** ұстанымы А.Маслоу бастаған гуманистік психологияда қарастырылатын: экзистенциалды-тұрмыстық құндылықтар – игілік, әдемілік, әділеттілік, шындық, өзіндік жеткіліктілік, әлемге, қоршаған ортаға құндылықты дарыта білуге негізделеді. Оқушылардың рефлексиясын дамытуда мұғалім тарапынан оқушыларға көрсетілетін ізгіліктілік пен оқушылардың

өзара бір-біріне білдіретін сыйластығының орны зор, мәні ерекше. Тек сондай қарым-қатынас қана білім алу ортасын дамушы ортаға айналдырады. Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясы фронтальді, топтық, жұптық жұмыс түрінде ұйымдастырылатына жұмысымыздың 1.2. тармақшасында тоқталған болатынбыз. Ал осы жұмыс барысында оқушылардың адами сыйластыққа негізделген бірлескен әрекеті нәтиже береді, - деп есептейміз.

**Диалогтік** ұстанымның біздің зерттеуімізде орны ерекше. Диалог термині сөздіктерде түрліше түсіндіріледі, мысалы: Тіл білімі сөздігінде: «диалог (сұхбат) (гр. *Dialogos* - әңгіме, сұхбат). Диалогтік сөйлеу - (сұхбаттасу) өзара тілдесу негізінде ауызша сөйлеу формасы [150]. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Диалог – екі немесе бірнеше адам арасындағы әңгіме», делінген [151]. Қазақ тілі энциклопедиясында: «Диалог (гр. *Dialogos* – сөйлесу, әңгімелесу) – екі адамның тіл қатысуы», – деп көрсетілген [152].

Диалог адамды қалыптастыратын құрал ғана емес, танытатын да құрал. М.М.Бахтин: Тек қарым-қатынаста, өзара әрекетте адамдағы «адам» ашылады. Қазіргі педагогикалық технологиялар өзара әрекеттестікке негізделген, сондықтан оларды екі адамның тіл қатысуы, – деп атайды [153].

Диалог – екі жақтың сөз арқылы ауызша немесе жазбаша қарым-қатынасы. Мұнда екі жақтың құқықтары бірдей болғандықтан, диалогті демократиялық қоғамдағы қарым-қатынастың басты нысаны деп атауға тұрарлық. Ал демократиялық қоғамның әрбір мүшесі өмірде туындаған қандай да болмасын проблеманы терезесі тең тұлғалардың қарым-қатынасында талқылауға дайын болып, өзінің конструктивтік көзқарасын басқаларға білдіруге және жеткізуге ұмтылады. Бұл қарым-қатынас міндетті түрде конструктивтік ұстанымда болып, басқалардың тұлғасы мен пікірін түсіну және сыйлау тұрғысынан жасалады.

Диалог тек қарама-қарсы отырған адаммен ғана орын алмайды, диалогті әрбір адам өзімен де жасайды. Атақты структуралист Ю. Лотман қарым-қатынастың (коммуникацияның) схемасын екі түрде былайша көрсеткен: «**Мен – Ол**» және «**Мен – Мен**». Бірінші схемада адамның басқамен жасалған диалогі, қарым-қатынасы (бөтен адамдар, ақпарат, кітап, табиғат, бүкіл Әлем) көрсетілсе, екіншіде оның өзімен-өзі жасаған диалог түр.

XIX ғасырдың 70-жылдары педагогикада пайда болған **кешенділік ұстанымын** басшылыққа алу зерттеудің табыстылығын қамтамасыз етеді деп санадық. Бұл ұстаным негізінде педагогикалық жүйенің жүйекұраушы элементтерін айқындау, олардың арасындағы байланыстарды орнату арқылы ортақ мақсатқа бағыттау назарда ұсталады. Болашақ педагогтарды кәсіби әрекетке даярлаудың жүйе құраушылары бір жағынан: мақсаттар, міндеттер, мазмұн, әдіс, құралдар мен формалар болса, екінші жағынан университеттік орта: оқытушылар, білімдік орта т.б. болып келеді. Кез келген педагогикалық феномен сияқты біз зерттеп отырған мәселе де басқа құбылыстармен байланыста болғандықтан, оны жеке дара қарастыру қателіктерге ұрындырары мүмкін. Айталық, ЖОО білімдік үдеріс көптеген факторлармен біртұтастықта

жүзеге асады. Сондықтан оны сол элементтер жиынтығы және ішкі ортамен бірлестікте қарастыру дұрыс болады.

Бұл ұстанымды басшылыққа алу себебіміз бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту, ең алдымен оған үйрететін ұстаздардың осы кешенді сапасының қалыптасқан болуына тікелей байланысты. Олай болса, болашақ мамандарды даярлау үдерісінде олар үнемі рефлексия жағдайында болулары тиіс. Ол бір қажеттілікке айналған болуы қажет. Демек ЖОО оқыту үдерісіндегі барлық пәндер аясында рефлексиялық жаттығулар орындалуы міндетке айналуы тиіс.

**Теория мен практиканың бірлігі ұстанымы** педагогикалық зерттеулерде үлкен рөл атқарады. Практика танымдың әрекеттің негізі, сондай-ақ қайсы бір теориялық ереженің ақиқаттығының өлшемі. Дегенмен де тәжірибеге негізделмеген теория өнімсіз болады. Сондай-ақ теорияны басшылыққа алмаған практикада стихийялылық, тиімсіздік орын алады. Теория тәжірибеге жол ашады. Демек педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыруда психология мен педагогиканың теориясындағы жетістіктер ғана емес, тәжірибенің дамуы, жетістіктері де есепке алынуы тиіс. Осыған орай болашақ педагогтарды даярлауда практикада теорияның мәнін ұғып, оны тәжірибеде қолданып көру, өз әрекетін жетілдіруге ықпал етеді. Біздің зерттеуіміздің басты мәселесін дұрыс шешу үшін де дәл осы ұстаным басшылыққа алу тиімді деп есептейміз және ол тәжірибелік жұмыс барысында дәлелденетін болады.

Біздің санамыздағы өзіндік түсінік, пікір, ойлар формасында туындайды содан соң басқалармен қарым-қатынас арқылы, содан кейін өзіңмен диалог жасау, яғни **рефлексия** арқылы бекиді. Осындай рефлексиялық жұмыс санада жаңа ұғымдар мен түсініктерді құрастырады, жаңа білім, міне, осы кезде қалыптасады. Бастауыш мектеп оқушысының рефлексиясы белсенді және тұлғаралық диалог арқылы ұйымдастырылады. Мұндай жұмыс барысында баланың топтық жұмыстағы рөлін, жауапкершілігін арттырады, шешім қабылдауға үйретеді. Оқушының бұл жағдайдағы табыстылығы баланың өзін өзі бағалауының дамуына ықпал етеді.

Ұсынылып отырған модель өзара тығыз байланыстағы үш компонент жиынтығын құрайды. Төменде солардың сипаттамасына тоқталсақ:

**Мотивациялық компонент** - оқыту тәжірибесінде білім алудың әр түрлі түрткілері болады. Мотивация (ағылш. *motivation*) – қолданылу ыңғайына қарай қазақша «ниет», «түрткі», «кірісу», «жігерлену», «ынталану» сөздерінің мағынасына жақын келетін, қазіргі заман мәдениеті мен гуманитарлық ғылымдарында кең қолданылатын ұғым. Бұл ұғымды алғаш рет немістің иррационалды волюнтаризм философы А.Шопенгауэр өзінің философиялық шығармасында жеткілікті төрт негіздің бірі ретінде қарастырған. Moveo латынша сөз болып, «қозғалу, әрекет ету» мағынасын береді, демек motivation сөзбе сөз мағынада «қозғалту, әрекетке келтіру» мағынасын береді.

Сол мотивтер білім алу барысындағы ақыл ойдың, интеллектінің, қабілеттердің дамуына қозғаушы күш болады. Біздің моделіміздегі инновациялық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып

мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлығын қалыптастыру үдерісіндегі басты мәселе болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытудың қажеттілігін түсінуі дегенді білдіреді, бұл өлшемнің көрініс табуының мынадай көрсеткіштері бар: мақсатқа сай ұйымдастырылатын оқу әрекеттеріне қатысуға ұмтылыс, оқушының рефлексиясын дамытуға қызығушылығының болуы, рефлексияның оқушының дамуына әсерін түсінуі сияқты белгілермен сипатталады. Бастауыш сынып мұғалімдерінде оқушыларының рефлексиясын дамытуда мұндай сапалардың қалыптасқан болуының мәні өте зор. Себебі осы мотивтер болашақ мамандардың зерттеліп отырған сапаларының қалыптасуының тиімділігін арттырады. Шындығында, оқушылардың рефлексиясын дамытуды жас маман, жеке тұлға қоғам үшін маңызын жанымен түсіну, оны өзінің кәсіби әрекетінің негізі деп қабылдауы осы дайындықты нәтижелі етеді. Ал мұндай мотивтерді оята алу ЖОО-ғы педагогикалық үдерісінің басты бағыты болуы тиіс.

**Танымдық компоненттің** модельдегі алар орны ерекше. Таным деп біз адамның қоршаған ортаны зерттеуге бағытталған іс-әрекетін айтамыз. Таным теориясы немесе гносеология (грекше gnosis - білім, таным) - философиямен бірге, оның іргелі бөлімдерінің бірі ретінде пайда болды және қалыптасты. Ол адам танымының сипатын, білімінің формаларын, оның жадағай түрінен тереңіне бойлау әдістерін зерттейді. Гносеологиядағы орталық ұғымдарға «таным субъектісі» мен «таным объектісі», «білім», «таным» жатады. Таным субъектісі деп белгілі бір мақсатқа бағытталған танымдық қызметті атқарушыны айтамыз. Ол – бірдеңені танып, білуге тырысушы. Ол адам немесе тұтастай қоғам болуы мүмкін. Таным объектісі деп танымдық қызмет бағытталған нәрсені айтамыз. Демек, ол танылушы, былайша айтқанда, кітап, молекула, атом, адам немесе тұтастай табиғат болуы мүмкін. Танымның негізгі мақсаты тек қана білімді жетілдіру емес, сонымен қатар әрқашан өзгерісте болатын қоғам мен адамның материалдық және рухани қажеттіліктерін өтеуде болады. Таным деректерді жинаудан басталады да олар белгілі бір жүйеге келтіріледі. Теориялық деңгейдегі танымдық үдерісте зерттелетін заттың ішкі тұрақты байланыстары мен заңдылықтары ашылады.

Біздің зерттеуімізде ұсынылып отырған модельдің танымдық компонентің өлшемі – болашақ мамандардың оқушылардың рефлексиясын дамытатын білімінің болуы. Ол мынадай көрсеткіштердің болуымен анықталады: өзіміз ұсынып отырған элективті курс бағдарламасын игеру, соның негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «рефлексия» жайлы теориялық білімдерінің, рефлексияның түрлері, формалары, атқаратын қызметтері жайлы түсініктерінің болуы және білім беру үдерісінде қолданылатын инновациялық технологиялардың рефлексиялық әлеуетін білуі.

Демек танымдық компонентте білім алушылардың жаңа білімді меңгерулері жобаланады. Біздің жұмысымызда бұл мәселе элективті курс мазмұны мен әдістемені жүзеге асыру арқылы шешілуі ойластырылған.

Модельдің келесі компонентін негіздеу алдында **іс-әрекет** - әлемді және өз өзін саналы түрде өзгертетін үдерісте адамның немесе топтың әлеммен

жасайтын өзара байланысы екендігіне тоқталғымыз келеді. Іс-әрекет – адамның дүниемен қарым-қатынас тәсілі. Іс-әрекет барысында адам табиғатты, қоршаған айналаны игеріп, шығармашылық тұрғыда өзгертеді. Сөйтіп, өзін іскер, жасампаз субъект ретінде қалыптастырады, ал өзі игерген табиғи ортаны іс-әрекет объектісі етеді. Іс-әрекет А.Н. Леонтьевтің теориясы тұрғысынан сыртқы дүниені өзгерту адамның өзін дамытуы үшін қажетті жағдай және алғышарт болып табылады [154].


Адамның психикалық өмірінің жан-жақты дамуы белгілі әрекетпен айналысуына байланысты болады. Адам өмір сүру барысында өз психикасын түрлі жолмен жарыққа шығарады. Мәселен, мектеп жасына дейінгі бала өз психологиясын ойын арқылы білдірсе, ересек адам өзіне тән ерекшеліктерін еңбек үдерісінің сан алуан салаларында көрсетеді. Әрекет дегеніміз түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған үдеріс. Әрекет дұрыс болу үшін, соған баратын жол дұрыс анықталуы тиіс. Адам іс-әрекеті - күрделі үдеріс. Оның құрамына жеке амалдар мен қозғалыстардың жүйесі кіретіндіктер, оның белгілі түрімен айналысу арқылы сыртқы ортамен белсенді түрде байланыс жасап, шамасынша өзгертіп отырады.

**Әрекеттік компонент** – болашақ мамандардың оқушылардың рефлексиясын дамытатын әртүрлі әрекетке түсу біліктілігі дегенді білдіреді, бұл өлшемнің көрініс табуының мынадай көрсеткіштері бар: инновациялық технологиялардағы рефлексия түрлерін білуімен оларды сабақта тиімді пайдалана алуы. Сабақтың әр кезеңінде қолдануға болатын рефлексиялық әрекеттердің мақсат міндеттерін біліп қана қоймай, оларды шеберлікпен қолдана алу қазіргі мамандардың басты құзыреттілігіне жатады деп санаймыз.

Зерттеу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға дайындау біздің моделімізде кәсіби білім алу барысындағы базалық, элективтік пәндерді оқыту, өзіміз ұсынып отырған элективті курс мазмұнын жүргізу және студенттердің педагогикалық практикасы кезінде жүзеге асады деп ойластырылған. Оның себебі қазіргі кездегі ЖОО жүргізілетін сабақтар негізінен технологиялар қолдану арқылы өткізіледі.

Қазіргі технологиялық тұрғыдағы дәрістер мен семинарлардың міндетті түрде әрекетті рефлексиялаумен аяқталуы тиіс. Бұл студенттердің рефлексия туралы таным түсініктерін кеңейтіп, оларды орындай алуға мүмкіндік береді. Элективті курсты өткізу әдістемеміз келесі тарауда сипатталатын болатындықтан, педагогикалық практика кезінде де практикант студенттердің өз сабақтарында және қатысатын сабақтардың осы элементіне айрықша көңіл бөлу талап етіледі.

**Нәтижеде:** келесі беттегі 10-суретте берілгендей оқушылардың рефлексиясын дамытудың теориясын меңгерген, бастауыш сыныптағы оқушының рефлексиясының ерекшелігін, оның жаңартылған білім мазмұнында алатын орнын білетін, кері байланыс жасау машығын игерген, оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлығы қалыптасқан маман қалыптасады деп күтіледі.



Сурет 10 – Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын инновациялық технологиялар негізінде дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі



Анықталған көрсеткіштер негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлық деңгейлерінің сипаттамасы жасалды.

*Жоғары деңгей* – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға деген қызығушылығы тұрақты, оны өзінің кәсіби іс-әрекетінің басты бағыты деп есептейді. Рефлексия жайында теориялық білімі жеткілікті, осы бағыттағы білік пен дағдыларды игеруге қызығушылықтары жоғары. Болашақта педагогикалық қызметте сабақтардағы оқушылардың рефлексиялық әрекетін жобалай біледі, ұйымдастыра және әртүрлі әдіс-тәсілдерін қолдана алады.

*Орташа деңгей* – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға деген жағымды көзқараста, оның кәсіби әрекеттегі орнын түсінеді. Рефлексия жайында теориялардан хабардар, кәсіби білім алу барысында осы бағыттағы білік пен дағдыларды игеруге қабілетті. Сабақтардағы оқушыларды рефлексиялық әрекетін ұйымдастыру түрлерін біледі, бірақ жобалауға және қолдануға машықтанбаған.

*Төменгі деңгей* – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың рефлексиясын дамытудың қажеттілігін сезінеді, рефлексия жайындағы білімдері жеткіліксіз, осы бағыттағы білік пен дағдыларды игеруді дағдыға айналдырмаған. Сабақтардағы оқушыларды рефлексиялық әрекетін ұйымдастыру түрлерін білгенімен оларды іс жүзінде қолдану дағдысы қалыптаспаған.

Сонымен, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі студенттердің кәсіби әрекеттің негізгі бағыттарының бірі бойынша құзыреттіліктерін қалыптастырудың жалпы теориялық, мотивациялық әрекеттік және тәжірибелік тетіктерін белгілейді. Модель болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың ақырғы нәтижеге жетудің теориялық-әдіснамалық негіздері, дайындау үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштері айқындалған, мамандар даярлауда қолданылатын инновациялық технологиялардың зерттеу мәселесін тиімді шешуге бағытталған әдістерін, құралдарын сипаттайтын, «даяр» болудың деңгейлері айқындалған құрылым болып табылады.

Зерттеу жұмысы барысында жасалған осы модельдің бірегейлігін атап өте отырып, оның құндылығы – болашақ бастауыш мектеп мұғалімдерін кәсіби даярлауды жетілдіруде, жоғары педагогикалық оқу орындарының теориялық және практикалық міндеттерді шешудегі әрекеттерін жаңартуда оқу орындары мен біліктілікті арттыру жүйелері және мектеп практикасында басшылыққа алуға болатындығында, – деп санаймыз.

Жұмысымыздың келесі тарауында ұсынылып отырған модельдің тиімділігін дәлелдеуге бағытталған тәжірибелік-эксперименттің өтілу барысы мен нәтижесі сипатталады.

## **2 БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ РЕФЛЕКСИЯСЫН ДАМУЫҒА ДАЯРЛАУ ТӘЖІРИБЕСІ**

### **2.1 Бастауыш сынып мамандарын даярлауда қолданылатын инновациялық технологиялардың оқушылардың рефлексиясын дамыту әлеуеті**

Жоғары білім беру – болашақ маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлға қалыптастырады. Бүгінгі күнгі педагогика ғылымының көкейкесті мәселелері – әлемдік білім беру кеңістігіне сай бейімдеп білім беру және білім алу, кәсіби маман қалыптастырудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру.

Егеменді еліміздің білім беру жүйесінің мақсаты – өркениетті елдермен деңгейлес дамуымызға мүмкіндік беретін жаңа білім беру жүйесін қалыптастыру. Ол үшін білім мазмұнын жаңартып, оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану, оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасын ізгілендіру мәселелерін шешу, тұлғаның өзін өзі жетілдіруін, өз әрекетін дұрыс бағалау дағдыларын қалыптастыру мақсатында инновациялық технологиялардың әлеуетін толық пайдалану көзделуде.

«Әлеует» ұғымы Ежелгі Греция ойшылдарының еңбектерінде де кездеседі. Аристотель оны өзекті, нағыз бола алатын, белгілі бір белсенділік, әрекет, іс-әрекет арқылы шынайылыққа айнала алатын белгілі бір күш, мүмкіндік ретінде қарастырған. Әлеует жасырын жатқан жай-күй ретінде өзектіліктің алғышарты болып табылады [155].

«Әлеует» категориясы педагогика үшін аса маңызды жалпығылыми әдіснамалық ұғым болып, өзінің түпкілікті мағынасында философиялық мәнге ие. Негізінен адамға қатысты айтылатын бұл ұғымның философиялық сөздіктегі түсіндірмесі адамның бойындағы «күш-жігер», «қайрат» деген сөздермен мағыналас екендігін көрсетеді. Басқаша айтсақ, адамның белгілі бір мәселені шешу, нәтижеге жету үшін жұмсайтын қоры, ішкі мүмкіндіктерінің көзі.

Бұл терминді біз инновациялық технологияларға қатысты қолданып отырғандықтан, олардың білім алушының интеллектуалдық, тұлғалық сапаларын дамытудағы мүмкіндіктері тұрғысында талданатын болады.

Инновация («новация» – жаңа, жаңашылдық; «ин» «қайталанатын» үдеріс, құбылыс, оқиға, т.с.с. білдіретін жұрнақ) бар, әрекет етуші нәрсенің ішінде жаңаның пайда болуын, дамуын білдіреді. Бұл ұғым кейде «жаңалықты енгізу», «жаңашылдық», «жаңаны жасау», «реформалау» ұғымдарымен де теңестіріледі, ал кең тұрғыдан алғанда жүйедегі кез келген өзгерісті білдіреді. Инновация теориясының алғашқы ұғымдарының негізін қалаушылар қатарына әлеуметтік-

экономикалық және технологиялық үдерістерге байланысты қолданған австриялық экономист Й.Шумпетер жатады. Ол инновацияны кәсіпкерлік рухпен шындалған өндірістік факторлардың ғылыми-ұйымдастырылған құрамасы ретінде тұжырымдайды [156]. Бұл тұжырымның астарынан аталмыш ұғымның сапалы өнім алуға бағытталған жаңашылдық үдеріс, оның техникалық қамтамасыз етілуі, нарықтың негізгі шарты ретінде сипатталғандығын байқауға болады.

Біз қарастырып отырған білім саласында қолданылатын инновациялық технологиялар оқытуды демократияландыруға, ізгілендіруге, білім берудің сапасын арттыруға, басқару тиімділігін жетілдіруге, тұлғаның дамуына бақылау жасауға негізделген. П.И.Третьяковтың айқындауынша, инновация – жаңа мазмұн және оны ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу – тек сол жаңалықты ұйымдастыру. Ғалым: «инновациялық үдеріс – жаңа мазмұнды қалыптастыру, дамыту, ұйымдастыруда көрінеді және бұл жағдайда тұлғалардың өзін өзі анықтап, көрсетуінің белсенді үдерісі жүреді», – деп, ой түйеді [157].

М.В.Кларин бойынша, «инновация» – жаңалықтарды жасау мен тарату ғана емес, іс-әрекет бейнесіндегі маңызды сипатқа ие ойлау стилі. Ғалым: «Жаңалық категориясы тек уақытқа ғана тәуелді емес, өзгерістердің сапалық белгілеріне де тәуелді. Инновацияны педагогикалық категория ретінде анықтау, білім беру мен тәрбие жұмысына жаңару, өзгеру, жаңаны енгізу түсінігін алып келеді», – деп, тұжырым жасап, білім берудегі инновациялық амал-тәсілдерді екіге бөліп көрсетті:

1. Оқу үдерісін жаңғыртатын инновациялар;
2. Дәстүрлі оқу үдерісін түрлендіретін инновациялар [158].

Жоғарыдағы тұжырымдарды түйіндей келе, шәкірттерді өзгермелі өмірде өзін еркін бағдарлап, өзін өзі бақылап, жетілдіріп, бағалай алатындай және өзіндік ойы, пікірі бар тұлға етіп тәрбиелеуде инновациялық технологиялардың алатын орны ерекше екендігін атап өтеміз.

«Педагогикалық инновация» (жаңаны енгізу) ұғымына педагогикалық сөздікте мынадай анықтама беріледі: 1) тұтас білім беру жүйесінің және оның жекелеген бөліктерінің, компоненттерінің сипатын жақсартатын тұрақты элементтерді (жаңашылдықты) білім беру ортасына енгізудегі мақсатқа бағытталған өзгерістер; 2) жаңашылдықты (жаңа құралдарды, әдістерді, әдістемелерді, технологияларды, бағдарламаларды және т.с.с) меңгеру үдерісі; 3) ерекше әдістемелер мен бағдарламаларды іздестіру, оларды білім беру үдерісіне енгізу және шығармашылықпен ой елегінен өткізу [159]. Сонымен бірге педагогикалық инновация педагогикалық іс-әрекетке жаңаны енгізу, оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін арттыру мақсатында олардың мазмұны мен технологиясын өзгерту болып табылады.

Әртүрлі анықтамаларды талдау инновацияға мазмұнды өзгерістер тән деген қорытындыға әкеледі, ал инновациялық өзгерістің басты қызметі өзгерту функциясы болып табылады.

Ғылыми зерттеулерге жасалынған талдау бүгінде педагогикалық технологияларды жинақтап, жүйелеп, оның жіктемесін жасауға бірнеше

ғалымдар әрекет жасағанын көрсетті ( Г.К.Селевко, Т.И.Шамова, В.Т.Фоменко, т.б.). Солардың ішінде педагогика ғылымы мен практикасында белгілі барлық технологияларды неғұрлым жинақтап, жүйелеген Г.К.Селевконың жіктемесі көңіл аударарлық.

Зерттеуші ғалым педагогикалық технологияларды төмендегіше жіктейді:

- *қолдану деңгейі бойынша*: жалпыпедагогикалық, дербес әдістемелік (пәндік) және модульдық;

- *философиялық негіз бойынша*: материалистік, идеалистік, диалектикалық, метафизикалық, ғылыми және діни, гуманистік және антигумандық, антропософиялық және теософиялық, прагматикалық және экзистенциалистік, еркін тәрбие және бағындыру, т.б.;

- *психикалық дамудың жетекші факторы бойынша*: биогендік, психогендік, социогендік және идеалистік;

- *тәжірибені меңгерудің ғылыми тұжырымдамасы бойынша*: ассоциативті-рефлекторлы, бихевиористік, гештальт-технологиялар, интериозаторлық, дамыту;

- *тұлғалық құрылымға бағдарлау бойынша*: ақпараттық технологиялар, операциялық, эмоциональды-көркем және эмоциональды-адамгершілік, өзін өзі дамыту технологиялары, эвристикалық және қолданбалы;

- *мазмұны мен құрылымының сипатына қарай*: оқытатын және тәрбиелейтін, жалпы білім беретін және кәсіби бағдарланған, гуманитарлық және технократтық, әртүрлі салалық, дербес пәндік, сонымен бірге монотехнологиялар, кешендік және кірме технологиялар;

- *ұйымдастыру формасы бойынша*: сыныптық-сабақтық және альтернативтік, академиялық және клубтық, жеке және топтық, оқытудың ұжымдық тәсілдері, дифференциялық оқыту;

- *танымдық іс-әрекетті басқару типі бойынша*: классикалық лекция, оқытудың техникалық құралдарының көмегімен оқыту, «кеңесші» жүйесі, кітап бойынша оқыту, аз топтардың жүйесі, компьютерлік оқыту, «репетитор» жүйесі, басқару бағдарламасы;

- *балаға қатынас жасау бойынша*: авторитарлық, дидактикалық-орталықтандырылған, тұлғалық-бағдарланған, ізгілікті-тұлғалық, ынтымақтастық технологиясы, еркін тәрбие, эзотериялық;

- *басым (үстемдік етуші) әдіс бойынша*: догматтық-репродуктивтік, түсіндірмелі-иллюстративтік, дамыта оқыту, проблемалық, ізденгіштік, шығармашылық, бағдарламалық оқыту, диалогтік, ойын, өзін өзі дамытушы оқыту, ақпараттық;

- *дәстүрлі әдістемені жаңғырту (модернизациялау) бағыты бойынша*: қатынастарды ізгілендіру мен демократияландыру негізінде, іс-әрекетті белсендіру мен интенсификациялау негізінде, ұйымдастыру мен басқарудың тиімділігі негізінде, әдістемелік және дидактикалық негізде, табиғатқа сәйкестік, альтернативті, авторлық мектептердің тұтас технологиялары;

- *оқушылардың категориялары бойынша*: бұқаралық технологиялар, оза оқыту, орнын толтыру, виктимологиялық, қиын балалармен жұмыс істеу технологиялары, дарынды балалармен жұмыс істеу технологиялары [47].

Бұл жіктеме педагогикалық технологиялардың мақсатын, мазмұнын және түрлерін ажыратуға көмектеседі және оларды атқаратын қызметіне сай пайдалануға негіз болады.

Инновациялық педагогикалық технологияларды жоғары оқу орындары біртұтас педагогикалық үдерісінде қолдану барысында болашақ мұғалімдердің ой-өрісін кеңейтіп, кәсіби даярлық деңгейін көтеріп, шығармашылықпен жұмыс істеуге, жаңашыл тәжірибелер мен әдістемелерді кеңінен пайдалануға және студенттерге білім беруді жаңашылдық тұрғысынан жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сондықтан мұғалімдердің даярлығын жетілдіруде инновациялық педагогикалық технологиялар ерекше орын алады.

Бастауыш мектептегі кез келген пәнді оқуда оқушылар белгілі бір мазмұнды, сол ғылымға қатысты ұғымдарды біліп қана қоймай, ақпаратты талдай, жинақтай алу, жіктей, жүйелей білу, жалпыдан жеке қорытындылар түйіп, дәлелдеулер, ой қорытындылар жасауға да дағдыланулары тиіс. Бұл ретте бастауыш сынып мұғалімінің балалардың табиғатынан жаңалыққа құмарлығын, әлемді тануға құштарлығын, белсенділігін ескере отырып, олардың ойлау әрекеттерін ұтымды ұйымдастыра алуы аса маңызды. Жоғары оқу орындағы кәсіби білім беру үдерісінде болашақ маманды жаңашылдық әдістермен дайындау біз көтеріп отырған мәселенің шешімін табудың тиімді жолы деп білеміз.

Бүгінгі студенттер де оларға білім беретін оқытушылар да негізінен дәстүрлі оқыту жүйесінің өнімдері. Сол дәстүрлі оқытудың негізінде беделділік педагогикасы жатыр. Оқыту баланың ішкі жан дүниесімен нашар байланысқан. Оқушылардың қажеттіліктері мен сұраныстарына, олардың жеке қасиеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға аз көңіл бөлінеді.

Дәстүрлі оқытуда оқыту үдерісі өзіндік іс-әрекеттің, шешімнің жоқтығымен, оқушының оқу еңбегіне деген жеткіліксіз мотивациясымен ерекшеленеді. Оқушының іс-әрекетінің құрамында өзіндік мақсат қою жоқ, мақсатты мұғалім қояды. Іс-әрекетті мұғалім оқушы тілегін ескермей-ақ жоспарлайды. Балалар жұмысындағы іс-әрекетін, қорытынды талдауды мұғалім немесе басқа үлкен кісі қателіктер мен кемшіліктерді көрсете отырып, бағалайды. Осындай жағдайда жүргізілген оқу баланың сабаққа деген ынтасын төмендетіп, жалқаулыққа, өтірік айтуға итермелейтіндігі белгілі.

Дәстүрлі оқытудағы бағалау жүйесінің жағымсыз жақтары да кездеседі. Онда оқушылардың өзін өзі бағалауына жол берілмейді. Сандық бағалау көп жағдайда мұғалімнің оқушыға психологиялық және әлеуметтік басымдылық көрсететін билік құралы болып табылады. Танымдық іс-әрекеттің қорытындысы ретінде баға жеке тұлғамен қарама-қайшылықта болады, оқушыларды «жақсыға» және «жаманға» бөледі. «Орташа оқитын» немесе «үлгерімі нашар оқушы» деген атаулар баланың оқуға қызығушылығын, ынтасын төмендетеді, қорлау, мазақ болу сезімін тудырады. Оқушы өзінің

қанағаттанарлық, орташа бағалары бойынша білімнің, қабілеттің, соңынан тұлға ретінде толық қанды еместігі жөнінде қорытындыға келеді. Сыныпқа көшірілмей қалған оқушылардың тағдырларына кері әсерін тигізіп, тіпті кейбіреулері оқуды тастап, үлкен әлеуметтік мәселені тудырады. Оқушы мен мұғалім, мұғалім мен ата-ана, ата-ана мен оқушы арасында психологиялық түсініспеушілік пайда болады.

Еліміздің барлық мектептері көшкен жаңартылған білім мазмұнын оқып-үйренуде оқушының рефлексиясын дамытуға негізделген қазіргі заманғы инновациялық технологияларға: оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, ақпараттық-коммуникациялық, проблемалық оқыту, жобалау, ТРИЗ, ойын арқылы оқыту технологиялары, кейс-технологиялар, т.б. жатады. Оның ішінде бастауыш сынып оқушылары үшін, ең жоғары рефлексивтік әлеуетке ие болып отырған инновациялық технология ретінде: «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы», «ТРИЗ - технологиясы» және ақпараттық-коммуникациялық технологияларға ерекше тоқталуға болады.

ТРИЗ (Теория решения изобретательских задач – өнертапқыштық міндеттерді шешу теориясы) – бағдарламасының негізін бакулік инженер Г.С.Альтшуллер (1926-1998 ж.ж.) ойлап тауып, өз жаңашылдық идеясын техника саласындағы шығармашылықты дамытуда қолданды. Бағдарлама мазмұны өнертапқыштық тапсырмаларды шешуге және өнертапқыштық ойлауды қалыптастыруға негізделді. Өнертапқыштық ойлау – бұл күрделі мәселенің (өнертапқыштық тапсырманың) түбінде жататын қарама-қайшылықтарды анықтайтын және шешетін жүйелік ойлау болып табылады.

*ТРИЗ-дің мақсаты* – ойды реттеп, белгілі бір жүйеге келтіріп, жинақтап, адамды кедергілерді, қиыншылықты жеңе білуге үйрете отырып, жеке адамның шығармашылығының дамуына ықпал етуді көздейді.

ТРИЗ – технологиясы: *тапсырманың мақсатын, оны шешудің жолдарын, бағыттарын анықтауға дағдыландырады, дұрыс шешім табудың жолдарын қарастыру барысында, жүйелі іздену жұмысын жүргізу бағытында білімін, ойын, қиялын дамытады, шығармашылық еңбектің тиімділігін арттыра отырып, өнертапқыштық қызметке түрткі болады, ой-өрісті кеңейтеді.*

ТРИЗ жоғары деңгейдегі мәселелік міндеттерді төменірек деңгейге көшіруге, оларды оқытып, үйретуді қарапайым етуге мүмкіндік жасайды. Бұл тұрғыдан алғанда оның оқушылардың шығармашылығы мен креативтілігін дамытудағы артықшылығы дау тудырмайды.

ТРИЗ – ақылдылардың, құрастырушылардың, ізденушілердің символы, яғни оқушылардың қаншалықты абстрактылы ойлауын, қиялдауымен бақылағыштығын, зейіндерін ертерек дамытудың жолы.

Осы технология негізінде шығармашылық елестетуді дамытудың әдіс-тәсілдерін бастауыш сынып мұғалімдерінің іс-тәжірибесіне енгізу келесідей педагогикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

*Білімділік:*

- оқушылардың жалпы білімділік деңгейін дамыта отырып, оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттырады;

- өнертапқыштық, іс-тәжірибелік және әлеуметтік тапсырмалар мен міндеттерді талдап, шеше білу іскерліктерін ұштайды;

- жүйелік-диалектикалық ойлау қабілеттерін мақсатты түрде дамытады.

*Дамытушылық:*

- шығармашылық қабілеттерді (ойлаудың жатықтығын, икемділігін және бірегейлігін), жадыны, зейінді, логиканы және жалпы алғанда интеллекттіні жетілдіреді;

- кеңістіктік ойлауды, шығармашылықпен елестетуді жетілдіріп және талдап, жинақтап, құрамдастыра білуді дамытады;

- тілдік қорларын байытады.

*Тәрбиелік:*

- оқушыларға қоршаған әлемге дұрыс көзқараспен қарауды үйрете отырып, болмысты талдау негіздерін қалыптастырады;

- оқушыларда дербестікті, өздерінің кез-келген тапсырманы, міндеттерді шешуге қабілеті жететіндіктеріне сенімділікті нығайтады.

Осы технологияны жасап, жүйеге келтірген ғалым Г.С.Альтшуллер бойынша ТРИЗ – технологиясының *мазмұндық ерекшеліктері* іздестіру, өнертапқыштық жұмыстың барысын оқытып, үйрету және осы теорияның негізгі түсінігі қарама-қайшылық болып табылады. Қарама-қайшылық пайда болған кезде оны шешудің мүмкін болатын екі жолы қарастырылады:

- белгілі бір құрастыруға қойылатын қарама-қарсы талаптардың ымырасы, бірігуі, бітімге келуі;

- сапалық тұрғыдан жаңа немесе түпкілікті жаңа құрастыруды алға тарту.

*ТРИЗ-дің қарапайым тәсілдеріне:* аналогия; инверсия; эмпатия; қиял жатады. Бұларды студент аудиториясында да, оқушылармен де қолдану білім алушылардың өзіндік, дара ойлауын, жеке қорытындылар шығаруын, өз шығармашылығын сәйкесінше бағалай алу сияқты сапаларын дамытады деп санаймыз.

«Аналогия» – жаңа идеялардың мол көзі, бірақ оны ойланбастан пайдалануға болмайды. Аналогия әдісін пайдалану үшін: зерттелінетін объектінің негізгі қағидалары мен құрылымдық ерекшеліктерін анықтау; бұл объект орындайтын қызметі бойынша техниканың жетекші саласын қарастыру; қолда бар элементтерде, материалдар мен технологияларда жетекші салалардың тәжірибесін қолдана отырып, негізгі қағида мен құрылымдық ерекшеліктерді суреттеу. Бұнымен қоса прототиптің кемшіліктерін ескере отырып, жаңа бірдеңе ойлап табу қажет болады.

«Инверсия» тәсілі немесе «кері аналогия» – бір нәрсені керісінше орындауды білдіреді. Оған аяғымен жоғары қаратып бұру, сыртын айналдыру, орындарын ауыстыру және т.б. секілді ұғымдар тән.

Бұл тәсіл егер нысанды сыртынан қарастырып, оның ішінен зерттейтін болса, онда қажетті нәтижеге жетуіміз мүмкін екенін білдіреді. Егер қандай да бір объект тігінен орналасса, онда инверсияны қолдану, оны көлденеңінен және керісінше қоятынын білдіреді. Инверсия қозғалмайтынның қозғалатын

бөлігін мүмкін ауыстыруды, асимметрияның пайдасына симметриядан бас тартуды, созудан қысуға өтуді болжайды.

«Эмпатия» – бұл өзін екінші бір тұлғамен теңестіру. Кейде бұл әрекет туралы «басқа біреудің терісіне ену» деп айтады, яғни өзін басқа бір адамның орнына қою. Мұндай тәсілді әртістер, жазушылар, суретшілер және т.б. жиі қолданады. Объектіні әзірлеу кезінде бұл тәсілді осылай қолдануға болады. Жобалаушы өзін әзірленетін объектімен, үдеріспен, бөлшекпен теңестіреді. Тәсілді қолдану адамның бөлшек позициясынан (оның көзқарасынан) қарауынан тұрады, бұны кемшіліктерді жою үшін немесе жаңа қызметтерді орындау үшін қолдануға болады.

«Қиял» тәсілі қалайтын нәрсенді алу тілегімен байланысты. Жаңа идеяларды ынталандыру үшін қиялды пайдалану, қажет болса шынайы емес заттар немесе табиғаттан тыс үдерістер қолданылатын, кейбір фантастикалық шешімдерді ойланудан тұрады. Тіпті егер бұл қиялдың белгілі бір үлесімен байланысты болса да, мінсіз шешімдерді қарастыру пайдалы болады. Қалайтын нәрсе туралы ойланулар бізді ақыр аяғында, жаңа, орындалатын шешімге әкелетін, жаңа идеяға немесе көзқарасқа итермелеуі мүмкін.

Автор бойынша ТРИЗ – технологиясының ерекшелігі оның әдістемесінде, негізінен эвристикалық ойын, миға шабуыл, ұжымдық іздестіру сияқты жеке, ұжымдық амал-тәсілдерді тиімді қолдануда бар [160].

Шығармашылық педагогикасын зерттеп, еңбектер жазып жүрген ғалым Б.А.Тұрғынбаеваның тұжырымы бойынша, мұғалім оқушының ми қыртысында жасырынып жатқан шешімдерді шығарып алудың құралын, тәсілдерін, әдістерін білу керек, ТРИЗ соған үйретеді дей келе, ТРИЗ технологиясы – техника, ғылым, өнер, жарнама, педагогика саласында тәжірибеден өткен шығармашылықты дамыту технологиясы, ТРИЗ – кез-келген жағдайда нақты мәселелерді шешуге көмектесетін, ойлау жүйесі, біздің санамыздағы сенімділік, еркіндікті ұялататын сезімдер [161]. Қазіргі бастауыш білімнің жаңартылған бағдарламасының басты мақсаттарының бірі де оқушылардың ашылмаған мүмкіндіктеріне әсер ету болатын болса, ол өз кезегінде жасалған әрекетті үнемі қайта бағалап отыруға негізделетіндігінен ғалымның пікірімен келісетіндігімізді білдіреміз.

ТРИЗ – технологиясының біз қарастырып отырған мәселені шешуге қандай мүмкіндігі бар деген сұраққа келер болсақ, технология әдістерін қолдану арқылы ойлап табылған жаңалық (жасалған зат, жазылған шығармашылық жұмыс, салынған сурет, құрастырылған туынды, ойдан шығарылған оқиға т.б.) басқаларға жарияланбас бұрын міндетті түрде автордың өз ой талқысынан өтеді. Демек оқытушы шығармашылық әрекетті ұйымдастырып қана қоймай, нәтижелерін талдау жасау, өзіндік баға беруді ұйымдастырады. Осындай оқушылардың рефлексиясы жаңашылдықты тудыруда маңызды орын алатын әрекет болып табылады.

Біздің ойымызша технологиядағы оқушылардың рефлексиясын дамытудың негізгі амал-тәсілдеріне жататындар: лингвистикалық ойындар: Ойлан, тап!, Неліктен бұлай?, шағын зерттеулер, ең тұрпатты тапсырмалар,



ребустар, есім-акроним, шарадалар, логогриф, сөзден сөз жасау, анаграммалар, метаграммалар, бей-берекет сөздік, сөзді дәл тап, палиндромдар, омонимдер және көп мәнді сөздер, паронимдер, аударма, редактор, мнемокестелер, жүйелік оператор, қиялдаудың типтік тәсілдері, луллий сақиналары, морфологиялық талдау (сиқырлы жол), дихотомия (іздістіру алаңын тарылту), тілдік шығармашылық жұмыстар (лимериктер, жұмбақтар құрастыру, метафоралар, сурет бойынша шығармашылық шығармалар) [162].

Бұл амал-тәсілдерді жаңартылған білім беру мазмұны аясында бастауыш мектеп оқушыларының рефлексиясын дамыту мақсатында авторлар ұжымымен бірлестіктікте әзірленген жұмыс дәптерлері мен оларды оқу үдерісінде қолданудың әдістемесі бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған әдістемелік құралдарда берілген. Бұларды орындау арқылы оқушы өзін өзі жетілдіреді, өзін өзі дамытады, өз іс-әрекетін бағалайды. Сөзіміз дәлелді болуы үшін бір екі мысал келтіре кетейік.

Технологияның жұмбақтар құрастыру әдісін жүргізуде белгілі алгоритмге сүйеніп: Қандай? Кім/Не дәл осындай? үлгісі пайдаланылады. Жұмбақ құрастыру – нысандардың (объектілердің) белгілерін салыстырып, ортақ қасиеттерін табуға мүмкіндік береді. Осы сұрақтар баланың үнемі салыстыру үшін кері байланыс жасауын талап етеді.

Мысалы, сауат ашу пәнінен «Мен не үйрендім?» нәтиже сабағында оқушылар суреттердің көмегімен берілген ертегілердің атауын тауып, мазмұнын айтып берді. Оқушылар сабақтың рефлексиялық-бағалау кезеңінде «Түлкі мен ешкі», «Түлкі мен құмыра» ертегілеріндегі кейіпкерлерге мінездеме берді [163]. Әрі қарай сауат ашу әдістемесіндегі нұсқаулыққа сүйене отырып, жұмбақ құрастыру әдісін тәжірибеде қолдандық [164]. Оқушылар алдын-ала таратылып берілген кестеге сүйеніп, жұмбақ құрастыру барысында ой-өрісінің деңгейлерін, тақырып мазмұнын қаншалықты меңгергендіктерін және сол игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте қаншалықты қолдана алатындықтарын көрсетті. 3-кестеге сәйкес шешуі «Түлкі» болатын жұмбақты құрастырып болғаннан кейін, әр оқушы өзі құрастырған жұмбағын сыныпта оқып жариялады.

Кесте 3 - Жұмбақ құрастыру кестесі: түлкі

| Қандай? | Не істейді?    | Осындай тағы не бар? | Көмекші сөздер |
|---------|----------------|----------------------|----------------|
| Айлакер | тышқан аулайды | мысық                | емес           |
| Жыртқыш | тез көреді     | қасқыр               | емес           |

Айлакер, тышқан аулайды, мысық емес,  
Жыртқыш, тез көреді, қасқыр емес.  
Бұл не? Бұл – Түлкі.

Тәжірибе барысында оқушылар жұмбақ құрастыру үшін үнемі ой қозғап, ізденіс үстінде болғанын байқадық. Олар жұмбақ құрастырудың тәсілдерін, жолдарын меңгерудің нәтижесінде, нысандарды салыстыра отырып ортақ белгілер мен қасиеттерді, байланыстарды табу барысында, бір-бірінің айтқанын қайталамай, тың нәрсені ойлауға ұмтылды. Бұл оқушылардың сабақтан игерген білімдеріне ой қорытынды жасу негізінде өз іс-әрекетіне рефлексия жасап, өзін өзі дамытуының алғашқы қадамдарының бірі деп ойлаймыз. Олар жұмбақтарды құрастыру барысында басқа пәндерден игерген білімдерін де ұтымды қолдана алды.

Жұмбақ құрастыру әдісін сауат ашу сабақтарында ғана емес, жаратылыстану, математика сабақтарында да қолдануға болдады. Тақырып оқушыларға бұрыннан жақсы таныс болса, сабақтың бағдарлау-мотивациялық кезеңінде бұрынғы білімдерін жаңғырту мақсатында немесе сабақтың рефлексиялық-бағалау кезеңінде жаңа сабақтан игерген білімдерін бекіту ретінде ұйымдастыруға болады. Кейін, бұл тапсырмаларды да топтық жұмыс, өзіндік жұмыс ретінде беріп отыруға болады.

Оқушылардың өз ойларын еркін білдіріп, ашық айтуына негіз болсын деген мақсатпен, мұғалім оқушыларға өз ойын бүкпесіз білдіруге, қате болса да ішкі ойын айтуға мүмкіндік беріп, қолдау көрсету тәсілдерін қолданып отыру керек. - Бұл сенің ойың? - Бұл тұжырымды сен жасадың? – деп, қате болған жағдайда: - Осы ойыңды әрі қарай ойланып, толықтырып дәлелдеп көрші, - деп, оқушының әрі қарай шығармашылықпен жұмыс жасап, өзін өзі дамытып, жетілдіруіне бағыт беріп отыру баланың өз әрекетін бағалауын немесе рефлексия жасай алуына ықпал етеді.

ТРИЗ – технологиясы негізінде жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту – бұл ішкі үдеріс, адамның орта әсеріне белгілі бір жауап беру тәсілі, өзін саналы түрде жетілдіруге ұмтылысы. Оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуды қалыптастыру – субъект-субъектілік бағдардың шығармашылық әрекетінің ерекше түрі. Ол бір жағынан «өзіндік» үдерістердің «өзін өзі тану, өзін өзі айқындау, өзін өзі басқару, өзін өзі таныту» қарқынын күшейту мен тиімділігін арттыруға, екінші жағынан, мұғалім олардың шешімін табу барысында субъектілік бағыт ұстанатындай, тұрақты түрде күрделеніп отыратын проблемалық шығармашылық міндеттердегі қарама-қайшылықтарды шешуге бағытталады.

Қорыта келе айтарымыз, ТРИЗ – технологиясын мектептерге және балалар бақшаларына жаппай енгізу қазіргі уақытта қоғам сұранысынан туындап отыр. Бүгінгі күні оқушыларды шығармашылық міндеттерді шешу теориясына оқытып, үйретудің мүмкін екендігіне, оның белгілі бір нәтижелер беретіндігіне күмән жоқ. Ал сондай тапсырмаларды орындау барысында оқушылардан үнемі өз жұмыстарын қайта қарап, кемшіліктерін саралап, түзетулер енгізіп отыру талап етіледі. Бұл біз қарастырып отырған мәселені шешудегі аталмыш технологияның әлеуетін көрсетеді.

Себебі оқушылардың теориялық игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте жүзеге асыруда өзін өзі басқару, өзін өзі реттеу, өзін өзі

белсенділендіру, өздігінен білім жетілдіру, өзін өзі жүзеге асыру, өзін өзі бағалау сынды іс-әрекеттерін дамытуға негізделген. Осыған орай ТРИЗ технологиясының тиімді әдіс-тәсілдерінің мақсаты мен мазмұнына қарай оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау үшін болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне меңгерту өте өзекті мәселе деп білеміз.

Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамытуға бағытталған, мүмкіндігі мол технологиялардың қатарына американдық ғалымдар мен әлемдегі озық педагогтарының алдыңғы қатарлы идеялары негізінде құрылған **«Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыда ойлауды дамыту» (RWCT)** технологиясын жатқызуға болады.

Сыни ойлау – белгілі бір мәселе туралы бар идеяларды жинақтап оларды қайта ой елегінен өткізу және шешім қабылдаумен аяқталатын күрделі психологиялық үдеріс» екенін атап көрсеткен. Сыни ойлау – адам өмірінің бір саласы. Себебі, бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен маңызды әрі пайдалы екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинақтап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата алуға көмектеседі.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі. Сын тұрғысынан ойлау – оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы. Оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

«Сын» категориясын талдау көрсеткендей ол негізінен екі мағынада пайдаланылады: біріншіден, бір нәрсе жайындағы деректерге өзінің ұнатпаушылық, жақтырмаушылық қарым-қатынасын білдіру, екіншіден ойлау үдерісіне бағыт беріп, талдау, қорытынды жасауға ықпал заңдылықтар мен объективті пайымдау жасау мақсатындағы құбылыстың нәтижесі ретінде қарастырылады.

Н.А.Менчинская басқалар сияқты өзінің қалыптасуы үшін арнайы тапсырма қоюда оқушыларды оқу әрекетін және жолдастарының нәтижесін бағалау үдерісіне оқушының өзін тарту мақсатында тиімді әдістерді пайдалануды қажет ететін ақыл сапасы деп есептейді.

Шешім қабылдау үдерісінде туатын өзіндік бақылау (пайдаланылған әдіс талдауымен, оның шарттарымен қатынасы), нәтиже соңынан кейін (өзіндік бақылаудың түрлі формасы) олардың өзіндік бақылауымен, сын тұрғысынан ойлаудың даму деңгейімен тығыз байланыстырады [165].

Сыни ойлау – айналада болып жатқан оқиғалар мен құбылыстарға, ақпараттарға талдау жасай білуде, өзінше болжамдар құра алуда, шешімнің жаңа жолдарын жобалай білуде байқалады. «Сыни ойлау» ұғымына берілген анықтамалар негізінен шет елдік ғалымдар еңбектерінде кездеседі. Солардың бірі – американдық профессор Д.Кластер – сыни ойлауды әлеуметтік сипаттағы өзіндік ойлау деп қарастыра отырып, оның төрт жетекші компонентін атап көрсетеді. Оның пікірінше сыни ойлау сұрақ қою мен анықтау, сенімді дәлелдер келтіруге ұмтылыс [166].

Г.Линдей, К.С.Халл, Р.Ф.Томпсон сын тұрғысынан ойлаудың мақсатын ұсынылған идеялардың: олар қолданылуға жарамды ма, оларды қалай жетілдіруге болады, т.б. тестілеуден көреді. Сәйкес сұрыптау өткізу үшін біріншіден, белгілі ара қашықтықты сақтай білу, яғни өз идеянды объективті түрде бағалай білу және екіншіден, жаңа идеяларды практика жүзінде жүзеге асыру мүмкіндігін анықтайтын шектеу немесе өлшемді ескеру [167].

XX ғасыр басында белгілі американдық прагматик Д.Дьюи «сыни рационализм» деген ұғымды пайдаланып, оның мәніне өз әрекетін, мүмкіндігін, оның салдарын сезінуді енгізген [104]. Себебі ол адам өзі бір шешім қабылдас бұрын, көтерілген мәселелерге байланысты басқа шешімдердің барлығын «қарап» шығуы негізге алынады. Қазіргі кезде сын тұрғысынан ойлаудың көптеген анықтамалары бар. Мысалы, Д.Халперн «Сын тұрғысынан ойлау психологиясы» атты кітабында «сын тұрғысынан ойлау – ол когнитивті ойлау мен стратегияны қолдану» деп келеді де, ол алдағы күтілетін нәтиженің дәл ойлағандай болып шығуына жол ашады» деп қорытындылайды [168].

«Сыни тұрғыдан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамытудың» тұғыры болып, ашық қоғамда қазіргі мәдени көзқарасты насихаттаушы субъектілердің ынталылығын арттыру, әр адам мен қоғамдағы әртүрлі көзқарастардың ортақ өмір сүруіне жол ашу, ол қатал нормаланған тәртіп пен көзқарасты көтере алмайды.

Сыни тұрғыдан ойлаудың өзіндік ерекшелігі бар, оған өзіндік түсінік тән, ол басқа ойлау түрлері мен жолдарынан өзгеше. Сонымен қатар, оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы ойлаудың барлық бағыттарымен және түсініктерімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Ол адамдардың күнделікті өмірлеріндегі кездесетін тәжірибелік және шығармашылық ойларымен байланыс жасайды.

Жоғарыдағы пікірлерге қатысты біздің жасайтын тұжырымымыз төмендегідей болмақ. Сыни тұрғыдан ойлау – сол ойланып отырған мәселе, зат, құбылыс жайлы зерттеуге бағытталу, салыстырулар, ой жинақтау, қорытынды жасау, нәтиже шығару, оған баға беру сияқты әрекеттер жүйесінен тұрады. Оқу-тәрбие үдерісінде бастауыш сынып оқушысының сыни тұрғыда ойлауын дамыту, олардың ақыл-ойын, танымдық мүмкіндіктерін, дүниетанымын қалыптастырып, өзін өзі танып, өз іс-әрекетіне талдау жасап, баға беруіне бағытталады.

Ал, рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар бастауыш сынып оқушыларын сыни тұрғыдан дамыту құралы ретінде олардың өзін өзі бағалауына, анықтауына, жетілдіруіне, өз іс-әрекеттіне кері байланыс орнатып, теориялық игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте жаңа жағдайда қолданып, рефлексия жасай алуына мүмкіндік туғызады.

Сыни тұрғыдан ойлау әр жеке адамның ерекшелігіне байланысты бола тұра, ол логикалық ойлаудың барлық түрлерімен аралас жүргізіледі. Ол сапалық жағынан барлық ойлау түрлерімен тығыз байланыста жүргізіле отырып, жеке адамның менталитеті ретінде көрініс табады.

Аталмыш бағдарламаның ішкі құрылымы 11-суретте көрсетілгендей 3 деңгейден тұратын оқыту мен үйретудің моделіне негізделген.



Сурет 11– «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясының құрылымы, кезеңдері

11-суретте көрсетілген алғашқы фаза - қызығушылықты ояту оқушылардың бұрынғы білімдері мен сезімдеріне немесе әсерлеріне еніп, жаңа білімге мазмұн қалап, болашақта зерттеу жүргізуге күш алуларына және орындалуы керек тапсырмалар жөніндегі жеке және топтық түсініктерді қалыптастыруларына көмектеседі. Осы алғашқы фазада оқушылар өтілетін жаңа тақырыпқа ой жүгіртіп, болжау жасап, ұғынып, жаңадан таныстырылған тақырыптарға зерттеу жүргізу үшін өз алдарына мақсат қояды.

Қызығушылықты ояту – оқушылар үшін сабаққа қатысудағы алғашқы қадам болып табылады. Олар өз еркімен саналы түрде алға жылжитындықтарын немесе үйретілетін тақырыпқа ену үшін шешім қабылдайды. Сонымен қатар оқушылардың жаңа идея мен мәліметтерді үйренуге және оны өзіндегі білім негізімен ұштастыруда іштей немесе сырттай белсенді болатын болмайтындықтарын шешуі де алғашқы фазада іске асады.

Дәстүрлі оқытуда қызығушылықты ояту фазасы көбіне назардан тыс қалып кетіп жатады. Мұғалімдер оқушылар мектепке дайындалып келеді деп ойлаулары мүмкін. Кейде солай болады, бірақ көп жағдайларда ең алдымен не күтілетінін анықтап, оқушының сабаққа деген мотивтерін оятып алып, бұрынғы құрылым мен білімді санасына сіңіріп, тек сосын ғана ары қарай үйренетіндей орта құру керек. Тіпті, үйренуге дайындықпен келгендер үшін де қызығушылықты ояту фазасы ұзақ, әрі мағыналы оқудың қажетті психологиялық негізін салады.

Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни, айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы аршылады, тазарады. Осылайша, шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы білімімен ұштастырады. Осы әрекеттердің барлығында білім алушы үнемі өзін өзі бақылайды, білгенін есіне түсіреді, оны ортаға шығарып жариялау үшін алдымен өз санасында сараптайды, басқалардың пікірімен салыстырады. Мұның барлығы оқушының рефлексиялық әрекетінің ішкі құрамалары десек қателеспейміз.

Екінші кезең – мағынаны тану оқушылар жаңа мәліметпен, идеямен немесе жаңа мазмұнмен кез келіп қалғанда іске асады. Мағынаны ажырату – жаңа мазмұнды ашу жолы. Оқушы мәтінді оқу арқылы жаңа тақырыппен танысады, тақырып мазмұнын игеру бойынша әртүрлі жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Осы екінші фазада білім алушылар ақпараттармен, мәтін мазмұнмен іздену жұмыстарын жасап, жаңа идеяны бұрынғы білімімен, сенімдермен байланыстырады.

Үшінші кезең – ой толғаныс – үйрену үдерісінің соңғы фазасы болады да, бұл кезде оқушылар алған білімдерін сыртқа шығарып, түсінгендерін өз сөздерімен жеткізіп бере бастайды. Біздің жұмысымыз үшін аса маңызды осы үшінші кезеңде оқушылардың алған білімдерін жадында сақтап, мазмұнды болып, шындыққа ұласуы үшін бұрынғы мәліметтер мен жаңа мәліметті біріктіре алудағы уақытпен, құрылыммен қамтамасыз етілуі – осы фазаның мақсаты. Бұл фаза саналы талқылаулар мен білімді тәжірибеде қолдану, жаңа идеялар мен ұғымдарды жинақтаумен, мазмұн жөніндегі өздерінің ашық ұсыныстарымен немесе келесі бір зерттеуді бастауға шақырумен айғақталады. Бұл үйренудің жеке сипатқа ие болатын сәті.

Ой-толғаныс фазасында үйренуші жаңа білімді өз меншігіне алады. Ой толғау үдерісі арқылы оқушылар өздерінің ойын нақтылайды, қатарластары мен мұғаліммен кері байланыса отырып, мәліметтер жинағы мен құрылым мағынасын сынақтан өткізеді. Оқушылар осы үдеріске жетпейінше олардың үйренетіндері – бар болғаны біреудің идеясы немесе сенімі. Мәліметті басқаның идеялар патшалығынан бөліп алу арқылы ғана өзіндік етуге болады.

Шын мәнінде, көптеген үйренушілер үшін жаңа мәлімет бұрынғы үйренгендеріне мүлде қарама-қайшы болуы мүмкін. Өзара жақсы идеялар үйренушіге ой толғаныссыз саналы түрде жете қоймайды. Дәл осы кезеңде үйренуші не үйренгенін саралап, салмақтап, оны қандай жағдайда, қалай қолдану керектігін ой елегінен өткізеді. Белсенді түрде өз білімін үйрену жолына қайта қарап, өзгерістер енгізеді, яғни нағыз білім шыңына көтеріледі, үлкен әлемге енеді. Сол білім арқылы өзінің өзгергенін сезеді, өзгеше сенім, тәрбиелік, даналыққа бастау алады. Осы үш сатымен құрылған сабақ жүйелі болары сөзсіз. Тек осыларды дұрыс қолдану мұғалім шеберлігіне байланысты болады.

«Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясымен жұмыс істеу үдерісі кері байланысқа негізделген. Онда оқушы құқығы жоғары бағаланған. Мұғалім – бағыттаушы, шығармашыл бақылаушы болса, оқушы – іздеуші, ізденуші. Мұнда мұғалім тек қана сабаққа мақсат қояды және сол мақсаттың орындалуына басшылық жасайды. Ал сабақтың басқа кезеңдерінде оқушы рөлі басымдылық танытады. Оқушы өз ойын, пікірін, көзқарасын айтуға, оны дәлелдеуге құқылы. Мұнда ешкімнің пікірі жоққа шығарылмайды. Әр оқушының айтқаны, дәлелдегені тыңдалып, есепке алынады. Сабақта білім дайын күйінде берілмейді. Керісінше, проблемалық сұрақтар арқылы беріледі. Оқушы өзі ізденеді, шешім қабылдайды, оны басқаның жауабымен салыстырады. Осының нәтижесінде өзі білмейтін ақпараттарға тап болады, оны шешуге күш жұмсайды, бұрынғы білгенімен салыстырады, шешудің түрлі жолдарын қарастырады, жұмыс жасау барысында бір-бірімен тіл табысуды, келісімге келуді үйреніп, әр нәрсеге өз көзқарасы қалыптасып, қорытынды жасауға үйренеді. Ең бастысы оқушы өз ісіне мақсат қояды және оны жүзеге асыруды үйренеді. Мұнда мұғалім негізгі сұрақтар төңірегінде оқушыны басты идеяға жетектейді. Ал оқушы сол идея төңірегінде өздерінің зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

Тақырып туралы *ой-толғаныс* кезеңінде оқушылардың өзіне баға беру, кері байланыс жасай алу машықтары дамиды. Күнделікті оқыту үдерісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді. Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі», «СТОП-кадр», «ДЖИГСО», «Аквариум», «Галереяны шарлау», «Коллаж әңгіме» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Технологияның біз зерттеп отырған мәселені шешудегі әлеуетіне байланысты ойларымызды *қорыта келе айтарымыз*, бұл оқыту моделінің негізгі ерекшелігі оның аясында жалпы зерттеу контекстінде «қалай», «қашан», «неге» осындай қорытындылар жасалғандығы қарастырылады. Бұлайша қорытынды шығару сын тұрғысынан ойлаудың өзін бақылауға, негіздеуге, бағыттауға болатын ойлау түрі деп қабылдауға негіз болады, себебі осылайша ойлау арқылы тапсырманы шешу, қорытындыны негіздеу, бағалау, тұжырымдау іске асырылады. Сын тұрғысынан ойлауға үйренуді барлық жастан бастауға болады, оған студенттер мен бастауыш мектеп оқушыларының да өмірлік тәжірибесі мен білімі жеткілікті. Әрине, балалардың ойлау қабілеттері есейген, білім алған сайын жетіле түседі.

Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын білімдік тәжірибе жүзінде бірте-бірте жетілдіруде сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясының әлеуеті зор деп білеміз.

Біз қарастыратын келесі *ақпараттық-коммуникациялық технологиялар* (АКТ) бастауыш мектеп мұғалімдерін, жаңа форматтағы ұстаздар дайындауда кеңінен қолданылатын жаңашылдық бағыт.

Қазіргі кезде саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, интеграциялық үдерістер мен еңбек нарығындағы бәсекелестіктің артуы еліміздің жоғары оқу орнын бітіретін мамандарға жоғары деңгейдегі талаптар қойып отыр. Сондықтан да жоғары оқу орындарында жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес оқу мен оқытудағы инновациялық технологияларды жетік меңгерген, білім беру үдерісінде тиімді жүзеге асыра алатын мамандар дайындаудың қажеттілігі артуда.

Қазіргі еліміздің дамуының стратегиялық бағыттарының бірі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қарқынды дамыту арқылы экономикалық жақсы көрсеткіштерге жету ғана емес, сонымен қатар, адамдардың өмір сүру салтына да ықпал ете отырып, қоғамды жаңғырту болып отыр. Бұдан ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту еліміздің экономикасы мен азаматтарының өмірі үшін маңызды екенін аңғаруға болады.

«Ақпараттық технология» терминін Ресейлік академик В.М.Глушков енгізген. Білім беру үдерісін ақпараттандыру студентке білім берумен байланысты болғандықтан, В.Глушковтың анықтауынша, «Ақпараттық технологиялар» ақпаратты өңдеумен байланысты үдерістер болып табылады [169]. Оқытудың «Ақпараттық технологиялары» ұғымының пайда болуы, білім беруде компьютерді және оның құралдарын пайдалана бастаудан басталады. В.Гриценко мен Б.Паньшин «Ақпараттық технологияны» әлеуметтік ортаның заңдылықтарына сәйкес және мейілінше аз шығынмен ақпаратты жасап, сақтап, таратуды қамтамасыз ететін құралдар мен әдістердің жиынтығы дейді [170].

И.В. Роберт [171] пен В.А. Красильникованың [172] көзқарастары бойынша, білім беруді ақпараттандыру – білім беру мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын іске асыруға бейімделген, қазіргі заманғы АКТ жасау мен тиімді пайдалану әдістемесін, теориясын, технологиясы мен тәжірибесін қалыптастыру салаларын қамтамасыз ету үдерісі.

Д.Қ.Бердінің пайымдауынша, ақпараттық технология – өңделген, жинақталған ақпаратты пайдаланушыға жинақталған түрде жеткізу әдістерін, құрылғыларын, элементтерін қамтитын жиынтық [173].

Қазақстанда ең алғаш ақпарат ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Н.Нұрахметов. Ол: «ақпарат, ақпараттық үдеріс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деп көрсетеді [174].

С.М.Кеңесбаев, «Білім беруді ақпараттандыру – білім беру саласының теориясы мен практикасына ақпараттық-коммуникациялық технологияны жан-жақты пайдалану және оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық



мақсаттарын жүзеге асыратындай жағдайда оның мүмкіндіктерін қолдану үдерісі», – деп тұжырымдайды [37].

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласынан білімдер мен практикалық біліктер мұғалімге білімді жаңарту жағдайында шартты түрде бес топқа біріктірілетін кәсіби міндеттерді шешуі тиіс, олар:

- баланы біліми үдерісте көру;
- бастауыш мектептің мақсаттарына жетуге бағытталған біліми үдерісті құру;
- біліми үдерістің басқа субъектілерімен өзара әрекет орнату;
- біліми ортаны жасақтау және қолдану;
- кәсіби өз бетімен білім алуды жобалау және қолдану [55].

С.Т.Мұхамбетжанованың зерттеуіне сәйкес, ақпараттандыру ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың негізінде электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық үдеріс [175].

Қ.М.Нағымжанова «ақпарат» және «ақпараттық іс-әрекет» ұғымдарын қарастыра отырып, «ақпараттық іс-әрекетке» мынадай анықтама берген: ақпараттық іс-әрекет дегеніміз – оқу-танымдық әрекеттерді ұйымдастырудың тиімді жолын табу, қалыптасқан дәстүрлі іс-әрекетке жаңалықтар енгізу, оқыту еңбегін қабілет ерекшелігіне сәйкес өзгертіп дамыту. Ал ақпараттық технология дегеніміз – онда осы жаңалықты іс жүзіне асыру бағытындағы әрекет деп түсінеміз [176].

Келтірілген ғалымдардың пайымдауларын қорыта келе айтарымыз, білім беруді ақпараттандырудың әсерінен оқытудың мақсаты мен мазмұнының жаңа бағыттары пайда болады: барлық білім деңгейіндегі оқу пәндерінің мазмұнына әсер ететін ақпараттандыру құралдарының кеңінен қолданылуы, информатика айналасында оқушылардың дайындығын қамтамасыз ететін оқу пәндерінің болуы, жаңа ақпараттық қоғам мүшесін дайындауға бағытталған ақпараттандырудың оқытудың мақсатына әсер етуі, түрлі телекоммуникация құралдарын қолдану мүмкіндігі, білім беру саласында коммуникациялық технологияларды оқыту әдіс-тәсілдерін кеңінен пайдалану сияқты салалары білімнің барлық деңгейдегі сапасын арттырады.

Бастауыш сыныптың жаңартылған бағдарламасында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану барлық пәндер аясында қарастырылған. Сабақтарды АКТ білім алушылардың жұмыс барысында, бос уақыттарында және қарым-қатынасында қолдану олардың шығармашылығын, белсенділігін, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастырады. Ақпаратты табу, құру және онымен жұмыс істеу, мәліметтермен, ой түйіндерімен алмаса отырып, құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең мүмкіндіктерін пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру арқылы білім алушылар рефлексиялық әрекеттердің субъектісі болу мүмкіндігіне ие болады. Мысалы тек қана «Әдебиеттік оқу» пәнінің оқу бағдарламасында АКТ-ны қолдану төмендегідей көрініс табады:

1) оқытудың сапасын арттыру үшін сабақта жаңашыл әдістер мен ақпараттық технологияларды пайдалану;

2) ғаламтор ресурстарымен жұмыс жасау (мысалы, веб-сайттағы ақпаратты оқу, керекті материалды іріктеу, жеке құжат немесе файл ретінде көшіру және сақтау);

3) мәтін және слайдтармен жұмыс істеу үшін қарапайым бағдарламадан күрделірек бағдарламаға көшу (Word, Power Point);

4) ақпаратты өңдеп, электронды түрде жеке құжат ретінде сақтау үшін жабдықтарды (принтер, сканер, сандық фотоаппарат) пайдалану;

5) электронды оқулықтарды пайдалану;

6) тақырыпқа байланысты медиақұралдарды қолдану;

7) ақпаратты саралап, зерттей алу.

Байқап отырғанымыздай аталмыш технологияның баланың жас ерекшеліктеріне қарай қолдануға болатын тәсілдерін пайдалану қарастырылған. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту мен оқу іс-әрекеттерінде тиімді пайдаланып, оқушылардың рефлексиясын дамытуға бағыттау аса маңызды. Ал мұндай тапсырмаларды жүргізуге болашақ мамандар мақсатты түрде даярлануы тиіс. Әсіресе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытудың жолдары мен әдістемесін меңгерту өте қажет.


Бүгінгі таңда болашақ маман нақты кәсіп саласында терең білімді ғана емес, заманауи техникалық құралдармен жұмыс істеуді меңгерген болуы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мүмкіндіктерін білуі және оны практика жүзінде қолдана алуы қажет. Сондықтан да, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үдерісінде зерттеу объектісі ретінде де, оқыту материалдары ретінде де пайдалануы қажет, былайша айтқанда, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқу үдерісінде қолданудың екі бағыты болуы мүмкін. *Біріншісінде*, білім, шеберлік, қабілеттілік мамандықты меңгеру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мүмкіндіктерін ұғынуға, оларды әртүрлі мәселелерді шешуге қолдану шеберлігін, құзырлығын қалыптастыруға жетелейді. *Екіншісінде*, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқу үдерісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады.

Бұл жайтты практика жүзінде іске асыру компьютерлерді жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде қолдану аясын кеңейту, оқытудың жаңа әдістері мен түрлерін құру және енгізу, әртүрлі пәндерге оқытудың дәстүрлі әдістемелерін өзгерту жағдайларында мүмкін. Дәл осы түрлі жоғары оқу орындарында және әртүрлі фирмаларда түрлі бағыттағы бағдарламалық құралдарды қамтитын қолданбалы бағдарламалар пакеттері түзілуіне, түрлі пәндер бойынша компьютерлік оқулықтар, компьютерлік зертханалық жұмыстар, компьютерлік есеп кітаптары жасалуына жағдай жасайды.

*Жоғары оқу орындарында АКТ пайдалану – ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жоғары оқу орындарындағы оқу жұмыстарын жаңаша*

ұйымдастыру, оқытушының рөлі мен педагогикалық іс-әрекетінің артуына жағдай жасау, білім беру жүйесінде оқу-танымдық, іс-әрекеттерді ақпараттық іс-әрекет тұрғысында пайдалану арқылы олардың кәсіби іс-әрекеттерін жетілдіруді жүзеге асыру – деп білеміз.

Төменде берілген 12-суретке сәйкес ЖОО ақпараттық коммуникациялық технологиялар төмендегіше пайдаланылады.



Сурет 12 - ЖОО ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдаланудың сызбанұсқасы

Оқу мен оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану білім алушыларға іздену жұмыстарын жүргізіп, өзара ақпаратпен, ойларымен, жоспарларымен алмасуды ұйымдастырып, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасауға мүмкіндік береді. АКТ негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға негізделген жұмыс барысында олардың ой-өрісі кеңейіп, ақпараттық мәдениеті артып, сыныптастарымен дұрыс қарым-қатынас орнатып, өз ойларын қысқа әрі нұсқа жеткізу, басқаның пікіріне түсіністікпен қарау, пікірталас жүргізе алу, сыныптасының ойын тыңдап, құрметтеу, өз көзқарасын дәлелдеу сынды дағдылары қалыптасады. Бастауыш сыныптағы білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда компьютерді, интерактивті тақтаны, электронды оқулықтарды, көрнекі құралдарды оқушылардың физиологиялық, психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, жоғары деңгейде қолдану керек.

А.Қ.Мошқаловтың тұжырымы бойынша, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану барысында кері байланыстың көмегімен оқытуды бақылаудың көп нұсқасын ұйымдастыруға болады – тестілерді жылдам бақылау, қашықтан оқыту жағдайында дәріс алушы электронды пошта арқылы жауап бергенде. Кері байланыс негізінде «дәріс алушы – компьютер» сұхбатында компьютерді пайдаланушының әрекетіне деген кері жауабы

калыптасады. Интербелсенді сұхбатта ақпаратты мультимодальды ұсыну нәтижесінде оқу-танымдық және сөйлеу-ойлау іс-әрекеті жандана түседі [177].

Э.Уайдуллақызы, ақпараттық технологияларды пайдаланудың мүмкіндіктерін – білім беру мазмұнын таңдаудың әдістемесі мен стратегиясын жетілдіру, оқытудың тиімділігін арттыру, кәсіби дайындық үдерісінде өзара әрекеттесудің жаңа формаларын ұйымдастыру, білім беруші мен білім алушының іс-әрекеттерінің мазмұны мен сипатын өзгерту, білім беру жүйесін басқаруды жаңарту және кері байланысты орната білу, – деп айқындайды [178].

Біз авторлардың тұжырымына қосыла отырып, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, АКТ арқылы оқушылардың іс-әрекетіне кері байланыс орнатуды әртүрлі жағдайда жаңартылған білім мазмұны аясында әзірленген оқулықтардағы оқылым, тыңдалым, айтылым және жазылым дағдыларын қалыптастыру кезеңдерінде жүзеге асыруға болады, – деп есептейміз. Себебі, қазіргі кездегі мектептер тәжірибесіне енген электрондық «Күнделік» жүйесі де осы кері байланыс жасаудың жаңа формасы. Мұндай жаңашылдыққа да болашақ мұғалімдер ЖОО қабырғасында дайындалуы тиіс.

АКТ – білім алуды дұрыс ұйымдастырудың құралы болып табылады. Бастауыш сыныптағы оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың рефлексиясын дамытуға негіз болатын бірнеше рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар, оларды жүзеге асырудың түрлі әдістері мен тәсілдері бар.

Мысалы оқушылардың өз білім, дағды деңгейлерін өздерінің компьютермен тестілеуі, қашықтан мұғаліммен байланысу жағдайында оқушының электронды пошта арқылы өзін өзі бағалауы, чаттар құру және өзара байланыс жасау, оқушының білімін бағалаудың жаңа электронды «Күнделік» жүйесі. Мұндай кері байланыс негізінде «оқушы – компьютер» байланыс негізінде жүзеге асады. АКТ арқылы рефлексия жасау әдістеріне мына төмендегілер жатады:

- компьютерлік тестілеу – берілген нұсқаулыққа сәйкес оқушылардың білімдерін өздерінің бағалауы үшін қолданылады.

- «Рефлексиялық ағаш» – оқушылар қызыл, жасыл, сары алма бейнелерін ағашқа орналастырады. Мысалы:

- *қызыл* – материалды меңгердім, басқаға көмектесе аламын;

- *жасыл* – барлығы түсінікті, әлі де қиналатын тұстар бар,

- *сары* – қайталауым керек дегенді білдіреді.

- Оқушылардың рефлексиялық баспалдақтарға өздерін орналастыруы;

- «Палитра» – балалардың бағдаршамның түстеріне сәйкес сабақтағы белсенділіктерін бағалауы;

- «Көңіл-күйді бағалау» – балалар смайліктерді таңдайды, ал эксель бағдарламасы қорытындыны жасап нәтижені гистограмма түрінде экранға шығарады.

Жаңартылған білім мазмұны аясында тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдылары оқу мақсатына жетудің құралы. АКТ негізінде

оқушылардың рефлексиясын дамыту оқулық пен жұмыс дәптерлеріндегі тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырмалар негізінде жүзеге асырылады.

К.Т.Мулдабекованың пайымдауынша, тыңдалым – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «Есту арқылы түсіну». Бұл термин айтылған не техникалық аппараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғымды білдіреді [179]. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлауда қазақ тілі мен әдебиеттік оқу, шет ел тілін оқыту әдістемелері пәндерін жүргізу барысында есту арқылы түсіну, оны ойша қайтадан жеткізе алу, сөздердің мағынасын аша алу сияқты әрекеттері рефлексия жасаудың қадамдары болып саналады.

Бастауыш сыныптардағы сабақтарда АКТ барлық пәндерде қолдануға болады. Себебі бұл арқылы оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыруға, ойлауын, зейінін, қиялын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ негізінде жаңа сабақ мазмұнына байланысты интерактивтік тақтада презентациялар, әртүрлі ойын элементтерін қолдану, интернет желісі арқылы материалдар іздеу, табу, жүйелеу жұмыстарына үйретуге болады. Ал біз зерттеуіміздің негізгі мәселесі оқушылардың рефлексиясын дамытуда қолдану мүмкіндігін қарастырамыз. Бұл мақсатта ақпараттық коммуникациялық технологиялардағы пайдаланылатын әдістер бақылау, бағалау, кері байланыс жасау қызметтерін атқарады.

Дегенмен, болашақ бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың компьютерді қолдану ұзақтығы 10-15 минуттан аспауы керек екендігін білуі қажет. Бұл уақыттың сабақ барысындағы бөлінісі төмендегідей. Сабақ басында 3 минут (интерактивті тақтада сабақ тақырыбын, қойылатын оқу мақсаттарын көрсету), жаңа сабақты түсіндіру барысында 7-8 минут (презентациялар, схемалар т.б.), сабақ соңында 3-4 минут (рефлексия жасау мақсатында). Бұл талаптарды орындау оқушылардың жалықпауын, зейінінің тұрақталуын, мотивтерінің төмендемеуін қамтамасыз етеді.

Сонымен зерттеу жұмысымызда алынып отырған **«Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыда ойлауды дамыту» (RWCT) технологиясы, «ТРИЗ технологиясы» және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың** оқушылардың рефлексиялық мінез-құлқын дамытудағы әлеуетін қорытындылай келе, олардың мүмкіндіктерінің зор екендігін атап өтеміз. Қазіргі кезде қандай да бір технологияға негізделген сабақ үлгісі міндетті түрде рефлексия жасаумен аяқталады. Себебі білім саласына еніп отырған жаңа технологиялардың ерекшелігі – өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Ал дамуға тек әрекет арқылы қол жеткізіледі десек, рефлексия жасау ол – ой, интеллектуалдық, эмоционалдық, шығармашылық әрекеттер жүйесі.

Аталған технологиялардың өздеріне тән сабақ құрылымында білім алушылардың қарастырылған мәселелер бойынша ой қорытындылар жасауларына, алған білімдерінің деңгейін өздерінің бағалауларына, алдыға мақсаттар белгілеулеріне, сабақтан алған әсерлерін бейнелеп көрсетуге

бағытталған жұмыстарды жүргізу кезеңі белгілеген. Сондай-ақ осы кезеңдерде қолданылатын стратегиялары жинақталған. Біз зерттеу барысында соларды жинақтап төмендегідей етіп 13-суретте графикалық бейнесін жасадық.



Сурет 13 - Иновациялық технологиялардың оқушылардың рефлексиясын дамытуға бағытталған стратегиялары

Жұмысымыздың осы тармақшасын қорытындылай келе, өсіп келе жатқан адамның тұлғалық әлеуетін дамытып, даралық табиғатын жетілдіру үшін оның: өз тәжірибесін талдай алу, өз әрекетінің болашағын бағдарлай білу, өз бетінше шешімдер қабылдап, оның нәтижесі үшін жауапты болу, өзін басқалар қалай түсініп, қабылдап жатқанын ұғыну сияқты сапаларын қалыптастыру қажет. Толығырақ айтсақ, тұлғаның даралыққа қарай жылжуы рефлексия арқылы жүзеге асады. Сондықтан рефлексиялық біліктерді қалыптастыру ерте бастан қолға алынуы тиіс, – деген тұжырым жасаймыз.

Рефлексия оқушының есте сақтау қабілетін, ойлауын, елесін, басқалармен қарым қатынасын дамытады. Сұрақ қоя алу, қажетті ақпаратты іздеп таба білу, оны өзгертіп пайдалану, әрекеттерге, пікірлерге сыни тұрғыдан баға беру, өзгенің және өз әрекетін бағалаудағы тәуелсіздік, дәлелдей алу үшін дәйектер іздеу, пікірталасқа бейім болу, басқалармен әрекеттесе алу – бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетінің субъектісі ретіндегі рефлексиялық дамуының көрсеткіштері. Бұларды қалыптастыруға болашақ мамандарды арнайы даярлау қажеттілігі артады.

Иновациялық білімді дамыту – жаңа идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі заманның оқушысы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігі мәлім. Жұмысымызды әрі қарай болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға дайындығын қалыптастыруға бағытталған әдістемесін сипаттаумен жалғастырамыз.

## **2.2 Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау әдістемесі**

Жоғары оқу орындарындағы білім берудің басты мақсаты – болашақ мамандарды қазіргі жағдайларға бейімделуге даярлау ғана емес, жаңартылған білім мазмұнын оқып-үйренуді белсенді меңгертуге бағытталғандығында болып отыр. Сонымен қатар, өркениетті елдермен деңгейлес дамуымызға мүмкіндік беретін жаңа білім беру жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Осыған орай, бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде оқыту үдерісін тың жаңалықтарға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Сондықтан да терең білімді, өзгермелі жағдайға тез бейімделгіш, өзін өзі саналы игеретін, бәсекелестік жағдайда өресі биік, азаматтық-тұлғалық бет-бейнесі қалыптасқан, рухани жан дүниесі бай тұлға тәрбиелеу қоғамның басты мақсаттарының біріне айналып отыр.

Бұл мақсат – жаңартылған білім мазмұнын оқып-үйренудегі рефлексияның қажеттілігінен туындауда. Болашақ мамандарды бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамытудың әдістеріне үйрету белгілі бір қадамдардан тұрады. Ол жайында айтылған пікірлердің бірінде А.В.Хуторской оқушылардың сабақтағы рефлексиясын ұйымдастыру келесі қадамдарды қамтуы қажет екендігіне тоқталады:

1.Пәндік (рефлексивтіге дейін) іс-әрекетті тоқтату. Оқу пәні бойынша орындалатын іс-әрекет аяқталуы немесе тоқтатылуы қажет.

2.Орындалған әрекеттердің бірізділігін қалпына келтіру. Оқушының орындаған әрекеті, оның ойынша маңызды орындалған әрекеті ауызша немесе жазбаша түрде сипатталады.

3. Әрекеттердің тиімділігі, нәтижелілігі, қойылған міндеттерге сәйкестілігі тұрғысында, олардың құрастырылған бірізділігін мағыналау.

4. Рефлексияның нәтижелерін айқындау және құрастыру [180].

Мұндай нәтижелердің бірнеше түрі ажыратылуы мүмкін: жалпы күй – эмоционалды сезіну, психологиялық көңіл-күй; іс-әрекеттің пәндік нәтижесі идеялар, болжамдар, заңдылықтар, сұрақтарға жауаптар және т.б.; іс-әрекет барысында қолданылған немесе құрылған тәсілдер; болашақ іс-әрекетке қатынас бойынша болжамдар; тұлғалық динамика – қатысушыда не өзгерді.

Бастауыш сынып оқушыларын рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар негізінде сыни тұрғыдан дамыту тікелей мұғалімнің ұйымдастырушылық, бағыттаушылық әрекетімен, талап қою субъект-субъектілік қатынаста жүзеге асады. Оқушы өзіне қойылған талаптың қажеттілік екенін түсіну керек. Оқу үдерісінде оқушыларды рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар негізінде сыни тұрғыдан дамытуда бастауыш сынып мұғаліміне төмендегідей талаптар қойылады:

- оқушыларды педагогикалық-психологиялық тұрғыда зерттеу;
- оқушылармен жағымды орта қалыптастыру;

- оқушылардың берілген тапсырмаларға, өз іс-әрекеттеріне сыни тұрғыдан қарауына басшылық жасау;
- оқушылардың берілген тапсырмаларды сынау үшін әр түрлі жолдарын қарастырып, тиімдісін таңдап алуына нұсқау беру;
- оқушылардың талдау іс-әрекетін сыни тұрғыда бағалап, мәнін түсінуге, нәтижесін талдауға бағыттау;
- оқушылардың жүргізген жұмыстарының қорытындысын нақты дәлелдемелер арқылы топта жариялауына шығармашылық тұрғыда ықпал ету;
- оқушылардың өзін өзі бағалау, көрсету, белсендіру, жетілдіру сынды өзіндік даму қажеттіліктерін дамытуға ықпал ету;
- тапсырмалар мен жаттығуларды орындаудың оңтайлы жолдарын қолдану;
- оқушыларға берілген тапсырмаларды орынатуда олардың қызығушылын тудыру мақсатында түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану;
- оқушылардың сабақтағы іс-әрекетіне педагогикалық-психологиялық негізде талдау жасау;
- педагогикалық үдерістегі өз іс-әрекетіне сыни тұрғыда рефлексия жасау [181].

Бастауыш сыныптардағы рефлексиялық жұмыстар тек сабақ соңында жүргізіледі деген қате түсінік бар. Рефлексия ойлау әрекеті ретінде сабақтың барлық кезеңдерінде ұйымдастырылуы керек және ол жұмыстардың мақсаттары да әртүрлі. Бұл ойларымызды төменде 4-кесте арқылы келтіріп отырмыз.

Кесте 4 - Рефлексияның оқу әрекетінің әртүрлі кезеңінде қолданылуы

| Сабақ кезеңдері                                                             | Рефлексияның мақсаты                                                                                                                                           | Мазмұны                                                                                                             |
|-----------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Сабақтың басындағы рефлексиялық жаттығулар                                  | Оқушыларды оқу әрекетіне ынталандыру. Олардың жалпы және арнайы білік дағдыларының қалыптастыру шеңберінде жеке мақсаттар таңдауына көмектесу                  | Оқушылардың жалпы оқу және арнайы дағдыларын қалыптастыру шеңберінде жеке мақсаттарын таңдауда көрінеді             |
| Жаңа білімдер мен біліктер қалыптастыру кезеңіндегі рефлексиялық жаттығулар | Оқушылардың өз білетіндері мен әлі білмейтін жаңа білімдерінің шекарасын түсінуге, жаңа білімдер жинақтау үшін жасалған әрекеттердің мақсатын түзуге ықпал ету | Әр оқушы өзі үшін тақырып бойынша білім тереңдігін анықтап, тапсырмаларды дұрыс орындағандығын өз бетінше бағалайды |
| Сабақтың қорытынды бөлігіндегі рефлексиялық жаттығулар                      | Оқушылардың сабақтың мазмұндық нәтижелерін талдауға және сабақтан алған әсерлерін бағалауға көмектесу                                                          | Оқушылардың игерген білім деңгейлерін ұғынуы, алға жылжу деңгейлерін айқындау                                       |

Рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмаларды орындау барысында бастауыш сынып оқушылары өз іс-әрекетіне сыни тұрғыда қарап, ой қорытуға



дағдыланады. Оқу үдерісінде рефлексия жасау негізінде оқушының тұлғалық сапасы және өз жетістіктерін бағалауының жаңа бағыттары көрініс табады. Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмаларды орындау негізінде сыни тұрғыда ойлауын дамытуда жеке даралық ерекшеліктері ескерілу қажет. Әр сабақта берілген тапсырмалар мен жаттығулар оқушылардың өтілетін материалды өздігінен игеріп, ізденуіне, сыни тұрғыда ойлауын дамытып, кері байланыс жасауына бағытталып, ұсынылатын тапсырмалар өзіндік, жұптық, топтық жұмыс түрлерінде көрініс табу керек. Бұл өз кезегінде оқушылардың бірлескен топтық жұмыстар негізінде сыни тұрғыдан ойлауларын дамытуға түрткі болады.

Қазіргі кезде оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту оқу мен оқудағы нәтижеге жеткізетін ең тиімді тәсілдеме. Өйткені адамның жадында бірінші кезекте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны ғана қалады.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар негізінде бастауыш сынып оқушыларын сыни тұрғыдан дамыту тұтас педагогикалық үдерісте тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асып отырады.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында «Сауат ашу», «Қазақ тілі» пәндері бойынша авторлар ұжымымен бірлестікте әзірленген оқулықтар мен жұмыс дәптерлерінде, әдістемелелік құралдарда берілген рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар оқушылардың сыни ойлауын дамытуға, өз іс-әрекеттеріне кері байланыс жасау арқылы өзін өзі бағалауына бағытталған.

Жұмысымызда бұдан әрі қарай өзіміз авторлық бірлестікте «Атамұра» баспасынан 2016, 2017, 2018 жылдары шыққан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған жалпы білім беретін мектептің 1, 2, 3-сыныптарына арналған «Сауат ашу», «Қазақ тілі» оқулықтарында, жұмыс дәптерлерінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға берілген тапсырмалар мен оларды оқу үдерісінде қолдану әдістемесінен мысалдар келтіреміз. Оқулықта оқушыларды іргелі білімге емес, осы білімді іздену дағдыларына (*ойлау, оқу, сөйлеу, талқылау, жазу, пікірлесу, пікір таластыру*) үйрету мақсаты қойылады. Ол өз кезегінде «Сауат ашу», «Қазақ тілі» пәндерінің оқу-әдістемелік кешенін құрастырудағы негізгі ұстаным болып табылады.

*Оқушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері* тыңдалған материалдың мазмұнын түсінуіне, мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтауына, мазмұндауына, оқиғаны болжап, түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдануына және тыңдаушының назарын өзіне аударуына, тыңдалған материал бойынша өз пікірін айтып, берілген тақырыпқа әңгіме құрап айтуы арқылы рефлексиясын дамытуға бағытталады. Мысалы: оқулықтың «Маған ұнайтын өлеңдер» тақырыбында ұсынылған мәтіндер оқушылардың тыңдалым дағдысын қалыптастыру үшін, мәтіннің түрлерін, жанрын ажыратуға алдын ала дайындық үшін берілген. Тыңдаған мәтіндерінің қайсысы өлең? сұрағына жауап беру арқылы оқушылар өз ойымен бөлісіп, топта болжаулар жасайды. Болжау

жасауда мәтіндердің мазмұнын басшылыққа ала отырып, сыни тұрғыдан талдап, кері байланыс орнатады.

Сонымен қатар оқушылардың *тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін* сыни тұрғыдан ойлау технологиясының стратегиясы «дананың кілттері». Бұл әдісті сабақта қолданудың тиімділігі мен әдістемесін авторлар ұжымымен бірлестікте жазған 2-3 сыныптардың қазақ тілін оқыту әдістемесі құралында қысқа мерзімді жоспарда төменде 5-кестеде көрсетілгендей үлгіде қолдандық ([182]).

Кесте 5 - Қысқа мерзімді жоспар. «Дананың кілттері» стратегиясы

| Оқу бағдарламасына сілтеме                    | Оқу мақсаттары                                                                                                          | Ұсынылған оқыту іс-әрекеттері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | Мұғалімге арналған ескертпелер (оқыту әдістемесі бойынша)                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Оқыту ресурстары                                                                                                                                            |
|-----------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1.1<br>Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну. | 2.1.1.1<br>тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру | <b>(МК; Ө)</b><br>Аудио үнтаспадан мәтінді тыңдау. Мәтіндегі негізгі ойды анықтау.<br><br><b>(МК; Ұ)</b><br>Түсіндірме сөздіктен сұрақ бойынша ақпарат табу, талдау жасау білігін бағалау.<br><br><b>(МК; Т)</b><br>Топқа бірігу. Топтық тапсырмаларды орындау.<br><br><b>1-топ.</b> Ертегіні әрі қарай жалғастыру.<br><b>2-топ.</b> Ертегінің мазмұнымен жұмыс жасау, кемшіліктерді | <b>99-сабақ. Дара және күрделі зат есім 70-жаттығу.</b> Аудио үнтаспадағы « <i>Түлкі, тасбақа және кене</i> » мәтінін оқушылардың зейін қойып тыңдауына басшылық жасалады. Ертегідегі негізгі ойды анықтайды.<br><br>Оқулықтағы түсіндірме сөздікпен жұмыс ұйымдастырылады. <i>Тасбақа</i> сөзінің мағынасына назар аудартылады. Талдау жасалады.<br><br>Оқушылардың рефлексиясын, сыни ойлауын дамыту мақсатында мәтін мазмұнымен жұмыс « <b>Дананың кілттері</b> » стратегиясының көмегімен жүзеге асады. Оқушылар топтарға біріктіріледі.<br><b>1-топ. «Тағы қалай» кілті</b> – ертегіні ары қарай жалғастырады.<br><b>2-топ. «Кемшіліктер» кілті</b> – ертегі мазмұнымен жұмыс жасап, кемшіліктерді | Оқулық<br>Қазақ тілі,<br>2-сынып.<br>99-сабақ<br>«Атамұра»,<br>2017.<br>Аудио<br>үнтаспа<br><br>Түсіндірме<br>сөздік<br><br>Әр топқа<br>кілттер<br>дайындау |

5-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | 4                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              | 5 |
|---|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|
|   |   | <p>анықтау.</p> <p><b>3-топ.</b> Жинаған өнімді қалай бөліскені туралы пікір айтып, дәлелдеу.</p> <p><b>4-топ.</b> Түлкінің қылығы туралы өз көзқарасын білдіру, олардың орнында өзі болса не істейтінін айту.</p> <p><b>5-топ.</b> Кілт сөздердің тізімін жасау. Қарамен берілген сөздердің антонимін табу. Жұмыстарын топта жариялау.</p> <p><b>(МК; Ұ)</b><br/>Топтық жұмысқа өз көзқарастарын білдіріп, сабаққа рефлексия жасау.</p> | <p>анықтайды.</p> <p><b>3-топ. «Жөнсіздік» кілті</b> – Жинаған өнімді қалай бөліскені туралы пікір айтып, содан соң оны дәлелдейді.</p> <p><b>4-топ. «Егерде» кілті</b> – түлкінің қылығы туралы өз көзқарасын білдіре отырып, олардың орнында өзі болса не істейтінін айтады.</p> <p><b>5 топ. «Әліпби» кілті</b> – берілген тапсырмаға қатысты негізгі кілт сөздердің тізімін А-дан Я-ға дейін әліпби ретімен тізбектейді.</p> <p><b>«Менің сөзім»</b><br/>стратегиясы бойынша сабаққа рефлексия жасайды. Сыныптан бір оқушы тұрып, оқушылардың топтық жұмысы туралы өз көзқарасын білдіреді. Тақырыптың ашылуы, тірек сөздерді орынды қолдана алуына талдау жасайды. Айтып болған соң, басқа бір оқушының атын атайды. Сөзді сол оқушы жалғастырып, сабаққа рефлексия жасайды. Барлық оқушы сабақты қорытындылауға осы ретпен қатысады.</p> |   |

*Оқушылардың оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері* оқу түрлерін қолдануына, оқылған мәтіннің мазмұнын түсінуіне, мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажыратуына, мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білуіне, мәтіндегі сөздердің мағынасын түсінуіне, мәтіннің

түрлері мен жанрын, стилін анықтауға, түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алуға және мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау арқылы рефлексиясын дамытуға негіз болады. Мысалы: оқулықтағы «А дыбыс мен әрпі» сабағын өту барысында Әли мен Мерейдің диалогі тыңдатылады [163].

Ары қарай оқушылар 2-тапсырманы орындау барысында тыңдаған материалдарының мазмұны мен оқулықта берілген суретке сүйене отырып, өз мектептері мен суреттегі мектепті салыстырып, жұптық жұмыс жасайды. Оқушылар алғашқы күннен бастап кез келген нәрсеге сыни тұрғыда қарап, салыстырмалы талдау жасап, ой қорытуға үйренеді.

*Оқушылардың жазылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері* жоспар құруға, оқыған/тыңдаған материалдың мазмұнын жазуға, мәтінді түрлі формада құрастыруға, түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазуға және қатені табу мен түзету жұмыстарын жүргізу арқылы рефлексиясын дамытуға түрткі болады.

Мысалы: «Н дыбысы мен әрпі» сабағын өту барысында тыңдалым дағдысын қалыптасыру мақсатында мәтін берілген. Оқушылар мәтінді тыңдай отырып, іздену жұмыстарын ұйымдастырады. Тыңдаған мәтініндегі негізгі ойды анықтай отырып, мәтіндегі жасырынған сөздерді табады. Яғни оқушы сұраққа жауап болатын сөзді табу үшін, игерген біліміне сүйеніп, кері байланыс орнатады.

Немесе, оқулықтағы: Ойлан, тап. Қайсысының мекені? – тапсырмасын орындауда оқушылар берілген суретпен жұмыс жасай отырып, сұраққа жауап іздейді. Бұл өз кезегінде оқушының сыни тұрғыдан ой қорытып, өз тұжырымын топта жариялап, пікір алысуына ықпал етеді.

Оқулық 1-сыныпқа арналғандықтан рефлексияға берілетін тапсырмалар негізінен ойын немесе сабақтағы көңіл күйді білдіретін смайликтерді қолдану арқылы ұйымдастырылады.

Мысалы: «Неге? Неге? Неге?» ойыны ұжымда ұйымдастырылады. *Мақсаты:* Орындалған тапсырмалардың түйінді тұстарымен ой бөлісу және оқушылардың рефлексиялық ойлауын дамыту.

*Сипаттамасы:* Оқушылар шеңбер бойымен тұрады. Жүргізуші осы сабақта не үйренгенін айтады және соңғы сөйлемін «неге?» деген сұрақпен аяқтайды. Келесі оқушы сол сұраққа жауап беріп, қасындағы сыныптасына «неге?» деген сөзі бар сұраулы сөйлем айтады. Келесі ойыншылар да осы әрекеттерді тізбек бойынша жалғастырады. Ойынның соңында оқушылар орындалған тапсырмаларды еске түсіріп, олардың түйінді тұстарымен ой бөліседі.

«Қол белгісі» де ұжым боп рефлексия жасауға баулитын ойын түрі. *Мақсаты:* оқушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту.

*Сипаттамасы:* Мұғалім оқушылардан тақырыпты түсінгендігін немесе түсінбегендігін қол белгілері арқылы көрсетуді сұрайды. «*Мен түсініп отырмын және түсіндіре аламын*» дегендер қолдың бас бармағын жоғары бағыттайды. «*Мен әлі түсінбей отырмын*» дегендер қолдың бас бармағын жанына қарай жантайтады. «*Мен түсінгеніме сенімді емеспін*» дегендер қолды

бұлғайды. Осы белгілерге сүйеніп мұғалім сабақтың қай деңгейде өткенін біле алады.

Сонымен қатар оқулықта берілген тапсырмаларды орындата отырып, әр қатардағы жеке суреттерден «Сауат ашу» оқулығының кейіпкерлері – Әли мен Мерейдің есімдерін оқушыларға тапқызу. «Бұлар оқушылар ма, әлде балақайлар ма?» сұрағына жауап іздетіп, олардың өздері сияқты бірінші сынып оқушылары екеніне дәлелдетуге берілетін тапсырмалар өте көп. Мысалы, осындай тапсырмалардың бірінде оқушылар өз есімдерін суреттердің көмегімен шығарулары керек. Ол үшін алдын ала дайындалған бірнеше сурет қиындылары таратып беріледі. Сабақтан алған әсерлерімен ой бөлісіп, өз әсірелеріне көңіл-күйді білдіретін «смайликтер» әдісі арқылы рефлексия жасатылады.

Жұмыс дәптері – «Сауат ашу», «Қазақ тілі» оқулықтарының бөлінбес бір бөлігі. Дәптермен жұмысты дұрыс ұйымдастыру оқушылардың жазу дағдысын жетілдіріп қана қоймайды, сонымен бірге өз іс-әрекетіне кері байланыс жасауға, өзін өзі бағалауға үйретеді. Мұндай тапсырмалардың тек білімді тұлға ғана емес, рефлексиялық тұлға қалыптастыруға ықпал ететіні сөзсіз. Жұмыс дәптеріндегі «Өз жұмысыңды бағала!» тапсырмасының әр сабақ сайын оқулықта берілмейтіні анық. Демек оқушының күнделікті сабақта жұмыс дәптерінде орындаған жазу жұмыстарын сауаттылығы, көркем жазуы, шығармашылық әлеуетінің дамуы тұрғысынан өзіндік бағалауы – заман талабы.

Оқушының жұмыс дәптері арқылы өз іс-әрекетіне кері байланыс жасауы, өзін өзі бағалауы жаңартылған білімге жаңаша көзқарастан туындап отырғанын мойындауымыз қажет. Жұмыс дәптерлерінде рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар әр түрлі үлгіде көрініс тауып, оқушының саналы, мазмұнды, сыни ойлауына және өз іс-әрекетіне рефлексия жасауға жетелейді. Оқушы өзінің біліміне сын көзбен қарап, қатесін анықтап, өзіне баға беруге үйренеді. Рефлексиялық жаттығулар проблемалық жағдаятқа ұқсайды да, белгілі бір тапсырмаларды орындауда оқушы ойлану, іздену жолынан өтеді. Рефлексиялық жаттығулар көп жағдайда мәтін арқылы жүзеге асады.

Жұмыс дәптерінің ерекшелігі, оқушылардың өзін өзі бағалауына, сабақтағы іс-әрекетіне кері байланыс жасауына берілген рефлексиялық тапсырмалар. Олар: көңіл күйді білдіретін смайликтер (14-сурет) [183, 18 б.], өз жауабыңның дәлелі (15-сурет) [183, 16 б.], бес саусақ (16-сурет) [183, 5 б.], табыс ағашы (17-сурет) [184, 25 б.], бір сөзбен... (18-сурет) [183, 31 б.] т.б.



Бүгін сабақта өтілген тақырыпты меңгергеніңе қаншалықты сенімді болдың?



Мүлде  
сенімсізбін



Сенімсізбін



Аздап  
сенімдімін



Сенімдімін



Өте  
сенімдімін

Сурет 14 - Көңіл күйді білдіретін смайликтер



«Өз жауабыңның дәлелі». Берілген сөйлемдерді керекті сөздермен толықтыру арқылы сабақтағы өз іс-әрекетіңе кері байланыс жаса.

1. Сабақ мен үшін \_\_\_\_\_ болды, себебі \_\_\_\_\_

2. Сабақтағы ақпарат мен үшін \_\_\_\_\_ болды, өйткені \_\_\_\_\_

3. Менің сабақтағы өз жұмысыма \_\_\_\_\_ себебі \_\_\_\_\_

Керекті сөздер:

|          |            |                  |
|----------|------------|------------------|
| қызықты  | түсінікті  | көңілім толады   |
| қызықсыз | түсініксіз | көңілім толмайды |

Сурет 15 - Өз жауабыңның дәлелі



«Бессаусақ». Сұрақтарға жауап жазу арқылы сабақтағы өз іс-әрекетіңе кері байланыс жаса.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгінгі сабақтағы ең қызықты тапсырма.

Балаң үйрек – бірлесу. Мен топта/жұпта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмек бердім?

Ортан терек – ойлану. Мен бүгін қандай білім алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл күй ахуалы. Мен сабақта өзімді қалай сезіндім?

Сурет 16 - Бес саусақ рефлексиялық тапсырмасы



«Табыс ағашы» стратегиясы. Оқушыларға арнайы парақтар үлестіріп беріледі.

Бүгінгі өткен сабақ бойынша табыс ағашын тиісті жапырақтың түсімен боя.



— қиындықтар кездесті.



— барлық тапсырмалар дұрыс орындалды.






— қателіктер көп.



Сурет 17- Табыс ағашы



«Бір сөзбен...» Төмендегі сөздерден сабақтағы көңіл күйіңді білдіретін бір сөзді белгіле. Парталас досыңа ол сөзді не үшін таңдағаныңды айтып, өз ойыңмен бөліс.



Сурет 18 - Бір сөзбен ...

Жұмыс дәптеріндегі «Өз жұмысыңды бағала» тапсырмасы арқылы оқушы сауатты және көркем жазуын, орындаған шығармашылық жұмысының дұрыстығын үш түрлі қарындашпен бояп бағалайды. Ол әр сабақ соңында берілген үш дөңгелек-шартты белгі арқылы жүзеге асады:

«жасыл» түс – «Бәрекелді!»,

«көк» түс – «Жарайсың!»,

«қызыл» түс – «Ойлан!».

Бағалаудың бұл шартты белгілері жұмыс дәптерлерінің 2-бетінде берілген (сурет - 19) [183, 184].



Сурет 19 - Өз жұмысыңды бағала тапсырмасы

Рефлексиялық жаттығулардың бірі тестік тапсырмалар. Жұмыс дәптерлерінде баламалы тест, дұрыс тізбекті орнату тесті, сәйкестендіру тестері мен дұрыс жауапты таңдау тестері берілген (20-сурет) [183, 23 б.].



### 1. Толықтыр.

*Заттың біреуге меншікті екенін білдіретін жалғауларды \_\_\_\_\_ деп атайды.*  
*Тәуелдік жалғаулары \_\_\_\_\_ түрінде айтылады.*

### 2. Сәйкестендір

|                                                       |                  |
|-------------------------------------------------------|------------------|
| Түбір сөзге жұрнақ жалғану арқылы жасалған зат есімді | Негізгі зат есім |
| Түбір сөзден болған зат есімді                        | Туынды зат есім  |

Сурет 20 - Толықтыру және сәйкестендіру тесті

Сонымен қатар жұмыс дәптерлерінде оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған бес жолды өлең, жұмбақ құрастыру, сөзжұмбақтар сынды бірқатар тапсырмалар берілген. Оқулықтағы нәтиже сабақтарда ұсынылған барлық тапсырмалар мен жаттығулар оқушылардың әр бөлімнен игерген білімдеріне сыни тұрғыда қарап, кері байланыс жасап, игерген білімдерін пысықтап, ой қорыту мақсатында ұсынылған.

Осы мақсатта жоғары оқу орнындағы оқу үдерісі бұрынғыдай дайын білім беруге емес, заман талабына сай жаңартылған білім мазмұнын оқып-үйренуде



студент бойында білім, білік, дағды қалыптастыра алатындай бағытта жоспарлануы керек. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлаудағы дербес пәндерді оқыту әдістемесі негізінде оқытушы студенттердің берілген материалды өздері түсініп, сол тақырып төңірегінде өзіндік ой айта алатын, ойлау шеңберін кеңейетін тапсырмаларды дайындауы қажет. Оқытушы оқу үдерісінде студенттерге білім мазмұнын оқып-үйренудегі сыни тұрғыдан ойлау технологиясы негізінде: «Оқушылар сабақта нені білу керек?», «Қалай білу керек?», «Не үшін білу керек?», – деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдерін меңгерте отырып, сабақты өткізу барысында: «Мен нені бақыладым?», «Ойлаған ойым жүзеге асты ма?», – сұрақтары туындаған кезде өзінің іс-әрекетіне талдау жасап, өзін өзі бақылып, өзін өзі жетілдіріп, ой қорытып, өзін өзі бағалау арқылы рефлексия жасай алуына бағытталған жұмыстарды ұйымдастыруы қажет.

Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау технологиясына негізделген сабақтарда «Ойлан-жұптас-талқыла» стратегиясын қолдануда студент ұсынылған тапсырма бойынша жеке, жұппен, топпен талқылаулар жасап, ортақ шешімге келеді. Бұл жағдайда студенттер бұрынғы игерген білімдерін жаңғыртады, тиісті ақпаратты талдап, жинақтайды. Тәжірибе, бақылау, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және жинақтау жасай алады.

Оқушылардың оқу материалдарын оқушылардың қабылдау мүмкіндіктерін барлық арнайы бейімделген тапсырмалар көмегімен жетілдіру мүмкіндіктері, оқушылардың оқу іс-әрекетіне рефлексивтік қатынастарын қалыптастыруды кезең бойынша жүзеге асыруға болатындығы теориялық және практикалық тұрғыдан негізделеді.

Рефлексия түрлері:

а) жеке, өзіндік-өзін шынайы түрде бағалауды қалыптастыру

б) топтық – топтағы алға қойған міндеттерді шешуде жетістікке жету үшін талпынған әрбір оқушыға баға беру (мысалы, егер ... (оқушының аты) болмағанда біз жетістікке жете алар ма едік немесе топтық жұмыста ол қандай көмек көрсете алды).

Жеке рефлексияны қалыптастыруда сауалнама жүргізу, «Жауабын тап», «Егер, сен ... ?» сияқты жұмыс түрлерін жүргізуге болады. Топтық рефлексияны қалыптастыруда «Миға шабуыл», «Қадам бас» сияқты тәсілдерді пайдалану өте тиімді. Сабаққа педагог тек оқушыларды ғана рефлексияға үйретіп қана қоймай, өз ісін де бағалау үшін өзіне «Мен қандай жұмыстар жүргізіп жатырмын?», «Қандай мақсатпен?», «Қай жерден қателік кетті?», «Әрі қарай қалай жұмыс жасаймын?» т.б сұрақтарды қою барысында өзіндік рефлексиясы дамиды.

*Олай болса, рефлексия – даму кілті, сабақтағы рефлексия – оқу үдерісінде жүзеге асырылатын мұғалім мен оқушының бірлескен шығармашылық іс-әрекеті.*

Күнделікті сабақта бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырмаларды қосымша орындатып отыру оқушылардың

қызығушылығын, танымдық ізденімпаздығын, оқу белсенділігін арттырады, олардың оқу іс-әрекетіне рефлексивтік қатынастарын қалыптастыруды жеделдетеді.

Зерттеу тақырыбына қатысты еңбектерді талдау барысында, біз бастауыш сынып оқушыларының рефлексиялық қабілетін дамытуға бағытталған стратегияларды былайша топтастырдық (6-кесте):

Кесте 6 - Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиялық қабілетін дамытуға бағытталған стратегиялар

| Стратегиялар                | Қолданыстары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|-----------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қол белгісі                 | <p>Мұғалім оқушылардан тақырыпты түсінгендігін немесе түсінбегендігін қол белгілері арқылы көрсетуді сұрайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- <i>Мен түсініп отырмын _____ және түсіндіре аламын.</i> (қолдың бас бармағы жоғары бағытталады)</li> <li>- <i>Мен әлі түсінбей отырмын _____</i> (қолдың бас бармағы жанына қарай жантаяды)</li> <li>- <i>Мен түсінгеніме сенімді емеспін _____</i> (қолды бұлғау)</li> </ul> <p>Осы белгілерге сүйеніп мұғалім сабақтың қай деңгейде өткенін сабақтайды.</p> |
| Бағдаршам                   | <p>Әрбір оқушыға бағдаршам түстеріне сәйкес карточкалар таратылады. Мұғалім олардың сабақты меңгергендеріне байланысты карточкаларды көтеруін сұрайды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жасыл карточка көтерген оқушылар – барлығын түсінді. - Не түсіндіңіз?</li> <li>- Сары және қызыл карточка көтергендер: - Сіздерге не түсініксіз?</li> </ul> <p>Бұл жүйе арқылы тақырыпты пысықтауға немесе әлі де жетілдіру керектігін білуге болады.</p>                                                            |
| Бір минуттық эссе           | <p>Бірминуттық эссе – тақырып бойынша пысықтаудың біржүйесі. Эссе жазу үшін мұғалім бірнеше сауал қояды.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бүгінгі білгеніңнің ең маңыздысы?</li> <li>- Қай сұрақтар сен үшін түсініксіз?</li> </ul> <p>Сабақ соңында, келесі сабақта қай тақырыпты өтетіндігі жайлы хабарлайды.</p>                                                                                                                                                                                          |
| Оқушылармен жеке әңгімелесу | <p>Ұстаз оқушылармен олардың деңгейі мен түсініктерін байқау үшін жеке әңгіме жүргізеді.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| Үш минуттық үзіліс (пауза)  | <p>Ұстаз қатысушыларға сабақтың идеясы жайлы ойлануына, алдыңғы өткен тақырыптармен, білімімен және тәжірибесімен байланыстыруға, сонымен қатар түсінбеген жерлерін анықтауға үш минуттық үзіліс береді.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| Үш минуттық үзіліс (пауза)  | <p>Ұстаз қатысушыларға сабақтың идеясы жайлы ойлануына, алдыңғы өткен тақырыптармен, білімімен және тәжірибесімен байланыстыруға, сонымен қатар түсінбеген жерлерін анықтауға үш минуттық үзіліс береді.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| Температураны өлшеу         | <p>Бұл әдіс оқушылардың тапсырманы дұрыс орындап жатқандықтарын тексеру үшін қолданылады.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |

6-кестенің жалғасы

| 1                                           | 2                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|---------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                             | Ол үшін оқушылардың іс-әрекеттері тоқтатылады және ұстаз «Біз не істеп жатырмыз?» деген сұрақ қояды. Оқушылардың осы сұраққа жауап беруіне қарай мұғалім олардың тапсырманың негізгі шартын түсінгендіктері немесе оны орындау барысы жайлы мағлұмат алады. Кейбір жағдайда ұстаз жұптардың немесе топтардың бірінен тапсырманы қалай орындап жатқандықтары жайлы айтып берулерін ұсынады.                                                                                                                                                                                |
| Қысқы-тест                                  | Қысқа-тест қатысушылардың нақты білімін, шеберлігін және дағдысын, яғни қандайда бір материалдың нақты мағлұматтарын білетіндігін бағалайды. Бұл тесті: Берілген көп жауаптардың ішінен дұрыс немесе қате жауап ішінен таңдау арқылы орындайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Элективтік тест (таңдаулы)                  | Мұғалім әрбір оқушыға «А,В,С,Д» әріптері бар карточкаларды таратып шығады да, олардан дұрыс жауаптарын карточкаларын көтерулері арқылы білдірсін дейді. Ұстаз міндетті түрде оқушыларға ойлануға 20 секунд береді. Ұстаз қатысушылармен жауаптардың әр түрлі нұсқаларын талқылап, оларға өздерінің таңдауларын түсіндіріп берулерін ұсынады.                                                                                                                                                                                                                              |
| Күнделікті өзін өзі бағалау журналы         | Күнделікті өзін өзі бағалау журналы мұғалім оқушылардың сабақ барысында қабылданған білімін, дағдылары мен шеберліктерін бағалауға және оларды қандай әдіспен жүзеге асырғандарын қадағалау үшін құрылады. Күнделік ұстазға оқушылардың алға жылжу деңгейлерін және соған сәйкес білімдерін әрі қарай жетілдіруі үшін жәрдемдеседі.                                                                                                                                                                                                                                       |
| Формативті сұрау                            | Бұл әдіс презентациядан кейін бірден немесе қандайда бір сабақтағы тексеруге арналған. Мұғалім «Неге? Қалай? Қайтіп?» деген қосымша нақтылау сұрақтарын қояды. <ul style="list-style-type: none"> <li>- Олар несімен ұқсас әлде айырмашылығы қандай?</li> <li>- Мінездемесі қандай _____?</li> <li>- Ондағы негізгі идеясы, тұжырымдамасы қандай?</li> <li>- Сіз қандай идея немесе қосымша мағлұмат қоса аласыз?</li> <li>- Сіз қандай қорытынды жасай аласыз?</li> <li>- Сіз не істеуді ұсынасыз?</li> <li>- Қандай әдістер мен тәсілдерді қолдануға болады?</li> </ul> |
| Жазбаша түсініктеме (жазбаша кері байланыс) | Жазба жұмыстарын тексере отырып, дұрыс жерлерін бір түспен, ал әрі қарай жетілдіру керек жерлерді екінші бір түспен белгілеп қоюға болады. Жазба жұмыстарға түсініктеме бергенде еске салу, ой айту немесе мысалдар көрсетуге болады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| Сөздік бағалау (ауызша кері байланыс)       | Бағалау түрінің ең көп тараған түрі:<br>Мұғалім оқушыны жаттығуларды жақсы орындағаны үшін мақтады, осылайша ауызша кері байланыс орнатты. Осыған орай оқушылар берілген материалды немесе мағлұматты сәтті ұққандары                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |

## 6- кестенің жалғасы

| 1                                          | 2                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
|--------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                            | жайлы түсінуіне болады. Мұғалім оқушыға жаттығуды орындағандағы қателерін көрсетеді. Ол оның жұмысына ешқандай белгі қоймайды, бірақ оны бағалайды. Нәтижесінде оқушылар жетістікке жетулері үшін одан әрі биік нәтижелерге жетуі керек деп ұйғарады.                                                                                                                                                                  |
| Өзін өзі бағалау                           | Бұл әдісте қатысушылар өздерінің білімдері жайлы мағлұмат жинайды, оларды талқылап, алға жылжуларына қорытынды жасайды. Өзін өзі бағалауды жүргізгендегі міндетті шарттары – оқушылардың оқытылатын тақырыпты өтер алдында және жұмысты орындар алдында олар барлық жұмысты бағалау межелерімен (критерий) таныс болулары қажет.                                                                                       |
| Екі жұлдыз және тілек (бірін-бірі бағалау) | Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық жұмыстарын, яғни шығарма, эсселерін бағалауға қолданылады. Мұғалім, оқушыларға сыныптастарының жұмыстарын тексеруді ұсынады. Оқушылар бір- бірінің жұмыстарын тексеру кезінде олар жұмыстарды бағаламайды, ал ондағы екі оң сәтті анықтап және бағыт береді. Олар «Екі жұлдыз» – бір сәт, яғни толыққанды жұмыс, ал екінші бірі «Тілек», мұнда одан әрі жұмысты толықтырулары қажет. |

Оқушылардың рефлексиясын дамытуға негізделген бұл стратегиялар жаңартылған білім беру мазмұны аясында авторлар ұжымымен бірлестікте әзірленген жұмыс дәптерлері мен оқыту әдістемелерінде көрніс тапқан.

Рефлексиялық қабілетті сабақ барысында ұйымдастыруға, оқылып отырған мәселеге қарым-қатынасын анықтауға көмектесетін, бұрынғы білім мен жаңа білімді байланыстыратын тәсілдің бірі – Синквейн.

Бұл тәсіл өткен материалды бекіту мақсатында американдық ақын Аделаида Крэпси жапондық «хокку» және «танка» тәсілі арқылы «Сингквейн» әдісін ойлап тапқан. Танка (短歌) келбетіндегі өлең 5 жолдан құрылады және осы жолдардағы сөздердің буын санының реті заңды түрде 5-7-5-7-7 болып келуі шарт. Ал, Жапониядағы Мурамачи дәуірінде оны жазатын ақындар айтысында олардың бірі бастапқы 3 жол шумағын жазса, қарсыласы қалған 2 жолын жалғастырып, өзара тапқырлықтары мен шешендіктерін сынасып, сайысқа түсетін болған. Сол кезден бастап танканың бастапқы 3 жол шумағы хокку (発句) деп аталған және жүре келе хокку өз алдына бөлек тапқақ ретінде қабылданған. Кейін XIX ғасырда белгілі жапон ақыны Масаока Шики (正岡子規) оны хайку деп атауды ұсынып, бүгінде сол атау қолданылады.

Осы «Сингквейн» тәсілі бастауыш сынып оқушыларының рефлексиялық қабілетін қалыптастыруда тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

*Синквэйнді жазу ережесі:*

1. Бірінші жолда өтілген тақырыптың аты бір сөзбен (зат есіммен) айтылады.

2. Екінші жол – тақырыпты екі сөзбен (сын есім) сипаттау;

3.Үшінші жол – тақырып төңірегінде іс-әрекетті 3 етістік) сипаттау.

4.Төртіншісі – тақырыпқа қатысты 4 сөзден тұратын фраза.

5.Тақырыптың мәнін ашатын, қайталайтын 1 сөздің синонимі.

Бұл әдісті қазақ мектептерінде мұғалімдердің тәжірибесінде «Бес тармақ», «Бес жолды өлең» деп аударып, қолданып жүр.

Мысалы, 3-сыныпқа арналған қазақ тілі оқулығының жұмыс дәптерінде «Бес жолды өлең» стратегиясы 21-суретке сәйкес төмендегідей берілген [183, 24 б.].



«Биші» тақырыбына үлгі бойынша бес жолды өлең құрастыр.

Үлгі:


Зат есім (1)

Сын есім (2)

Етістік (3)

Сезімді білдіретін тіркес (4)

Синоним (1)



---

---

---

---

---

### Сурет 21 - «Бес жолды өлең» стратегиясы

Психологияда және тұрмыстағы мағынасына қарайтын болсақ, рефлексия адамның өзіндік талдауы, өз жағдайын, қылықтарын, өткен оқиғаларға талдау жасауы. Оның барлығы адамның даму деңгейінен: білімділігінен, моральдік сезімі мен өзін өзі бақылау дәрежесінен байланысты. Қазіргі таңда оқушылардың өз әрекетіне рефлексия жасаудың көптеген түрлері бар.

Соның бірі ретінде бастауыш сынып оқушыларына эссе жазуға үйретудің маңызы ерекше. Жалпы, «эссе» сөзі орыс тіліне француз тілінен енген және оның тарихы латынның *exagium* (өлшеу, таразылау) сөзінен бастау алады. Француздың «*essai*» сөзін тура аударғанда тәжірибе, сынама, қадам, очерк деп беруге болады. Оқушыларды өз жасаған әрекеттеріне өзіндік баға беруге үйретуде эссе таптырмайтын құрал деуге болады. Эссе – бұл еркін композицияға құрылған, көлемі шағын прозалық шығарма. Нақты бір мәселеге байланысты адамның жеке әсерін және түсінігін білдіретін, сонымен қатар, пәнді анықтайтын трактовканы беруге тырыспайтын туынды. Л.П. Крысинның «Толковый словарь иноязычных слов» деген еңбегінде эссе «жүйеленген ғылыми түрде емес, еркін үлгіде қандай да бір мәселені сөз ететін очерк» деп берілген. Ол – ауызекі сөйлеу тіліне бағытталған, ерікті түрде, көбінде пародаксалды мазмұндалатын автордың дара ұстанымын танытатын проза түріндегі философиялық, әдеби-сын, тарихи-библиографиялық, публицистикалық жанр [185].

Энциклопедияда: «Эссе – бұл жеке тақырыпты түсіндіретін және соған байланысты әсері мен түсінігін беруге тырысатын шағын көлемді және еркін композициялы прозалық шығарма», – деп берілген [186]. Эссе соңғы жылдары танымал бола бастады. Бұл жанрды қалыптастырушы ретінде М.Монтень («Опыты», 1580ж.) саналады. Бүгінгі таңда эссе жиі қолданылатын тапсырма түрі ретінде ұсынылады. Эссе жаза отырып та, адам өзінің әрекетіне есеп беріп, алдына жоспар құрады. Сондықтан, оны рефлексия түрінде қарауға болады.

ТРИЗ технологиясының рефлексиялық әдістерін пайдаланудың әдістемесіне тоқталайық. 1-сыныпта «Сауат ашу» пәнінен «Жануарлар» тақырыбын өткен кезде сабақтың рефлексиялық-бағалау кезеңінде «жүйелік оператор» стратегиясын топтық жұмыс ретінде қолдандану өте тиімді.

Нысан ретінде түлкіні алынып, оқушыларға түлкінің бейнесі бар суретті көрсетіп төмендегі сұрақтар қойылады:

1. Бұл не?
  2. Денесі қандай бөліктерден тұрады?
  3. Қайда мекендейді?
  4. Оның қандай пайдасы бар?
  5. Түлкінің өсуі үшін не керек? Ол енді қандай болды? Бұрынғы нысаннан несімен ерекшеленеді? Енді қандай қызмет атқарады?
  6. Енді негізгі мекендейтін жері қайда? Түлкіге өмір сүру үшін не қажет?
- Жұмыс барысында төменде көрсетілген 7- кесте алынады.

Кесте 7 - Жүйелік оператор: түлкі

|               |                     |              |
|---------------|---------------------|--------------|
| Түлкі         | Денесінің бөліктері | Жабайы аңдар |
| Дала санитары | Түлкі мен түлкішек  | Орман        |

Оқушылар, сұрақтарға жауап бере отырып, жаңа сабақтан игерген білімдерінің қаншалықты деңгейде екенін көрсетеді. Олар әріптерді толық өтіп болмағандықтан, ұяшықтағы жазуларды оқи алмайды. Сол себепті сұрақтарға толық, дұрыс жауап берген оқушылар, алдын-ала дайындалған суреттердің арасынан, әр сұраққа сай келетін суреттерді таңдап алып, сол ұяшыққа өздері орналастыра алады. Себебі, тапсырманы оқушылар өздері орындағанда ғана белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттырады.

«Жүйелік оператор» стратегиясын 1-сыныпта қолдану өте тиімді. Бұл стратегияны оқушылар толық түсініп меңгергеннен кейін, оны үнемі топтық жұмыс ретінде ұсынып отыруға болады. Сабақтың рефлексиялық-бағалау кезеңінде «Жүйелік оператор» стратегиясын топтық жұмыс түрінде ұсынғанда, кесте бойынша барлық оқушылар шығармашылықпен жұмыс жасап, ой қозғап, игерген білімдеріне кері байланыс жасай алады.

Рефлексия күнделікті оқу үдерісі кезінде жүргізілген жағдайда оқушыға жеке даму траекториясын анықтауға, өз жұмыстарын өңдеуге және жоғары нәтижеге жетуге көмектеседі. Ал мұғалімге оқушының материалды қаншалықты меңгергені туралы ақпарат жинақтауға, талдауға және жоспарлауға мүмкіндік береді. Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиялық

қабілеті оқыту үдерісінде жүзеге асады. Бұл үдеріс баланың өз бетінше білім алуымен, өзін өзі бағалай алумен, өзін өзі реттеумен тығыз байланысты. Дәстүрлі оқытуда мұғалім дайын білімді оқушыларға өзі мазмұндап айтып беретін, ал оқушы дайын нәрсені алып, рефлексия туралы сөз болмайтын. Ал қазіргі оқыту жағдайында жаңа талпыныс, жаңа ашылған жолдың бірі – білім берудің жаңа жүйесінің жасалуы.

Оқу әрекетіне деген рефлексивті қатынасты қалыптастыру – өздігінен білім алудың, өз бетімен ізденудің, өзін өзі тексерудің, өзін өзі бақылаудың, өзін өзі бағалаудың кешенді қамтамасыз етудің негізгі құралы болып табылады. Оқу әрекетіндегі рефлексия – оқу әрекетін жүзеге асырып субъекттің ойлау, қабылдау қабілетін жандандырады. Себебі оқу әрекетіндегі рефлексия арқылы оқушы өзінің даралығына, өз ойының дұрыстығына, өзі орындаған тапсырмаларды талдау, бағалау арқылы көз жеткізсе, оқу әрекеті өз пікірін таразылап түсінуге, өз ойын дәлелдеуге мүмкіндік алады. Оқушы рефлексия арқылы өз оқу әрекетінің тәсілін түсініп білімді саналы меңгере алады, яғни рефлексия – оқушыға алынған нәтижені талдауға, алдағы жұмыстың мақсатын анықтап, оған жету жолын өңдеуге үйретеді, өзін өзі тексеріп, оқу қызметін бағалауына мүмкіндік береді. Сондықтан да рефлексия – өзін өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бақылаудың, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы.

Өкінішке орай, практикада бастауыш мектеп оқушылары өткен материалдың мәніне көп көңіл бөлмейтінін, қойылған талаптарды шала түсінетіні, тек нәтижені ғана тексерумен шектелетіндігі байқалады. Соның нәтижесінде оқушы өз әрекетін талдай, бақылай білмейтіндігін көрсетті. Өздеріне деген сенімсіздіктері байқалады. Міне, сондықтан да оқушыларда оқу әрекетіне деген рефлексивті қатынасты қалыптастыру өте қажет.

Рефлексияны тек сабақтың соңында ғана емес, сабақтың кез келген кезеңінде жүргізуге болады. Рефлексия жүрген жолыңды саналы түрде ой елегінен өткізу, байқағаныңды, ойларыңды, түсінгеніңді жинақтау деген сөз. Рефлексия арқылы оқушы сабақтағы өз әрекетін бақылап, бағалап қана қоймайды, сонымен бірге өзінің қабілетін басқалармен салыстыруға мүмкіндік алады.

Оқу материалының мазмұнының рефлексиясын ұйымдастыру үшін бастауыш сыныптарда мына төмендегідей тәсілдерді қолдану тиімді. Соның бірі сұрақтарға жазбаша жауап беру. Бұл стратегияны бастауыш мектептің 3-4 сыныптарында қолдануға болады.

- 1 Мен бүгін білдім...
- 2 Қызықты болды...
- 3 Қиын болды...
- 4 Мен тапсырманы орындадым...
- 5 Мен түсіндім...
- 6 Енді мен келесіде ...орындалам
- 7 Мен бүгін сезіндім...
- 8 Мен бүгін ... таптым

- 9 Мен... үйрендім...
- 10 Менде бүгін сәтті шықты ...
- 11 Мен ...істей алдым
- 12 Мен...орындап көремін
- 13 Мені тақалдырды...
- 14 Бүгінгі сабақ өмір үшін...берді
- 15 Мен ... істегім келеді

Келесі стратегия «*Плюс. Минус. Қызықты*» (8-кесте) деп аталады. Оқушы кестеге сабақтың өзіне ұнаған тұстарын түстер бойынша берілген ұяшықтарға түсіреді. Сабақтың алғашқы минуттарынан бастап аяғына дейінгі уақыт аралығында өзінің жасаған әрекеттерінің қайсысы ұнағандығы, не нәрсеге көңілі толмағандығы және жасаған қандай жұмыс түрі ол үшін қызықты болғандығын оймен қайта шолып, кестеге түсіру өте жоғары деңгейдегі кері байланыс жұмысы.

Кесте 8 - «Плюс. Минус. Қызықты» стратегиясы

| плюс | Минус | Қызықты |
|------|-------|---------|
|      |       |         |

Білім бекіту кестесі. «ББҮ» кестесі Бұл кесте алдыңғыға қарағанда күрделірек, себебі бұрынғы біліміме «жаңадан не қостым» деген іштей сараптама арқылы толтырылатын және сабақта талқыланған мәселеге қатысты алдыда тағы да қандай өз бетімен ізденістер жасау керектігін айқындайтын «білгім келеді» деген бағандарды толтыру сұралады. Рефлексиялық бұл әдісті бастауыш мектептегі «қазақ тілі», «әдебиеттік оқу», «жаратылыстану», «математика» сабақтарында қолдану тиімді. Сондай-ақ біз студенттермен жүргізген сабақтарымызда да үнемі қолдандық. Сонымен қатар бұл стратегия қазақ тілін оқыту әдістемесінде төмендегідей үлгіде берілді (22-сурет) [187].

| I. Бағдарлау-мотивациялық кезең (5 минут)  |                                                                                                                  |               |                              |          |
|--------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|------------------------------|----------|
| 3 минут                                    | «Ойлан-жұптас-талқыла» стратегиясы.<br>«ББҮ» кестесімен жұмыс.                                                   |               | «ББҮ»<br>кестесімен<br>жұмыс |          |
|                                            | Білемін                                                                                                          | Білгім келеді |                              | Үйрендім |
|                                            |                                                                                                                  |               |                              |          |
|                                            | Кестенің алғашқы екі бөлігін толтыру. Жұбымен ой бөлісіп,<br>талқылау.                                           |               |                              |          |
| III. Рефлексиялық-бағалау кезеңі (5 минут) |                                                                                                                  |               |                              |          |
| 3 минут                                    | «Ойлан – жұптас – талқыла» стратегиясы.<br>«ББҮ» кестесімен жұмыс.                                               |               | «ББҮ»<br>кестесімен<br>жұмыс |          |
|                                            | Білемін                                                                                                          | Білгім келеді |                              | Үйрендім |
|                                            |                                                                                                                  |               |                              |          |
|                                            | Кестенің үшінші бөлігін толтыру. Жұбымен ой бөлісіп,<br>талқылау. Топта жариялап, диалог құрау арқылы ой бөлісу. |               |                              |          |

Сурет 22 - «ББҮ» стратегиясы



«Бағдаршам» стратегиясы. Оқушыларға бағдаршамның түстерін қолдана отырып сабақты бағалау тапсырылады.

Ондағы қызыл түс: сабақтың пайдасы аз болды, бірақ мен әңгіме не туралы екенін түсіндім. Маған ол маңызды емес, үй тапсырмасын орындаған жоқпын, өйткені мен ол тақырыпты түсінген жоқпын дегенді білдіреді.

Сары түс - сабақ қызықты болды, сол себепті мен сабаққа белсенді қатыстым. Сабақ мен үшін маңызды болды, берілген тапсырмаларға жауап бердім. Мен сабақта біршама жұмыс істедім және өзімді жақсы сезіндім.

Жасыл түс - сабақ мен үшін пайдалы болды. Мен сабақта тиімді жұмыс істедім, мен көп нәрсені білдім. Сабақты түсіндім, мен өзіме лайықты бағамды алдым дегенді білдіреді. Оқушылардың сабақ басындағы, сабақ барысындағы және сабақтан соң жүргізілетін рефлексиялық жұмыстары негізінен топтық жұмыс түрінде жүзеге асады. Олай болса мұғалім міндетті түрде мұндай рефлексиялық жұмысты ұйымдастырудың әдістемесін білуі керек деп санаймыз.

Сабақта топтық жұмысты ұйымдастыру. Сабақтың сапалығы көп жағдайда оқушылардың сабақта тиімді жұмыс істеуіне байланысты болады. Сабақты жоспарлау мен өткізуде тек негізгі сәттерін ғана емес, кішігірім нәрселерді басынан аяғына дейін дұрыс ойластырған жөн. «Топтық жұмыс» термині барлық ұстаздарға таныс болғанымен, біз практикада көптеген қиындықтарға тап боламыз және оларды бізге шешу қажет.

Топтық жұмысты ұйымдастырудың артықшылықтары игеретін материалдардың көлемі мен оларды түсіну қажеттілігі артады. Жаппай оқытуға қарағанда, ұғымдарды, түсініктерді, дағдыларды қалыптастыруға аз уақыт жұмсалады, жұмыс атмосферасын қалыптастыру, оқушылардың танымдық белсенділігі мен шығармашылықпен жұмыс істеуі артады, оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсарады, өзіне сын көзбен қараушылық артады. Сыныптастарымен жұмыс істеп үйренген оқушы өзінің қабілетін дұрыс бағалай және жақсы бақылай алады, өмірге қажетті дағдыларды үйренеді.

Топтық жұмысты ұйымдастыру барысында мұғалімнің алдында төмендегідей мәселелер туындауы мүмкін. *Бірінші қиындық* оқушыларды топқа бөлу. Бұл кезеңде алғашқы уақыттарда оқушылар шулап, сыныпта қимыл қозғалыстар көбейеді. Шешу жолдары: топтың ережесі қабылданып, мұғалім тарапынан бақылаудың болуы.

*Екіншіден* топтық жұмыстарға уақыттың жетпей жатуы. Бұған: топтық жұмысты тоқтату, шығармашылық үдерісті аяғына дейін жеткізбеу сияқты кемшіліктер орын алып, шығармашылық жұмыс аяқсыз қалады. Бір топ өз жұмысын қорғаған кезде басқа топ мүшелері өз жұмыстарын аяқтаумен шұғылданып жатады. Шешу жолдары: Ұйымдастырушы тарапынан жұмысты дер кезінде аяқтау туралы нақты нұсқаудың болуы (жазалау). Келесі тапсырманы орындау үшін қорғаушыларды тыңдау қажеттілігі туралы айтып, қызығушылықтарын тудыру. Берілген критерийлер бойынша бірін-бірі бағалауы.

Үшіншіден топқа бөлу әдістерін қолданғанда оқушылардың білім дәрежесін есепке алынбай қалуы. Мұндай жағдайда жақсы оқитын оқушылардың нашар үлгеретін оқушылардан жоғары тұруы арын алып жатады. Шешу жолдары: -мұғалім тарапынан бақылаудың болуы (марапаттау және жазалау) -жайлы психологиялық атмосфера қалыптастыру.

Төртінші қиыншылық - білім деңгейі әртүрлі оқушылардың бір топта болуы. Жақсы оқушылардың билікті өз қолдарына алулары нәтижесінде орташа немесе нашар оқитындардың көмескіде қалып қою қаупінің болуы. Шешу жолдары: мұғалімнің топ ішінде рөлдерді бөліп беруі мен тапсырмаларды деңгейлеп дайындауы.

Дегенмен де оқушылардың топтарын жиі алмастырып тұруы олардың бірлесіп жұмыс жасау дағдыларын дамытатындығы белгілі. Сонымен қатар топтар мен орындалатын жұмыстарда әр топ мүшесі өзіне жауапкершілік алады, шешім қабылдауға қатысады, бірлескен жұмыстың нәтижесіне бірге жауап береді.

Топтық жұмысты ұйымдастыру алгоритмі:

1- топқа бөлу

2- топтық тапсырманы түсіндіру

3-орындалуын қадағалап отыру (уақыттың сақталуын, барлық топ мүшелерінің қатысуларын, кезектесіп сөйлеуін)

4- қорытындысын шығару

5- бағалау

Зерттеу барысында өзіміз қолданған топтық жұмыстарды бағалау тәсілдерінен мысалдар келтіреміз.

«Топтық жұмысты бағалауда» оқушылар топ ішінде жұмыс жасау деңгейін білу мақсатында оларға топ жұмысын бағалау кестелерін ұсынған орынды. Бағалаудың бұл түрін қолданғанда да алдымен критерийлерді айқындап, олардың кестесін білім алушыларға таратып беру керек. Оқушылар топ ішінде атқарылған өз әрекеттерін бағалағаннан кейін, олар оқытушымен бірлесе отырып, әр оқушының бағалауына (немесе алған бағаларына) сәйкес топ жұмысын бағалайды.

Топ жұмысын бағалауда кестелер қолданған тиімді. Төменде сондай бағалау кестелерінің (9-кесте) бірінің мысалы келтіріледі.

Кесте 9 - Топтық жұмысты бағалау парағы

| Топ мүшелері | Критерилер      |                                    |                      |                        |                                       |            |
|--------------|-----------------|------------------------------------|----------------------|------------------------|---------------------------------------|------------|
|              | Идеяларды ұсыну | Жолдастарын топ жұмысына жұмылдыру | Топтағы белсенділігі | Сұрақтарға жауап беруі | Өз іс-әрекеті-не рефлексия жасай алуы | Жалпы балл |
| Топ бойынша  |                 |                                    |                      |                        |                                       |            |

Біз таңдаған инновациялық технологияның бірі – ақпараттық коммуникациялық технология болғандықтан жұмысымызда осы технологияда пайдаланатын рефлексияның стратегияларына сипаттама келтіреміз. Бастауыш мектептегі оқу үдерісінде қолданылатын ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде тыңдалым материалдарын жоғары деңгейде меңгеру тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну, мазмұндау, негізгі ойды анықтау, оқиғаны болжау, түрлі жағдайларда тілдік нормаларды дұрыс қолдану, өз пікірін білдіріп, ой қорыту жасау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Ал, бұл дағдыларды дамыту әр түрлі рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалардың көмегімен жүзеге асады.

Мысалы, төменде 23-суретке сәйкес «Сауат ашу» оқулығының 1-бөліміндегі 8-сабақта ақпараттық коммуникациялық технология негізінде оқушылардың рефлексиясын тыңдалым материалдары арқылы дамытуға бағытталған төмендегідей тапсырмалар берілген [163, 11 б.].

**1. Ертегіні мұқият тыңда.** 

Бір Тышқан нан дүкеніне кіреді. Сөреде жаңа піскен бөлкелер үйіліп тұр екен. Тышқан шеткі бір бөлкені кеміре бастайды. Осы кезде күзетші келіп қалады. Тышқан зып беріп тысқа шығады. Бірақ алысқа ұзамайды. «Апырай, қайдан шықты екен осыншама нан?! Біліп алып, шыққан жеріне кірсем, ә!» деп қызығып кетеді. Тесіктен сақтана сығалайды.

– Нан, нан, сен қайдан шықтың? – дейді сыбырлап.  
 – Сатушыдан сұра, – дейді нан.

*Мұхамеджан Етекбаев*

**2. Ары қарай не болғанын суреттердің көмегімен болжап көр.** 







• Комбайншы не деуі мүмкін? Өз ойыңды топпен бөлісіп көр. 

Сурет 23 – Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын тыңдалым материалдары арқылы дамыту


Оқулықта берілген 1-тапсырма бойынша мұғалім оқушылардың назарын аудио үнтаспадағы ертегіні тыңдауға аударады. Мұғалім 2-тапсырма бойынша оқушылардың тыңдаған ертегісінің желісіне сүйене отырып, негізгі ойды анықтатады. Игерген білімдеріне рефлексия жасату мақсатында оқулықта берілген мнемокестегі суреттердің көмегімен ертегіні ары қарай болжату жұмыстарын топтық жұмыс түрінде ұйымдастырады. Оқушылар тілдік нормаларды дұрыс қолданып, суреттердің көмегімен ертегіде ары қарай не болатынын болжап, ой қорытынды жасайды. Бұдан кейін «Автор орындығы» стратегиясы қолданылады. Оқушылар жұмыстарын топта жариялап, тыңдалған материал бойынша пікір білдіру арқылы өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасайды.

Ақпараттық коммуникациялық технология негізінде оқушылардың оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін рефлексиялық жаттығулар мен

тапсырмаларға оқу түрлерін қолдану, оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну, мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу, мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну, түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасату жатады.

Демек, оқушылар аудио жазбадағы тыңдалым материалдарын зейін қойып тыңдап, оқулықтағы немесе мұғалім ұсынған рефлексиялық тапсырмаларды орындау арқылы, өз іс-әрекеттеріне ой қорыту жасайды. Мұндай рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі ақпараттық құралдар арқылы тыңдатылып, іздену және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға негізделеді. Олар әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Оқушылар оқулықта берілген рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмаларды орындау барысында өзін өзі дамытады. Ішкі мүмкіндіктерін жетілдіре отырып іздену жұмыстарын жүргізеді. Өзін өзі бағыттап, өз іс-әрекеттеріне талдау жасап, ой қорыту арқылы өзін өзі бағалайды. Бұл өз кезегінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға түрткі болады.

Тестік тапсырмалар рефлексиялық жаттығулардың бір түрі болып табылады. Оны ақпараттық коммуникациялық технология арқылы оқу сабақтарында қолдану уақытты үнемдеп, оқушылардың сабақтан игерген білімдерінің деңгейіне бақылау жасауына ықпал етеді. Бастауыш мектептегі ақпараттық коммуникациялық технология негізінде қолданылатын тест түрлеріне: баламалы, дұрыс тізбекті орнату, сәйкестендіру және дұрыс жауабын таңдау тестерін жатқызуға болады. Бұл тапсырмаларды ақпараттық коммуникациялық технология негізінде жасалатын «easyQuizzzy» тест құрастырушыларының үлгісімен жүзеге асыру өте тиімді. 24-суретте мысал ретінде сәйкестендіру тестінің үлгісі берілген.



Сурет 24 – Сәйкестендіру тесті

Бастауыш сыныптағы ақпараттық-коммуникациялық технология арқылы жүзеге асатын материалдар диалог, әңгімелер, қысқа қойылым және қысқа

метражды фильмдер, тестік тапсырмалар түрінде де көрініс табады. Мысалы, «Пирамида», «Стоп кадр» стратегиялары да АКТ негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға негізделген. «Стоп кадр» стратегиясы арқылы оқу материалдарының мазмұнын ашатын кез келген ертегі, фильмдерді монтаждау арқылы оқушыларға үзінділер көрсетіледі. Ары қарай не болуы мүмкін екендігін оқушылар болжайды. Сыныпта, топта талқылаулар жасау арқылы, өзін өзі дамытады, жетілдіреді, бағыттайды, бағалайды. «Пирамида» стратегиясы негізінде оқушыларға аудио ұнтаспадан мәтін тыңдатылып, стратегия мазмұнына құрылған қадамдар бойынша іздену жұмыстарын жүргізуге, сол арқылы мәтіндегі негізі ойды түсініп, ой қорыту жасауға үйретеді.

Мысалы, авторлар ұжымымен бірлестікте әзірлеген 2-сыныптың қазақ тілі оқулығының оқыту әдістемесінде «Стоп-кадр» стратегиясын сабақта қолдану әдістемесі қысқа мерзімді жоспарда төмендегідей үлгіде берілген (сурет-25) [188].

|         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                           |
|---------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------|
| I       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                           |
| 4 минут | <p><b>2.2.4.1 (МК; Ө; Қ) Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойды анықтай алу білігін бағалау.</b><br/> <i>37-жаттығу.</i> Мәтін аудио ұнтаспадан тыңдатылады. Мәтін кім жайында айтылғанын анықтайды. Қожа туралы тағы не білетінін айтады. Мәтінге ат қояды.<br/>         Қожаның өмірбаянын өздеріне жалғастыртады.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               | Оқулық<br>Аудио ұнтаспа<br>«Атамұра», 2017.<br>26-сабақ                                   |
| 6 минут | <p><b>(МК; Ұ; Қ) Бөліктерге бөлінген фильмнен үзінді көру. Әр бөліктен кейін берілген сұрақтарға өз көзқарастарын білдіру.</b><br/>         «Стоп кадр» стратегиясы бойынша оқушылардың сыни ойлауын, оқу рефлексиясын дамыту мақсатында,<br/> <a href="https://www.youtube.com">https://www.youtube.com</a> сайтынан алынған «Менің атым Қожа» фильмінен үзінді көрсетіледі.<br/>         Фильмді 5 бөлікке бөліп 1-2 минуттық монтаж жасалады.<br/>         Алдымен оқушылар фильмнен үзінді көреді. Ары қарай әр үзіндіден кейін берілген сұрақтарға жауап береді.<br/>         Сұрақтар:<br/>         1. Қай фильмнен үзінді? Кімнің шығармасы?<br/>         2. Қожа қандай бала?<br/>         3. Қожа қандай қателік жасады?<br/>         4. Қожаға қандай үкім шығарды?<br/>         5. Қожа алдына қандай мақсат қойды?</p> | <a href="https://www.youtube.com">https://www.youtube.com</a><br>«Менің атым Қожа» фильмі |

Сурет 25 – Қысқа мерзімді жоспар. «Стоп-кадр» стратегиясының сабақта қолдану әдістемесі

Қорыта келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық коммуникациялық технология негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлауда оқу мен оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді оқушылардың физиологиялық, психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып

іріктей алуға үйретуіміз керек. Ал, АКТ негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуда төмендегідей мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады:

- түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық, нұсқаулық үлгіде берілген рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар арқылы оқушының білімі жан-жақты жетіледі;

- өздігінен жұмыс жасауға ұсынылған рефлексиялық тапсырмалар мен жаттығуларды орындау арқылы ойлау, есте сақтау, өз іс әрекетіне талдау, ой қорытынды жасау, баға беру сынды сапалық қасиеттері дамиды;

- өз ойын сызба, сурет, кескіндеме, кесте, графиктік модельдер түрінде жеткізе алады;

- оқушылардың рефлексиясын дамытуға бағытталған түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындау арқылы оқушы өзінің игерген білімін тексереді.

Рефлексияны қалыптастырудың бірнеше жолдары бар. Б.Блумның көзқарасы бойынша, рефлексияны ынталандырудың әрекеттік механизмі ретінде, сұрақтар алынуы мүмкін. Жаңа материалдың әрбір блогынан кейін сұрақтарды қоя отырып, мұғалім оқушыларды оқу материалын бекітуге ынталандырып қоймайды, сонымен бірге оларды рефлексивті деңгейге көтереді. Өтілген материалға қайтып келу жүзеге асады, сұраққа жауап бере отырып, оқушы өзінің жауабын сызба немесе сурет түрінде ұсына алады.

Орындалған жұмысқа қатысты әрбір көзқарас, оқушының тәжірибесін арттырады, өзіне деген сенімділігін арттырады, қысымды азайтады, оқушыларда сабақта оқытылған материалдың айқын, түсінікті болғаны туралы пікір пайда болады. Өтілген тақырыптың қарапайымдылығын сезіну пайда болады. Тағы бір маңызды тетігі ретінде, оқушылардың сұрақтарды өз бетімен құрастыруы алынады. Сұрақтарды құрастыра отырып, оқушы материалдың бір бөлігін талдайды және өзіндік рефлексияға шығады. Мысалы, бұл әрекетті қазақ тілін оқыту әдістемесінде «Сұрақтар жаңбыры» стратегиясы арқылы топтық жұмыс түрінде жүзеге асырылды. Мақсаты: оқушылардың сұрақ қою және сыни ойлау дағдыларын дамыту. Сипаттамасы: оқушылар топтарға өз еркімен, қалауымен бөлінеді. Әр топ параққа сұрақтар жазып, бір-біріне лақтырады. Алған сұрақтарына жауап жазып, кері лақтырады. Жауап жазылған парақты қағып алған ойыншы, сол жауаптан сұрақ тудырып, ары қарай лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді.

Мұғалім «қойылған сұрақтар арқылы оқушының өзіндік рефлексияға шығуына» ықпал етуі мүмкін. Мысалы, сабақтың соңында мұғалім әрбір оқушыға рефлексиялық әрекетті ынталандыратын сұрақтарға жауап беруді ұсынуы тиіс. Ол сұрақтар «Мен сабақта жаңалықты не білдім?», «Мен өзімді сабақта қалай сезіндім?», «Сабақта маған не ұнады?» түрінде тұжырымдалуы мүмкін.

Бақылау және бағалау бойынша оқу әрекеттері. Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясы негізінен олардың бақылау және бағалау әрекеттерін орындау барысында дамиды. Бұл оқушылардың өзіндік білімдеріне жүгінуін қамтиды, бұл өз кезегінде материалдың қаншалықты терең құрылғанын саналы ұғынуға мүмкіндік береді. Оқытылған материалдың

меңгеру дәрежесін бақылауда мұғалімнің аталған кезеңге шығармашылық тұрғыдан қарауы ерекше маңызды. Әртүрлі деңгейлі тапсырмаларды, сауалнамаларды, сөзжұмбақтарды, суреттер мен сызбаларды енгізу, объектілер мен кестелердегі салыстыруларды құру оқушыға өзіндік дайындық деңгейін жақсырақ саналы ұғынуға мүмкіндік береді.

Бастауыш мектеп курсындағы кез келген пән дүниетанымдық мәселелерді камтиды, оларды оқушылармен талқылау позиция алмасуға, басқа адамның пікірін тыңдауға, басқалардың нені көретіні мен нені сезетіні туралы түсініктерін құрастыруға мүмкіндік береді. Мұндай диалогте диалог жүргізудің дағдысы пайда болады және бекітіледі және өзінің пікірін айту білігі пайда болады да, басқа адамның пікіріне деген толерантты қатынас тәрбиеленеді.

Рефлексияға белгілі кезең берілетін сабақты жүргізу. Мұғалім рефлексияның ішкі диалогтің барысында жүретінін емес, оның «үздіксіздікті үзу» сәтінде жүретінін есте сақтауы маңызды. Яғни бұл жағдайда кездескен қиындықтардың нәтижесінде алдыңғы іс-әрекетті жалғастыру мүмкіндігі болмайды. Нәтижесінде, адам алдыңғы іс-әрекетті тоқтатуға мәжбүр болады және оны когнитивті бағалауға жүгінеді. Бұл жағдайда когнитивті бағалау және талдау функциялары, біріншіден, туындаған кедергінің себептерін анықтаудан, екіншіден, басқаша жолды табудан құралады.

Қорыта келе бастауыш сыныптардағы пәндерде жүргізілетін рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмаларды орындау барысында оқушылар:

- тапсырманың мәнісін анықтай білуге қалыптасады;
- ізденудің негізгі бағыттарын дұрыс анықтай білуге дағдыланады;
- заттар мен құбылыстарға басқаша қарауға үйренеді;
- тапсырманы тандау мен дұрыс шешімдердің бағытын іздеу бойынша, ақпарат іздеуді жүйелендіру бағытындағы біліммен қаруланады;
- берілген тапсырмалардың сынау үшін әр түрлі жолдарын қарастырып, тиімдісін тандап алады;
- өз іс-әрекетіне талдау жасап, мәнін түсінеді;
- қиялды дамытып, ой-өрісі кеңейіп, жүйелі түрде ойлай білуге машықтанады;
- уақытты үнемдеуге дағдыланады;
- жүргізген жұмысына сыни тұрғыда баға беріп, нәтижесін талдайды;
- қорытындысын нақты дәлелдемелер арқылы топта жариялайды.

Жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда инновациялық технологиялар туралы, соның ішінде бастауыш мектептің оқу үдерісінде қолданылатын АКТ, оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы және ТРИЗ технологиясының стратегиялары туралы кең мағынада теориялық білім беріп, талқылап, ой бөлісіп, тиімділігіне әдістемелік тұрғыдан талдау жасату керек. Оқу үдерісіне оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы мен ТРИЗ технологиясын, АКТ-ны енгізу арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне оқушылардың рефлексиясын дамытуға негізделген стратегияларды іріктеп, талдап, мақсатын анықтай алуға үйрету қажет. Себебі, болашақ бастауыш сынып мұғалімдері жоғары оқу



орнында игерген теориялық білімдерін практикалық іс-әрекетте жүйелі қолданып, оқушылардың рефлексиясын дамытудың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгереді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың негізгі бағытарын төмендегідей қарастыруға болады:

- оқыту үдерісінде заманауи педагогикалық технологияларды пайдалануға үйрету;
- пәнді оқытудағы кәсіби құзіреттілігін жетілдіру;
- оқушылардың рефлексиясын дамытуда инновациялық технологияларды қолдану бойынша өз бетінше білімдерін жетілдіру дағдысын қалыптастыру;
- инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту бағыты бойынша педагогикалық оқуларды ұйымдастыру;
- инновациялар технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға бағытталған сабақтарды (практикалық сабақтарда, педагогикалық практика кезінде) талдау [189].

Студенттерге пәндерді оқыту теориясы мен әдістемелерінде игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте жүзеге асыруда өз іс-әрекетіне рефлексия жасатумен шектелмей, оқушылардың рефлексиясын дамытуға бағытталған жұмыстардың мақсаты мен мазмұнының сәйкестігін анықтап, рефлексия жасата алуға үйрету керек. Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жаңа стандарттармен соған сәйкес дайындалған жаңартылған мазмұндағы оқулықтар бойынша дайындау қажет. Сонда ғана болашақ мамандар инновациялық технологияларды тиімді қолдана алуға, олардағы оқушылардың рефлексия, кері байланыс жасай алу дағдыларын дамытуға даярлығы қажетті дәрежеде дамиды деп ой түйеміз.

### **2.3 Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс және оның нәтижелері**

Жұмысымыздың бұл тармақшасында зерттеу барысында жүргізілген тәжірибелік эксперименттік жұмыстардың барысы мен нәтижелері баяндалады.

Эксперимент – бұл зерттеудің жалпы эмпирикалық әдісі. Бұл әдісте нысандар мен құбылыстар қатаң байқау, басқару талаптарымен игеріледі.

Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген эксперименттің мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлалығының бастапқы деңгейін анықтап, оны жоғары деңгейге көтерудің әдістемесін сынақтан өткізу болып табылады.

Біз жүргізген тәжірибелік-эксперимент жұмыс үш кезеңде (анықтау, қалыптастыру, бақылау) өткізілді және төмендегі ретпен жүзеге асырылды:

- тәжірибелік жұмыстың мақсаты мен міндеттерін айқындау;
- диагностикалық әдістемелер таңдау және жүргізу;
- қалыптастырушы эксперимент материалдарын сынақтан өткізу;
- тәжірибелік жұмыстың нәтижелерін математикалық-статистикалық әдістері арқылы өңдеу, сипаттау.



Зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне қарай тәжірибелі эксперимент бағдарламасы жасалып, кезеңдермен жүзеге асырылды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының міндеттері:

1. Тәжірибелік-экспериментке қатысатын сыналушыларды іріктеу;  
2. Эксперименттің мақсатына сәйкес зерттеу әдістері мен әдістемелерді таңдау және анықтаушы эксперимент өткізу, нәтижелерін математикалық-статистикалық өңдеу.

3. «Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту әдістемесі» атты элективті курс бағдарламасының мазмұнын даярлау және сынақтан өткізу;

4. Курс бағдарламасының тиімділігін тексеру және ұсыныстар әзірлеу.

Осыған орай жүргізілуге тиісті тәжірибелік-эксперименттік жүйенің құрылымы «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі» негізінде жасалды.

Зерттеу мәселесі бойынша студенттердің деңгейлерін анықтау үшін қолданылған әдістемелер кешені төмендегі 10-кестеге сәйкес жасалып, жүзеге асты.

Кесте 10 - Зерттеу мәселесі бойынша студенттердің деңгейлерін анықтау үшін қолданылған әдістемелер кешені

| Компоненттер           | Деңгейлері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Диагностикалық әдістемелер, сауалнамалар                                                                                             |
|------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                      | 2                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | 3                                                                                                                                    |
| Мотивациялық компонент | <p>Жоғары деңгей – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға деген қызығушылығы тұрақты;</p> <p>Орташа деңгей – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға деген жағымды көзқарас;</p> <p>Төменгі деңгей – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың рефлексиясын дамытудың қажеттілігінің маңыздылығын түсінбейді.</p>                                   | <p>1. Оқу іс-әрекетіне мотивін зерттеу әдістемесі (А.А.Реан, В.А.Якунин модификациясы бойынша)</p> <p>2. Сауалнаманың 2,7 сұрағы</p> |
| Танымдық компонент     | <p>Жоғары деңгей – Рефлексия жайында теориялық білімі жеткілікті, болашақта педагогикалық қызметте сабақтардағы оқушылардың рефлексиялық әрекетін жобалай біледі.</p> <p>Орташа деңгей – Сабақтардағы оқушыларды рефлексиялық әрекетін ұйымдастыру түрлерін біледі.</p> <p>Төменгі деңгей – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың рефлексиясын дамытудың қажеттілігін жайындағы білімдері жеткіліксіз.</p> | <p>1. А.В.Карповтың «Рефлексивтіктің дамуының даралық өлшемін» анықтау әдістемесі</p> <p>3. Сауалнаманың 1,3,4 сұрағы</p>            |

## 10-кестенің жалғасы

| 1                   | 2                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | 3                                                                                                                  |
|---------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Әрекеттік компонент | <p>Жоғары деңгей – Болашақта педагогикалық қызметте сабақтардағы оқушылардың рефлексиялық әрекетін ұйымдастыра біледі және әртүрлі әдіс- тәсілдерін қолдана алады.</p> <p>Орташа деңгей – кәсіби білім алу барысында осы бағыттағы білік пен дағдыларды игеруге қабілетті. Бірақ жобалауға және қолдануға машықтанбаған.</p> <p>Төменгі деңгей – Сабақтардағы оқушыларды рефлексиялық әрекетін ұйымдастыру түрлерін білгенімен оларды іс жүзінде қолдану дағдысы қалыптаспаған.</p> | <p>1. М.Гранттың «Рефлексияға бағыттылық пен көріну деңгейі» атты әдістемесі</p> <p>2. Сауалнаманың 5,6 сұрағы</p> |

Тәжірибеге эксперименттік топқа (ЭТ-78 студент), бақылау тобына (БТ-79 студент) барлығы 157 студент қатысты. Педагогикалық тәжірибе-эксперимент 2016-2017 оқу жылдары Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті мен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының 5В010200-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша дайындалып жатқан студенттермен жүргізілді (11 - кесте).

### Кесте 11 - Педагогикалық тәжірибе-экспериментке қатысушылар

| Педагогикалық тәжірибе-эксперимент алаңы болған жоғары оқу орны   | Эксперименттік топ студенттер саны | Бақылау тобы студенттері саны | Барлық студенттер саны |
|-------------------------------------------------------------------|------------------------------------|-------------------------------|------------------------|
| Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті             | 45                                 | 44                            | 89                     |
| Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты | 33                                 | 35                            | 68                     |
| Барлығы                                                           | 78                                 | 79                            | 157                    |

Сыналушылардың нәтижелерін сандық талдауда арифметикалық ортаның мәндері бойынша өзгерістің сенімділігін бағалау үшін тәуелді және тәуелсіз таңдамалар үшін Стюденттің t-критериясы қолданылды. Сандық талдау Excell бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

Тәуелсіз таңдамалар үшін топтардағы сыналушылардың саны әр түрлі болғандағы Стюденттің t-критериясы келесі формуламен есептелінді:

$$t = \frac{M_1 - M_2}{\sigma_d}, \quad \sigma_d = \sqrt{\frac{\sigma_1^2 \cdot (N_1 - 1) + \sigma_2^2 \cdot (N_2 - 1)}{N_1 + N_2 - 2}} \cdot \sqrt{\frac{1}{N_1} + \frac{1}{N_2}} \quad (1)$$

Мұнда  $N_1$  және  $N_2$  сыналушылардың жалпы саны,  $\sigma^2$  дисперсиялары

Тәуелді таңдамалар үшін Стьюденттің t-критериясының формуласы қолданылды:

$$t_s = \frac{|M_d|}{\sigma_d / \sqrt{N}}, \quad df = N - 1 \quad (2)$$

Мұнда  $M_d$  - мәндердің орташа көрсеткіштері;  $\sigma_d^1$  - айырмашылықтың стандартты ауытқуы.

Зерттеу жұмысымыздың айқындаушы эксперименті барысында студенттердің зерттеу мәселесі бойынша бастапқы деңгейлерін анықтау үшін әдістемелер кешені қолданылды. Олар:

1. «Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту жайлы не білесіз?» атты сауалнама;
2. А.А.Реан, В.А.Якунин модификациясы бойынша «Оқу іс-әрекетіне мотивін зерттеу әдістемесі»;
3. А.В. Карповтың «Рефлексивтіктің дамуының даралық өлшемін» анықтау әдістемесі
4. Студенттердің инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытудағы әлеуетінің дайындық деңгейін анықтауда М.Гранттың «Рефлексияға бағыттылық пен көріну деңгейі» атты әдістемесі қолданылды. Біздің ойымызша тек өзінде осы сапа қалыптасқан педагог қана өз оқушыларының бойынан да өзіне өзінің есеп беруі, соның нәтижесінде әрекетін талдай алуы сияқты қасиеттердің болуына назар аударады, оны өзінің басты міндеті санайды.

Анықтаушы эксперименттің нәтижелерін сандық және сапалық талдау.

Бастапқы деректерді жинауының негізгі әдісі ретінде қолданылған сауалнама 7 сұрақтан тұрады. Сыналушылардан әр сұраққа шынайы жауап беру сұралды. Сауалнамаға 157 студент қатысты.

«Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту жайлы не білесіз?» атты сауалнаманың нәтижелері:

1. «Рефлексия» жайлы не білесіз?» деген сауалнамаға жауап бергендердің 40% - рефлексия – өзін бағалау, 18% - сабақта қолданылатын әдіс, 20% - оқушылардың көңіл күйлерін анықтау десе, сыналушылардың 22% - ы жауап жауап берген жоқ.

2. «Оны бастауыш сыныптан бастау керек пе?» деген сұраққа берген жауаптардың 81% - жағымды жауап берсе, 19% - тек белгілі бір түрлерін ғана деп жауап берген.

3. «Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық сапаларын дамытуға рефлексия қатысады ма?» сауалына жауап бергендердің 54% - мұндай әрекеттер оқушылардың жеке тұлғалық сапаларының дамуына тікелей қатысатындығын жазған, 46% - тұлғалық сапалардан гөрі сабаққа қызығушылықты арттыратындығын көрсеткен.

4. «Мектеп пәндерінің оқушылардың рефлексиясын дамытудағы мүмкіндіктері қандай?» деген сауалға берілген жауаптардың – 65 % - негізінен ана тілі, қазақ тілі, өзін өзі тану мен жаратылыстану сабақтарының

мүмкіндіктерінің зор екендігін, 19% - математика сабағында рефлексиялық әрекеттер жасаудың мүмкіндігінің шектеулі екендігін жазған, 13% - бейнелеу өнері, дене тәрбиесі сабақтарының мүмкіндігі жоқ деген пікір жазады, 3 % - жауап бермегендер.

5. «Рефлексияны жүзеге асыруға бастауыш сынып оқушыларында алғышарттар бар ма?» сұрағына берілген жауаптар төмендегідей болды. 45% – бастауыш сынып оқушыларының бойында рефлексиялық әрекет жасауға қажетті эмоциялар, белсенділік, қатысымшылдық сияқты сапалар алғышарт болады десе, 28% - алғышартқа жақсы баға алуға талпынуды жатқызады, 27 % - барлығы мұғалімнің дұрыс ұйымдастыруына байланысты деген пікір жазады.

6. «Балалардың рефлексиясын дамытудың құралдарын білесіз бе?» сауалға жауап бергендердің қорытындысы: 25% - тек кейбір түрлерін білетіндер, 20% - мектеп тәжірибесінде көргендер, 4% - теориялық тұрғыда оқығандар, 51% - білмейтіндер.

7. «Өз оқушыларыңыздың рефлексиясын дамытуда құзыретті болғыңыз келе ме?» Бұл сұраққа студенттердің 74% - «ия» деп жауап берген, 26% - жауап бермегендер.

Сауалнамадағы 2, 7 - сұрақтар студенттердің оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлығына деген мотивтерін; 1, 3, 4 - сұрақтар осы мәселеге қатысты білімдерінің қаншалықты екендігін; 5, 6 - сұрақтар студенттердің рефлексияны қолдана алу дағдыларының деңгейлерін анықтауға мүмкіндік берді. 4 - сұрақтағы жауап бермегендер осы мамандыққа кездейсоқ келгендер, болашақта өз өмірлерін бұл қызметпен байланыстырмайтындар деп қорытынды жасадық.

Алынған мәліметтерді талдаудан шығатын қорытынды: мамандық бойынша білім алып жатқан студенттердің рефлексия жайлы білімдері төмен, ұғымды кейбір пәндерді оқу барысында естіген, оның қызметі мен тұлғалық дамуды жүзеге асырудағы мүмкіндіктері жайлы мағлұматтары жеткіліксіз. Болашақ мұғалімдер рефлексияның сабақтарда қолданылатын түрлерінен хабарлары аз, дегенмен рефлексиялауға оқушыларды бастауыш мектептен бастап қолға алу керектігін қолдайтыны және көпшілігінің оларды меңгеруге деген қажеттіліктері бар екенін анықтадық.

Студенттердің оқу іс-әрекетіне деген мотивациясы оқу үдерісін тиімді жүзеге асырудың қажетті шарты болып табылады, өйткені оқуға деген жағымсыз немесе енжарлық көзқарас студенттің сабақ үлгерімінің төмендеуінің себебі болуы мүмкін. Сондықтан да студенттердің оқу іс-әрекетін мотивін зерттеу ЖОО оқытушылары үшін маңызды болуы қажет. Студенттердің білім алуға, оның сабақ үлгерімі мен қызығушылығы кейінгі кәсіби маман ретінде қалыптасуына тәуелді.

Педагогикалық тәжірибе-эксперименттің келесі кезеңінде болашақ мамандардың оқу іс-әрекетіне мотивін анықтау бойынша әдістеме жүргізілді.

Әдістеме А.А.Реан және В.А.Якуниннің сауалнамалары (Қосымша А) негізінде өңделген. Берілген әдістемеде мотивтің 34 түрі көрсетілген және нәтижелері 7 шкала бойынша өңделеді: қарым-қатынас, кәсіби, оқу-танымдық,

әлеуметтік, шығармашылық өзін өзі жетілдіру, сәтсіздіктен қашу және мамандыққа жоғары сұраныс. Студенттерге берілген тесттегі 34 сұрақты мұқият оқып, маңыздылығына қарай 5 балдық жүйе бойынша бағалау ұсынылады.

Кейін тесттің нәтижелері төмендегідей интерпритацияланады:

- Шкала 1. Қарым-қатынас мотиві: 7, 10, 14, 32.
- Шкала 2. Сәтсіздіктен қашу мотиві: 6, 12, 13, 15, 19.
- Шкала 3. Мамандыққа жоғары сұраныс мотиві: 8, 9, 29, 30, 34.
- Шкала 4. Кәсіби мотиві: 1, 2, 3, 4, 5, 26.
- Шкала 5. Шығармашылық өзін өзі жетілдіру мотиві: 27, 28.
- Шкала 6. Оқу-танымдық мотиві: 17, 18, 20, 21, 22, 23, 24.
- Шкала 7. Әлеуметтік мотивтер: 11, 16, 25, 31, 33.

Әр топ бойынша жетекші оқу іс-әрекетінің мотивтеріне талдау жасалынды. Барлық таңдама бойынша мотивтердің таңдау жиілігі анықталды. Таңдама үшін ең маңызды деген мотивтердің жиілігі шығады және алынған нәтижелердің негізінде мотивтер рангіленеді. Нәтижелер формаға салынады. Студенттердің мотивін анықтау алдымен әңгімелесу формасында оқытушылардың қатысуынсыз өткізілді. Студенттер жауапкершілікпен, ниетпен сұрақтарға жауап беріп отырды. 12-кестеге сәйкес студенттердің оқу іс-әрекетіне мотивін зерттеу әдістемесінің төмендегідей нәтижелері алынды.

Кесте 12 - *Оқу іс-әрекетіне мотивін зерттеу әдістемесінің* (А.А.Реан, В.А.Якунин модификациясы бойынша) нәтижелері

| Педагогикалық тәжірибе-эксперимент алаңы<br>болған жоғары оқу орны | Эксперименттік<br>топ студенттері<br>(n=78) | Бақылау тобы<br>студенттері<br>(n=79) |
|--------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------|---------------------------------------|
| Шкала 1. Қарым-қатынас мотиві                                      | 23%                                         | 26%                                   |
| Шкала 2. Сәтсіздіктен қашу мотиві                                  | 5%                                          | 6%                                    |
| Шкала 3. Мамандыққа жоғары сұраныс мотиві                          | 9%                                          | 8%                                    |
| Шкала 4. Кәсіби мотиві                                             | 10%                                         | 10%                                   |
| Шкала 5. Шығармашылық өзін өзі жетілдіру<br>мотиві                 | 9%                                          | 8%                                    |
| Шкала 6. Оқу-танымдық мотиві                                       | 10%                                         | 12%                                   |
| Шкала 7. Әлеуметтік мотивтер                                       | 34%                                         | 30%                                   |
| Барлығы                                                            | 100%                                        | 100%                                  |

Эксперименталды және бақылау топ студенттерінде әлеуметтік мотивтер (34%; 30%), қарым-қатынас мотиві (23%; 26%) алғашқы орында, кәсіби және оқу танымдық мотиві 10 % -ды құрады. Шығармашылық өзін өзі жетілдіру мотиві төмен орналасқаны бізді алаңдатты.

Екі таңдаманың (эксперименттік және бақылау) нәтижелері арасындағы айырманың сенімділігі туралы статистикалық болжам тұжырымдалды.

Нәтижесінде  $t_{\text{эмп}}=1,99 < t_{\text{кр}}=3,04$  ( $p \leq 0,05$ )  $\Rightarrow H_0$  (эксперименталды және бақылау тобы арасында өзгеріс жоқ).

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың танымдық компоненті үшін А.В. Карповтың «Рефлексивтіктің дамуының даралық өлшемін» анықтау әдістемесі қолданылды (Қосымша Ә). Әдістеме 27 тізімнен тұрады. Барлық талқылауларды төрт топқа топтастыруға болады:


- іс-әрекеттің ретроспективтік рефлексиясы;
- қазіргі уақыттағы іс-әрекеттің рефлексиясы;
- болашақ іс-әрекеттің рефлексиясы;
- басқалармен қарым-қатынас пен әрекеттесудің рефлексиясы.

Нәтижелердің ұпайлары әдістеменің кілті бойынша есептеледі. 13-кестеде көрсетілгендей ұпайлар көрсеткіштерге аударылады.

Кесте13 - А.В. Карповтың «Рефлексивтіктің дамуының даралық өлшемін» анықтау әдістемесінің нәтижелері

|                                      | Эксперименталды топ студенттері (n=78) | Бақылау тобы студенттері (n=79) |
|--------------------------------------|----------------------------------------|---------------------------------|
| Жоғары (148 және одан жоғары)        | 15- 19, 23%                            | 17- 21,52%                      |
| Орташа (123-147)                     | 42- 53,85%                             | 40- 50,63%                      |
| Төмен (80-нен кем және 122-ке дейін) | 21- 26,92%                             | 22- 27,85%                      |

Жоғарыдағы А.В. Карповтың «Рефлексивтіктің дамуының даралық өлшемін» анықтау әдістемесінің экспериментке дейінгі көрсеткіштерінің орташа мәндерінің көрсеткіштері нәтижелерін диаграмма түрінде 26 – суретте сипаттаймыз.




Сурет 26 - А.В. Карповтың «Рефлексивтіктің дамуының даралық өлшемін» анықтау әдістемесінің диаграммасы

Нәтижелердің тұрақтылығының сенімділігін бағалау қайта тестілеу арқылы жүргізілді. Екі таңдаманың (эксперименттік және бақылау) нәтижелері арасындағы айырманың сенімділігі туралы статистикалық болжам расталды ( $t_{\text{эмп}}=1,99 < t_{\text{кр}}=3,96$  ( $p \leq 0,05$ )  $\Rightarrow H_0$ ).

Бұл эксперименттік және бақылау топтарының арасында айырмашылықтың жоқ екенін көрсетеді. А.В.Карповтың рефлексияның дамуының жеке өлшемдерін анықтау әдістемесі бойынша алынған нәтижелер екі топ сыналушыларының рефлексияның дамуының орташа деңгейін көрсетті.

Біздің зерттеуіміз үшін болашақ мамандардың білім алуға, әртүрлі әрекетте табысты болуға қажетті кешенді сапасы ретіндегі рефлексивтік қабілеттерінің деңгейін анықтау маңызды болды. Ол үшін американдық ғалым М.Гранттың «Рефлексияға бағыттылық пен көріну деңгейі» атты әдістемесі қолданылды (Қосымша Б). Автор ұсынған сауалнама әрқайсысында 10 сұрақтан тұратын 2 бөліктен тұрады. Оларға: «мүлде келіспеймін», «келіспеймін», «келіспеуім мүмкін», «келісемін», «келісемін деп ойлаймын», «абсолютті түрде келісемін» сөздерін қолданып 6 түрлі жауап беру сұралады. Нәтиже «жоғары» (100%) , «жоғарыдан төмен» (80%) , «орта» (60%), «ортадан төмен» (40%), «төмен» (20%) деңгейлер бойынша бағаланады. Компьютерлік жолымен алынған жауаптар тұлғаның өзіндік және әлеуметтік рефлексия деңгейін көрсетеді.

Эксперимент барысында автоматты түрде шығарылған қорытынды негізінде сауалнамға қатысушылардың «жоғары» деңгейді - 10%; «жоғарыдан төмен» деңгейді - 15%, «орта» деңгейді - 40% , «ортадан төмен» деңгейді - 20%, «төмен» деңгейді - 15% көрсеткендері белгілі болды. Сауалнама нәтижесін 27-суреттен көруге болады.



Сурет 27 - «Рефлексияға бағыттылық пен көріну деңгейінің» диаграммасы (М.Грант бойынша)

Суреттен көріп отырғанымыздай студенттердің рефлексияға бағыттылығы орташа деңгейде. Жоғары және жоғарыдан төмен деңгей 25 пайызды құраса, орта, ортадан төмен, төменгі деңгейлердің жиынтығы 75 пайыз болып отыр. Бұл студенттердің көпшілігінің өз әрекетіне баға беруге дағдыланбағандығын көрсетеді.

Бұл қорытындылар тәжірибелі-эксперименттің жоспарын жасап, мақсатты жұмыстарды жүргізу міндеттерін туындатты. Ең алдымен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға дайындығын қалыптастыру үшін *«Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту әдістемесі»* элективті курс мазмұны дайындалды. Элективті курс мазмұнын түзуде рефлексияға қатысты еңбектерге жасалған талдаулар басшылыққа алынып, инновациялық технологиялардағы рефлексияның мәнін терең ұғыну негіз болды. Әсіресе авторлық бірлестікте бастауыштағы жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес жазылған оқулықтар мен әдістемелік көп көмегін тигізді, – деп айта аламыз.

Элективті курстың негізгі мақсаты: болашақ маманның «рефлексия» ұғымының мәнін түсініп, оны дамытудың теориялық негіздерін және құрылы мен қызметі, бастауыш мектепте қолданылатын инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытудың мүмкіндіктері мен тетіктері жайлы білімдер, білік дағдылар қалыптастыру, тәжірибеде қолдана алуға қол жеткізу.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде университет Ғылыми Кеңесінің 31.05.16 ж №9 хаттамасымен бекітілді және Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында 25.05.2016 жылы өткен Ғылыми Кеңестің (№11 хаттама) шешімімен 3 кредиттік 135 сағатқа жоспарланған арнайы курс таңдау пәні ретінде енгізіліп, тәжірибеден өтті [190] (Қосымша В).

Курс мазмұны: *«Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту әдістемесі»*, *Жаңартылған білім мазмұнындағы рефлексияның орны мен рөлі*, *Оқушылардың рефлексиясын дамытуда инновациялық технологиялардың әлеуеті* атты 3 модульден тұрады. Оларда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға дайын болуының теориялық әдіснамалық негіздері қарастырылды. Рефлексияның жаңартылған білім мазмұнындағы алатын орыны мен рөлі, «ТРИЗ технологиясы», «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту», «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар» сияқты технологиялардың зерттеу мәселесін шешудегі мүмкіндіктері талданды және практикалық әрекеттер барысында рефлексия түрлері меңгеріліп, оқушылардың рефлексиясын дамыту машықтары қалыптастырылды.

Курстың міндеттері:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің «рефлексия» ұғымының мәнін түсінуге бағдарлау;
- жеке тұлғаның дамуы үшін бұл сапаның аса қажеттілігінің маңызын білуге ықпал ету;



- рефлексияның құрылымы мен қызметі жайлы түсініктер қалыптастыру;
- студенттердің бастауыш мектептегі оқыту үдерісінде қолданылатын рефлексиялық әрекет түрлері мен оларды қолданудың әдістемесіне үйрету;
- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің рефлексиялық мақсаттағы сабақтарды жобалай алу, сабақтардың әртүрлі кезеңдерінде оқушылардың рефлексиялық әрекеттерін ұйымдастыра білу құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік туғызу.

Пәннің пререквизиттері: жалпы педагогика, жалпы психология, дидактика, педагогиканы оқыту әдістемесі, дербес пәндерді оқыту әдістемесі.

Пәннің постреквизиттері: педагогикалық этика, педагогикалық шеберлік, әлеуметтік психология, қарым-қатынас психологиясы, педагогикалық менеджмент және мектеп басқару, магистратураны меңгеруге мүмкіндік беретін пәндер.

Төмендегі 14-кестеде осы элективті курстың оқу-тақырыптық жоспарын келтіріп отырмыз.

Кесте 14 - «Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту әдістемесі» пәнінің оқу-тақырыптық жоспары

| №                                                                                                                             | Тақырыбы                                                                                      | Оқу түрі: күндізгі |       |          |     |      |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|-------|----------|-----|------|
|                                                                                                                               |                                                                                               | Барлығы            | Дәріс | Тәжірибе | СӨЖ | ОСӨЖ |
| 1                                                                                                                             | 2                                                                                             | 3                  | 4     | 5        | 6   | 7    |
| <b>I МОДУЛЬ «Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту әдістемесі» пәнінің теориялық негіздері</b> |                                                                                               |                    |       |          |     |      |
| I.1                                                                                                                           | «Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту әдістемесі» пән ретінде | 9                  | 1     | 2        | 6   | 3    |
| I.2                                                                                                                           | Рефлексия және оның тұлғаның дамуындағы рөлі                                                  | 8                  | 1     | 1        | 6   | 3    |
| I.3                                                                                                                           | Бастауыш білім беру үдерісіндегі инновациялық технологиялардың теориялық негіздері            | 8                  | 1     | 1        | 6   | 3    |
| I.4                                                                                                                           | Инновациялық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту          | 8                  | 1     | 1        | 6   | 3    |
| I.5                                                                                                                           | Психологиялық тренинг                                                                         | 3                  |       | 3        |     |      |
| <b>II МОДУЛЬ Жаңартылған білім мазмұнындағы рефлексияның орны мен рөлі</b>                                                    |                                                                                               |                    |       |          |     |      |
| II.1                                                                                                                          | Бастауыш мектептегі жаңартылған білім мазмұнының мақсаты мен міндеттері                       | 9                  | 1     | 2        | 6   | 3    |
| II.2                                                                                                                          | Рефлексияның бастауыш білім мазмұнындағы орны мен маңызы                                      | 9                  | 1     | 2        | 6   | 3    |
| II.3                                                                                                                          | Сабақтағы рефлексияның түрлері                                                                | 8                  | 1     | 1        | 6   | 3    |
| II.4                                                                                                                          | Оқушылардың рефлексиясын дамыту жұмыстарын ұйымдастыру                                        | 8                  | 1     | 1        | 6   | 3    |
| II.5                                                                                                                          | Рефлексиялық жаттығулардың формалары                                                          | 8                  | 1     | 1        | 6   | 3    |
| II.6                                                                                                                          | Психологиялық тренинг                                                                         | 3                  |       | 3        |     |      |
| <b>III МОДУЛЬ Инновациялық технологиялардың оқушылардың рефлексиясын дамытудағы әлеуеті</b>                                   |                                                                                               |                    |       |          |     |      |
| III.1                                                                                                                         | Инновациялық технологиялар және олардың жіктемесі                                             | 9                  | 1     | 2        | 6   | 3    |

## 14-кестенің жалғасы

| 1       | 2                                                                                                                | 3   | 4  | 5  | 6  | 7  |
|---------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|----|----|----|----|
| III.2   | Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау технологиясының теориялық негіздері                                      | 9   | 1  | 2  | 6  | 3  |
| III.3   | Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытудың әдіс-тәсілдері | 8   | 1  | 1  | 6  | 3  |
| III.4   | Бастауыш білім беру үдерісіндегі ТРИЗ технологиясы                                                               | 8   | 1  | 1  | 6  | 3  |
| III.5   | ТРИЗ технологиясы негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытудың әдіс-тәсілдері                                    | 8   | 1  | 1  | 6  | 3  |
| III.6   | Ақпараттық коммуникациялық технологиялар негізінде оқушыларының рефлексиясын дамыту әдістері                     | 8   | 1  | 1  | 6  | 3  |
| III.7   | Психологиялық тренинг                                                                                            | 4   |    | 4  |    |    |
| Барлығы |                                                                                                                  | 135 | 15 | 30 | 90 | 45 |

Элективті курс мазмұнын құрастыруда Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы [2], ҚР МЖМБС 6.08.012-2009 «5В010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2012. [135], Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарда білім беруді дамыту бағдарламасы [4] және С.Мирсеитова [191] мен А.Әлімовтің [93] оқу құралдары, А.С.Прутченков [192] пен Н.О.Николаевнаның [193] психологиялық тренингтері басшылыққа алынды.

Элетивті курс бойынша жұмыстың негізгі түрлері: дәріс, әдебиет көздерімен жұмыс істеу, мектеп бағдарламаларын, жанартылған білім мазмұнына талдаулар жасау, мектеп мұғалімдерінің сабақтарына қатысу, сабақтар жобалау, жағдаяттар шешу, тұсаукесерлер мен жұмыстардың өзге де түрлері. Енді осы пәнді жүргізу тәжірибемізден мысалдар келтіреміз. «Рефлексия және оның тұлғаның дамуындағы» рөлі дәрісін жүргізу жоспары.

Дәріс «Бастауышта оқыт педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 4-курс студенттерімен өткізілді.

Дәріс мақсаты: студенттердің рефлексия жайлы түсініктерін кеңейту, сабақтағы рефлексияның маңызын ұғынуға ықпал ету.

### Дәрістің барысы

1.Дәріскердің студенттермен сәлемдесіп, дәрістің мақсат міндеттерімен таныстыруы (2 минут)

2.Ой сергек. Конверттегі смайликтерді бейнелеп көрсету (2 минут).

3.Студенттерді топқа бөлу (түрлі түсті қағаздардың түсі бойынша 1 мин.).

4.Топтық жұмыс: «Рефлексия» жайлы не білеміз? Флипчарт қағазда топтастыру жасау, қорғау (10 минут).

5.«Рефлексия және оның тұлғаның дамуындағы рөлі» тақырыбындағы презентация бойынша дәріс (15 минут).

6.Топтық жұмыс: (10 минут)

1- топ: Рефлексияның анықтамасын тұжырымдау

2- топ: Рефлексияның пайдасына аргументтер келтіру

3- топ: Рефлексияның түрлерін атау

4-топ: Рефлексиялық әрекетті бастауыш сыныпта бастаған дұрыс па? (дәлелдемелер келтіру)

7. Ой толғаныс: Дәрістің басында жасалған топтастыруға қайта оралып, басқа түспен толықтырулар жасау (6 минут)

8. Қорытынды рефлексия (2 минут)

Сабақтан сіздер не күттіңіздер? Бұл сабақта сіздер не үйрендіңіздер? Қандай пікірдесіздер?

Дәріс соңында студенттерден тақтадағы «Көңіл-күй мұхиты» суретіне стикерлер жапсыру арқылы сабақтан алған әсерлері мен өз көңіл-күйлерін көрсетулері сұралады (2 минут).

Дәрісті өту барысында студенттердің алғашқы жасаған топтастырулары олардың дәріске дейін не білетіндіктерін көрсетті. Одан кейінгі презентация көру арқылы қарастырылып отырған ұғым жайлы мағлұматтар беріліп, түсіндіру жұмысы жүргізілді. Дәрістен кейінгі топтық жұмыстың мақсаты студенттердің жаңа мәліметтерді қаншалықты түсінгендіктерін анықтап, олардың өз түсініктерін ортаға шығаруға жағдай жасау болды. Топтық жұмыстағы студенттердің белсенділігі олардың мәселеге деген қызығушылықтары мен таным түсініктерінің жақсы деңгейін көрсетті. Әсіресе рефлексиялық әрекеттің пайдасы жайлы дәйектер келтіруге жасалған жұмыс тек бір ғана топтың емес, барлық қатысушылардың ойларын ортаға салуға мүмкіндік берді. Ал сабақ соңында студенттердің дәрістің басында жасалған топтастыруларына қайта оралып, басқа түспен толықтырулар жасауларының нәтижесінде қаншалықты білім қосылғанын анықтау қиын болмады. «Көңіл - күй мұхиты» суретіне стикерлер жапсыру арқылы өз көңіл - күйлерін көрсетулері студенттердің сабақтан қанағаттанушылықпен кетіп бара жатқанын көрсетті.

Келесі сипаттайтын «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытудың әдіс-тәсілдері» тақырыбында өткізілген семинар-сабақ.

Мақсаты: «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясындағы рефлексияға негізделген әдістерімен таныстыру және оны қолдануға үйрету.

Сабақ осы технологияның өткізілу тәртібіне сәйкес үш кезеңнен тұрды.

I. Қызығушылықты ояту кезеңі

1. Студенттерді сабаққа жұмылдыру, қолайлы психологиялық ахуал орнату мақсатында «Атомдар мен молекулалар ойыны» жүргізіледі. Топ мүшелері ойынды жүргізушінің командасы бойынша ойын арқылы топтар құрау, топқа ат ойлап табу, негіздеу.

1 топ: «Шамшырақ»;

2 топ: «Болашақ»;

3 топ: «Жас талап»;

4 топ: «Ұлағат».

2. Топтық жұмыстар: Студенттерге өткен сабақтардан игерген білімдерін пысықтау және бекіту мақсатында топ болып орындайтын арнайы тапсырмалар беріледі.

1 - топ: «Сыни ойлау» деген не? Қандай анықтамаларды білесіңдер? (топтастыру жасау)

2 - топ: «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы» негізіндегі сабақтың құрылымын сипаттау

3 - топ: «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясына негізделген рефлексиялық әдістерді жазып шығу.

4 - топ: «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы негізінде жүзеге асатын рефлексиялық әдістерді сабақтың кезеңдеріне бөлу (сызба түрінде).

Топтардың берілген тапсырма бойынша орындап шыққан жұмыстары төмендегі 15 - кесте бойынша критериалды бағаланады.

Кесте 15 - Топтық жұмысты критериалды бағалау

| Топ | Материалды дұрыс баяндау | Баяндаудағы логика мен айқындық | Баяндаудағы мәдениет | Топ мүшелерінің қосымша жауаптары | Топтағы ынтымақтастық, бірлеске әрекет дағдылары |
|-----|--------------------------|---------------------------------|----------------------|-----------------------------------|--------------------------------------------------|
| I   |                          |                                 |                      |                                   |                                                  |
| II  |                          |                                 |                      |                                   |                                                  |
| III |                          |                                 |                      |                                   |                                                  |
| IV  |                          |                                 |                      |                                   |                                                  |

Топ атынан сөйлеушінің сөзін бағалау критерииі:

1. Уақыттың сақталуы
2. Жауаптың дұрыстығы
3. Баяндаудың түсініктілігі
4. Баяндаудың логикалық жүйлілігі
5. Баяндаушының тілі
6. Эмоционалдылығы

II. Мағынаны тану кезеңі

Топтарға рефлексиялардың нұсқаларын (сипаттамаларын) таратып беріп, оларды түрлеріне: интеллектуалдық, жеке тұлғалық және коммуникативтік сияқты түрлеріне қарай ажырату тапсырылады

III. Ой толғаныс кезеңі

Студенттерге «Тегтер бұлты» рефлексиялық тапсырмасын орындау тапсырылады. Онда мына сұрақтарға жауаптар жазылуы қажет:

1. Мен .....таныстым.
2. Маған .....оңай болған жоқ.
3. Мен .....қол жеткіздім.
4. Мен .....істей алдым.

5. ....болса жақсы болар еді.
6. Менің .....есімде қалды.
7. Мен .....істеп көремін.

Қорытынды рефлексия ретінде студенттердің эмоционалдық жағдайын әрі білім деңгейін анықтау мақсатында «Бес саусақ» деп аталатын көңіл-күй рефлексиясы жүргізіледі.

Өткізілген семинар сабақта студенттердің «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы, оның авторлары жайлы мағлұматтарының бар екендігін, технология бойынша сабақтың кезеңдері мен оладың мақсаттарын, бұл жаңашылдық технологияның оқушылардың рефлексиясын дамытудағы мүмкіндіктерін меңгергендігін көрсетті.

Осы технологияға қатысты жүргізген сабақтарымызды қорытындылай келе, жоғары оқу орындарында оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау технологиясын оқу үдерісіне енгізу арқылы студенттерді бастауыш мектеп оқушыларының рефлексиясын дамытуға бағытталған стратегияларды іріктеп, талдап, мақсатын анықтай алуға үйретеді. Бастауыш мектептегі оқу үдерісінде қолданылатын инновациялық технологиялар негізіндегі рефлексиялық стратегиялар, әдіс-тәсілдер студенттердің болашақ мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыруға да ықпал етті. Оны біз студенттердің сабақтардан кейінгі кері байланыс парағында көрсетілген «мектепке тәжірибеге барып осы үйренгендерімізді жүзеге асырсaq» деген жазбаларынан байқадық.

Элективті курс барысында өтілген тағы бір дәріс ТРИЗ технологиясының рефлексиялық әдістерін оқып үйренуге бағытталды. Келесі сипаттайтынымыз «ТРИЗ технологиясы негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытудың әдіс-тәсілдері» тақырыбындағы дәріс.

#### I. Ұйымдастыру кезеңі

Жақсы психологиялық ахуал орнату үшін жасалатын «Жүрек» ойына арқылы ой сергек

Пазлдар (әртүрлі жануарлар бейнесіндегі) топтарға бөлу

#### II. Қызығушылықты ояту

Интерактивті тақтада дәрістің тақырыбы, мақсаты, күтілетін нәтижелерді көрсету.

«ТРИЗ технологиясы жайлы не білеміз?» деген сауал бойынша топтарда кластер (жүзім сакбағы әдісі) жасау.

Топтық жұмыстарды қорғау.

#### III. Мағынаны тану

Интерактивті тақтада ТРИЗ технологиясы туралы презентация (презентацияның қысқаша мазмұны төмендегідей).

ТРИЗ Г.С.Альтшуллер (1926-1998) жайлы деректер. ТРИЗ-ді әзірлеумен Г.С.Альтшуллер 1946 жылы өзінің досы Р.Шапиромен бірге айналысқан. Олар ТРИЗ бойынша бірінші жұмыстарын 1956 жылы жариялап, мыңдаған өнертабыстарға талдау негізінде, өнертапқыштық тапсырмаларды шешу үшін техникалық қарама-қайшылықты анықтау және шешу қажет екенін анықтады.

Қазіргі кезде ТРИЗ – әлемді бағындырды. ТРИЗ бойынша компьютерлік бағдарламалар әзірленіп, онымен айналысатын бірнеше фирмалар құрылды.

ТРИЗ-ді қолдануға және дамытуға маманданған компаниялар әлемнің көптеген елдерінде жұмыс істейді. Мысалы, АҚШ-тың бірқатар ЖОО-да, Канада, Франция, Англия, Германия, Швейцария, Израиль, Оңтүстік Корея, Австрия, Голландия, Финляндия, Италия, Израиль, Чехия, Жапония мен Ресейде оқытылады.

Өнертапқыштық ойлау деген не? Ойлаудың бұл түрінің қызметі күрделі мәселенің (өнертапқыштық тапсырманың) түбінде жататын қарама-қайшылықтарды анықтайтын және шешетін жүйелік ойлау (слайдпен жұмыс).

ТРИЗ технологиясының негізінде – оқушының «жоғары деңгейде» ойлауын қалыптастыру, біртіндеп автоматтандырылған деңгейге көшу, ойлаудың ажыратылмас бөлігіне айналу жатыр.

ТРИЗ-дің мақсаты – ойды реттеп, белгілі бір жүйеге келтіріп, жинақтап, адамды кедергілерді, қиыншылықты жеңе білуге үйрете отырып, жеке адамның шығармашылығының дамуына ықпал етуді көздейді.

ТРИЗ технологиясының ойлауға үйретудің 70 –тен аса тәсілдерін бар. Олар төмендегіше топтастырылады.

- Ой қозғау
- Синектика әдіс
- Байқап көру әдістері.
- Морфологиялық талдау әдістері
- Фокальді (сиқырлы) объектілер әдісі.
- Тілдік шығармашылық өнімдер жасау әдістері (лимериктер, жұмбақтар, метафоралар, шығармалап т.б.
- Қиялдау тәсілдері
- Дихотомия (іздену аймағындағы пайымдаулар)

ТРИЗ – технологиясы негізінде жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамыту – бұл ішкі үдеріс, адамның орта әсеріне белгілі бір жауап беру тәсілі, өзін саналы түрде жетілдіруге ұмтылысы. Оқушының шығармашылық әлеуетін дамытуды қалыптастыру – субъект-субъектілік бағдардың шығармашылық әрекетінің ерекше түрі. Ол бір жағынан «өзіндік» үдерістердің «өзін өзі тану, өзін өзі айқындау, өзін өзі басқару, өзін өзі таныту» қарқынын күшейту мен тиімділігін арттыруға, екінші жағынан, мұғалім олардың шешімін табу барысында субъектілік бағыт ұстанатындай, тұрақты түрде күрделеніп отыратын проблемалық шығармашылық міндеттердегі қарама-қайшылықтарды шешуге бағытталады. Ал тұлғаның өзін өзі дамытуы өзіндік рефлексия арқылы жүзеге асады.

IV. Топтық жұмыс: «Теңіздегі капитан» ойыны арқылы топқа бөлу.

Студенттер ойын шартымен таныстырылады. Мақсаты: байқампаздыққа, шапшаңдыққа, бір-бірінің әрекетін бақылап зер салуға қалыптастыру.

«Теңіздегі капитан» дегенде қозғалысқа түседі.

«Суға адам кетті» дегенде орталарына бір студентті алып шеңбер жасап тұрады.

«Түскі ас» дегенде 4 студенттен бірігіп, тамақ ішу сәтін бейнелейді.

«Жақсы-жаман» ойыны бойынша берілген тапсырмалардағы жақсы жағы мен жаман жағын немесе қарама-қайшылықтарды табу, дәлелдеу, қорғау.

1-топ. Шоколад жеу

2-топ. Қатты қойылған музыка

3-топ. Төбелес

4-топ. Жаман баға алу

V. Ой сергек. Студенттерге дельфиннің суретін салу ұсынылады. Бұдан соң оқытушы салынған суреттеріне психологиялық талдау жасалады.

VI. Ой толғаныс (Рефлексия. Топтық жұмысты бағалау кестесі бойынша).

VII. Жалпы рефлексия «Біз бүгін не үйрендік?» Не күттім? Не көрдім?

Пікірім. Сұрағым. Сөздері жазылған кері байланыс парағын толтыру.

Бұл технологиямен таныстыру дәрісінде студенттер жаңа технология жайында толық мәлімет алды. Зерттеу мақсатына қарай бірнеше рефлексиялық тәсілдер қолданылды. Инновациялық технологияларды қолдану студенттердің бірлесіп ойлау, бірге әрекет ету, шешім қабылдау мен оны дәлелдеп қорғау жұмыстарын атқаруға мүмкіндік берді. Әсіресе ТРИЗ технологиясының басты тәсілі болып табылатын қарама-қайшылықтарды шешуге берілген топтық жұмыс өте қызықты өтті. Мысалы «төбелесудің» жақсы жағы ретінде дәлелдер келтірудегі ол: шынықтырады, әлсіз еместігіңді дәлелдеуге болады, сені сыйлайтын болады, көшбасшы боласың, танымалды боласың сияқты ойларды дәйектеу білім алушылардың белсенділігін туғызды.

Топтық жұмыстың арнайы кесте арқылы жасалған рефлексиясы оған әр студент қалай қатысты, қосқан үлесі қандай, нәтижеге қанағаттандық па, қайта жасасақ нені өзгертер едік деген сауалдар төңірегінде жүргізілді. Бұл арқылы студенттердің өз әрекеттерін шынайы бағалауларына қол жеткізілді, әрі рефлексия жасауға үйренеді деуге толық негіз бар.

Қалыптастыру экспериментінің барысында осылайша студенттердің оқушылардың сабақ барысындағы рефлексиялық әрекетінің түрлері мен формалары жайлы білімдері мен біліктері қалыптастырылды деуге болады. Олар:

1. Мазмұндық компонент бойынша оқушының оқу материалының мазмұнына қатысты рефлексиялық қабілетті дамытуға арналған технологиялар;

2. Эмоционалдық компонент бойынша оқушының эмоционалдық жағдай мен көңіл-күй рефлексиясын дамытуға бағытталған технологиялар. Бастауыш сыныптарда сабақтағы оқушылардың эмоционалдық көңіл күйлерін бақылау мен бағалауға арналған рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар;

3. Іс-әрекеттік компонент бойынша оқушының сабақтағы әрекет рефлексиясын қалыптастыруға арналған технологиялар.

Инновациялық технологиялар жүйесін жасауда бірқатар ұстанымдарды негізге алдық: бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне қарай түсініктілігі, бірізділікте енгізілуі, технологиялардың оқушылардың қызығушылығына, талғамына сәйкестігі.

Рефлексияны қалыптастыруға арналған технологияларды қолдану барысында келесі міндеттер анықталып шешімін тапты: - бастауыш сынып

оқушыларының өзін өзі дамыту; - белсенді іс-әрекетке тарту; - өзін өзі бағалау дағдыларын дамыту.

Студенттердің өзін өзі бағалауы. Төменде ұсынылған бағалау парағы алдын ала таратылып беріледі. Студенттер өздерінің сабақ барысындағы іс-әрекеттерін әр критерий бойынша бағалай отырып рефлексия жасайды. Студенттердің өзін өзі бағалауын әртүрлі кестелер арқылы ұйымдастыру өте тиімді. Соның бірі төменде берілген 16 кестеде келтіріледі.

#### Кесте 16 - Өзін өзі бағалау парағы

Аты – жөні \_\_\_\_\_

| Критерийлер                                                                                                                         | Бес балдық жүйе бойынша өзіңіздің топтық жұмыста атқарған жұмысыңызды бағалаңыз |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|
| Мен талқыланған тақырыпты басқа проблемалармен салыстырып талдау жасай алдым. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындадым. |                                                                                 |
| Мен нақты дерек көздеріне сілтеме жасадым, барлық ұсыныстарымды нанымды түрде дәлелдей алдым.                                       |                                                                                 |
| Мен мәселені жан-жақты қарастырып, жалпылама, қорытынды жасадым, өз ойымды және болжамдарымды ортаға салып айтып отырдым.           |                                                                                 |
| Талқылау барысында мен басқалардың пікірлерін мұқият тыңдадым, олардың сөздерін бөлмей, олармен санасып отырдым.                    |                                                                                 |
| Нақты шешім қабылдар алдында ортақ шешімге келу үшін мен өз пікірлеріме өзгерту енгізе алдым.                                       |                                                                                 |
| Барлығы                                                                                                                             |                                                                                 |

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау үдерісі көп жағдайда топтық жұмыс түрінде ұйымдастырылып отырылды. Оның себебі инновациялық технологиялар білім алушылардың тек жеке жұмыстары ғана емес, сондай-ақ ұжымдық және топтық жұмыстарға қатысуларын талап етеді. Топтық жұмыстар білім алушылардың әлеуметтенуін жеделдетіп, коммуникациялық қабілеттері мен құзыреттіліктерін қалыптастырады. Сондықтан студенттерге топтық жұмыстың рефлексиясы мен өзін өзі бағалаудың әдістерін де үйрету міндеті тұрды. Ол үшін әртүрлі сызбалар мен бағалау кестелері пайдаланылды. Төменде 17-кестеде соның мысалдарын келтіреміз.

#### Кесте 17 - Топтық жұмысты бағалау парағы

| Критерилер   |                 |                                      |                      |                        |                                      |            |
|--------------|-----------------|--------------------------------------|----------------------|------------------------|--------------------------------------|------------|
| Топ мүшелері | Идеяларды ұсыну | Жолдас-тарын топ жұмысын а жұмылдыру | Топтағы белсенділігі | Сұрақтарға жауап беруі | Өз іс-әрекетіне рефлексия жасай алуы | Жалпы балл |
| Топ бойынша  |                 |                                      |                      |                        |                                      |            |



Әр критерий бойынша ең жоғары балл - 4. Барлық балдың қосындысын 100-ге көбейтіп, 20-ға бөлу керек. Сонда әр студенттің балдық көрсеткіш бойынша білім деңгейі анықталады.

Топтың жұмысын талқылау және бағалау 18-кестеде берілген.

Кесте 18 - Топтың жұмысын талқылау және бағалау

| Әрекеттер                                                                                                         | Әрқашан | Әдетте | Кейде | Ешқашан |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------|--------|-------|---------|
| Біз берілген тапсырма мен сұрақтарды түсініп алуға тырысып, бір-бірімізбен бөлісеміз, бір-бірімізге көмектесеміз. |         |        |       |         |
| Біз бір-бірімізді тыңдап, ойлар мен пікірлерімізді сыйлап, олармен санасамыз.                                     |         |        |       |         |
| Біз оқулыққа сүйенбей, практикадан дәлел келтіріп, өзіндік идеялар мен ойларды келтіреміз.                        |         |        |       |         |
| Біз мәселелерді практикалық тұрғыдан қарастырып, шешуге ұмтыламыз.                                                |         |        |       |         |
| Біз бір-бірімізді тыңдап, сөйлеушіні қуаттап, әр пікірмен санасып отырамыз.                                       |         |        |       |         |
| Біз талқыландыған мәселені пән аумағында ғана қарастырмай, оны кең тұрғыдан түсінуге тырысамыз.                   |         |        |       |         |
| Біз талқылау нәтижесінде жаңа білім мен түсініктің пайда болуына мүдделіміз.                                      |         |        |       |         |

Жұмыс орындалып біткен соң талқылау ұйымдастыруға болады. Бағалау қорытындысы ретінде студенттерге өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасату мақсатында талқылауға ұсынылатын сұрақтар:

1. Топ жұмысының қандай жағымды жақтарына назар аудардыңыз? Бірлесе жұмыс жасау тиімді болды ма?

2. Топ жұмысын кім басқаруға ұмтылды? Оның көшбасшылығын өзгелер мойындады ма? Неліктен?

3. Топ жұмысында қандай қиындықтар туындады? Неліктен?

4. Бұл қиындықтарды топ ішінде қалай жеңдіңіздер? Сіздің бұл жұмысқа қосқан үлесіңіз қандай болды? Қиыншылықтарды қалай жеңуге болады деп ойлайсыз?

Мұндай талқылаулар әр студенттің қазіргі заман адамына, маманына қойылатын басты талаптардың бірі көшбасшылық, толеранттылық, командада жұмыс жасай алу, ашықтық, қарым-қатынасшылдық сияқты сапаларының деңгейлерін анықтап, тұлғаның әрі қарай өз өзімен жұмыс жасауына ықпал етеді. Біздің ойымызша болашақ бастауыш мектеп мұғаліміне де осы сапалар аса қажет.

Курс барысында 10 сағатқа жоспарланған тренинг жүргізілді.

Тренингтің мақсаты: Болашақ мұғалімдердің рефлексиясын дамыту.

Міндеттері:

- 1) Студенттердің рефлексивті құзыреттілігін дамыту;
- 2) Кәсіби іс-әрекетте рефлексияның маңызын түсіндіру;
- 3) Кәсіби рефлексияның қызметтегі мәселелерді шешуде қолдану дағдысын дамыту.

Тренингтің алғашқы күнінде топтың ережелері қабылданады:

1) Ерікті түрде қатысу қағидасы, барлық тренингтерде және оның жеке жаттығуларына топ мүшесі өз еркімен қатысуға, не қатыспауға құқылы.

2) Өзара диалогтік қағида, яғни топтың жұмысында толыққанды тұлғааралық қарым-қатынаста қатысушыларға өзара құрметпен қарау, бір-біріне толық сенім арту.

3) Өзін өзі диагностикалау қағидасы: өзін өзі таныстыру, рефлексия, өзін өзі көрсету, өздерінің жеке маңызды мәселелерін түсіну және тұжырымдауды қамтиды.

4) Қауіпсіздік қағидасы. Т-топтың әрбір мүшесінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, ақпараттардың құпиялылығын сақтайды. Ол тренинг аясында оқиғаларды, мәселелерді талқылауды шектеулі түрде қарастырады.

5) Ашықтық қағидасы бойынша қатысушылар ашық, шыншыл болуы керек. Олар жалған сөйлемейді керек. Өзінің «Мен»-ін ашық көрсете білетін адамдар күшті, сау тұлғаның белгісі болып саналады.

6) Серіктестік қарым-қатынас қағидасы тренинг жүргізушісі мен Т-топ мүшелерінің арасындағы субъект пәндік өзара іс-қимылды жүзеге асыруды көздейді.

7) Өзіңе көңіл аудару қағидасы қатысушылардың терең-ойлауына әсер етеді, оларды ойларына, сезімдеріне назар аударуына үйретеді. Ол өзін өзі талдау дағдыларын дамытуды қамтиды [192].

Топ ережелері талқыланады. Студенттермен өзара ақылдасып топтың ережесі туралы ортақ шешім шығарылды. Әр тренинг сабағынан соң келесі рефлексиялауға арналған сұрақтар қойылады:

1. Бүгінгі тренингтен мен ... .. алдым.
2. Тренингтен мен өзімнің бойымдағы ... .. секілді қасиеттерді анықтадым.
3. Мен үшін ... .. жаңалық болды.
4. Болашақта мен ... .. кәсіби қызметте қолданамын.
5. Студенттердің еркісіне беріледі.

Студенттерге рефлексияны дамыту бағытында практикалық кеңестер береді және осы кеңестердің үнемі сақталауы қадағаланды:

1. Маңызды шешімдер қабылдағаннан кейін немесе кездесулерден кейін өзіңіздің іс-әрекеттеріңізді талдаңыз. Жан-жақтан қарап дұрыс баға беруге тырысыңыз. Басқалардың көзқарасы бойынша іс-әрекеттеріңіз қалай болғандығы жөнінде ойланыңыз. Сол әрекетті дұрыс немесе тиімді етіп жасауға болатын мүмкіндігіңіз болар ма еді, сол жағын қарастырыңыз. Нақты жағдайдан соң, алған тәжірибеніңізді бағалаңыз.

2. Әр күннің соңында өткен жағдайларды талдап қорытындылауға тырысыңыз. Өткеннің күннің жағдайларына оймен жүгіріп, көңіліңіз

толмайтын сәттерге назар салыңыз. Сәтсіз кездерді бақылаушының көзімен баға беріңіз.

3. Басқа адамдар туралы өзіңіздің пікірлеріңізді уақытылы тексеріп отырыңыз. Сол адам туралы пікіріңіз қаншалықты дұрыс немесе бұрыс? Берілген тапсырманы жеңіл деп айтуға болмайды, бірақ егер сіз ашық адам болсаңыз, сіз үшін бұл үлкен мәселеге айналмайды. Басқаша жағдайда сізге коммуникативті сапаларды дамыту қажет.

4. Сізге ұқсамайтын, сіздің көзқарасыңызбен келіспейтін адамдармен көп қарым-қатынасқа түсуге тырысыңыз. Осындай адамды түсінуге тырысу барысында рефлексия белсенді жүреді. Тапсырманы дұрыс орындаған кезде сіз рефлексияның тағы бір түрін меңгересіз. Басқа адамды түсінуге талпынудан қорықпау керек, бұл сіздің оның көзқарасымен сәйкес келгендігін білдірмейді. Жағдайды жан-жақтан қарау арқылы ақыл-ойыңыз иілгіш болады және өзара бір шешімді табуға көмек береді.

5. Іс-әрекетіңізді талдау үшін нақты жағдайдағы мәселеге көңіл бөліңіз. Тіпті күрделі жағдайдың өзінде күлкілі эпизодты табуға тырысыңыз. Мәселені басқа қырынан қарасыңыз ерекше сәтін көруге болады. Мұндай дағды рефлексияның жоғары деңгейін көрсетеді. Мәселеден күлкілі эпизодты табу әрине үнемі мүмкін болмайды, бірақ бұл шешімнің тағы бір жолын табуды көрсетеді.

6. Бойыңызда рефлексияға қабілетті дамыта отырып, жарты жылдан соң өзіңізді және басқа адамдарды жақсы тани бастайсыз. Өзгелердің ойларын және мүмкін болатын қылықтарын алдын ала жобалауға үйренесіз. Өзіңізді түсіне аласыз және бойыңызда керемет күшті сезіне бастайсыз. Берілген бағытта үздіксіз дами беруге болады, ал рефлексияға қабілетті өмірдің түрлі салаларында қолдана беруге болады.

Студенттердің кәсіби іс-әрекетте рефлексияның маңызын түсініп, іс-әрекеттің мотивтерін, белсенділіктерін дамытып, өзін өзі тануына мүмкіндік беру мақсатында Н.О.Николаевның ғылыми еңбегі негізінде ұйымдастырылған психологиялық тренингті жүргізу тәжірибемізден мысалдар келтіреміз [193] (Қосымша Г).

2 күні (2 сағатқа арналған тренинг)

*«Саусақтарды көрсету»*

*Мақсаты:* студенттерді тренингке дайындау және белсенділіктерін жоғарылату.

Топ жетекшісі студенттерге бұйрық бойынша саусақтарды «көтеруді» сұрайды. Жаттығу топ мүшелері бір мезгілде бірдей саусақты көрсеткенше жалғасады. Мұнда студенттердің өзіне өзі есеп беруін талдауына назар аудару керек: бірдей әрекет жасауға не кедергі болды, қандай жағдай көмектесті.

*«Мен кімін?» жаттығуы*

*Мақсаты:* студенттердің өзін өзі тануына мүмкіндік беру, бойындағы жасырын қабілеттерін ашу.

Топ жетекшісі бірнеше ақ парақ алып, жоғары оң жақ бұрышына өздері үйренген 10 есімін жазуларын сұрайды. Кейін «Мен кімін?» деген сұраққа

жауап жазады. Мұны шапшаң, ойға келу ретімен тез жазу қажет. Кейін, қасындағы достарыңыздың Сізді сипаттауы бойынша

1. Ұқсастық неде?
2. Айырмашылық неде?
3. Айырмашылық болса, өзіңізбен қалай байланыстырасыз?
4. Мұндай айырмашылықтарды неліктен достарыңыз көре алмайды?

Қорытындыда топ мүшелерімен жалпы талдау жүргізіледі.

#### *«Жауапкершілікті сезіну»*

*Мақсаты:* студенттерге өмірде болатын жағдайларға жауапкершілікпен карауға және оның маңызы туралы ақпарат беру.

Қатысушылар шеңбер бойымен отырады. Әр топ мүшесі күрделі немесе конфликтті жағдайды еске түсіреді. Кейін әр қатысушы жағдайдың мәні туралы баяндайды, кейін өзін өзі сыйлайтын жауапкершілігі бар адам тұрғысынан өзін сипаттайды. Қатысушылар сын айтпайды.

Соңында келесі сұрақтар қойылады: “қандай да бір жағдайдың негізгі итермелеуші күші қалай болды?”

#### *«Идеалды модель» жаттығуы*

*Мақсаты:* педагогикалық әрекеттің маңызы, осы қызметті орындауға қажет тұлғалық қасиеттерді түсіну.

Топ қатысушыларына ұсынылады:

1. Мұғалімнің орындауы қажет әлеуметтік ролін немесе қызметін елестетіңіз.
2. Сол әлеуметтік рольдің маңызы мен мәні туралы ойланыңыз.
3. Мұғалімнің негізгі іс-әрекетінің мотивін құрыңыз, тұлғаға қойылатын психологиялық талаптары бойынша ойлаңыз.
4. Өзінің «идеалды моделін» қағаз бетіне түсіру.

Соңында барлық алынған «идеалды модельдер» талқыланады.

#### *«Күшті қасиеттер» жаттығуы*

*Мақсаты:* күшті қасиеттерін тануына мүмкіндік беру.

Топ мүшелері жұпқа бөлінеді. Бірінші студент 2 минут бойы педагогикалық іс-әрекетте болатын күрделі жағдайлар туралы айтады. Екінші қатысушы тындап бірінші жұбының бойындағы осы күрделі жағдайды шеше алатын қасиеттердің бар екенін көрсетеді. Кейін қатысушылар орындарымен алмасады. Жаттығудың соңында тренингке қатысушылардың тарапынан өзара пікірлер алмасады.

#### *«Болашақ суреті» жаттығуы*

*Мақсаты:* студенттердің болашақ кәсіби қызметінде мансаптық өсуге ынталандыру.

Тренинг қатысушыларына қарандаштар, бояулар және парақтар таратылады. Өздерін еркін сезінетіндей орналасулары қажет. Қатысушыларға өзінің болашақ кәсіби іс-әрекетін және болашақ өмірін суретке түсіру ұсынылады. Жетістікке жететін бейнені салуды белгілеу қажет. Жаттығу соңында суреттер галлереясы құрастырылады. Галлереяны қарап шыққан студенттер автордың атын атамай салған суреттерді талқылайды.

Зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген қалыптастырушы эксперименттің қорытынды кезеңінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға дайын болу деңгейін анықтау міндеті тұрды. Ол үшін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың келесі бекіту диагностикалық кезеңінде, сыналушылар айқындаушы экспериментте қолданылған әдістемелер арқылы қайта зерттелді.

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері:

Эксперименттік жұмыстың қорытынды нәтижелерін шығару үшін жасаған құрылымдық-мазмұндық моделінде көрсетілген мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік деңгейлерінің көрсеткіштерін айқындайтын сауалнама қайта алынды. Сауалнамаға эксперименттік топтың 78 студенті қатысты. «Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту жайлы не білесіз?» атты сауалнаманың нәтижелері:

1. «Рефлексия» жайлы не білесіз?» деген сауалнамаға жауап бергендердің Жалпы алғанда, студенттердің 100 %-да рефлексия туралы түсінік бар екені анықталды.

2. «Оны бастауыш мектептен бастау керек пе?» деген сұраққа сыналушылардың 100 %-ы «иә» деп жауап берді.

3. «Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық сапаларын дамытуға рефлексия қатысады ма?» сауалына да студенттер “әрине” деп, оған қоса сабаққа қызығушылықты арттыратындығын және рефлексия тек сабаққа қатысты емесе, түрлі өмірлік күрделі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға көмектесетінін қосымша көрсеткен.

4. «Мектеп пәндерінің оқушылардың рефлексиясын дамытудағы мүмкіндіктері қандай?» деген сауалға анықтаушы эксперимент барысында негізінен ана тілі, қазақ тілі, өзін өзі тану мен жаратылыстану сабақтарының мүмкіндіктерінің зор екендігін атаса, енді бейнелеу өнері, дене тәрбиесі пәндерінің маңызды екенін көрсетеді.

5. «Рефлексияны жүзеге асыруға бастауыш сынып оқушыларында алғышарттар бар ма?» сұрағына болашақ мұғалімдердің 79%-ы мұғалімнің сабақты дұрыс ұйымдастыруына байланысты деген пікір жазады. Бұл жауаптан біздің студенттердің болашақта кәсіби қызметтерінде оқушылары үшін жауапкершілік алып мойындағандары қуантады.

6. «Балалардың рефлексиясын дамытудың құралдарын білесіз бе?» сауалға анықтаушы экспериментте сыналушылардың 51% - білмеймін десе, енді 97%-ы «білемін» деген нәтижелер көрсетті. .

7. «Өз оқушыларыңыздың рефлексиясын дамытуда құзыретті болғыңыз келе ме?» Бұл сұраққа студенттердің 100% - «ия» деп жауап берген.

Сонымен, мамандық бойынша білім алып жатқан студенттердің рефлексия жайлы білімдері қалыптасқанын, болашақ мұғалімдер рефлексияның сабақтарда қолданылатын түрлерінен хабарлары бар және тәжірибеде қолдана алатыны, оқушыларды бастауыш мектептен бастап қолға алу және ол бастауыш мұғалімнің жауапкершілігімен жүзеге асырылуы керек екенін түсінгенін анықтадық.

Оқу іс-әрекетіне мотивін зерттеу әдістемесінің (А.А.Реан, В.А.Якунин модификациясы бойынша) нәтижелері бойынша біз эксперименталды топ студенттерінің шығармашылық өзін өзі жетілдіру мотивінің жоғарылағанын байқаймыз. Бұл өз кезегінде студенттердің өзінің істеріне саналы жауап беріп, жауапкершілік алып, жаңа идеялардың туындауына және қызығушылықтарының артқандығын көрсетеді. Мамандыққа жоғары сұраныс мотивінің төмендегенін (2%) анықтадық. Демек, мамандыққа деген сұраныстың төмен немесе керісінше болуы студенттердің өз ісінің кәсіби маманы болуына кедергі келтірмейді. Педагог мамандардың «мұғалім-оқушы» қарым-қатынасында студенттердің қарым-қатынасындағы маңызды орын алады. 19-кестеде көрсетілгендей экспериментке дейін және кейін студенттердің қарым-қатынасының пайыздық көрсеткіштері арысында айырмашылық жоқ. Біздің ойымызша, қарым-қатынас мотивінің өзгеріссіз қалғаны дұрыс. Эксперименталды топта өзгерістердің бар екені  $t_{мп}=3,02 > 1,99 = t_{кр} N_1$  арқылы байқадық.

Кесте 19 - Қалыптастырушы эксперименттен кейінгі оқу іс-әрекетіне мотивін зерттеу әдістемесінің (А.А.Реан, В.А.Якунин модификациясы бойынша) нәтижелері

| Педагогикалық тәжірибе-эксперимент алаңы болған жоғары оқу орны | Экспериментке дейін |              | Эксперименттен кейін |              |
|-----------------------------------------------------------------|---------------------|--------------|----------------------|--------------|
|                                                                 | ЭТ<br>(n=78)        | БТ<br>(n=79) | ЭТ<br>(n=78)         | БТ<br>(n=79) |
| Шкала 1. Қарым-қатынас мотиві                                   | 23%                 | 26%          | 24%                  | 24%          |
| Шкала 2. Сәтсіздіктен қашу мотиві                               | 5%                  | 6%           | 2%                   | 7%           |
| Шкала 3. Мамандыққа жоғары сұраныс мотиві                       | 9%                  | 8%           | 2%                   | 7%           |
| Шкала 4. Кәсіби мотиві                                          | 10%                 | 10%          | 18%                  | 13%          |
| Шкала 5. Шығармашылық өзін өзі жетілдіру мотиві                 | 9%                  | 8%           | 31%                  | 11%          |
| Шкала 6. Оқу-танымдық мотиві                                    | 10%                 | 12%          | 11%                  | 10%          |
| Шкала 7. Әлеуметтік мотивтер                                    | 34%                 | 30%          | 12%                  | 28%          |
| Барлығы                                                         | 100%                | 100%         | 100%                 | 100%         |

А.В. Карповтың «Рефлексивтіктің дамуының даралық өлшемін» анықтау әдістемесін қайта жүргізу нәтижесінде де айтарлықтай жоғарылаудың бар екені байқалады (кесте 20). Атап айтсақ, эксперименталды топта айқындалушы экспериментте жоғары 15, орташа 42, төмен 21-ді құраса, қалыптастырушы эксперименттен кейін 21 жоғары, 41 орташа және 16 сыналуды төмен аралықтағы ұпайларды жинаған. Өзгерістердің сенімділігін бағалауда тәуелді таңдамалар үшін Стьюденттің t-критерийі бойынша келесі болжамдар қойдық:

1)  $H_0$ : эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасындағы даму өзгерісі бар;

2)  $H_1$ : эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасындағы даму өзгерісі жоқ;


$$t_{\text{эмп}} = 4,32 > 1,99 = t_{\text{кр}}$$

Экспериментке дейін және кейін арасындағы ауытқушылықтардың бар екені  $t_{\text{эмп}} > t_{\text{кр}}$  ( $p \leq 0,05$ )  $\Rightarrow H_1$  арқылы байқадық.

Кесте 20 - А.В. Карповтың «Рефлексивтіктің дамуының даралық өлшемін» анықтау әдістемесі бойынша қалыптастырушы эксперименттің нәтижелері

| Педагогикалық тәжірибе-<br>эксперимент алаңы болған<br>жоғары оқу орны | Экспериментке дейін |              | Эксперименттен кейін |              |
|------------------------------------------------------------------------|---------------------|--------------|----------------------|--------------|
|                                                                        | ЭТ<br>(n=78)        | БТ<br>(n=79) | ЭТ<br>(n=78)         | БТ<br>(n=79) |
| Жоғары (148 және одан жоғары)                                          | 15- 19, 23%         | 17- 21,52%   | 21- 26, 92%          | 18- 22,78%   |
| Орташа (123-147)                                                       | 42- 53,85%          | 40- 50,63%   | 41- 52,57%           | 42- 53,17%   |
| Төмен (80-нен кем және 122-ке дейін)                                   | 21- 26,92%          | 22- 27,85%   | 16- 20,51%           | 19- 24,05%   |


Жоғарыдағы А.В. Карповтың «Рефлексивтіктің дамуының даралық өлшемін» анықтау әдістемесінің эксперименттен соң қалыптасуының орташа мәндерінің көрсеткіштері нәтижелерін диаграмма түрінде төменде берілген 28 – суретте сипаттаймыз.



Сурет 28 - А.В. Карповтың «Рефлексивтіктің дамуының даралық өлшемін» анықтау әдістемесінің эксперименттен соң қалыптасуының көрсеткіштерінің диаграммасы

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға даяр болуы ең алдымен олардың өз әрекеттерін рефлексиялай алуға қатысты дағдыларының эксперименттен соң қалыптасуының нәтижесі М.Гранттың «Рефлексияға бағыттылық пен көріну деңгейі» атты әдістемесін қайта жүргізу арқылы анықталды.

Компьютерлік жолмен алынған сауалнамадан шығарылған қорытындылар бойынша қатысушылардың «жоғары» деңгейді көрсеткендері 21 %; «жоғарыдан төмен» деңгейді – 27 %, «орта» деңгейді - 32% , «ортадан төмен» деңгейді - 15%, «төмен» деңгейді - 5% болды. Сауалнама нәтижесін 29-суреттен көруге болады.



Сурет 29 - «Рефлексияға бағыттылық пен көріну деңгейі» әдістемесінің нәтижелерінің диаграммасы (М.Грант бойынша)

Суреттен көріп отырғанымыздай студенттердің рефлексияға бағыттылығы негізінен орташа деңгейде. Жоғары және жоғарыдан төменгі деңгей 48%-ды көрсетіп, орта, ортадан төмен, төменгі деңгейлердің жиынтығы 52%-ға жеткендігін байқатады. Бұл нәтиже студенттердің тәжірибелік жұмыстар барысында өзіндік рефлексия жасауға деген қажеттіліктері мен дағдыларының артқандығын көрсетеді.

21-кестеде көрісетілген бақылаушы топта элективті жұмыс жүргізілмегендіктен өзгерістердің болмағандығын байқатса, ал тәжірибелік-эксперимент жүрген топтағы алынған нәтижелер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға барлық компоненттер бойынша даяр болу деңгейлерінің артқандығын байқатты.



Зертеудің айқындаушы эксперимент кезінде алынған және қалыптастырушы кезеңінде жүргізілген жұмыстардан кейін таңдалған критерийлер бойынша диагностикалаудың қорытынды нәтижесі төмендегідей болып шықты.

Кесте 21 - Қалыптастырушы эксперименттің қорытынды нәтижелерінің мониторингі

| Компоненттер | Эксперименттік топ студенттері<br>(n=78) |         |         |         |         |         | Бақылау тобы студенттері<br>(n=79) |         |         |         |         |         |
|--------------|------------------------------------------|---------|---------|---------|---------|---------|------------------------------------|---------|---------|---------|---------|---------|
|              | Деңгейлер                                |         |         |         |         |         |                                    |         |         |         |         |         |
|              | жоғары                                   |         | орта    |         | төмен   |         | жоғары                             |         | орта    |         | Төмен   |         |
|              | эд                                       | эк      | эд      | эк      | эд      | эк      | эд                                 | эк      | эд      | эк      | эд      | Эк      |
| Мотивациялық | 40<br>%                                  | 78<br>% | 51<br>% | 22<br>% | 9<br>%  | -       | 33<br>%                            | 29<br>% | 30<br>% | 35<br>% | 37<br>% | 36<br>% |
| Танымдық     | 39<br>%                                  | 60<br>% | 35<br>% | 29<br>% | 26<br>% | 11<br>% | 42<br>%                            | 47<br>% | 40<br>% | 40<br>% | 18<br>% | 13<br>% |
| Іс әрекеттік | 59<br>%                                  | 80<br>% | 33<br>% | 15<br>% | 8<br>%  | 5<br>%  | 38<br>%                            | 44<br>% | 42<br>% | 43<br>% | 20<br>% | 13<br>% |

Әр компонент бойынша эксперименталды топ студенттерінің эксперимент басы мен соңындағы көрсеткіштер арасындағы ауытқушылықтардың бар екені  $t_{эмп} > t_{кр}$  ( $p \leq 0,05$ )  $\Rightarrow H_1$  арқылы байқадық ( $t_{эмп} = 3,02 > 1,99 = t_{кр}$ ).

Жоғарыда келтірілген деректер диссертациялық зерттеу барысында жүргізілген қалыптастырушы эксперименттің нәтижелі болғандығын көрсетеді.

Сонымен, тәжірибиелік зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе, біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау үдерісінде олардың рефлексия жайлы теориялық білімдер алуы, өз әрекеттерін өздерінің бағалауы, оқыту технологияларының оқушының рефлексиясын дамытудағы инновациялық технологияларды меңгерудің біртұтастығы қамтамасыз етілсе, бұл сапа жоғары деңгейде қалыптасады деген болжамымыз дәлелденді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау» атты диссертациялық зерттеу жұмысының ғылыми болжамы дәлелденді және бірнеше теориялық және қолданбалы нәтижелер алынды.

Жүргізілген теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік зерттеу жұмысының нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік берді:

1. Қазіргі білім беру жүйесінің жұмысын реттеуге арналған мемлекеттің стратегиялық даму бағдарламалары мен нормативті құжаттарға жасалған талдаулар негізінде жоғары кәсіби білім алу барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау мәселесінің өзектілігі дәлелденді. Мәселеге қатысты теориялық еңбектерге жасалған талдаулар «рефлексия» ұғымының генезисін, мәнін түзуге мүмкіндік берді. Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, білімінің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтау. Рефлексияны адам табиғатына тән болғандықтан ойлау, ес, сана сияқты танымдық үдерістерден бөліп қарауға болмайды. Студенттің рефлексиялық қызметінің мақсаты: білімдік әрекеттің негізгі компоненттерін есіне түсіріп, олардың мәнін, алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдей алу, тәжірибе мен білім алу жолында жасалған әрекеттердің тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру. Орындалып өткен әрекеттің нәтижесін зерттеу. Ал сол өз тәжірибесінде оған кедергі келтіріп жатқан не екенін түсіну, нені өзгерту қажет екенін анықтай алу, ең бастысы мойындай білу – нағыз педагогикалық рефлексияға жатады.

Рефлексия бұл жерде тек сараптамалық қана емес, дамытушылық та қызмет атқарады. Жүргізілген талдаулар, рефлексия – адамды ойлауға бағыттайтын, танымның әдіс-тәсілдерін сыни талдау, өз білімнің деңгейін білу, өзіндік таным іс-әрекетін, адамның рухани әлемнің ішкі құрылымын ашып көрсету ықпал ететін әрекет ретінде тану деген тұжырымдар жасауға негіз болды. Бастауыш мектеп оқушысының рефлексиясы – бұл ең алдымен, оқу іс-әрекетінің тәсілдерін саналы ұғыну, оның мағыналық ерекшеліктерін табу. Оқушылар орындалған іс-әрекетті саналы ұғынып қоймай, сонымен бірге оның қалай орындалғанына баға беру. Рефлексия қарастырылатын әрбір мәселе бойынша толғанып, жан-жақты зерттеп, өз түсінігін қалыптастыру, өзінді тану мен түсіну, ішкі жан дүниеге үңілу, өзімен сырласу, өзіне есеп беру дегенді білдіреді. Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясы оның тұлғалық, танымдық, коммуникативтік қасиеттерін дамытады.

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға даяр болуы оның кәсіби даярлығының құрамдас бөлігі. «Даярлық» бұл философиялық, психологиялық және педагогикалық категория бола отырып, әртүрлі жағдайларды, ниеттерді, тіпті адам қабілеттерін сипаттауға қатысты зерттеулерде қолданылатын ұғым болып табылатындығы негізделді. Кез келген қызметті атқаруға дайындық белсенділік пен адамның өмірлік позициясы, құндылықтар жүйесі мен дүниетанымы деңгейін көрсетеді.

Сонымен қатар оның психологиялық қасиеттер жиындығынан тұрады. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлығы – оның жоғары деңгейдегі ғылыми-педагогикалық әрекетіне негіз болатын рефлексия және педагогикалық инновация жайындағы білімдері, сабақтағы рефлексия түрлерін білуі, рефлексиялау әдістерінің мәнін, қызметін білуі, оқушыларды кері байланыс әрекетіне түсіре алуы сияқты компоненттерден тұратын тұлғаның кешенді сапасы деген сипаттама берілді.

3. Зерттеу барысында дайындалып, тәжірибеден өткен құрылымдық мазмұндық модельдің стратегиялық мақсаты – инновациялық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін дайындау үдерісінің компоненттері мен көрсеткіштерін айқындау, әдістері мен деңгейлері белгілеу. Әдіснаманың синергетикалық, тұлғалық, әрекеттік, құзыреттілік тұғырлары мен ізгіліктілік, диалогтық, ұстанымдарды басшылыққа алынған құрылым, мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік компоненттерден тұратын бұл құрылымда қазіргі қолданыстағы инновациялық технологиялардың зерттеу мәселесін шешудегі мүмкіндігін толық пайдалану арқылы оқушылардың рефлексиясын дамыту мүмкін болатындығы дәлелденді.

4. Диссертациялық жұмыста «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту», «ТРИЗ - технология», «Ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың» зерттеу міндеттері тұрғысынан сипаттамалары беріліп, бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамытудағы сабақтың ұйымдастырушылық, жаңа тақырыпты игеру, сабақты қорытындылау кезеңдерінде қолданылатын әдіс тәсілдері жүйеленді. Оларды тиімді қолданудың әдістемесі негізделіп, бастауыш мектептегі оқу үдерісінде қолдану үлгілері келтірілді.

Зерттеудің міндетіне сәйкес әзірленіп, жоғары оқу орынының білімдік үдерісінде тәжірибеден өткен «Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту әдістемесі» элективті курсының мазмұны болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға арнайы даярлауды жүзеге асырды, пәнді жүргізу барысындағы қолданылған «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту», «ТРИЗ - технология», «Ақпараттық – коммуникациялық технологияларындағы» кері байланысқа бағытталған белсенді әдістер студенттердің өздерінің рефлексиялық әрекет жағдайында болуына олардың оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлығының қалыптасуына тиімді ықпал етті.

5. Қалыптастырушы эксперимент барысында алынған нәтижелер студенттердің оқушылардың рефлексиясын дамытудың қажеттілігін түсініп, оны дамытуға деген қызығушылықтарының артқанын, рефлексия және педагогикалық инновация жайындағы білімдері, сабақтағы рефлексия түрлерін білуі; рефлексиялау әдістерінің мәнін, қызметін ұғынуы; оқушыларды кері байланыс әрекетіне түсіре алу дағдыларының артқандығын көрсетті. Аталған нәтижелер елімізде ЖОО-да маман даярлаудың дәстүрлі құрылымын өзгертуге,

инновацияға негізделген жаңа үлгілері мен нұсқаларын жасауға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша төмендегідей ұсыныстар жасалады:

- жоғары педагогикалық оқу орындарында студенттердің рефлексиялық қабілеттерін дамыту, оқу үдерісінде кері байланыс жасау құзыреттіліктерін жетілдіруді әдістемелік жұмыстың басты бағыты ретінде қарастырып, оқытушылармен арнайы дайындықтар ұйымдастыру;

- инновациялық технологиялар негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлығын қалыптастыруда арнайы оқу бағдарламаларын пайдалану, жоғары оқу орны оқытушылары осы бағыттағы жұмыстарды мақсатты жүргізулерін қамтамасыз ету;

- жүргізілген ғылыми-зерттеуіміздің негізінде дайындалған «Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту әдістемесі» атты элективті курс пен мен ондағы әдістемені ЖОО-дағы 5В010200 - Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандығы студенттеріне дәріс оқуда, семинар сабақтарын өтуде пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру.

Аталған зерттеу нәтижелері болашақта жоғары педагогикалық оқу орнындарында мамандар даярлау мәселесіне арналған жұмыстарды жетілдіруге және осы бағыттағы жаңа зерттеулер жүргізуге негіз бола алады,- деп есептейміз. Зерттеу мәселесі күрделі болғандықтан, оның барлық салаларын жеткілікті дәрежеде қамту мүмкін емес, сондықтан қарастырылып отырған мәселе толығымен шешімін тапты деуге болмайды. Болашақта бастауыш сынып мұғалімдерін бұл бағытта дайындау мәселесін кәсіби практикалық тәжірибемен тығыз байланыста қарастыру, бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамытуды балабақша тәрбиеленушілерінің рефлексиялық қабілеттерін дамытумен сабақтастық тұрғысында зерттеу керек деп санаймыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының білім берудің дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы (2014.12.08 берілген өзгерістер мен толықтырулармен). <https://online.zakon.kz>.
- 2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III ҚРЗ. Астана. Ақорда. <http://online.zakon.kz>.
- 3 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001080>.
- 4 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2016 жылғы 1наурыздағы №205 Жарлығы. <http://edu.gov.kz>.
- 5 Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасы туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1443 қаулысы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>.
- 6 Философиялық сөздік / Редкол. Р.Н. Нұрғалиев, Ғ.Ғ. Ақмамбетов, Ж.М.Әбділдин ж.б. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996. – 525 б.
- 7 Педагогика. Большая современная энциклопедия / Сост. Е.С.Рапацевич. – Минск.: «Современное слово», 2005. – 720 с.
- 8 Фихте И.Г. Избранные сочинения: М.; 1961. – Т.1. - 369 с. <https://www.rulit.me/author/fichte-iohann-gotlib>
- 9 Шиллинг Ф.В. Система трансцендентального идеализма. [http://filosof.historic.ru/books/a0000\\_1.shtml](http://filosof.historic.ru/books/a0000_1.shtml)
- 10 Кант И. О педагогике // Кант И. Трактаты и письма. М: Наука, 1980 г., 712 стр.[http://platonanet/load/knigi\\_po\\_filosofii/istorija\\_nemeckaja\\_klassicheskaja/kant\\_traktaty\\_pisma/12-1-0-1890](http://platonanet/load/knigi_po_filosofii/istorija_nemeckaja_klassicheskaja/kant_traktaty_pisma/12-1-0-1890)
- 11 Декарт Р. Рассуждение о методе для хорошо направленного разума и отыскания истины в науках / Сочинения: в 2 т. – М.: Мысль, 1989. – Т.1. – 654 с. - (Филос. наследие; Т. 106).- С.250-296. <http://filosof.historic.ru/books>
- 12 Локк Дж. Избранные философские произведения. – М.: Изд-во Соцэкгиз, 1960. – Т. 1. -537 с.
- 13 Аль-Фараби. Избранные трактаты. –Алматы: Ғылым, 1994 . – 446 с.
- 14 Қожа Ахмет Ясауи. Диуани хикмет. – Алматы: Арыс, 2001. – Б. 11-18.
- 15 Баласағұн Ж. Құтты білік / аударған А.Егеубаев. –Алматы: 1986. – 52 б.
- 16 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди. – Алматы: М.Х. Дулати қоғамдық қоры, 2003. – 616 б.
- 17 Қашқари М.«Түрік тілінің сөздігі»: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы. 1-том. / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – Т.1. – Б.30-41.
- 18 Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының: 2 томдық жинағы.– Алматы: Жазушы, 2013. – Т. 2. – 336 б.
- 19 Выготский Л.С. Психология. – М.: Апрель Пресс, 2000. -1006 с.

- 20 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии: Т.1. в 2-х томах. М.: Педагогика, 1998. – 488 с.
- 21 Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания психологии.- СПб.:Питер, 2001. – 288 с. – (Серия «Мастера») <http://klex.ru/3ol>
- 22 Холодная М.А. Психология интеллекта: парадоксы исследования. [http://intellect-invest.org.ua/content/userfiles/files/library/Holodnaya\\_Psihologiya\\_intellekta.Pdf](http://intellect-invest.org.ua/content/userfiles/files/library/Holodnaya_Psihologiya_intellekta.Pdf)-208 с.
- 23 Аймауытов Ж. Психология. - Алматы: Рауан, 1995. - 312 б.
- 24 Мұқанов М. Исследования когнитивной эмпатии и рефлексии у представителей традициональной культуры/Исследование речемышли и рефлексии. - Алм-Ата, 1979. – С. 74-81.
- 25 Тәжібаев Т. Жалпы психология. – Алматы: Қазақ университеті, 1989. – 225 б.
- 26 Алмұратов Ә. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 1996. – 422 б.
- 27 Жарықбаев Қ.Б. Психология. – Алматы: Білім, 1993. -158 б.
- 28 Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. 2 изд. - Алматы: Қазақ, университет, 2009. - 308 с.
- 29 Намазбаева Ж.И. Жалпы психология. – Алматы, 2005. – 293 б.
- 30 Тоқсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы: автореф. ... канд. ... дисс. - Алматы : Б.ж., 2001. - 30 б.
- 31 Әбдікәрімұлы Б. Использование инновационных технологий – парадигма новых знаний. – Астана, 2007.– С. 25-37.
- 32 Джусубалиева Д.М. Теоретические основы формирования информационной культуры студентов в условиях дистанционного обучения. Автореф....докт.пед.наук. – Алматы, 1997. - 49 с.
- 33 Егоров В.В. Информационные технологии в подготовке инженера-педагога. – Алматы: Ғылым, 1994. - 356 с.
- 34 Нұрғалиева Г.К. Педагогические технологии информатизации образования. – Алматы: Алем, 2002. – 269 с.
- 35 Қабдықайырұлы Қ. Монахов В.М., Оразбекова Л.Н., Әлдібаева Т.Ә. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. – Алматы: РБК, 1999. - 149 б.
- 36 Караев Ж.А., Кобдилов Ж.У. Оценка деятельности учащихся в условиях применения педагогических технологий обучения // Вестник высшей школы Казахстана. – 1998. - №5. - С. 82-88.
- 37 Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері: п.ғ.док. ... дис.:13.00.08. – Түркістан, 2006. – 313 б.
- 38 Бұзаубақова К.Ж. Білім берудегі инновациялық технологиялар: оқу құралы. – Тараз: ТарМПИ, 2014. – 324 б.
- 39 Кобдикова Ж.У. Педагогическая технология уровневой дифференциации обучения. – Алматы, 2002. -168 с.
- 40 Сағымбаева А.Е. Использование информационно-коммуникационных технологии при контроле знаний // Е.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Хабаршысы. Арнайы басылым. Астана, 2012. - №3. – Б.357-361.

- 41 Архангельский С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерности, основы и методы. – Москва: Высшая школа, 1980. 364- 368 с.
- 42 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика, 1989. – 192 с. <http://gpa.cfuv.ru/courses/os-ped-mast/pdf>
- 43 Бабанский Ю.К. Оптимизация процесса обучения. Общедидактический аспект. – М.: Педагогика, 1977. – 254 с. <https://hum.edu-lib.com/szbrannoe/babanskiy-yu-k-optimizatsiya-protsesta-obucheniya-onlayn>
- 44 Гамидов С.С. Профессионально-педагогическая направленность математической подготовки будущего учителя начальной школы в педвузе: Дисс. ...докт.пед.наук. - Баку, 1991. - 371 с.
- 45 Занков Л.В. Избранные труды. – М.: Педагогика, 1990. - 248 с.
- 46 Кларин М.В. Педагогическая технология в учебном процессе. – М.: Знание, 1989. – 80 с.
- 47 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. Учебное пособие для педагогических вузов и ИПК. -М.: Народное образование, 1988. - 255 с.
- 48 Подымова Л.С. Дидактическая подготовка учителя начальных классов в системе высшего педагогического образования: автореф. ...канд.пед.наук. - М., 1983. - 17 с.
- 49 Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования: Для пед. спец. высш. учеб. заведений / 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Просвещение, 1990. – С. 40 – 141.
- 50 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы, 2000. – 384 б.
- 51 Аренова А.Х. Научно-педагогические основы самостоятельной учебной деятельности младших школьников: автореф. ...докт.пед.наук. - Алматы, АГУ им.Абая, 2001. - 46 с.
- 52 Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында: монография. – Алматы, 2012. - 316 б.
- 53 Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы: пед.ғыл.док. ... автореф. – Алматы, 2009. – 45 б.
- 54 Барсай Б.Т. Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби - дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми – педагогикалық негіздері: пед.ғыл.докт. ... дис. - Шымкент, 2010. -349 б.
- 55 Сардарова Ж.И. Білім беруді жаңарту жағдайында бастауыш мектепті акпараттандырудың теориясы мен практикасы: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2008. – 297 б.
- 56 Сарбасова К.А. Совершенствование подготовка учителей начальных классов на основе инновационных педагогических технологий: Канд.пед.н. ... дис... - Караганды, 2005. – 155 с.
- 57 Нағымжанова Қ.М. Инновациялық оқыту жағдайларындағы мұғалім қызметінің психология-педагогикалық негіздері. – Өскемен, 1999. – Б. 32-35.

- 58 Джанбубекова М.З. Жаһандану жағдайында болашақ бастауыш мектеп мұғалімін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық негіздері: пед.ғыл.док. ... дис.:13.00.08. – Алматы, 2010. – 287 б.
- 59 Рахметова С.Р. Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту әдістемесінің негіздері. Алматы: Атамұра, 2011. – 224 б.
- 60 Аймағамбетова Қ.А. Бастауыш сыныптарда дүниетануды оқытудың ғылыми -әдістемелік негіздері: пед.ғыл.док. ... автореф. – Алматы, 1998. -41 б.
- 61 Оспанов Т.Қ. Математиканың бастауыш курсының оқыту әдістемесі. – Алматы: РБК, 1996. – 177 б.
- 62 Құрманалина Ш.Х. Проблема методической подготовки будущих учителей начальных классов по обучению математике младших школьников. – Алматы: Алем, 1999. – С. 9-12.
- 63 Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш мектепте қазақ тілі синтаксисін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2009. – 363 б.
- 64 Қайыңбаев Ж.Т. Бастауыш мектепте математиканы оқытудың мазмұны және оның құрылымының ерекшеліктері: пед.ғыл.канд. ...дис. - Алматы, 1998. – 169 б.
- 65 Қосанов Б.М. Қазақ бастауыш мектебінде математиканы оқыту жөніндегі ғылыми-әдістемелік ой-пікірдің және дамуы (XX №. 30-жылдарына дейін): пед.ғыл.канд. ...дисс. - Алматы, 1997. - 152 б.
- 66 Ыбырайымжанов Қ.Т. Бастауыштағы педагогикалық үдерісті білім берудің жаңа жүйесінде ұйымдастырудың ғылыми негіздері//«Ғылым, білім және инновациялар - «Қазақстан – 2050» стратегиясының орындалуының маңызды факторлары». Халықаралық ғылыми-практикалық конференция. – Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2015. – III-ші бөлім. – Б. 354-359.
- 67 Набуова Р.А. Студенттердің өзіндік бағалауын қалыптастыру тәсілі - кері байланыс // Педагогикалық ғылымдар Академиясының Хабаршысы. – Алматы, 2017. -№ 2 (76) . – 78-84 б.
68. Философиялық сөздік. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. - 1993. – 356 б.
- 69 Олпорт Г.В. Становление личности: Избранные труды / [Пер. с англ. Л. В. Трубицыной и Д. А. Леонтьева]; под общ. ред. Д. А. Леонтьева. – М.: Смысл, 2002. – 276 с.
- 70 Лейбниц Ф. Труды по философии науки. – Изд.: Либроком, 2012. -178 с.
- 71 Гегель Г. Сочинения. – М., 1959. – Т.9. – 457 с.
- 72 Гуссерль Э. Картезианские размышления. - Санкт-Петербург, РАН, Изд.: Наука, 2006. -316 с.
- 73 Сартр Ж.П. Бытие и ничто. – М.: Республика, 2000. – 639 с.
- 74 Лекторский В.А. Субъект. Объект. Познание. – М.: Наука. 1980. – 358с.
- 75 Мамардашвили М. Беседы о мышлении. - Издательство: Фонд Мераба Мамардашвили.:2015. [https://www.ozon.ru/context/detail/id. диск \(CD\)](https://www.ozon.ru/context/detail/id. диск (CD))
- 76 Щедровицкий Г.П. Философия. Наука. Методология. – М.: Шк. культ. полит., 1997. – 641 с.



- 77 Психологический словарь / Под ред. А.В.Петровского и М.Г.Ярошевского. – М: Политическая литература, 1990. – 321с.
- 78 Большой психологический словарь / под редакцией Б. Г. Мещерякова, В.П. Зинченко. – Издание 4-е, расширенное. – М., 2003 - 672 с.
- 79 Современный словарь по психологии / Авт.- сост. В. В. Юрчук. - Минск: Элайда, 2000. - 704 с.
- 80 Bruner J.S. Acts of meaning. – Cambridge, MA: Harvard University Press, 1990. –181 p.
- 81 Rogers C.R. Freiberg H.J. Freedom to learn. – NY: Merrill, 1994. - 352 p.
- 82 Миримонова М.С., Шрейдер Ю.А. Рефлексия и установка как основа формирования информационных потребностей в условиях компьютерной инфосреды. – Новосибирск, 1987. – С. 151 - 161.
- 83 Ладенко И.С. Феномен рефлексивного стиля мышления и генетическая логика. Рефлексия, образование и интеллектуальные инновации. – Новосибирск: Изд-во НГУ, 1995. – 160с.
- 84 Семенов И.Н. и Степанов С.Ю. Рефлексивная психология и педагогика творческого мышления. – Запорожье: ЗГУ, 1992. – 224 с.
- 85 Карпов А.В. Психология рефлексивных механизмов деятельности. – М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2004. – 421с.
- 86 Лурия Н.И. Психологические особенности развития рефлексивного знания в дошкольном и младшем школьном возрасте: Дис. канд. психол. наук: 19.00.07 / Моск. гос. лингв. ун-т. – М., 1997. -170 с.
- 87 Семенов И.Н. и Степанов С. Ю. Психология рефлексии: проблемы и исследования // Вопросы психологи. - 1985. - №3. – С. 31-40. <http://voppsy.ru/issues/1985/853/853031.htm>
- 88 Moon J.A. Reflection in learning and professional development: theory and practice. – London: Kogan Page, 1999. – 240 p.
- 89 Захарченко М.В. Синергетические идеи оптимизации языкового образования в университете//Гуманитарные и социальные науки. - 2013. - № 6. - С. 273-281.
- 90 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. - 160 б.
- 91 Амирова А.С. Ғылым мен бастауыш білімнің қазіргі мәселелері. – Алматы: Ұлағат баспасы, 2015. -392 б.
- 92 Жұмабаева Ә.Е. Бастауыш сыныптарда синтаксисті дамыта оқыту сабақтарының жүйесі. – Алматы: РАДиАЛ, 2013. – 90 б.
- 93 Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО – да қолдану мәселелері: оқу құралы. - Алматы. Кантана пресс, 2013. – 447 б.
- 94 Кенжебаева Т.Б. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту: филос. док. (PhD) ... дис. – Алматы, 2014. – 170 б.
- 95 Абуов А.Е. Педагогические условия использование инновационных образовательных технологий в учебном процессе школы: автореф. ... канд.пед.наук: 13.00.01 / Еуразия гуман. ин-ті. - Астана, 2005. - 30 б.
- 96 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдау «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»: 17.01.2014 жыл. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>.

97 Жаңартылған мазмұндағы бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысына қосымша. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>.

98 Слободчиков В. И. Становление рефлексивного сознания в раннем онтогенезе // Проблемы рефлексии: сб науч. трудов. – Новосибирск, 1987. – 149 с.

99 Громыко Ю.В. Мыследеятельность, сознание и сверхличность. Реальность развития. Руководство для управленцев и педагогов. – М.: Пушкинский институт, 2010. – С.87-91.

100 Слободчиков В.И., Цукерман Г.А. Генезис рефлексивного сознания в младшем школьном возрасте // Вопросы психологии. – 1990. - №2. – С. 25-36.

101 Маркова А. К. Психология труда учителя. - М.: Просвещение, 1993. - 192 с.

102 Давыдов В.В. О понятии личности в современной психологии // Вопросы психологии. – 1984. - №4. - С. 22-32.

103 Медникова, Л. А. Рефлексивная деятельность школьника // Начальная школа плюс: до и после. – 2008. - № 1. – С. 72-75.

104 Дьюи Д. Демократия и образование. – М.: Педагогика, 2000. – 384 с.

105 Shermis S. Critical thinking: helping students learn reflectively. Bloomington, In.: ERIC Clearinghouse on Reading and Communication Skills. – 1992. - 97 p.

106 Морозова Т.А. Формирование педагогической рефлексии как основы профессионального становления будущего учителя: дис. ... канд. психол. наук: 19.00.07. – Тула, 2003. – 177 с.

107 Тәңірбергенова А.Ш. Бастауыш сынып математикасын оқыту барысында оқушылардың рефлексивтік қатынастарын қалыптастырудың әдістемесі: пед.ғыл.канд. ... автореф. - Алматы, 2010. - 32 б.

108 Ермолаева М.Г. Становление субъекта профессиональной педагогической деятельности в педагогическом колледже. Дис. канд. пед. наук: 13.00.01. - СПбГУПМ, 2001. – 170 с.

109 Архарова Л.И. Педагогическая рефлексия как условие гуманизации в подготовке учителя начальных классов. – Балашов, 2003. – 280 с.

110 Демидова Т.Е. Профессиональная подготовка будущих учителей к формированию общеучебных умений у младших школьников: дисс.. .д. пед. наук. - Брянск, 2006. - 365 с.

111 Корнилова О.А., Нурғалиев В.С. Организация эвристического обучения как условие формирования профессиональной рефлексии будущих специалистов // Сибирский педагогический журнал. - 2008. - № 2. - С. 176-180.

112 Самоухина Н.В. Психология и педагогика профессиональной деятельности. - М.: Ассоциация и изд-во «Тандем», 1999. – 351 с.

113 Чернышев А.С. Психологическая подготовка будущих педагогов // Вопросы психологии. – 2001. - № 2. – С. 140-142.

114 Митина Л.М. Психология труда и профессионального развития учителя. – М.: Академия, 2004. – 320 с.

- 115 Шиян, А.Ф. Формирование профессионально-значимых качеств личности в процессе обучения. - М., 1981. – 98 с.
- 116 Слостенін В.А., Подымова Л.С. Педагогика: инновационная деятельность. - М., 1997. – 293 с.
- 117 Ушева Т.Ф. Формирование и мониторинг рефлексивных умений учащихся. – Красноярск, 2007. - 88 с.
- 118 Байкова Л.А. Теоретико-методологические основы гуманизации педагогической системы образования учителя: монография. - Рязань: РГПУ им. С.А. Есенина, 2004. - 288 с.
- 119 Бессонова И.Г. Модель формирования профессиональной рефлексии будущего педагога // Сибирский педагогический журнал. - 2007. - № 1.-С. 176-184.
- 120 Оспанбекова М.Н. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуға даярлау//«Шоқан оқулары - 21» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. Қазақстан, Көкшетау, 2017. – Т.2. – С. 101-105.
- 121 Кулюткин Ю.Н. Образовательные технологии и педагогическая рефлексия. – СПбГУПМ, 2002. – 146 с.
- 122 Кулюткин Ю.Н. Сухобская С.Г.Творческая направленность деятельности педагога. – М.,1988. – 215 с.
- 123 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. - А.: Мектеп, 2002. -252 б.
- 124 Крутецкий В.А. Психология математических способностей школьников. – М., 1998. - 411 с.
- 125 Кучерявенко И.А. Проблема психологической готовности к профессиональной деятельности. – 2013. <https://sworld.com.ua/konfer33/1169.pdf>
- 126 Кандыбович Л.А. Краткий психологический словарь: личность, образование, самообразование, профессия. - Минск, 1996. - 399 с.
- 127 Деркач А.А. Акмеологические основы развития профессионализма. – Москва: Воронеж, 2004. – 750 с.
- 128 Юдин Э. Г. Системный подход и принцип деятельности. – Москва : Наука, 1978. – 390 с.
- 129 Нурғалиева Г.К. Психолого-педагогические основы ценностно-ориентированной личности: дис...д. п.н. 13.00.01. – Алматы. - 1994. - 379 с.
- 130 Слостенін В.А. и др. Педагогика Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / Под ред. В.А. Слостенина. - М.: Изд. Академия, 2013. - 576 с.
- 131 Осиневская Л.М. Образ жизни школьника как объект гуманистического воспитания в системе профессиональной подготовки педагога: диссер.... к.п.н. 13.00.08. – Москва, 2003. – 248 с.
- 132 Вартофский М. Модели. Репрезентация и научное понимание / Пер. с англ. Общ. ред. и послесл. И. Б. Новика и В. Н. Садовского. – М.: Прогресс, 1988. - 507 с.
- 133 Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы : оқу құралы. – Алматы, 2003. - 128 б.

- 134 Таубаева Ш. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика формирования. – Алматы: Алем, 2000. – 381 с.
- 135 ҚР МЖМБС 6.08.012-2009 «5B010200 – Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы ҚР МЖМБС. Астана, 2012. <http://online.zakon.kz>.
- 136 Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасының «Атамекен» Басқарма төрағасының «Кәсіби стандартты бекіту туралы» 2017жылғы 8 маусымдағы №133 бұйрығы. [https://egemen.kz/article\\_text\\_photo](https://egemen.kz/article_text_photo)
- 137 Пиаже Ж. Избранные психологические произведения. - М.: Педагогика пресс, 1999. -526 с.
- 138 Каган М.С. Философия культуры / М.С. Каган. – СПб.: ТОО ТК «Метрополис», 1996. - 430 с.
- 139 Бондаревская Е.В. Теория и практика личностно-ориентированного образования. - OZON.RU, 2000. – 352 с.
- 140 Балтабаев М.Х. Педагогическая культурология: Учебное пособие.- А.: Республиканский издат. Кабинет КАО им. Алтынсарина, 2000. – 268 с.
- 141 Жанабаев З.Ж. Педагогика и современность: Познание и управление сложным // Вестник КазГУ. Педагогические науки. -1998. - №1. – С. 4-7 .
- 142 Анохин П. К. Избранные труды. Системные механизмы высшей нервной деятельности: монография. – Москва : Наука, 1979. – 453 с.
- 143 Якиманская И.С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе. – М.: Сентябрь, 1998. – 86 с.
- 144 Сериков В.В. Личностно-ориентированное образование // Педагогика. – 1994. - №5. – С. 16-21.
- 145 Смирнов С.А. и др. Педагогика: педагогические корни, системы, технологии: учебное пособие для студентов сред.педучебн,заведений. – М.: Изд.центр «Академия», 1999. - 544 с.
- 146 Кузьмина Н.В. Способности, одаренность, талант учителя. - Л., 1985. - 75 с.
- 147 Краевский В.В. Методология педагогики: новый этап: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Изд. «Академия», 2006. - 400 с.
- 148 Юдин Э.Г. Методология науки. Системность. Деятельность. – М.: УРСС, 1997. – 444 с.
- 149 Чошанов М.А. и.др. Педагогические техногии развития мышления. – Казань, 1993. - 71 с.
- 150 Тіл білімі терминдерінің сөздігі. - Алматы: «Фирма «Орнак» ЖШС, 2012. – 388 б.
- 151 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. – А.: Мектеп, 2002. -252 б.
- 152 Большой энциклопедический словарь: А-Я / Гл. ред. Прохоров А.М. - 2-е изд. ... - Москва : Большая российская энциклопедия, 2002. - 1583 с
- 153 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. - М., 1979.- 423 с.
- 154 Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. –М.: Наука, 1997.- 325 с.
- 155 Аристотель. Сочинения. М.: Изд. – Мысль, 1976. – Т.1. -550 с.

- 156 Шумпетер Й. Теория экономического развития: (Исслед. предприн. прибыли, капитала, кредита, процента и цикла конъюнктуры) / Пер. с нем. В.С. Автономова и др.; Вступ. ст. А.Г. Милейковского, В.И.Болекина; Общ. ред. А.Г. Милейковского. - М., 1982. [www.socintegrum.ru/Schumpeter](http://www.socintegrum.ru/Schumpeter).
- 157 Третьяков П.И. Школа: управление по результатам. – М, 2001. – 320 с.
- 158 Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игры и дискуссии (анализ зарубежного опыта). – Рига, НПЦ «Эксперимент», 1995. – 176 с.
- 159 Коджаспиров А.Ю, Коджаспирова Г.М. Педагогический словарь: для студентов высших и средних педагогических учебных заведений. – Москва : Академия, 2001. – 176 с.
- 160 Альтшуллер Г.С. Как научиться изобретать? – Тамбов, 1961. – 87 с.
- 161 Тұрғынбаева Б.А. Педагогические технологии как условие перехода к компетентностному образованию // Нач. шк. Казахстана -2006. - №1.- С.12-14.
- 162 Оспанбекова М.Н. ТРИЗ - технологиясы негізінде өнертапқыштыққа баулу: Әдістемелік құрал. – Алматы, 2014. - 120 б.
- 163 Сауат ашу. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған / Ә.Е.Жұмабаева, Г.И.Уайсова, Г.Т.Сәдуақас, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2016. – 128 б.
- 164 Сауат ашу. Оқыту әдістемесі. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған / Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. – Алматы: Атамұра, 2016. – 192 б.
- 165 Менчинская Н.А. Проблемы воспитания, обучения и психического развития ребенка. – М.: МПСИ, Воронеж: Модэк, 2004. - 512 с.
- 166 Клустер Д. Что такое критическое мышление? // Перемена. – 2004. - №3. – С. 18-21.
- 167 Линдсей Г., Халл КС, Томпсон Р.Ф. [www.tsure.ru/ University/ Faculties/Fib/PiBG/creative.html](http://www.tsure.ru/University/Faculties/Fib/PiBG/creative.html).
- 168 Халперн Д. Психология критического мышления. – 4- международное издание. – С.П. Изд. Питер. 2000. - 502 с.
- 169 Глушков В.М. Основы безбумажной информатики. – М.: Наука, Главная редакция физико-математической литературы, 1987.– 552 с.
- 170 Гриценко В. Панышин Б. Информационная технология: вопросы развития и применения. - Издательство: Киев, Наукова думка, 1988. - 272 с.
- 171 Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы, перспективы использования. – М.: Школа-пресс, 1994. - 205 с.
- 172 Красильникова В.А. Использование информационных и коммуникационных технологий в образовании: учебное пособие. – 2-и изд. перераб. и дополн. – Оренбург: ОГУ, 2012. -291 с.
- 173 Берді Д.Қ. Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға даярлау (химия

мамандығы материалында): филос. докт. (PhD) ғылыми дәрежесі ... дис. Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік ун-ті. – Түркістан, 2015. – 186 б.

174 Нұрахметов Н. Қазақстандық мектептер дамуының жаңа бағыттары // Қазақстан мектебі. – 1996. - №2. – Б. 11-15. ; 1996. - №3. – Б.39-44.

175 Мұхамбетжанова С.Т. Біліктілікті арттыру жүйесінде педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлығын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғылым. д-ры ... дис. автореф. : 13.00.02. - Алматы, 2010. - 38 бет.

176 Нағымжанова Қ.М. Педагогикалық инновацияның зерттелуі // Бастауыш мектеп. – 1999. - №3. Б. 9–11.

177 Мошқалов А.Қ. Студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде өзін өзі шығармашылықпен дамытуы: филос. докт. (PhD) ғылыми дәрежесі ... дис. Абай атын. Қаз.Ұлттық ун-ті. – Алматы, 2013. – 138 б.

178 Уайдуллақызы Э. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: филос. докт. (PhD) ғылыми дәрежесі ... дис. Абай атын. Қаз.Ұлттық ун-ті. – Алматы, 2014. – 168 б.

179 Мулдабекова К.Т. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру: филос. докт. (PhD) ғылыми дәрежесі ... дис. Абай атын. Қаз.Ұлттық ун-ті. – Алматы, 2014. – 159 б.

180 Хуторской А.В. Современная дидактика. - М.: Высшая школа. 2007. – 638 с.

181 Оспанбекова М.Н. Рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар – сыни тұрғыдан дамыту құралы // ІҮ Халықаралық түркі әлемі зерттеулері симпозиумы. Өмер Халисдемир университеті. – Нийде қаласы, 2017. - Т.3. - Б. 891-898.

182 Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 2-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған / Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: «Атамұра», 2017. – 160 б.

183 Қазақ тілі. №3 жұмыс дәптері. Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған / Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2018. – 32 б.

184 Қазақ тілі. №1 жұмыс дәптері. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған /Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2017. – 96 б.

185 Крысин Л.П. Толковый словарь иноязычных слов. – М.: Эксмо, 2008. – 944 с.

186 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 720 б.

187 Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 1-2бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғалімдеріне арналған. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. (электронды диск)/Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова –Алматы: Атамұра, 2018.

188 Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған / Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: «Атамұра», 2017. – 176 б.

189 Оспанбекова М.Н. Жаңартылған білім мазмұнын оқып-үйренудегі рефлексияның мәні // Абай ат. ҚазҰПУ. Хабаршы. Педагогика ғылымдары сериясы. – Алматы, 2016. - №2 (50). – Б. 22-27.

190 Training Prospective Elementary School Teachers for Developing Reflection in Pupils Based on Innovative Technologies ( Meirgul Ospanbekova, Aisaule Duisebekova, Ainash Dauletova, Galiya Bizhanova, Assel Kara)//«International Electronic Journal of Mathematics Education» (Turkey). – 2016. – V. Lss.7.9. – P. 2137-2150 . Scopus (индекс хирша): IEJME-ISSN: 1306-3030. Предметная область – образование, математика. SJR за 2015 год, равный 0,380. Сайт: <http://www.iejme.com/>

191 Мирсеитова С. Обучение в качестве поиска. Объекты и методы развития критического мышления обучающихся. - Караганды, 2011. – Б. 42-55.

192 Прутченков А.С. Основы социально-психологического тренинга. Монография. «Социально-психологического тренинга межличностного общения». – Москва, 1991. – 209 с.

193 Николаевна Н.О. Психологический тренинг: Осознание профессиональных мотивов. <https://infourok.ru/psihologicheskiy-trening-dlya-pedagogov-osoznanie-professionalnih-motivov-1784833.html>

## ҚОСЫМША А

**А.А.Реан, В.А.Якунин модификациясы бойынша «Оқу іс-әрекетіне мотивін зерттеу әдістемесі.**

**Нұсқау:** Төменде келтірілген тізімді мұқият оқып, маңыздылық деңгейі бойынша 1-ден 5 балдық шкала бойынша бағалаңыз.

| №  | Білім алу мотивтері                                                               |
|----|-----------------------------------------------------------------------------------|
| 1  | Мамандығымды ұнатқанымнан білім алып отырмын                                      |
| 2  | Болашақ кәсіби іс-әрекетімнің сәттілігін қамтамасыз ету үшін                      |
| 3  | Маман болғым келеді                                                               |
| 4  | Болашақ кәсіби іс-әрекет саласына қатысты өзекті сұрақтарға жауап беру үшін       |
| 5  | Таңдаған мамандығыма бейімділігімді, қабілетім мен нышанды толық пайдалану үшін   |
| 6  | Достарымнан қалмау үшін                                                           |
| 7  | Адамдармен жұмыс жасау үшін терең және жан-жақты білім қажет                      |
| 8  | Ең үздік студенттердің қатарында болғым келеді                                    |
| 9  | Біздің топ университетте ең керемет топ болғанын қалаймын                         |
| 10 | Жан-жақты адамдармен танысу және қарым-қатынас жасау үшін                         |
| 11 | Өйткені алған білімдер маған барлық қажеттілігіме қол жеткізуім үшін              |
| 12 | Таныс адамдардың мен туралы пікірлері өзгермес үшін институтты аяқтау қажет       |
| 13 | Оқу үлгерімнің төмендігінен жазалануға жол бермес үшін                            |
| 14 | Оқу ұжымының ішінде сыйлы тұлға болғым келеді                                     |
| 15 | Үлгермейтіндердің қатарында болғым келмейді, курстастарымнан қалғым келмейді      |
| 16 | Өйткені оқудағы жетістіктерім болашақтағы материалдық деңгейіме әсер етеді        |
| 17 | Сәтті оқу, емтиханна «4 және «5» алу                                              |
| 18 | Оқыған маған ұнайды                                                               |
| 19 | Институтқа түскен соң, оны аяқтау үшін оқуым қажет                                |
| 20 | Келесі сабаққа үнемі дайын болуым үшін                                            |
| 21 | Келесі курстарда оқуды сәтті жалғастыруым үшін, оқу сұрақтарына жауап беруім үшін |
| 22 | Терең және жан-жақты білім алу үшін                                               |
| 23 | Мамандығым бойынша болашақта ғылыми іс-әрекетпен айналысуым үшін                  |
| 24 | Кез-келген білім болашақта мамандығыма қажет                                      |
| 25 | Қоғамға көп пайдалы істер жасағым келеді                                          |
| 26 | Жоғары квалификацияланған маман болуым үшін                                       |
| 27 | Жаңаны білу үшін, шығармашылық істермен айналысу үшін                             |
| 28 | Қоғамды дамыту мәселелеріне қатысты сұрақтарға жауап беруім үшін                  |
| 29 | Оқытушыларға ұнау үшін                                                            |
| 30 | Ата-ана мен қоршаған ортаның сыйластығын алу үшін                                 |
| 31 | Ата-ана, мектептің алдында қарызды өтеу үшін                                      |
| 32 | Өйткені білім маған сенімділік береді                                             |
| 33 | Өйткені оқудағы жетістіктерім менің болашақтағы қызметіме әсер етеді              |
| 34 | Басқалардан оқу үшін дипломда жақсы бағалардың болғанын қалаймын                  |



## ҚОСЫМША Ә

### **А.В. Карповтың «Рефлексивтіктің дамуының даралық өлшемін» анықтау әдістемесі**

Нұсқа: Сізге 27 мақұлдау бар сауалнама ұсынылады. Жауап бланкісінде сұрақ ретінің жанына санды қойыңыз, ол сан жауабыңыздың вариантына сәйкес келуі тиіс: 1 – абсолютті шынайы; 2 – шынайы емес; 3 – шынайы болмауы мүмкін; 4 – жауапқа қиналамын; 5 – шынайы дұрыс болуы мүмкін; 6 – дұрыс; 7 – өте дұрыс. Жауапты таңдауда көп ойланбаңыз. Дұрыс немесе бұрыс жауап бұл жағдайда болуы мүмкін емес.

#### **Жауаптар парағы**

|                                                                                                                                             | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. Жақсы кітап оқығаннан кейін, мен ол туралы үнемі ұзақ ойланамын. Оны біреумен талқылағым келеді.                                         |   |   |   |   |   |   |   |
| 2. Біреу менен кенеттен бір нәрсе жайлы сұраса, ойыма бірінші келген жауапты айты саламын.                                                  |   |   |   |   |   |   |   |
| 3. Мен әдетте қандай да бір іс бойынша телефон шалу алдында, телефон тұтқасын көтермей тұрып, алдын-ала әңгімелесуді ойша жоспарлап аламын. |   |   |   |   |   |   |   |
| 4. Мен қателік жасағаннан кейін ол туралы ойдан ұзақ уақыт бойы арыла алмаймын.                                                             |   |   |   |   |   |   |   |
| 5. Бір нәрсе туралы ойланғанда немесе басқа адаммен әңгімелескенде, кенеттен осы ойлардың неден басталғанын еске түсіру маған қызық.        |   |   |   |   |   |   |   |
| 6. Қиын тапсырманы орындауға кіріскенде, мен алдағы қиындықтар туралы ойламауға тырысамын.                                                  |   |   |   |   |   |   |   |
| 7. Мен үшін ең бастысы - өз қызметімнің түпкі мақсатын елестету, қалған бөлшектері - екінші кезектегі мәселелер.                            |   |   |   |   |   |   |   |
| 8. Қандай да бір адамның маған неге риза емес екендігін түсіне алмайтын кездерім болады.                                                    |   |   |   |   |   |   |   |
| 9. Мен үнемі өзімді басқа адамның орнына қойып, елестетемін.                                                                                |   |   |   |   |   |   |   |
| 10. Істейтін жұмысымның барысын егжей-тегжейіне дейін елестету мен үшін маңызды.                                                            |   |   |   |   |   |   |   |
| 11. Егер мен алдын-ала жоспар құрып алмасам, маңызды хат жазу қиынға соғады.                                                                |   |   |   |   |   |   |   |
| 12. Мен сәтсіздіктерімнің себебін ойлауды емес, әрекет жасауды дұрыс деп есептеймін.                                                        |   |   |   |   |   |   |   |
| 13. Қымбат затты сатып алуда мен айтарлықтай оңай шешім қабылдаймын.                                                                        |   |   |   |   |   |   |   |
| 14. Әдеттегідей, бір нәрсе істеуді ойлаған болсам, мен әр бөлшегін айқындап, барлық нұсқасын қарастырып, көп ойланамын.                     |   |   |   |   |   |   |   |
| 15. Мен өзімнің болашағыма алаңдаймын.                                                                                                      |   |   |   |   |   |   |   |
| 16. Көп жағдайларда басыңа келген бірінші ойға сүйене отырып, тез әрекет жасау керек деп ойлаймын.                                          |   |   |   |   |   |   |   |

|                                                                                                                                                |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|
| 17. Кей кездері мен ойластырылмаған шешім қабылдаймын.                                                                                         |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 18. Кей кездері әңгімелесіп болған соң, өз көзқарасымды қорғайтын дәлелдемелерді бірінен соң бірін келтіре отырып, мен оны ойша жалғастырамын. |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 19. Кикілжің жағдай туса, кінәлі кім екен деп ойға шомып, бірінші кезекте өзімнен бастаймын.                                                   |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 20. Шешім қабылдас бұрын, мен үнемі бәрін ақылға салып, жете ойластыруға тырысамын.                                                            |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 21. Кейде айналадағы адамдар менен қандай іс-әрекет күтетінін алдын ала біле алмағандықтан, мен кикілжің жағдайларға тап боламын.              |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 22. Басқа адаммен сөйлесетін әңгімемді ойластырып отырып, мен ойша онымен диалог жүргізетін кездерім болады.                                   |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 23. Менің сөздерім және іс-әрекеттерім басқа адамдарда қандай ой, сезімдер тудыратыны туралы ойланбауға тырысамын.                             |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 24. Мен басқа адамға ескерту жасамас бұрын, оны режітіп алмау үшін қалай айту керектігін міндетті түрде ойластырып аламын.                     |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 25. Мен қиын тапсырманы орындағанда, тіптен басқа іспен айналысу кезінде де ол туралы ойлап жүремін.                                           |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 26. Егер мен біреумен ұрсысып қалсам, көп жағдайда өзімді кінәлімін деп санамаймын.                                                            |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |
| 27. Менің айтқан сөздерім үшін өкінуім өте сирек кездеседі.                                                                                    |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |  |

Өңдеу. Нәтижелерді өңдеу барысында ескерілетін жайт, бірінші 15 мақұлдаулар тікелей болып саналады, ал қалған 12 – кері мақұлдаулар ретінде болады. Сондықтан қорытынды баллды алу үшін тікелей сұрақтардағы сандар сәйкес жауапқа байланысты қосылады, ал керісіншілерде – мәндері, жауап шкалаларының инверсиялауда ауыстырылған (7-ші 1-шіге, 6-шы 2-шіге, 5-ші 3-шіге, 4-ші 4-шіге, 3-ші 5-шіге, 2-ші 6-шыға, 1-ші 7-шіге). Баллдардан алынған қосындыны келесі кестедегілерге сәйкес стеноларға айналдыру қажет.

| Бағана       | 0                  | 1      | 2       | 3       | 4       | 5       | 6       | 7       | 8       | 9       | 10                   |
|--------------|--------------------|--------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|----------------------|
| Тест балдары | 80 және одан төмен | 81-100 | 101-107 | 108-113 | 114-122 | 123-130 | 131-139 | 140-147 | 148-156 | 157-171 | 172 және одан жоғары |

Кесте 11- Сынақ баллдарын стеноларға айналдыру

Талқылау (интерпретация)

8-10 стенолар – рефлексивтіліктің жоғары деңгейі

4-7 стенолар – рефлексивтіліктің орташа деңгейі

0-3 стено – рефлексивтіліктің төмен деңгейі

## ҚОСЫМША Б

**Студенттердің жаңа технологиялардың оқушылардың рефлексиясын дамытудағы әлеуетінің дайындық деңгейін анықтауда қолданылған М.Гранттың «Рефлексияға бағыттылық пен көріну деңгейі» атты әдістемесі**

Зерттеу сауалнамасы: өзіндік рефлексия және әлеуметтік рефлексиядан тұратын екі шкаладан тұрады. Әрбір шкалаға әрқайсысы 6 баллдық шкаламен бағаланатын 10 тікелей және кері мақұлдаулар кіреді. Олар: 1-мүлдем келіспеймін, 2-келіспеймін, 3- келіспеуім мүмкін, 4 - келісемін, 5-келісемін деп ойлаймын, 6 - абсолютты түрде келісемін. Диагностика нәтижесінде 10 баллдан 60 баллға дейінгі аралықты көрсететін өзіндік рефлексия және әлеуметтік рефлексия көрсеткіштері айқындалады. Көрсеткіштің екі түрінің қатынасы талдауда өзіндік рефлексияның орташа деңгейі «бейімделінген» және жоғары немесе өте жоғары деңгейі әлеуметтік рефлексия деп есептеледі.

### Өзіндік рефлексия

1. Мен өз сезімдерімді талдауға бейіммін.
2. Мен өз әрекеттерімнің себептеріне кейде ғана ойланамын.
3. Әдетте жағдайға байланысты ойланбастан іс-әрекет жасаймын.
4. Мен үшін менің ойым қалай жұмыс жасайтындығын түсіну маңызды.
5. Мен жиі қалай іс-әрекет жасайтындығым жайында ойланамын. (неге бұлай жасадым, олай емес)
6. Мен әдетте ішкі түйсігіме құлақ асамын, тыңдаймын
7. Мен әрдайым өз сезіміммен әрекетімді бағалаймын.
8. Мен жұмыс жасағанда мен өз әрекетімді жітті бақылаймын.
9. Мінез бойынша мен өзіндік талдауға бейім адаммын.
10. Мен жеке өзім уақыт өткізгеді ұнатамын.

Растау: 2 мен 3 кері нұсқалар болып табылады.

### Әлеуметтік рефлексия

1. Басқа адамдардың мінез-құлқы мені жиі таңқалдырады.
2. Мен таныс адамдардың сөздерімен әрекеттеріне оңай болжам жасай аламын.
3. Басқа адамдардың әрекет уәжін (мотивация) түсіну маңызды.
4. Мен үшін адамдардың пікірі өте маңызды.
5. Мен үшін менің сөздерім мен әрекеттерім басқа адамдарға қандай сезім тудыратыны маңызды емес.
6. Маған әңгімелесу мен келіссөз жүргізуді басқар қиындық тудырмайды.
7. Мен саналы түрде басқа адамға маған қажет әсер қалдыра аламын.
8. Маған басқа адамдардың сезімін түсіну қиын, тіпті маған жақын адамдардың
9. Мен айналадағы адамдардың мінез-құлқын бақылағанды ұнатамын.
10. Адамдардың шынайы уәжін (мотивация) білу мүмкін емес.

Растау: 1, 5, 8, 10 кері нұсқау болып табылады.

**ҚОСЫМША В**  
**Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне ендіру актілері,**  
**пікірлер, анықтамалар**

**«Бекітемін»**

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық  
мемлекеттік педагогикалық  
институтының ректоры

С.Б. Қуанышбаев  
« 22 » 08 2016 ж.

**Докторанттың ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне ендіру актісі**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде п.ғ.д., профессор А.С.Амированың жетекшілігімен орындалған 6D010200- «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының докторанты Оспанбекова Мейргүл Несипбековнаның *«Балашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау»* тақырыбындағы зерттеу жұмысының нәтижелері Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту әдістемесі» кафедрасының (хаттама №10, 13.05.2016ж), Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің (хаттама №01, 25.08.2016ж) шешімімен білім беру үдерісіне енгізілгендігін және студенттер арасында эксперимент жүргізілгендігін растаймыз.


**Нәтижесінде:**

2016-2017 оқу жылында аталмыш тақырыптағы ғылыми-зерттеу жұмысының аясында әзірленген *«Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың оқу рефлексиясын дамыту әдістемесі»* атты таңдау курсының оқу-әдістемелік кешені 5B010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының оқу үдерісіне (7-семестр, 3 кредит) енгізілді.


Педагогика және филология факультетінің деканы  
«25» 08 2016 ж.

 А.К.Қалиев

Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту әдістемесі  
кафедрасының меңгерушісі  
хаттама № 01 «25» 08 2016 ж.

 А.Е.Дүйсебекова

Әзірлемені қолданушы

 Б.Е.Байкен

МАҚҰЛДАНДЫ  
Ғылыми жұмыс және халықаралық  
байланыстар жөніндегі проректор  
«25» 08 2016 ж.

 Г.А.Мұсабекова


Ғылыми әдістемелік кеңес  
хаттама № 01 « 25 » 08 2016 ж.

Төрайым

 Б.Д.Искакова

**КЕЛІСІЛДІ**

Оқу ісі және дүниетанымды қалыптастыру  
жұмыстары жөніндегі проректор  
Б.Д.Искакова  
«25» 08 2016 ж.



АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«БЕКІТЕМІН»**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми ісі жөніндегі проректоры, физика-математика ғылымдарының

докторы, профессор

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі

В.Н.Косов

2016 жыл



Ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу  
**АКТІ**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 6D010200-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2015-2018 оқу жылдарындағы PhD докторант Оспанбекова Мейргүл Несипбековнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау» тақырыбында орныдаған ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі кафедрасы 5B010200-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 2012 жылы оқуға түскен студенттердің 2016/2017 оқу жылы бойынша жұмыс оқу жоспарына «Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту әдістемесі» элективті курс ретінде енгізіліп, университет Ғылыми Кеңесінің 31.05.16 ж №9 хаттамасымен бекітілді.

Педагогика және психология  
институтының директоры

С.М.Кенесбаев

Бастауышта оқыту педагогикасы  
мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі

А.Е.Жұмабаева





## АНЫҚТАМА

Біз, төменде қол қоюшылар, директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары А.К.Биримжанова, оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары Н.К.Нурбаева, бастауыш сынып мұғалімі Т.М.Нуржанова, PhD академиялық дәрежесін алу үшін дайындалған М.Н.Оспанбекованың *«Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға даярлау»* тақырыбындағы диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері теориялық және практикалық тұрғыда маңызға ие екендігін және мектептің білім беру үдерісіне енгендігін растаймыз.

М.Н.Оспанбекованың ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі ретінде Қазақстан Республикасының жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасы аясында авторлар ұжымымен бірлестікте дайындалған төмендегі оқу әдістемелік құралдары **«Бастауыш мектептің оқу бағдарламаларын апробациялау және енгізу туралы ережені бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2014 жылғы 4 қарашадағы № 452 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі №157 бұйрығы негізінде бастауыш сыныптың оқу үдерісіне енгізілген.

1. **«Сауат ашу. 1-бөлім»** Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық/Ә.Е.Жұмабаева, Г.И.Уайсова, Г.Т.Сәдуақас, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2016.–128 б. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-306-609-7;
2. **Сауат ашу. Оқыту әдістемесі. 1-бөлім.** Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған/ Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2016. – 192 б. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған.ISBN 978-601-306-613-4;
3. **Сауат ашу. Оқыту әдістемесі. 2-бөлім.** Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған/ Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2016. – 112 б. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-306-608-0;
4. **Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 1-бөлім.** Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған (Байқау нұсқасы)/Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: «Атамұра», 2016. – 112 б. ISBN 978-601-306-673-8;
5. **Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 2-бөлім.** Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған (Байқау нұсқасы)/ Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: «Атамұра», 2016. – 104 б. ISBN 978-601-306-673-8;
6. **Қазақ тілі. №1 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған (Байқау нұсқасы)/Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова. –Алматы: Атамұра, 2016. – 64 б. ISBN 978-601-306-629-5;
7. **Қазақ тілі. №2 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған (Байқау нұсқасы) /Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова –Атамұра, 2016. - 72 б. ISBN 978-601-306-678-3;
8. **Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 1-бөлім.** Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған/Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: «Атамұра», 2017. – 176 б. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-306-815-2 (1-бөлім) ISBN 978-601-306-794-0



9. **Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 2-бөлім.** Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімдеріне арналған/ Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: «Атамұра», 2017. – 160 б. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-306-815-2 (2-бөлім) ISBN 978-601-306-795-7
10. **Қазақ тілі. №1 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған/Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова. –Алматы: Атамұра, 2017. – 96 б. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-306-706-3
11. **Қазақ тілі. №2 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған/ Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова – Алматы: Атамұра, 2017. - 96 б. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-306-707-0
12. **Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 1-бөлім.** Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғалімдеріне арналған (Байқау нұсқасы)/Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: «Атамұра», 2017. – 216 б. ISBN 978-601-306-920-3 (1-бөлім) ISBN 978-601-306-921-0
13. **Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 2-бөлім.** Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғалімдеріне арналған (Байқау нұсқасы)/Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: «Атамұра», 2017. – 208 б. ISBN 978-601-306-920-3 (2-бөлім) ISBN 978-601-306-966-1
14. **Қазақ тілі. №1 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған (Байқау нұсқасы)/Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова. –Алматы: Атамұра, 2017. – 48 б. ISBN 978-601-306-885-5
15. **Қазақ тілі. №2 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған (Байқау нұсқасы) /Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова – Алматы: Атамұра, 2017. - 40 б. ISBN 978-601-306-881-7
16. **Қазақ тілі. №3 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған (Байқау нұсқасы)/Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова. –Алматы: Атамұра, 2017. – 48 б. ISBN 978-601-306-967-8
17. **Қазақ тілі. №4 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған (Байқау нұсқасы) /Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова – Алматы: Атамұра, 2017. – 32 б. ISBN 978-601-306-968-5
18. **Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі. 1-2бөлім.** Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғалімдеріне арналған (электронды диск)/Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова –Алматы: Атамұра, 2018. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-331-116-6
19. **Қазақ тілі. №1 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған/ Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова – Алматы: Атамұра, 2018. – 32 б. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-331-089-3
20. **Қазақ тілі. №2 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған/ Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова – Алматы: Атамұра, 2018. – 32 б. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-331-090-9
21. **Қазақ тілі. №3 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған/ Алматы: Атамұра, 2018. – 32 б. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-331-091-6
22. **Қазақ тілі. №4 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған/ Алматы: Атамұра, 2018. – 32 б. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған. ISBN 978-601-331-092-3
23. **Қазақ тілі. Оқыту әдістемесі.** Жалпы білім беретін мектептің 4-сынып мұғалімдеріне арналған (Байқау нұсқасы)/ Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова. – Алматы: «Атамұра», 2018. – 224 б. ISBN 978-601-331-312-2
24. **Қазақ тілі. №1 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған (Байқау нұсқасы)/Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова. –Алматы: Атамұра, 2018. – 40 б. ISBN 978-601-331-334-4
25. **Қазақ тілі. №2 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған (Байқау нұсқасы)/Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова – Алматы: Атамұра, 2018. - 32 б. ISBN 978-601-331-335-1

25. **Қазақ тілі. №2 жұмыс дәптері.** Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған (Байқау нұсқасы)/Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова – Алматы: Атамұра, 2018. - 32 б. ISBN 978-601-331-335-1

Бұл оқу-әдістемелік кешендерде бастауыш сынып оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуға бағытталған жаттығулар мен тапсырмалар, оқу үдерісінде оларды жүзеге асыруда қолданылатын инновациялық технологиялардың тиімді әдіс-тәсілдері мен стратегиялары берілген.

Жалпы алғанда, жаңартылған білім беру мазмұны аясында әзірленген оқулықтар, жұмыс дәптерлері және әдістемелелік құралдарда берілген рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар оқушылардың сыни ойлауын дамытуға, өзін өзі бағалауына, бағыттауына, анықтауына, жетілдіруіне, өз іс-әрекеттіне кері байланыс орнатып, теориялық игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте жаңа жағдайда қолданып, рефлексия жасай алуына мүмкіндік туғызатыны практикалық тұрғыда дәлелденіп, оқу үлгіріміне оң ықпал етті.

Директордың ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары

 А.К.Биримжанова

Оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары

 Н.К.Нурбаева

Бастауыш сынып мұғалімі

 Т.М.Нуржанова



**2017-2018 жылдары «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Қазақ тілі» оқулықтарының жұмыс дәптерлеріне (авторлары: Ә.Е.Жұмабаева, А.С.Амирова, М.Н.Оспанбекова)**

### **ПІКІР**

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында «Атамұра» баспасынан жарық көріп, 2017-ші жылдан бастап еліміздің бастауыш білім беру үдерісіне енген «Қазақ тілі» пәнінің жұмыс дәптерлері инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуға бағытталған.

Авторлар ұжымының жұмыс дәптерлеріне енгізген рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалары оқушылардың жеке тұлғалық құндылық сапаларын қалыптастырып, танымдық дағдыларын дамытып, өзіндік даму бағытын айқындап, өзін-өзі бағыттауына, жетілдіруіне, ой қорыту жасауына ықпал етеді.

Жұмыс дәптері оқулықтың бөлінбес бір бөлігі. Дәптермен жұмысты дұрыс ұйымдастыру оқушылардың жазу дағдысын жетілдіріп қана қоймайды, сонымен бірге өз іс-әрекетіне кері байланыс жасауға, өзін-өзі бағалауға үйретеді. Мұндай тапсырмалардың тек білімді тұлға емес, рефлексиялық тұлға қалыптастыруға ат салысатыны сөзсіз. Жұмыс дәптеріндегі «Өз жұмысыңды бағала!» тапсырмасының әр сабақ сайын оқулықта берілмейтіні анық. Осы тұрғыдан алғанда оқушының күнделікті сабақта жұмыс дәптерінде орындаған жазу жұмыстарын сауаттылығы, көркем жазуы тұрғысынан өзіндік бағалауы – заман талабы.

Оқушының жұмыс дәптері арқылы өз іс-әрекетіне рефлексия жасауы, өзін-өзі бағалауы жаңартылған білімге жаңаша көзқарастан туындап отырғанын мойындауымыз қажет.

**«Қостанай қаласы әкімдігінің  
білім бөлімінің №10 орта мектебі»  
мемлекеттік мекемесінің  
бастауыш сынып мұғалімі**



**Акмагамбетова Г.Е**

**2016-2018 жылдар аралығында «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Сауат ашу» және «Қазақ тілі» пәндерін оқыту әдістемелеріне (авторлары: Ә.Е.Жұмабаева, М.Н.Оспанбекова)**

### **ПІКІР**

Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында «Атамұра» баспасынан жарық көріп, 2016-шы жылдан бастап еліміздің бастауыш білім беру үдерісіне енген «Сауат ашу» және «Қазақ тілі» пәндерін оқыту әдістемелері қазіргі заман талабына сай, мектеп мұғалімдеріне көмекші құрал болып табылады. Оқыту әдістемелерінде ұзақ, орта және қысқа мерзімді жоспарлардың толық нұсқасы берілген.

Оқыту әдістемесіне бастауыш білім бері үдерісінде қолданылатын инновациялық технологиялар мен стратегияларды оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып енгізген. Сабақ барысында қолданылатын ой сергектердің бірнеше түрі, оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау, АКТ мен ТРИЗ технологияларының әдістері мен стратегияларына сипаттама беріп, сабақ барысында қолдану әдістемесіне толық сипаттама берген. Бастауыш сынып оқушыларының оқу рефлексиясын дамытуға бағытталған инновациялық технологиялар мен стратегияларды сабақ барысында жұптық, топтық және ұжымдық жұмыстарда қолданудың тиімді жолданын көрсетіп, оқыту әдістемелеріне талдаулар жан-жақты жасалған.

Әсіресе, «СТОП кадр», «Дананың кілттері» мен оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуға бағытталған тәсілдер мен тәсілдемелер, шығармашылық тапсырмалар оқыту әдістемесінің құндылығын арттырады. Оқыту әдістемесі бастауыш сынып мұғалімдерінің жаңартылған білім беру мазмұны аясында инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуда жүйелі жұмыс жасауына жоғары деңгейде ықпал ететін құрал.

**«Астана қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 69 мектеп- гимназия» мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі**



**Ш. Жаманкараева**





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
**АТАМҰРА**  
КОРПОРАЦИЯСЫ

«АТАМҰРА» КОРПОРАЦИЯСЫ      КОРПОРАЦИЯ «АТАМҰРА»      «ATAMURA» CORPORATION  
050000 Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы/Гоголь к., 75/72, тел.: 279-17-06, факс 279-17-07, БИН 950440003283 АО «Банк Центркредит» IBAN KZ398560000000005208 БИК КСЖБЗКХ

2018 Жылғы 04.05  
№ К-110

Талан етуші орынға арналған

### Анықтама

Оспанбекова М.Н. 2016 жылдан бастап жалпы білім беретін мектептің 1-2-3-сыныбына арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша «Сауат ашу» және «Қазақ тілі» ОӘК-нің авторы болып табылады. Оқу әдістемелік кешенге оқулық, мұғалімге арналған әдістемелік құралдар және жұмыс дәптерлер енген.

Бірінші вице-президент



Г.Жарылғасымова

  
**АТАМҰРА**  
КОРПОРАЦИЯСЫ





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
**АТАМҰРА**  
КОРПОРАЦИЯСЫ

«АТАМҰРА» КОРПОРАЦИЯСЫ      КОРПОРАЦИЯ «АТАМҰРА»      «ATAMURA» CORPORATION  
050000 Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы/Гоголь к., 75/72, тел.: 279-17-06, факс 279-17-07, БИН 950440003283 АО «Банк Центрифедит» IBAN KZ39856000000005208 БИК КСЖБКЗКХ

2018 жылғы 04.05  
№ 12-15

Талап етуші орынға арналған

### Анықтама

Оспанбекова М.Н. жалпы білім беретін мектептің 1-2-3-сыныптарына арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша «Сауат ашу» және «Қазақ тілі» ОӘК-нің авторы болып табылады. Оқу әдістемелік кешені республикадағы 30 пилоттық мектептерде апробациядан өтті.

Вице-президент

Г.Жарылғасымова



  
**АТАМҰРА**  
КОРПОРАЦИЯСЫ





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
**АТАМҰРА**  
КОРПОРАЦИЯСЫ

«АТАМҰРА» КОРПОРАЦИЯСЫ      КОРПОРАЦИЯ «АТАМҰРА»      «ATAMURA» CORPORATION  
050000 Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы/Гоголь к., 75/72, тел.: 279-17-06, факс 279-17-07, БИН 950440003283 АО «Банк ЦентрКредит» IBAN KZ39856000000005208 БИК KСЖВКЗКХ

2018 жылғы 18.10  
№ R-262

Талап етуші орынға арналған

### Анықтама

Оспанбекова М.Н. жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша «Қазақ тілі» ОӘК-нің авторы болып табылады. Оқу әдістемелік кешені республикадағы 30 пилоттық мектептерде апробациядан өтуде.

Вице-президент



Г.Жарылғасымова

  
**АТАМҰРА**  
КОРПОРАЦИЯСЫ

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігінің  
**«ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-  
ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»**  
Республикалық мемлекеттік  
казыналық кәсіпорын



Республиканское государственное  
казенное предприятие  
**«РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-  
ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР «ДАРЫН»**  
Министерства образования и науки  
Республики Казахстан

010000, Астана қаласы.  
Республика даңғылы, 34а 8 қабат  
Тел./Факс: +7 (717) 229-52-32  
e-mail: info@daryn.kz

010000, г. Астана.  
пр.Республика, 34 А, 8 этаж  
Тел./Факс: +7 (717) 229-52-32  
e-mail: info@daryn.kz

14.09.2018 № 369/45-11-07

### АНЫҚТАМА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің  
6D010200-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»  
мамандығының докторанты, п.ғ.магистрі М.Н. Оспанбековаға берілді.

2017 жылдың 27-30 наурыз аралығында Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі, «Дарын» республикалық ғылыми-  
практикалық орталығының ұйымдастыруымен Алматы қаласында өткен  
«Жаңартылған білім мазмұны аясында түзілген I-сынып оқулықтарымен  
жұмыс істеудің әдістемелік ерекшеліктері» атты бастауыш сыныптың  
мұғалімдеріне арналған республикалық оқу-әдістемелік семинарда  
«Бастауыш оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану»  
тақырыбында тренинг сабақ жүргізді.

Анықтама талап етілген жерге ұсыну үшін берілді.

Директор

Ш. Қирабаева

Орынд.  
А.Каркулова тел. 29-49-98

000751



Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігінің  
«ДАРЫН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-  
ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ»  
Республикалық мемлекеттік  
қазыналық кәсіпорын



Республиканское государственное  
казенное предприятие  
«РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-  
ПРАКТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР «ДАРЫН»  
Министерства образования и науки  
Республики Казахстан

010000, Астана қаласы,  
Республика даңғылы, 34а 8 қабат  
Тел./Факс: +7 (717) 229-52-32  
e-mail: info@daryn.kz

010000, г. Астана,  
пр.Республика, 34 А, 8 этаж  
Тел./Факс: +7 (717) 229-52-32  
e-mail: info@daryn.kz

14.09.2018 № 369 /15-11-07

## АНЫҚТАМА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 6D010200-«Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының докторанты, п.ғ.магистрі М.Н. Оспанбековаға берілді.

2016 жылдың 27-31 наурыз аралығында докторант, п.ғ.магистрі М.Н.Оспанбекова п.ғ.д., профессор А.С.Амированың жетекшілігімен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен Алматы қаласында өткен «Кіші жастағы оқушыларды қазақстан республикасының жаңартылған бастауыш білім мазмұны аясында оқытудың педагогикалық тәсілдемелері» атты бастауыш сыныптың мұғалімдеріне арналған республикалық оқу-әдістемелік семинарда «Инновациялық технологиялар негізінде бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясын дамыту» тақырыбында тренинг сабақ жүргізді.

Анықтама талап етілген жерге ұсыну үшін берілді.

Директор

Ш. Қирабаева

Орынд.  
А.Каркулова тел. 29-49-98

000750

## ҚОСЫМША Г

### Студенттердің кәсіби іс-әрекетте рефлексияның маңызын түсініп, іс-әрекеттің мотивтерін, белсенділіктерін дамытып, өзін өзі тануына мүмкіндік беретін психологиялық тренингтер

1 күні (2 сағатқа арналған тренинг)

*«Карусель» жаттығуы*

**Мақсаты:** білім беру үдерісінде рефлексияны дамыту.

Жаттығуда бірнеше кездесулер қарастырылған және әр кездесуде бейтаныс адаммен жаңа байланыс құрылу керек.

Тапсырма: байланысқа жеңіл түсу, қарым-қатынасты ұстау және қоштасу.

Топ мүшелері екі шеңбер болып құрылады: ішкі және сыртқы. Ішкі шеңбер қозғалмайды, сыртқы сағат тілімен айналады.

Мысалы:

1. Сіздің алдыңызда сіз жақсы танитын, бірақ біраз көрмеген адам тұр. Сіз бұл кездесуге қуаныштысыз.
2. Алдыңызда бейтаныс адам тұр. Танысуға тырысыңыз.
3. Алдыңызда қорқып қалған кішкентай бала тұр. Қасына жақындап тыныштандырыңыз.
4. Ұзақ уақыт айырылысудан соң, сүйікті адамыңызды кездестірдіңіз. Кездесуге қуаныштысыз.

Байланысты құруға және әңгімелесуге 3-4 минут уақыт беріледі. Кейін топ жетекшісі белгі береді, студенттер келесі қатысушыға өтеді.

*«Үш есім» жаттығуы*

**Мақсаты:** өзіндік рефлексияны дамыту, өзін тануға қондырғыны қалыптастыру.

Әр топ мүшесіне үш карточка беріледі. Карточкіге есімінің үш нұсқасын жазу қажет (туыстары, әріптестері, жақын достары). Кейін студенттер әр есімді атай отырып, есімге сәйкес өзінің мінезін суреттейді.

*«Бетпердесіз» жаттығуы*

**Мақсаты:** эмоционалды мазасыздануды түсіру, «мен» болмысын талдау үшін шынайы пікірлер алу дағдысын қалыптастыру.

Әр студентке аяқталмаған сөйлемдері жазылған карточкілер таратылады. Дайындықсыз, сөйлемдерді толықтырып аяқтау қажет. Пікірлер шынайы болуы шарт. Егер қалған топ мүшелері жағынан күмән туындаса, қатысушы келесі карточканы алады.

Карточкадағы сөйлемдердің мазмұны:

1. «Маған әсіресе қоршаған адамдардың мені .... ұнайды».
2. «Кейде мен расымен ... .. қалаймын».
3. «Кейде мені адамдар .... үшін түсінбейді».
4. «Мен ... .. екенімен сенемін».
5. «Мен ... .. жағдайда ұяламын».
6. «Мені әсіресе ... .. тітіркендіреді».

*«Иә» жаттығуы*

**Мақсаты:** рефлексиялық дағдыны жетілдіру.



Топ мүшелері жұпқа бөлінеді. Бірінші қатысушы көңіл күйін, жағдайын білдіретін сөйлем атайды. Кейін екінші қатысушы бұл күйді түсіндіретін қосымша сұрақтар қою қажет. Жаттығу келесі қатысушы «Иә» деп айтқанда тоқтайды.

#### *«Ағаш» әдісі*

*Мақсаты:* рефлексиялық дағдыны жетілдіру.

Топ жетекшісі қандай да бір ағашты елестетуді ұсынады. Бұл қандай ағаш? Қандай жерде өсіп тұр? Биіктігі қандай? Жыл мезгілі қандай? Түн бе, әлде күн бе? Қандай иіс, дыбыс, сезім сезінесіз?

Кейін әр қатысушы өзінің ағашын елестетіп болғаннан соң, өзінің ағашына барып сезініп, діңгегін ұстап, құшақтап, ішіне еніп, өзі де сол ағашқа айналады. Ағаш болу қандай? Осы рөлде өзіңізді қалай сезінесіз? Тамырларыңыз жерде қаншалықты терең жатыр? Ағаш жерге нық орнаған ба? Жаңбыр оны құлата алады ма? Күн оған жылу бере алады ма? Жер оны ұстап тұра алады ма?

Жаттығу аяқталып болғаннан соң, студенттер өзара пікір алмасады.

#### *«Өзіндік презентация»*

*Мақсаты:* студенттердің бойындағы тұлғалық қасиеттерді тануға үйрету.

Топ жетекшісі барлық студенттерден өзі туралы айтуын сұрайды. Өзінің өмірбаяны емес, тұлғалық қасиеттері туралы айтқан маңызды. Топ мүшелері қосымша сұрақтарды қоюға болады. Мұнда негізінен тұлғаның жағымды қасиеттеріне мән берілу керек. Әр қатысушыға 1-2 минут уақыт беріледі.

#### *«Комплимент айту» жаттығуы*

*Мақсаты:* студенттердің кәсіби сапаларын анықтауға көмектесу.

Барлық қатысушылар шеңбер құрайды (ішкі және сыртқы). Қатысушылар бір-біріне қарайды және жұпты құрайды. Бірінші қатысушы екіншісінің бойындағы қасиеттері туралы жағымды сөз айтады. Екіншісі келесі сөйлеммен толықтырады: «Иә, әрине, сонымен қатар МЕН ... .. және ... ..» деп өзінің бойындағы бағалайтын және мақтауды қажет ететін сапаларды айтады. Кейін жұптар орындарымен алмасады, сол жаққа бір қадам басып жаңа жұп құрайды. Жаттығу соңында топ мүшелері сезінген сезімдерімен және әріптестерінің көрсеткен қолдаулары туралы өзара әңгімелеседі.

#### *«Өзіне сенімділік» жаттығуы*

*Мақсаты:* студенттердің өзіне сенімділігін нығайту.

Топ екіге бөлінеді. Әр қатысушы өзін сенімді ұстайтын болашақтағы педагогикалық жағдайды баяндайды. Ұсынылған бір жағдай таңдалады және рөлдер анықталады. Сенімділікке қажет тұлғалық және кәсіби қасиеттердің тізбесі тақтаға ілінеді және әр студент сол қасиеттің бойындағы көріну белгісі бойынша 0-ден 5-ке дейін бағалайды.

#### *«Мост» жаттығуы*

*Мақсаты:* кәсіби іс-әрекеттің мотивтерін дамыту, өзінің қабілеттеріне сенімділікті арттыру, өзінің кәсіби стилін анықтау.

Тренингтің бір мүшесі жерге жатып алады, басқалары бір қолымен оны көтереді. Топ бірігіп кез-келген қатысушыны жеңіл көтере алады. Көтеріп жатқан студенттер өздеріне рөлді алып, қалғандарына хабарлайды:

Кешіруді қажет ететін бала;  
Өзінің пікірінде қалған мұғалім;  
Команданы жеңген тренер;  
Ыссы күні аспанда жүрген бұлт;  
Көлдің бетіндегі лотос.

Жаттығу барысында тренингке қатысушылардың сенімділігі артады, өзінің кәсіби қабілеттеріне сенім пайда болады және топ нығая түседі. Жаттығу соңында қатысушылар өздерінің күшті жақтарын айтады .

*«Фоторобот» жаттығуы*

*Мақсаты:* студенттердің белсенділігін жоғарылату, мазасыздану сезімін төмендету.

Студенттер тренингтік топтың фотосуретін құратыру қажет. Сурет топ мүшелерінің санына сәйкес төменнен жоғарыға қарай орналастырылады. Топ жетекшісі дене мүшелерін атайды: бас, көз, мұрын, ауыз т.б. Топ жетекшісі дене бөліктерін атап, фотосуреттің басы қандай болуы керек деп сұрақ қояды. 1 минутқа созылатын өзара пікір алмасады. Соңында фотосуретке есім беріледі. Жалпы алғанда, жаттығу топты сабаққа дайындайды және жағымды эмоционалды фон сыйлайды.

4 күні (2 сағатқа арналған тренинг)

*«Айна» жаттығуы*

*Мақсаты:* Жеткілікті коммуникативтік рефлексия дағдыларын қалыптастыру.

Жаттығу жұп болып өткізіледі. Әрбір қатысушы өздерінің бет пішіндерін басқалар қалай көретінін суреттейді; қатысушылар кезек-кезек орындайды.

*«Кино түсіреміз» жаттығуы*

*Мақсаты:* Студенттердің шығармашылық қиялын дамыту, ортақ шешімге келуді үйрету.

Тренингте топ қатысушыларына 15 минут ішінде мектеп туралы қысқаметражды кино түсіру қажет. Топ ішінде сценария қоюшы, режиссер және актерлер анықталады. Міндеті киноны аяқтап, тыңдаушыларға көрсету. Жаттығу соңында киноны түсіруде болған қиындықтар туралы талқыланады. Жалпы талдау жүргізіледі.

*«Біздің стереотиптер» жаттығуы*

*Мақсаты:* Адекватты рефлексияны төмендететін педагогикалық стереотиптердің өзектілігін анықтау.

1.Әрбір қатысушыдан өздерінің жеке тәжірибелерінде болатын «оқытушы мен оқушы өміріндегі жағдай» атты жағымсыз материалдарды жинау (анонимно)

2.Мұғалімдердің педагогикалық жағдайларда көрсететін нақты стереотиптік мінез-құлық стратегияларын анықтайтын әрбір шағын топтың рефлексиялық мақсаты үшін көрініс табады.

3. «Вернисаж стереотиптер» әр топтағы стереотиптерді сценарийлер, мүсіндер, сызбалар түрінде бейнелеп ұсыну.

4.Өз өзін анықтау әрбір қатысушы ұсынылған стереотиптердің арасынан өзінен көретінін айтады.

5.Қатысушылар педагогикалық ортада қандай стереотиптер көп кездесетінін есептейді.

*«Мен шынайы мұғаліммін», «Мен мінсіз мұғаліммін» жаттығуы*

*Мақсаты:*

- Қатысушылардың жеке индивидуалды ерекшеліктерін диагностикалау;
- Нақты және қалаған «Мен» арасындағы айырмашылықты түсіну;
- Өзі туралы бейсаналық идеялардың көрінісін талдау;
- Оқу семинарға келген мұғалімдермен кері байланыс жасау;

1.Әр қатысушы топ алдына 2 рет шығады. Сөзсіз, мимикасыз және пантомимикасыз артикулданбаған дыбыстармен қатысушы алдымен қалай бар, солай шығады.

2.Қатысушы мұғалімдерге шынайы және мінсіз мұғалімді сипаттайтын белгіні салуын сұрайды.

3.Қатысушылар өздерінің суреттерінің ішінен «Мінсіз мұғалім» атты галерея құрастырады.

5 күні (2 сағатқа арналған тренинг)

*«Тілек чемоданы» жаттығуы*

*Мақсаты:* студенттерді өзгеге баға беруге және басқаларды бағалауға үйрету, басқаның көзімен өзі туралы ақпарат алуына мүмкіндік жасау.

Топ мүшелері тренингке қатысқан барлық қатысушыларға өздерінің тілектерін жолдайды. Бұл тілектер кәсіби іс-әрекетке немесе тұлғаға қатысты болуы мүмкін. Барлық қатысушылар айтылған тілектерді өздеріне тіркеп отырады, кейін өздері үшін маңыздылығына қарай ранжирдейді. Жаттығу соңында өткізілген тренинг бойынша сауалнама жүргізіледі.

*«Автобейне» жаттығуы*

*Мақсаты:* бейтаныс тұлғаны тану иекмділігін қалыптастыру, түрлі белгілер бойынша өзге адамдарды суреттеу дағдысын дамыту.

Сізге бейтаныс адаммен кездесу қажет және ол сізді тануы керек деп елестетіңіз. Өзіңізді суреттеңіз. Көпшіліктен Сізді ерекшелейтін белгілерді табуға тырысыңыз. Сыртқы келбетіңізді бейнелеңіз, жүріс-тұрысыңызды, сөйлеу мәнеріңіз, киіміңіз: мүмкін тек өзіңізге ғана тән ерекше қимылдарыңыз бар шығар.

Жұмыс жұпта жүргізіледі. Бір қатысушы өзін ұсыну барысында, келесі қатысушы толықтырушы сұрақтар қоя алады. Жұпта өзара пікір алмасуға 15-20 минут беріледі.

## ҚОСЫМША Ғ

### Студент пен оқытушының өзіндік жұмысының үлгісі

**Тақырыбы:** Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытудың әдіс-тәсілдері

**Мақсаты:** Бастауыш мектепте қолданылатын «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» технологиясына талдау жасай отырып, олардың түрлері мен әдістемесін оқып-үйрену. Оқушылардың рефлексиясын дамытудағы тиімділігін айқындай отырып, студенттердің сабақ кезеңдері мен мазмұнына сәйкес келетін әдіс-тәсілдерді іріктеу және құрастыру, ұйымдастыру шеберліктерін дамыту.

#### **Міндеттері:**

*Мотивациялық компонент* бойынша студенттерге инновациялық технологияларды оқытуда пайдаланудың маңыздылығын түсінуде берілген тақырыпқа логикалық-дидактикалық талдау жасата отырып, игерген білімдерін толықтырып, түсініктерін кеңейту.

*Креативтік компонент* бойынша оқушылардың рефлексиясын дамытудың ерекшеліктерін, логикалық-дидактикалық құрылымын, негізгі мазмұнын жүйелі түрде меңгертіп, әдістемелік-мазмұндық сипатын анықтай білуге үйретіп, шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін дамыту.

*Пәндік-технологиялық компонент* бойынша пәнді жоғары деңгейде білуін, оқыту технологияларындағы инновацияларды игеруде студенттерді сабақтың әр кезеңіне арналған стратегияларды әдістемелік тұрғыдан талдап, тәжірибеде қолдана білуге машықтандыра отырып, жүйелі жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

*Рефлексия компоненті* бойынша болашақ мамандардың өз іс-әрекетін талдай алуын және іс-әрекетінің пән мақсатына сәйкестігін анықтай алуын қамтамасыз ету. Игерген білімдерін тәжірибеде қолдана отырып, берілген тапсырмалар бойынша студенттердің өзінің белсенді ойлау әрекетін және рефлексия жасай алуын жүзеге асыруын қалыптастыру.

**Түрі:** Танымдық сабақ (Оқылған материалды қайталау, жүйелеу, жалпылау).

**Оқыту әдістері:** шебер сынып, түсіндіру, дәлелдеу, иллюстрациялау, демонстрациялау.

**Жабдығы:** сабақ мазмұнына сай құрастырылған слайдтар, оқу құралдары, бастауыш мектеп оқулықтары, флип-чаттар.

#### **Негізгі мазмұны:**

##### **1. ИТЕРМЕЛЕУ САТЫСЫ (Қызығушылықты ояту кезеңі-8мин.):**

**Ой сергек:** «Теңіздегі капитан».

*«Ойлан-жұптас-талқыла» стратегиясы бойынша студенттер үшін сабақ соңында өз іс-әрекетіне рефлексия жасату мақсатында талқыланатын келесі сұрақтар ұсынылады.*

1. Оқушы ретінде - сіз не сезіндіңіз, не үйрендіңіз?

2. Оқушы ретінде – ойлау қызметінің қандай түрлерін сабақта пайдаландыңыз?

3. Мұғалімнің көзқарасынан алғанда осындай сабақ не береді және сіздің пәніңіз үшін не беруі мүмкін деп ойлайсыз?

4. Мұғалім ретінде – пайдаланған стратегиялар бойынша мұғалімнің іс-әрекеті қандай болды? Оларды пайдалануда қандай сұрақтар туындады? Егер болса, онда... түсіндіріп қадамдарын санап шығыңыз.

**Жаңа топ құру:** 1 топ: Шамшырақ; 2 топ: Болашақ; 3 топ: Жас талап; 4 топ: Ұлағат.

**Топтық жұмыс.** «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы негізінде оқушылардың рефлексиян дамыту» тақырыбына логикалық-дидактикалық талдау жасату. Өткен сабақтардан игерген білімдерін пысықтай отырып, игерген білімдерін бекіту мақсатында топтық тапсырмалар беру:

**I ТАПСЫРМА:** Бастауыш мектепте қолданылатын «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» технологиясының стратегиялары (Топтастыру; Венн диаграмма; Бес жолды өлең; ДЖИГСО-2; Кері байланыс парағы; Ой толғаныс; Инсерт кестесі; Еркін жазу; Үш қадамды сұхбат; Араласып кеткен уақиға; Эссе; Авторлық орындық; Бір айналым сөйлесу; Авторға хат; Галереяны шарлау; Бағалау; Топта жариялау т.с.с.). Талдау жасау.

**II ТАПСЫРМА:** «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» технологиясының авторлары (Бағдарламаның авторлары: Чарльз Темпл, Куртис Мередит, Джинни Стилл (Л.С.Выготский, Ж. Пиаже, Дж.Дьюи), Қазақстанда: С.Мирсеитова). Анықтама беру.

**III ТАПСЫРМА:** Мектептегі «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» технологиясы негізіндегі сабақтың құрылымы (Қызығушылықты ояту (7,5 мин.); Мағынаны тану (15 мин.); Ой қорыту (22,5 мин.)). Талдау жасау.

**IV ТАПСЫРМА:** «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау» технологиясы негізінде оқушылардың рефлексиян дамыту» негізінде сабақтың әр кезеңі бойынша шығармашылық тапсырмаларды іріктеу (Қызығушылықты ояту кезеңінде жүргізілетін шығармашылық жұмыстар; Мағынаны тану кезеңінде қолданылатын шығармашылық жұмыстар; Ой қорыту кезеңінде жүргізілетін шығармашылық жұмыстар; Ой сергектер, бағалау). Талдау жасау.

## **2. КОНСТРУКЦИЯЛАУ САТЫСЫ (Мағынаны тану кезеңі-32 минут):**

**Шебер сынып:** «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлау технологиясы негізінде оқушылардың рефлексиян дамыту» тақырыбы бойынша студенттердің игерген білімдерін негізге ала отырып, аз топпен жұмыс ұйымдастыру мақсатында студенттерді төрт топқа бөліп, теориялық игерген білімдерін практикалық іс-әрекетте қолдана білуге машықтандыру. Студенттер алдымен кез-келген сыныптың оқулығынан бір тақырыпты таңдап алып, ортақ мақсат, міндеттерді айқындап, одан кейін сабақ кезеңдері бойынша өз топтарында отырып сабақ жоспарын құрады.

**Сабақ кезеңдері бойынша топтық тапсырмалар беру:**

1. Қызығушылықты ояту кезеңінде оқушылардың рефлексиясын дамыту мақсатында жүргізілетін жұмыстар;

2. Мағынаны тану кезеңінде қолданылатын оқушылардың рефлексиясын дамыту мақсатында жүргізілетін жұмыстар;

3. Ой қорыту кезеңінде оқушылардың рефлексиясын дамыту мақсатында жүргізілетін жұмыстар;

4. Ой сергектер, бағалау, өз іс-әрекетіне рефлексия жасату.

Сабақ жоспарын құрып болған соң әр топтан бір студент мұғалім болып, сабақ кезеңдері бойынша кезектесіп сабақ өтеді. Қалған студенттер оқушылардың рөлін ойнайды.

### 3. НҰСҚАЛАУ САТЫСЫ (Ой қорыту кезеңі-10 минут) :

**САБАҚТЫ ТАЛДАУ:** «Ойлан-жұптас-талқыла» стратегиясы бойынша студенттердің практикалық іс-әрекеттегі жетістіктері мен кемшіліктеріне рефлексия жасату. Студенттер өз іс-әрекеттеріне оқушы, мұғалім ретінде рефлексия жасайды.

1. Оқушы ретінде - сіз не сезіндіңіз, не үйрендіңіз?

2. Оқушы ретінде – ойлау қызметінің қандай түрлерін сабақта пайдаландыңыз?

3. Мұғалімнің көзқарасынан алғанда осындай сабақ не береді және сіздің пәніңіз үшін не беруі мүмкін деп ойлайсыз?

4. Мұғалім ретінде – пайдаланған стратегиялар бойынша мұғалімнің іс-әрекеті қандай болды? Оларды пайдалануда қандай сұрақтар туындады? Егер болса, онда... түсіндіріп қадамдарын санап шығыңыз.

**Студенттердің өзін өзі бағалауы.** Төменде ұсынылған бағалау парағы алдын ала таратылып беріледі. Студенттер өздерінің сабақ барысындағы іс-әрекеттерін әр критерий бойынша бағалай отырып рефлексия жасайды.

| Критерилер<br>Топ мүшелері | Идеяларды ұсыну | Жолдастарын топ жұмысына | Топтағы белсенділігі | Сұрақтарға жауап беруі | Өз іс-әрекетіне рефлексия жасай алуы | Жалпы балл |
|----------------------------|-----------------|--------------------------|----------------------|------------------------|--------------------------------------|------------|
|                            |                 |                          |                      |                        |                                      |            |

Әр критерий бойынша ең жоғары балл - 4. Барлық балдың қосындысын 100-ге көбейтіп, 20-ға бөлу керек. Сонда әр студенттің балдық көрсеткіш бойынша білім деңгейі анықталады.

**Бағалау қорытындысы ретінде студенттерге өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасату мақсатында талқылауға ұсынылатын сұрақтар:**

- Топ жұмысының қандай жағымды жақтарына назар аудардыңыз? Бірлесе жұмыс жасау тиімді болды ма?

- Топ жұмысын кім басқаруға ұмтылды? Оның көшбасшылығын өзгелер мойындады ма? Неліктен?

- Топ жұмысында қандай қиындықтар туындады? Неліктен?

- Бұл қиындықтарды топ ішінде қалай жеңдіңіздер? Сіздің бұл жұмысқа қосқан үлесіңіз қандай болды? Қиыншылықтарды қалай жеңуге болады деп ойлайсыз?

**ҚОСЫМША Д**  
**НЗМ мен Кембридж университетінің жүзеге асырып жатқан бағдарламасы**  
**негізінде ЖОО-да жүргізіген тізбектелген сабақтардың үлгі жоспары**

|                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                              |         |  |               |  |        |  |
|-------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------|---------|--|---------------|--|--------|--|
| Модуль            | Сын тұрғысынан ойлау; ОуБ; Оқытуды басқару және көшбасшылық; Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Пән                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту (Дәріс) |         |  |               |  |        |  |
| Тақырыбы          | Сабақтағы рефлексияның түрлері                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                              |         |  |               |  |        |  |
| Мақсаты           | ✓ Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясының мәнін айқындайды;<br>✓ Студенттер бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясының жалпы құрылымен туралы түсініктерін кеңейтіп, ой қозғайды;<br>✓ Рефлексияның оқушыны дамытушылық әлеуетін ұғынады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                              |         |  |               |  |        |  |
| Табыс критерилері | ✓ Келтірілген идеялар мен пікірлердің өзінділігі, дербестігі (оқулық немесе лекцияны қайталамауы, өзіндік түсінігі)<br>✓ Топтық жұмыстарда идеяларды ұсынуы<br>✓ Білімдерін жаңа контексте қолдана алуы<br>✓ Басқалардың пікірлері мен ұстанымдарына диалог арқылы (сұрақ қою, тыңдай білу, келісу) баға беруі<br>✓ Негізгі ойды түсінуі және қортуы                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                              |         |  |               |  |        |  |
| Уақыт             | Оқытушының іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | Студенттердің іс-әрекеті                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                              |         |  |               |  |        |  |
| 10 минут          | <p><b>I. «Проблеманы айқындау» кезеңі.</b><br/><b>Топтарға бөліну (1 минут).</b></p> <p><b>II. Ойсергек (1 минут).</b><br/>Студенттерге дельфиннің суретін салу ұсынылады.<br/>Бұдан соң оқытушы салынған суреттеріне психологиялық талдау жасайды</p> <p><b>Жаңа тақырыпқа бағытталу.</b><br/><b>Тапсырма.</b> «ББҰ» кестесі</p> <p>✓ Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясының құрылымы мен жалпы сипаттамасы туралы не білесіз? деген сұрақтарға жауап беру тапсырылады.</p> <p>✓</p> <p><b>Жеке жұмыс (1 минут).</b></p> <p><b>Топтық жұмыс (2 минут).</b></p> <p><b>Жеке жұмыс (1 минут).</b></p> | <p>Студенттер 3-ке саналып бөлініп, топ құрады</p> <p>Студенттер топ ішінде жұпқа бөлінеді.</p> <p>Студенттер «ББҰ» кестесін толтырады</p> <table><tr><td>Білемін</td><td></td></tr><tr><td>Білгім келеді</td><td></td></tr><tr><td>Білдім</td><td></td></tr></table> <p>Студенттер алдымен «Білемін. Білгім келеді. Білдім» кестесінің бірінші бөлімін өздігімен толтырады.</p> <p>Студенттер топ ішінде бір-біріне жазғандарын оқып береді, оларды талқылайды.</p> <p>Енді Студенттер кестенің «Білгім</p> |                                                                              | Білемін |  | Білгім келеді |  | Білдім |  |
| Білемін           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                              |         |  |               |  |        |  |
| Білгім келеді     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                              |         |  |               |  |        |  |
| Білдім            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                              |         |  |               |  |        |  |

|          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|          | <p><b>Топтық жұмыс (2 минут).</b></p> <p><b>Аудитория жұмысы (2 минут).</b><br/>Мұғалім сабақ тақырыбы мен оның мақсаттарын жариялайды. Ол оқушыларға өздері толтырған кестелерге сабақ барысында қайта оралып, өз білгендерінің дұрыс-бұрыстығын, білгісі келетіндері ақталған-ақталмағандығын анықтайтындығын ескертеді.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | <p>келеді» атты екінші бөлімін өздігімен толтырады.<br/>Студенттер топ ішінде бір-біріне жазғандарын оқып береді, оларды талқылайды.<br/>Оқушылардың бірі өз жұмысын бүкіл аудиторияда оқиды.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 28 минут | <p><b>II. «Проблема шешу» кезеңі.</b><br/><b>«ЖИГСО» стратегиясы</b><br/><b>Жұмыс тобы (6 минут)</b><br/>Дәріс 3 бөлікке бөлініп <b>жұмыс топтарына</b> таратылып қойылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясының мәні;</li> <li>✓ Студенттер бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясының жалпы құрылымы;</li> <li>✓ Рефлексияның оқушыны дамытушылық әлеуеті</li> </ul> <p>Оқытушы студенттердің мазмұнды айтып берумен шектелмейтіндерін, туындаған сұрақтарды талқылап, іздену арқылы шешім табу керектігін түсіндіреді.<br/>Топтық жұмыстардың жүргілу барысына бақылау жасайды, көмек береді.</p> <p><b>Үй тобы (9 минут)</b><br/>Сарапшылар <b>үй тобына</b> келеді.<br/><b>Жеке жұмыс (1 минут)</b></p> <p>ББҮ кестесінің 3 бөлігін толтырады<br/><b>Топтық жұмыс (2 минут)</b><br/><b>Топтық жұмыс (10 минут)</b><br/>Студенттердің теориялық мәліметтерді қаншалықты меңгергенін бақылайды</p> | <p>Сарапшылар үй тобынан жұмыс тобына барып мәтінді оқып танысады.<br/>Талқылаулар жасайды.<br/>Үй тобына қалай жеткізу керектігін ойластырады.</p> <p>Өз бөліктері бойынша жалпы талқылауларды басқарады.<br/>Мәтіннің негізгі идеясын жеткізіп қана қоймай, шешімін табу үшін топқа сұрақтар қойып, басқаларды сұраққа тартады.</p> <p>Студенттер «ББҮ» кестені толтырады<br/>ББҮ кестесінің 3 бөлігін топта талқылайды<br/>Студенттер игерген білімдерінің нәтижесін флип-чаттарға түсіреді,</p> |



|          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | слайд, интервью жасайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| 12 минут | <p><b>III. «Проблема шешімін қолдану» кезеңі.</b><br/> <b>Жариялау (6 минут)</b></p> <p><b>Бағалау (3 минут)</b><br/> Студенттерге бағалау парақтары таратылып беріледі.</p> <p><b>Кері байланыс (3 минут).</b><br/> Бүгін біз сабақта қандай мәселелерді қарастырдық? Не үйрендік?<br/> Бүгінгі игерген білімдеріңіз Сіздер үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыздар ма?<br/> Осы тақырып бойынша тағы не білгілеріңіз келді?</p> | <p>Студенттер өздеріне тапсырылған жұмыстарды қалайша орындағаны, қаншалықты меңгергені және дамытқандығы туралы бір-біріне топта айтып беріп, өз пікірлерін келтіреді, топтық жұмыстарын аудиторияда жариялайды.</p> <p>Студенттер бағалау парағындағы бағалау критерилеріне сүйене отырып, өздерін бағалап, топта жариялайды</p> <p>Студенттер сұрақтарға жауап беріп, ой бөліседі</p> |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                          |                                                                                          |
|--------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Модуль</b>            | Сын тұрғысынан ойлау; ОҰБ; Оқытуды басқару және көшбасшылық; Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | <b>Пән</b>                                               | Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту (практикалық сабақ) |
| <b>Тақырыбы</b>          | <b>Сабақтағы рефлексияның түрлері</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                          |                                                                                          |
| <b>Мақсаты</b>           | <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясының мәнін ашады;</li> <li>✓ Студенттер бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясының жалпы құрылымына сипаттама береді;</li> <li>✓ Рефлексияның оқушыны дамытушылық әлеуетінің жолдарын айқындайды.</li> </ul>                                                                                                                                    |                                                          |                                                                                          |
| <b>Табыс критерилері</b> | <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Келтірілген идеялар мен пікірлердің өзінділігі, дербестігі (оқулық немесе лекцияны қайталамауы, өзіндік түсінігі)</li> <li>✓ Топтық жұмыстарда идеяларды ұсынуы</li> <li>✓ Білімдерін жаңа контексте қолдана алуы</li> <li>✓ Басқалардың пікірлері мен ұстанымдарына диалог арқылы (сұрақ қою, тыңдай білу, келісу) баға беруі</li> <li>✓ Негізгі ойды түсінуі және қортуы</li> </ul> |                                                          |                                                                                          |
| <b>Уақыт</b>             | <b>Оқытушының іс-әрекеті</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | <b>Студенттердің іс-әрекеті</b>                          |                                                                                          |
| 10 минут                 | <p><b>I. «Проблеманы айқындау» кезеңі.</b><br/> <b>II. Ойсергек (2 минут).</b><br/> <b>«Теңіздегі капитан».</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Студенттер шеңбер жасап тұрады да, оқытушының командасын |                                                                                          |

|          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|----------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|          | <p>Студенттер ойын шартымен таныстырылады. Мақсаты: байқампаздыққа, шапшаңдыққа, бір-бірінің әрекетін бақылап зер салуға қалыптастыру.</p> <p>«Теңіздегі капитан» дегенде қозғалысқа түседі.</p> <p>«Суға адам кетті» дегенде орталарына бір студентті алып шеңбер жасап тұрады.</p> <p>«Түскі ас» дегенде 4 студенттен бірігіп, тамақ ішу сәтін бейнелейді.</p> <p>«Пол жуатын адам» дегенде жұптасып қимылдау керек.</p> <p><b>Топтарға бөліну (1 минут).</b></p> <p><b>Жаңа тақырыпқа бағытталу.</b></p> <p><b>Тапсырма.</b></p> <p><b>Постер жасау (7 минут)</b></p> <p><b>«Топтастыру» стратегиясы</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясының құрылымы мен сипаттамасы</li> </ul>                                                                                               | <p>орындайды.</p> <p>«Түскі ас» дегенде құрылған топтар бойынша топқа бөлінеді</p> <p>Студенттер өткен сабақта игерген білімдеріне сүйене отырып топтастыру (кластер) жасайды, қорғайды</p>                                                                                                                         |
| 25 минут | <p><b>II. «Проблема шешу» кезеңі.</b></p> <p><b>«ОЙЛАН-ЖҰПТАС-ТАЛҚЫЛА» стратегиясы.</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Бастауыш сынып оқушыларының рефлексияның дамытудың түрлері мен құрылымы. Бастауыш білім беру үдерісіндегі қажеттілігі?</li> </ul> <p><b>1-қадам. Жеке жұмыс (2 мин.)</b></p> <p><b>2-қадам. Жұппен жұмыс (2 мин.)</b></p> <p><b>3-қадам. Топтық жұмыс (5 мин.)</b></p> <p><b>4-қадам. Аудиториямен жұмыс (6 минут)</b></p> <p>Оқытушы барлық айтылған ойлардың ішінен пікірталас тудыратын ойларды жазып отырып, студенттермен талдайды.</p> <p><b>Топтық жұмыс (10 минут)</b></p> <p>Студенттерге қарсы топтарға жағдаят қою тапсырмасы беріледі. Әр топ өз топтарының атауларымен байланысты жағдаят дайындайды.</p> <p>«Оқушы рефлексиясы», «Мұғалім рефлексиясы» мазмұнына құралу керек.</p> | <p>Әр студент өз бетінше ойланады және жазады</p> <p>Жұбымен жазғандарын бөліседі</p> <p>Топпен жұмыс жасап, ортақ тізім жасайды</p> <p>Әр топ кезек-кезек жазғандарын айтады.</p> <p>Студенттер өз көзқарастарын білдіреді</p> <p>Студенттер өз топтарының атауымен байланысты жағдаят ойластырып, дайындайды.</p> |

|          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|----------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 15 минут | <p><b>III. «Проблема шешімін қолдану» кезеңі.</b><br/> <b>Жариялау (9 минут)</b><br/> Әр топ өз жағдаяттарын аудиторияда басқа топтарға талқылауға ұсынады.</p> <p><b>Бағалау (3 минут)</b><br/> Студенттерге бағалау парақтары таратылып беріледі.</p> <p><b>Кері байланыс (3 минут).</b><br/> Бүгін біз сабақта қандай мәселелерді қарастырдық? Не үйрендік?<br/> Бүгінгі игерген білімдеріңіз Сіздер үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыздар ма?<br/> Осы тақырып бойынша тағы не білгілеріңіз келді?</p> | <p>Студенттер өздеріне тапсырылған жұмыстарды қалайша орындағаны, қаншалықты меңгергені және дамытқандығын көрсете отырып, шеберліктерін танытып, топтық жұмыстарын аудиторияда жариялайды.<br/> Басқа топтардан одан шығудың жолын сұрайды.</p> <p>Топ басшысы бағалау парағындағы бағалау критерилеріне сүйене отырып, бағалап, топта жариялайды<br/> Студенттер сұрақтарға жауап беріп, ой бөліседі</p> |
|----------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                 |                                                                             |
|--------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------|
| <b>Модуль</b>            | Сын тұрғысынан ойлау; ОуБ; Оқытуды басқару және көшбасшылық; Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | <b>Пән</b>                      | Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамыту (СОӨЖ) |
| <b>Тақырыбы</b>          | <b>Сабақтағы рефлексияның түрлері</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                 |                                                                             |
| <b>Мақсаты</b>           | <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ Оқушы рефлексиясының түрлеріне талдау жасап, ой қорытады;</li> <li>➤ Бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясының маңыздылығының мәнін ашып көрсетеді;</li> <li>✓ Студенттер бастауыш сынып оқушыларының рефлексиясының жалпы құрылымының мәнін түсінеді.</li> </ul>                                                                                                                    |                                 |                                                                             |
| <b>Табыс критерилері</b> | <ul style="list-style-type: none"> <li>✓ Келтірілген идеялар мен пікірлердің өзінділігі, дербестігі (оқулық немесе лекцияны қайталамауы, өзіндік түсінігі)</li> <li>✓ Топтық жұмыстарда идеяларды ұсынуы</li> <li>✓ Білімдерін жаңа контексте қолдана алуы</li> <li>✓ Басқалардың пікірлері мен ұстанымдарына диалог арқылы (сұрақ қою, тыңдай білу, келісу) баға беруі</li> <li>✓ Негізгі ойды түсінуі және қортуы</li> </ul> |                                 |                                                                             |
| <b>Уақыт</b>             | <b>Оқытушының іс-әрекеті</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | <b>Студенттердің іс-әрекеті</b> |                                                                             |
| 10 минут                 | <b>I. «Проблеманы айқындау» кезеңі.</b><br><b>II. Ойсергек (2 минут).</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                 |                                                                             |

|          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|          | <p><b>«Атомдар мен молекулалар»</b><br/>Студенттер «атомдар» дегенде бейберекет әрекет жасайды. «Молекулар» дегенде оқытушы командасы бойынша 3-ке немесе 4-ке топтасады.</p> <p><b>Топтарға бөліну (1 минут).</b></p> <p><b>Жаңа тақырыпқа бағытталу.</b><br/><b>Тапсырма.</b><br/><b>«Аквариум» стратегиясы</b><br/>Бір топ студенттері берілген тақырып бойынша диалог құру арқылы ой бөліседі. Басқа студенттер Оларды қоршап қарым-қатынастарын, диалог құру ерекшеліктеріне бақылау жасайды.</p>                                                                                                                                                         | <p>Студенттер оқытушы берген команда бойынша жұмыс жасайды</p> <p>Соңғы молекула бойынша студенттер топқа бөлінеді</p> <p>Студенттер аквариумдағы студенттердің іс-әрекетін бақылайды, баға береді</p>                                                                                         |
| 25 минут | <p><b>II. «Проблема шешу» кезеңі.</b><br/><b>«ОЙЛАН-ЖҰПТАС-ТАЛҚЫЛА»</b> стратегиясы.<br/>Ұсынылған тақырыптар:<br/>➤ Рефлексиясының типтері<br/>➤ Рефлексияның қызметі<br/>➤ Рефлексиясының түрлері<br/><b>Үш топқа үш түрлі тапсырма ұсынылады</b><br/><b>1-қадам. Жеке жұмыс (2 мин.)</b><br/><br/><b>2-қадам. Жұппен жұмыс (2 мин.)</b><br/><b>3-қадам. Топтық жұмыс (5 мин.)</b><br/><br/><b>4-қадам. Аудиториямен жұмыс (6 минут)</b><br/>Оқытушы барлық айтылған ойлардың ішінен пікірталас тудыратын ойларды жазып отырып, студенттермен талдайды.<br/>Әр топ өздеріне ұсынылған тапсырмалар бойынша ой қорытып, аудиторияда жариялауға дайындайды.</p> | <p>Әр студент өз бетінше ойланады және жазады<br/>Жұбымен жазғандарын бөліседі<br/>Топпен жұмыс жасап, ортақ тізім жасайды<br/>Әр топ кезек-кезек жазғандарын айтады.<br/>Студенттер өз көзқарастарын білдіреді</p> <p>Студенттер топтық жұмыстарының нәтижелеріне презентация дайындайды.</p> |
| 15 минут | <p><b>III. «Проблема шешімін қолдану» кезеңі.</b><br/><b>Жариялау (6 минут)</b><br/>Әр топ өз жағдаяттарын аудиторияда басқа топтарға талқылауға ұсынады.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <p>Студенттер өздеріне тапсырылған жұмыстарды қалайша орындағаны, қаншалықты меңгергені және дамытқандығын көрсете отырып, шеберліктерін танытып, топтық жұмыстарын аудиторияда жариялайды.</p>                                                                                                |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                              |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p><b>Бағалау</b> (6 минут)</p> <p>Мен сабақта не игердім?<br/>Тақырыбында эссе жазу<br/>Оқытушы мүмкіндік болса<br/>оқытады, уақыт жетпесе жиап<br/>алып, тұжырым жазып, келесі<br/>сабақта студенттерге таратып<br/>береді.</p> <p><b>Кері байланыс</b> (3 минут).</p> <p>Бүгінгі сабақтан қандай ой<br/>түйдіңіз?<br/>Болашақ мұғалім көзқарасынан<br/>алғанда бүгінгі сабақтан Сіз не<br/>алдыңыз? Сіз үшін қаншалықты<br/>маңызды болды деп ойлайсыз?</p> | <p>Студенттер ұсынылған тақырып<br/>бойынша ой қорытып жазады.</p> <p>Студенттер сұрақтарға жауап беріп,<br/>ой бөліседі</p> |
|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

## ҚОСЫМША Е

### Инновациялық технологиялар негізінде оқушылардың рефлексиясын дамытуға негізделген қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі

|                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                      |                     |
|-----------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------|---------------------|
| САБАҚ: Қазақ тілі<br>ТАҚЫРЫБЫ: 4-сабақ. Мәтін |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | МЕКТЕП:              |                     |
| КҮНІ:                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | МҰҒАЛІМНІҢ АТЫ-ЖӨНІ: |                     |
| СЫНЫП: 3                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Қатысқандар          | Қатыспағандар саны: |
| ОҚУ<br>МАҚСАТЫ:                               | 3.1.2.1 мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер/фото/диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау;<br>3.3.6.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап көлбеу, үзбей және біркелкі жазу, жазу қарқынын жеделдету;<br>3.2.1.1 тірек сөздер/көмекші сөздер арқылы мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және оның құрылымдық бөліктерін анықтау;<br>3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру. |                      |                     |
| САБАҚТЫҢ<br>МАҚСАТЫ:                          | Барлық оқушылар жасай алады: <ul style="list-style-type: none"><li>Тыңдалған мәтін бойынша қойылған сұрақтарға жауап беріп, мәтінде жалпы не туралы айтылғанын түсінеді. Жаңа білімді меңгереді. Сауатты, көркем жазады.</li></ul>                                                                                                                                                                                                                                   |                      |                     |
|                                               | Оқушылардың көбі жасай алады: <ul style="list-style-type: none"><li>Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай</li></ul>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                      |                     |
|                                               | Оқушылардың кейбірі жасай алады: <ul style="list-style-type: none"><li>Берілген тапсырмалар бойынша ой қорыту жасай алады.</li></ul>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                      |                     |
| Алдыңғы білімдер                              | Тыңдалған мәтін мазмұнымен жұмыс тақырыбы бойынша игерген білімдеріне негізделіп меңгертіледі.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                      |                     |
| Жоспар                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                      |                     |
| Жоспарланған уақыт                            | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                      | Дереккөздер         |
| I. Бағдарлау-мотивациялық кезең (5 минут)     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                      |                     |
| 2 минут                                       | (Ұ) Оқушылардың зейінін сабаққа аудару. «Ненің дауысы?» ойыны. Ұнтаспадан жан-жануарлардың, құстардың дауысын тыңдатып, дауыстарды айыра білуге үйрету.                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                      | Ұнтаспа             |
| 3 минут                                       | (Ұ) Топқа бөліну. «Мозайка» әдісі бойынша суреттер арқылы сыныпты топқа бөлу. Оқушылардың мұндағы мақсаты суреттер арқылы өз жұптарын тауып, бір топ болып құралады. Топтың атын қояды. Топ басшысын сайлайды. Топтың ережесін құрастырады. ЕРЕЖЕ Т – талқылаймыз; О – ортақ шешімге келеміз; П – пікірлесеміз; Т – тыңдаймыз А – ақылдасамыз.                                                                                                                       |                      | Интерактивті тақта  |

## II. Операциялық-орындаушылық кезең (30 минут)

|         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                               |   |   |   |   |   |  |  |  |  |  |  |                              |
|---------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------|---|---|---|---|---|--|--|--|--|--|--|------------------------------|
| 3 минут | <p><b>3.1.2.1 (МК; Ө) Мәтіннің тақырыбы мен берілген суреттер бойынша мәтіннің мазмұнын болжау. 15-жаттығу.</b> Бос торкөздерге әріптерді сан ретімен орналастырып, мәтіннің тақырыбын оқиды.</p> <div><div><div>1</div><div>2</div><div>3</div><div>4</div><div>5</div><div>6</div></div><div><div>T</div><div>Ғ</div><div>O</div><div>A</div><div>P</div><div>Й</div></div></div> <div><table><tr><td>1</td><td>3</td><td>5</td><td>2</td><td>4</td><td>6</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table></div> <p>Тақырыбы мен оқулықта берілген суреттер бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды. Мәтінді тыңдайды. Оқулықта берілген сұрақтарға жауап береді. Әр сұрақтың жауабы болатын сөздерден тірек сөздер қатарын құрайды.</p>                                                                                                                                                                                       | 1                             | 3 | 5 | 2 | 4 | 6 |  |  |  |  |  |  | Оқулық №1<br>Дәптермен жұмыс |
| 1       | 3                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           | 5                             | 2 | 4 | 6 |   |   |  |  |  |  |  |  |                              |
|         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                               |   |   |   |   |   |  |  |  |  |  |  |                              |
| 2 минут | <p><b>(МК; Ұ) Түсіндірме сөздіктен сұрақ бойынша ақпарат табу, талдау жасау білігін бағалау.</b> Оқулықтағы түсіндірме сөздікпен жұмыс ұйымдастырылады. <i>Бүрісіп, жасқана, қалшылдан</i> сөздерінің мағынасына назар аудартылады. Талдау жасалады.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | Түсіндірме сөздік             |   |   |   |   |   |  |  |  |  |  |  |                              |
| 4 минут | <p><b>(МК; Т) Топқа бірігу. Топтық тапсырмаларды орындау.</b> Оқушылардың рефлексиясын, сыни ойлауын дамыту мақсатында мәтін мазмұнымен жұмыс <b>«Дананың кілттері»</b> стратегиясының көмегімен жүзеге асады. Оқушылар топтарға біріктіріледі.</p> <p><b>1-топ. «Жаңа дизайн» кілті</b> – мәтін мазмұнын өзгертіп, жаңа жағдайда айту. Мысалды: <i>Омар ата аулаға компьютерін қосып, бейнекамерадан ауласын қарады. Ол бір топ жусанның арасында бүрісіп отырған бір құсты көрді т.с.с.</i></p> <p><b>2-топ. «Егерде» кілті</b> – өз көзқарасын білдіре отырып, олардың орнында өзі болса не істейтінін айтады.</p> <p><b>3-топ. «Жөнсіздік» кілті</b> – мәтін мазмұнына қарама-қарсы пікірлер айтып, содан соң оны дәлелдейді.</p> <p><b>4-топ. «Тағы қалай?» кілті</b> – мәтінді әрі қарай жалғастырады.</p> <p><b>5-топ. «Әліпби» кілті</b> – әр сұрақтың жауабы болатын сөздерден тірек сөздер қатарын құрап айтады. Жұмыстарын топта жариялайды.</p> | Әр топқа кілттер дайындау<br> |   |   |   |   |   |  |  |  |  |  |  |                              |
| 2 минут | <p><b>(МК; Ұ) Топтық жұмысқа өз көзқарастарын білдіріп, сабаққа рефлексия жасау.</b> <b>«Менің сөзім»</b> стратегиясы бойынша сабаққа рефлексия жасайды. Сыныптан бір оқушы тұрып, оқушылардың топтық жұмысы туралы өз көзқарасын білдіреді.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                               |   |   |   |   |   |  |  |  |  |  |  |                              |

|         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                           |
|---------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------|
|         | Тақырыптың ашылуы, тірек сөздерді орынды қолдана алуына талдау жасайды. Айтып болған соң, басқа бір оқушының атын атайды. Сөзді сол оқушы жалғастырып, сабаққа рефлексия жасайды. Барлық оқушы сабақты қорытындылауға осы ретпен қатысады.                                                                                                                                        |                                           |
| 3 минут | <b>3.3.6.1 (МК; Ө; Қ) Тыйым сөздерді көшіріп жазу. Өз ойымен бөлісу.</b><br><i>16-жаттығу.</i> Тыйым сөздерді көшіріп жазады. Осы тыйым сөздерге байланысты өз ойымен бөліседі. Оқушылардың дәлелдеу жасауында «өйткені», «себебі», «сондықтан» көмекші сөздерін қолданып сөйлеуіне басшылық жасалады.                                                                            | Оқулық<br>№1<br>Дәптермен жұмыс           |
| 5 минут | <b>3.2.1.1 (МК; Т; Қ) Орны ауысып кеткен ертегінің бөліктерін қалпына келтіру. Әр бөлімге ат қою.</b><br>Шығармашылық үзіліс.<br><i>17-жаттығу.</i> Орны ауысып кеткен ертегінің бөліктерін қалпына келтіріп оқиды.                                                                                                                                                               | Оқулық                                    |
| 2 минут | <b>(МК; Ұ) Түсіндірме, орфографиялық сөздіктен сұрақ бойынша ақпарат табу, талдау жасау білігін бағалау.</b><br>Оқулықтағы түсіндірме және орфографиялық сөздіктермен жұмыс ұйымдастырылады. <i>Сескену, үйшік</i> сөздерінің мағынасы мен жазылуына назар аудартылады. Талдау жасалады.                                                                                          | Түсіндірме сөздік<br>Орфографиялық сөздік |
|         | <b>(Ө) Негізгі ойға сәйкес келетін мақалды тауып жазу.</b><br>Ертегідегі негізгі ойға сәйкес келетін мақалды тауып, көшіріп жазады. Жұмысын топта оқып, дәлелдейді.                                                                                                                                                                                                               | №1<br>Дәптермен жұмыс                     |
| 3 минут | <b>3.2.3.1 (МК;Ө;Т;Қ) Өлеңді түсініп оқып, сұраққа жауап беру</b><br><i>18-жаттығу.</i> Өлеңді түсініп оқиды. Сұраққа жауап береді.                                                                                                                                                                                                                                               | Оқулық                                    |
|         | <b>(МК; Ұ) Түсіндірме сөздіктен сұрақ бойынша ақпарат табу, талдау жасау білігін бағалау.</b><br>Оқулықтағы түсіндірме сөздікпен жұмыс ұйымдастырылады. <i>Көжесек, өжет</i> сөздерінің мағынасына назар аудартылады. Талдау жасалады.                                                                                                                                            | Түсіндірме сөздік                         |
| 4 минут | <b>(Т; Қ) Берілген тақырыпқа постер жасап, қорғау.</b><br>Оқушылардың топтық жұмысы ұйымдастырылады.<br>1-топ. Бозторғай туралы дереккөздерден ақпарат алу.<br>2-топ. Бозторғай туралы жұмбақ құрастыру.<br>3-топ. Бозторғай туралы сөзжұмбақ құрастыру.<br>4-топ. Бозторғай туралы бес жолды өлең құрастыру.<br>5-топ. Бозторғайдың суретін салу<br>Жұмыстарын топта жариялайды. | Флипчарттар<br>Маркерлер<br>Қарындаштар   |
| 2 минут | <b>(Ө; Ұ; Қ) Басқа топтардың жұмыстарымен танысу.</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | Стикерлер                                 |



|                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                           |                                                                            |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                                                                                                                                                                                                                        | <b>Стикерлерге өз көзқарастарын жазып, постерлерге жабыстыру.</b><br>«Галереяны шарлау» стратегиясы бойынша рефлексия жасау. Басқа топтың постерлерін оқиды. Оқушылар стикерлерге өз көзқарастарын жазып, постерлерге жабыстырады.                                                                                                                                                                                                |                                                                           |                                                                            |
| <b>III. Рефлексиялық-бағалау кезеңі (5 минут)</b>                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                           |                                                                            |
| 4 минут                                                                                                                                                                                                                                                                                | <b>(Ө; Қ) Толықтыру тесті. Үлгі:</b><br>1. Бір нәрсе жайында хабарлайтын мәтін _____ деп аталады.<br><br>2. Зат немесе құбылысты суреттеп, сипаттайтын мәтін _____ деп аталады.<br><br>3. Оқиға, құбылыстардың себептері түсіндірілетін, дәлелденетін мәтін _____ деп аталады.<br>Жұмыстарын опта жариялап, мысалдар арқылы дәлелдеу.                                                                                             |                                                                           | №1<br>Дәптермен жұмыс                                                      |
| 1 минут                                                                                                                                                                                                                                                                                | <b>(Ө; Қ) Бағалаудың шартты белгілеріне сәйкес өзін өзі бағалау. Жұмыстарын топта жариялап, дәлелдеу.</b><br>Сабақтан игерген білімдеріне рефлексия жасату мақсатында жұмыс дәптеріндегі «Өз жұмысыңды бағала» тапсырмасы орындалатылады. Бірінші тұрған «сауатты жазу»; екінші тұрған «көркем жазу»; үшінші тұрған «шығармашылық жұмыстарды орындау» дөңгелектері тиісті қарындаштармен боятылады. Нәтижелері топта жарияланады. |                                                                           | №1<br>Дәптермен жұмыс                                                      |
| <b>Қосымша ақпарат</b>                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                           |                                                                            |
| <b>Дифференциация:</b><br>Балаларға қалай көмектесесіз? Қабілетті балаларға қандай тапсырмалар бересіз?                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | <b>Бағалау:</b><br>Оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз? | <b>Пәнаралық байланыс:</b><br>Денсаулық пен қауіпсіздік АКТ<br>Құндылықтар |
| •                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | •                                                                         | •                                                                          |
| •                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | •                                                                         | •                                                                          |
| <b>Бақылау:</b><br>Сабақ мақсатына жеттім бе?<br>Оқушылар не үйренді?<br>Ынтымақтастық атмосферасы болды ма?<br>Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма?<br>Жоспарланған уақытты ұстандым ба?<br>Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен? |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                           |                                                                            |
| <b>Қорытынды бағалау:</b><br>Сабақтың ең ұтымды кезеңдері.<br>1.<br>Сабақты жақсартуға септігін тигізген екі сәт.<br>1.<br>Осы сабақтан келесі сабақтың өткізілуіне септігін тигізетіндей сыныптағы және жеке оқушылар жайлы не білдім?                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                           |                                                                            |

## ҚОСЫМША Ж

### Бастауыш сынып оқушының рефлексиясын дамытуға негізделген дидактикалық ойындар, стратегиялар

**«Маршрут» ойыны.** Бұл ойын чайнворд ұстанымы бойынша жүреді. Чайнворд (ағыл. chain – шынжыр және word – сөз) бас қатыру есебі – ойланып табылған сөздің соңғы әрпі кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырады. Мысалы, Алматы – ыдыс – сабын – нар – рақмет – тарақ – қарбыз т.б.

**«Екі әріп» ойыны.** Бірінші қатысушы бір сөз – зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын табады.

**«Екі ассоциация» ойыны.** Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассоциация ойлап табуы керек. Мысалы, егер бірінші бағанға *мысық*, екіншісіне *жарық* деп жазылса, екі сөзді қосып «жарыққа жылынған мысық», «лампочка спиралы мысық мұртына ұқсайды», «лампочка сияқты», «мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы лампочка сияқты», т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады.

**«Қара жәшік» ойыны.** Оқушылар екі топқа бөлінеді. Үстел үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна, т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ олардың жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы қажет.

**«Дұрыс-дұрыс емес» ойыны.** Ойынға қатысушыларды екі топқа бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы отыруы керек. Екі топтың оқушыларына сары және жасыл карточкалар таратылып беріледі. *Жасыл* карточка «дұрыс» дегенді білдірсе, *сары* карточка «дұрыс емес» дегенді білдіреді. Мұғалім немесе бір оқушы қағазда жазылған ой-тұжырымды оқиды: «БІ. Алтынсарин – алғашқы мектеп ашушылардың бірі». Бұл тұжырымды дұрыс деп санаса, олар қолдарындағы *жасыл* карточканы көтеруі тиіс. «Дұрыс емес» деп санаса, соған сәйкес қолдарындағы *сары* карточканы көтеру керек. Қайсысы топ бірінші болып көтерсе және жауапты дұрыс тапса, сол топ жеңімпаз атанады.

**«Жолға шығу» ойыны.** Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. «Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады?» деген сұрақ қойылады. Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек.

**«Кемпірқосақ» ойыны.** Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады.

**«Еске түсіру» ойыны.** Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқкиімі қандай, егер қыз бала болса, белдемшесінің түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

#### «Сұрақтар жаңбыры»

*Ұйымдастыру:* топпен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сұрақ қою және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

*Сипаттамасы:* оқушылар топтарға өз еркімен, қалауымен бөлінеді. Әр топ параққа сұрақтар жазып, бір-біріне лақтырады. Алған сұрақтарына жауап жазып, кері лақтырады. Жауап жазылған парақты қағып алған ойыншы, сол жауаптан сұрақ тудырып, ары қарай лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді.

### **«Суретті әңгімеле»**

*Ұйымдастыру:* барлық сыныппен, жұппен жұмыс.

*Мақсаты:* бір бөлігі берілген сурет бойынша әңгімелету, суреттегі оқиғаның басын және соңын болжату арқылы тапқызу.

*Қажетті материалдар:* сериялы суреттер.

*Сипаттамасы:* оқушыларға сурет көрсетіліп, әңгімелетіледі. Қажет болған жағдайда әңгіменің жаңа сөздерін алдын ала үйретуге болады. Сурет әңгіменің бір бөлігі екені ескертіледі. Оқушыларға суретте бейнеленген сәттің алдында не болғаны және кейін не болатыны болжатылады. Оқушылардың өз әңгімелері тыңдалғаннан кейін әңгіменің толық нұсқасы оқып беріледі.

Оқушылар өздері құраған әңгіме мен әңгіменің шынайы сюжетін салыстырады. Оқушыларға әңгімедегі негізгі ойды табу тапсырылады.

### **«Әңгімеге негізделген жазу»**

*Ұйымдастыру:* топпен/жұппен жұмыс.

*Мақсаты:* әңгіме желісі бойынша орындалған жұмысты топтарда немесе жұптарда талқылай отырып жазу; әңгіме туралы өз ойларын ортаға салу және пікір алмасу.

*Қажетті материалдар:* ақ парақтар, қалам.

*Сипаттамасы:* берілген әңгіме бойынша шақыру қағазын, хат, ашық хат, электрондық хат, күнделік жаздыру үшін оқушылар шағын топтарға немесе жұптарға бөлінеді. Оқушылар берілген жұмыс түрлерінің бірін таңдайды немесе жеребе арқылы анықталады. Жазу уақыты белгіленіп, оқушыларға ескертіледі. Әр топта немесе жұпта бір хатшы сайланады. Оқушылар не жазатындарын талқылап, бір-бірімен пікір алмасады. Жазып біткеннен кейін олар өз жұмыстары төңірегінде ой бөліседі.

#### **1. Шақыру қағазы.**

Оқушылар мазмұны кеш, туған күн немесе басқа да мерекелер туралы айтылған әңгімені тыңдағаннан кейін шақыру қағазын жазады.

#### **2. Хат.**

Оқушылар әңгіме кейіпкерінің атынан хат жазады.

#### **3. Ашық хат.**

Оқушылар әңгіме кейіпкерінің атынан кейіпкердің ата-анасына хат жазады.

#### **4. e-mail.**

Оқушылар әңгіменің бір кейіпкеріне электрондық хат жазады.

### **«Детектив»**

*Ұйымдастыру:* топпен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сыни ойлау, көшбасшылық дағдыларын дамыту.

*Сипаттамасы:* оқушылар топқа біріктіріледі. Мәтін шағын бөліктерге бөлініп, қима қағаздарға жазылып беріледі. Олар 5 минут ішінде осы мәтіннің құрылымдық бөліктерін анықтап, қайта құрастыруы керек. жұмыстарын топта жариялайды.. Қандай тәсілмен анықтағандары талқыланып, ақпараттармен жұмыс істеу туралы ой бөліседі.

### **«Коллаж әңгіме»**

*Ұйымдастыру:* топпен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сыни ойлау және коммуникативтік дағдыларын дамыту.

*Сипаттамасы:* оқушыларға түрлі түсті суреттері бар журналдар беріледі. Олар журналдардан қиып алған суреттерін флипчартқа жабыстырып, әңгіме құрастырады.

### **«Стоп кадр»**

*Ұйымдастыру:* ұжыммен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сыни ойлауын, рефлексиясын дамыту.

*Қажетті материалдар:* тақырып мазмұнын ашатын бейнежазба.

*Сипаттамасы:* тақырып мазмұнына сәйкес келетін бейнежазба 4-5 бөлікке бөліп 1-2 минуттық монтаж жасалады. Әр бөлікке алдын ала сұрақтар дайындалады. Алдымен оқушылар бейнежазбадан үзінді көреді. Ары қарай әр үзіндіден кейін берілген сұрақтарға жауап беріп, болжау жасайды.

### **«Менің сөзім»**

*Ұйымдастыру:* ұжыммен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сабақта алған білім, білігін бағалау.

*Сипаттамасы:* сыныптан бір оқушы тұрып, сабақтан бүгінгі үйренгендерін қорытындылап айтады. Айтып болған соң, басқа бір оқушының атын атайды. Сөзді сол оқушы жалғастырып, сабаққа рефлексия жасайды. Барлық оқушы сабақты қорытындылауға осы ретпен қатысады.

### **«Аквариум»**

*Ұйымдастыру:* топпен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сыни ойлауын, рефлексиясын дамыту.

*Сипаттамасы:* Сынып екі топқа бөлінеді. Сұраққа жауап беретін топ шеңбердің ішінде отырады. Сұрақ қоятын топ оларды қоршап тұрады. Бірінші топ мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады. Екінші топ мәтін мазмұнымен жұмыс жасайды. Шеңбер ішіндегі екінші топ оқушылары қойылған сұрақтарға жүйелі, толық жауап беруі керек. Мұғалім оқушылардың іс-әрекетін бақылап, бағыт беріп тұрады.

### **«Жағымды, жағымсыз, даулы»**

*Ұйымдастыру:* топпен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың сыни ойлау, талдау дағдыларын дамыту, сабаққа қызығушылықтарын арттыру.

*Сипаттамасы:* оқушылар шағын топтарға біріктіріледі. Әр топ оқылған әңгімені немесе мәтінді «жағымды, жағымсыз, даулы» мәселелерге бөліп, талқылап, өз ойларын (идеяларын) айтады. Содан кейін әр топқа тек бір мәселені бөліп беріп, олар үлкен топқа өз ойларын (идеяларын) ұсынады, ал басқа топтар толықтырып немесе қарсы пікірлер айтуына болады.

### **«Неге? Неге? Неге?»**

*Ұйымдастыру:* ұжыммен жұмыс.

*Мақсаты:* орындалған тапсырмалардың түйінді тұстарымен ой бөлісу және оқушылардың рефлексиялық ойлауын дамыту.

*Сипаттамасы:* Оқушылар шеңбер бойымен тұрады. Жүргізуші осы сабақта не үйренгенін айтады және соңғы сөйлемін «неге?» деген сұрақпен аяқтайды. Келесі оқушы сол сұраққа жауап беріп, қасындағы жұбына «неге?» деген сөзі бар сұраулы сөйлем айтады. Келесі ойыншылар да осы әрекеттерді тізбек бойынша жалғастырады. Ойынның соңында оқушылар орындалған тапсырмаларды еске түсіріп, олардың түйінді тұстарымен ой бөліседі.

### **«Қол белгісі»**

*Ұйымдастыру:* ұжыммен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту.

*Сипаттамасы:* Мұғалім оқушылардан тақырыпты түсінгендігін немесе түсінбегендігін қол белгілері арқылы көрсетуді сұрайды.

*«Мен түсініп отырмын және түсіндіре аламын» дегендер* қолдың бас бармағын жоғары бағыттайды. *«Мен әлі түсінбей отырмын» дегендер* қолдың бас бармағын жанына қарай жантайтады.

*«Мен түсінгеніме сенімді емеспін» дегендер* қолды бұлғайды. Осы белгілерге сүйеніп, мұғалім сабақтың қай деңгейде өткенін біле алады.

### **«Бағдаршам»**

*Ұйымдастыру:* ұжыммен жұмыс.

*Мақсаты:* оқушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту.

*Сипаттамасы:* Әрбір оқушыға бағдаршам түстеріне сәйкес карточкалар таратылады.

Топтық жұмысты тыңдап, бағдаршам түстеріне сәйкес карточкаларды көрсету арқылы бағалайды. «Жасыл» түс – негізгі ойды түсініп, мазмұнын толық ашқан. «Қызыл» түс – мазмұнын ашқан. Әңгіме жүйелі құрылмаған. «Сары» түс – мазмұнын толық ашпаған. Тақырыптан ауытқыған.